

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

Қ. Т. Жұмағұлов  
Е. Т. Қартабаева

АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ  
ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӘОЖ 94(3)  
КБЖ 63.3(0)  
Ж 81

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих, этнология және археология факультетінің Ғылыми кеңесі  
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№2 хаттама, 12 ақпан 2016 жыл)*

**Пікір жазған**

Тарих ғылымдарының докторы, профессор **Р.С. Жарқынбаева**

**Жұмағұлов Қ.Т.**

Ж 81 Азия және Африка елдерінің орта ғасырлар тарихы:  
оқу құралы / Қ.Т. Жұмағұлов, Е.Т. Қартабаева. – Алматы:  
Қазақ университеті, 2016. – 254 б.

**ISBN 978-601-04-1857-8**

Оқу құралы орта ғасырлардағы Азия және Африка елдері тарихының негізгі мәселелерін қамтиды. Оқу материалы ерте, дамыған және кейінгі орта ғасырлар кезеңдері бойынша қарастырылады. Азия мен Африка елдерінің орта ғасырлық тарихының негізгі үдерістері фактологиялық негізде ашылып қана қоймай, бірқатар теориялық мәселелер де қамтылған. Атап айтқанда, оқу құралының авторлары шығыстық феодализм мәселесін тарихнамадағы жаңа көзқарастар негізінде көрсетуге тырысқан.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының тарих факультеттері студенттері мен оқытушыларына арналған.

**ӘОЖ 94(3)  
КБЖ 63.3(0)**

ISBN 978-601-04-1857-8

© Жұмағұлов Қ.Т., Қартабаева Е.Т., 2016  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

## АЛҒЫ СӨЗ

XX-XXI ғасырлар межесінде дүниежүзі тарихының көптеген мәселелері жаңа методология тұрғысынан мүлде жаңаша қарала бастады. Осыған байланысты тарихи зерттеулердің, әсіресе жалпылаушы, компаративистік еңбектердің өзектілігі артып отыр. Мұның "себебі, тек "жалпылаушы, салыстырмалы "ізденістер ғана әр түрлі өркениеттердің қалыптасуындағы тарихи-хронологиялық ерекшеліктерге қарамастан, олардың дамуындағы жалпы заңдылықтарды көрсетеді. Азия және Африка елдерінің орта ғасырлардағы тарихи үдерістерін қарастыратын осы оқу құралы да осындай салыстырмалы ізденіс негізінде жазылған еңбектердің қатарына жатады. Оқу құралында ортағасырлық Шығыс қоғамдары дамуындағы жалпы мен ерекшенің арақатынасына, тарихи дамудың негізгі, жалпыға ортақ қозғаушы күштеріне ерекше көңіл аударылады. Тарихты ғылыми тұрғыдан зерттеуші кез келген шынайы ғалым тарихтың өзіндік, тұрақты, қайталанып отыратын заңдары бар екенін және бұл заңдарды зерттеп білуге болатындығын мойындауға тиіс. Бұдан басқа көзқарастардың барлығы да, түптеп келгенде тарихты кездейсоқ, немесе белгілі бір заңдылықпен түсіндіруге келмейтін үдерістер мен құбылыстардың жай ғана жиынтығы деп қарастыруға саяды.

Сонымен бірге, тарихтың біртұтастығы – іштей қарамақайшылықты ұғым. Тарих бүкіл адамзатқа ортақ объективті заңдылықтармен дамиды дей отырғанмен, бұл заңдар аймақтар мен елдер деңгейінде әр түрлі көрініс бергендігін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Тарихи бірлестіктер дамуының нақты жолдары көп нұсқалы, ал оқшау формалары логикалық қатарға тіпті де сыймайтындай болуы да ғажап емес. Сондықтан да оқшау, аймақтық және ғаламдық деңгейлердегі дамудың заңдылықтары толық сәйкес болуы мүмкін емес. Айталық, ғылымда Батыс Еуропаның тарихы қанша терең зерттелгенімен, алайда осымен біз әлемдік тарихи заңдылықтарды танып-білдік дей

алмаймыз. Батыс Еуропа Шығыстың жекелеген өркениеттері тарихының заңдылықтарын түсінуге кілт болып табылады деуге тіпті де негіз жоқ. Бұл жөнінде басып айтуымыз керек, өйткені соңғы уақытқа дейін отандық, сондай-ақ әлемдік ғылымға да тән болып келген еуропалық терминдерді, категориялар мен анықтамаларды басқа аймақтардың, әсіресе Шығыс елдеріне қатысты қолдану Азия және Африка елдерінің ортағасырлық тарихын объективті түсінуге кедергісін келтіреді.

Оқу құралын жазудағы басты мақсатымыз тарихи ізденістердегі осы олқылықтың орнын толтыру болды. Оқу құралында орта ғасырлардағы Шығыстың жекелеген елдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын қарастыру негізінде тарихи аймақтағы аталмыш дәуірдегі тарихи үрдістердің ортақ заңдылықтары ашылады, Азия және Африка елдерінің жекелеген субаймақтары арасындағы өзара байланыстар анықталады.

## КІРІСПЕ

Жаңа дәуірде Батыс Еуропа тарихнамасында Еуропа тарихын зерттеу негізінде пайда болған «орта ғасырлар» түсінігі шығыстану ғылымында, Шығыс елдерінің де көп ғасырлық дәуірін анықтауда қолданылады. Антика дәуірінің аяқталғандығын көрсеткен Еуропа тарихының аса маңызды оқиғалары – халықтардың Ұлы қоныс аударуының қуатты толқындары, варвар шапқыншылықтары және Рим империясының құлауы әлемдік тарихтың, соның ішінде Шығыс тарихының да маңызды факторлары болды. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырлары Шығыста ежелгі әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдардың қирап, өтпелі формалардың пайда болған уақыты болды, олардың дамуы ортағасырлық қоғамдардың қалыптасуына алып келді. Ортағасырлық құрылымға тән дамудың күрделі де көп қырлы үдерісі әр түрлі аймақтарда түрлі қарқынмен жүрді. Сондықтан да Шығыстағы ортағасырдың басталуы әр елде әр түрлі кезеңдерде орын алды.

Еуропадағы капитализм генезисі мен буржуазиялық революциялар еуропалық ортағасырлық қоғамның аяқталуын білдірген еді. Отандық тарихнамада ортағасырдың аяқталу уақыты ретінде XVII ғасырдың ортасындағы ағылшын буржуазиялық революциясы алынады. Алайда XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында Батыс пен Шығыстың «қасіретті кездесуі» іске асты, әлемдік тарихтың бүкіл барысы үшін маңызды салдарларға алып келген бұл оқиғалар екі аймақ халықтарының тағдырына да ықпал етті. XVI ғасырдан бастап Шығыс өз эволюциясында суырылып алға шыққан Еуропа державаларының сауда экспансиясы мен отарлаушылық басқыншылықтарының нысанына айналды. XVI-XVIII ғасырлардағы сауда және отарлық экспансия Еуропаның динамикалық дамуына қосымша импульс бере отырып, Шығыстағы қалыпты тарихи дамуды үзді, Азия және Солтүстік Африка елдерінің өзіндік даму үрдісін бұзды.

Шығыстағы ортағасырлық қоғамдар тарихының орталық мәселесі олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси құры-

лымдарының сипатты мәселесі болып табылады. Осыған орай тарихнамада бірнеше концепциялар бар. Әлі күнге дейін бір-қатар ғалымдар «азиаттық өндіріс тәсілі» концепциясын жақтайды. Бұл тұжырымды жақтаушы ғалымдар капитализмге дейінгі Шығыс қоғамдарының Батыс Еуропа қоғамынан өзгешелігін баса көрсетеді. Өз кезінде К. Маркс енгізген бұл ұғым мемлекеттік өндіріс тәсілі ұғымымен бір ұғым деп түсіндіріледі. Яғни, Азия мемлекеттерінің өндіріс пен қосымша өнімнің бөлінісі саласындағы ерекше функциясын, жеке меншіктің әлсіз дамуын (немесе мүлде болмауын) Шығыс қоғамдарының басты ерекшелігі ретінде көрсетеді.

Ал енді «ренталық өндіріс тәсілі» деп аталатын теорияны жақтаушылар бұған мүлдем қарама-қарсы пікірді ұстанады, олардың ойынша әлемнің капитализмге дейінгі барлық қоғамдарында жерге жеке меншік үстем болған.

Бірқатар ғалымдар үшін отарлау дәуіріне дейін «индустриялық» (капиталистік) даму жолына түспеген Шығыстың ортағасырлық қоғамдары «дәстүрлі» қоғамдар болды. Оларға тән «дәстүрлі» формалар көптеген Шығыс елдерінде қазіргі күнге дейін сақталып отыр. «Үлкен феодалдық формация» концепциясын жақтаушылар да аз емес. Олар Шығыстың ежелгі және ортағасырлық қоғамдарының типологиялық жағынан бірегейлігі жөнінде айтады.

Алайда отандық және шетелдік ғалымдардың көпшілігі ортағасырлық Батыс қоғамдары тәрізді, Шығыстың да ортағасырлық дамуының «феодалдық концепциясын» ұсынады. Алайда Шығыстағы феодализмнің дәлелі ретінде әр түрлі айғақтар келтіріледі, соның ішінде, қоғамның саяси ұйымдасу белгілері, дәлірек айтқанда мемлекеттік құрылымның аморфтылығы (бостығы) және жергілікті биліктің күшті болу тенденциясы, феодалдық жер иелігінің шарттылығы, феодалдар арасындағы жеке байланыстар және т.б. «Феодалдық концепцияны» көптеген зерттеушілер Шығыстың жекелеген аймақтары мен елдері бойынша нақты тарихы материалдық негізінде дамытып отыр, ал бұған балама (альтернативті) концепцияларға қатысты мұны айта алмаймыз.

Феодализм дегеніміз қоғам дамуындағы ерекше бір формация, яғни кезең, ол дамудың белгілі бір деңгейіне негізделеді,

және материалдық өндіріс, экономикалық формалардың, мәдениеттің сипатымен ерекшеленеді деген көқарас тұрғысынан қарасақ, ортағасырлық Шығыс қоғамдары шынында да феодалдық болды деуге негіз бар. Сонымен бірге феодалдық құрылымның жекелеген элементтері ежелгі дәуірде-ақ, негізінен ежелгі дәуірдің соңына қарай пайда болғандығын мойындау керек.

Сонымен феодализм – Шығыстағы көпукладты ежелгі қоғамдардың орнына келген екінші антогонистік қоғам. Феодализм – ұсақ, натуралды өндіріс үстем болған қоғам. Бірақ бұл тезисті абсолюттендіруден аулақ болу керек. Мұндай көзқарас феодализмнің «натуралды шаруашылық теориясын» жақтаушыларға тән. Ортағасырлық қоғамдарда сондай-ақ тауар-ақша қатынастары, сауда, ұсақ тауарлы қолөнер дамыды. Шығыстағы феодалдық формацияның негізін, әлемнің басқа аймақтарындағыдай, феодалдық өндіріс тәсілі (әлеуметтік-экономикалық базис) құрады, оған феодалдық кезеңге ғана сипатты мемлекеттік саяси және заңдық мекемелер мен қоғамдық сана формалары тән болған.

Шығыстағы феодализм концепциясын жақтау әлемдік тарихи үдерістің біртұтастығын жоққа шығармайды. Сонымен қатар бұл елдердің экономикалық-әлеуметтік, саяси құрылымдарындағы, мәдениетіне тән ерекшеліктерді де ашып көрсету аса маңызды болып табылады. Бұл ерекшеліктер ортағасырлық Шығыста ерекше формациялық аймақ «шығыстық феодализмнің» қалыптасуына негіз болды. Мұның өзі Шығыс пен Батыстағы тарихи дамудың әр түрлі нәтижелер беруіне алып келген еді.

Алайда шығыстық формациялық аймақ бірқатар аспектілерде, ең алдымен даму қарқыны бойынша батысеуропалық феодализмнен ерекшелене отырып, өзара Шығыстың өзі де біртұтас болмағандығын байқаймыз: жекелеген елдер немесе елдердің топтары субаймақтар құрғанын, бұл аймақтар бір-бірінен феодалдық формалардың пісіп-жетілуі бойынша және бұл формалардың дамуы үшін қажет ішкі және сыртқы жағдайлары бойынша да бір-бірінен ерекшеленгенін көруге болады.

Шығыс, сондай-ақ өркениеттілік аспектіде де сан алуандығымен ерекшеленді. Бұл жағынан да ол ортағасырлық Еуропадан ерекшеленеді (Батыс Еуропа орта ғасырларда біртұтас

христиандық өркениетке жатты). Шығыстағы әр түрлі діни-мәдени дәстүрлер негізінде пайда болған өркениет аймақтары формациялық субаймақтармен сәйкес келмейді. Олардың кейбірі феодализмнің өзінен көп бұрын пайда болды (мысалы, Үнді субконтинентіндегі буддистік және үнділік өркениеттер, Қытайдағы конфуцийлік өркениет ежелгі дәуірде пайда болған), кейбірі орта ғасырдағы тарихи үдерістердің өнімі болды (Таяу және Орта Шығыстағы мұсылмандық өркениет, Үндістандағы үнді-мұсылмандық өркениет, Оңтүстік шығыс Азиядағы үндістік және мұсылмандық өркениеттер, Жапония мен Оңтүстік шығыс Азиядағы буддистік өркениет, Жапония мен Кореядағы конфуцийлік өркениет).



## АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДА

### I тарау

#### ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚЫТАЙ

**III-VI ғасырлардағы Қытайдың саяси дамуы.** II-III ғасырлар межесінде ежелгі Хань империясының құлауы көптеген өзгерістерге алып келді. Ең алдымен, ежелгі дүниеде қалыптасқан империялық тәртіп қирады. Саяси салада басталған ыдырау үдерісінің көрінісі – императордың шынайы биліктен айырылуы (II ғасырдың аяғына таман), елдің жекелеген аудандарына жергілікті көсемдер мен әскербасыларының бақылау орнатуы, үздіксіз жалғасқан өзара қырқыстар болды. Хань үйінің құлауымен номиналды біртұтастықтың өзі жойылды. Бұрынғы империяның кеңістігінде бір-біріне қарсы тұрған үш мемлекет қалыптасты: Вэй (немесе Цао Вэй – 220-265) – Солтүстік Қытайдың үлкен бөлігін; Батыста Дуньхуаннан, Шығыста Ляодунға, оңтүстікте – Хуанхэ мен Янцзы өзендерінің аралығына дейінгі жерді алды. Шу (немесе Шу-Хань – 221-263), аумағы: Сычуань, Таньсу мен Шэньсидің оңтүстік аудандарын, Гуансидің "батысын" алып "жатты"; У (222-280) "бұрынғы" империяның оңтүстік аудандарында құрылды. Бұл мемлекеттердің негізін қалаушылар империялық үлгідегі басқару орнатқысы келді. Алайда, олардың билігі әскери диктатураға жақын, қатаң әскери билік тәртібі орнықты.

Үш патшалық уақытына қарай (220-280) жергілікті билік деңгейінде де құрылымдық өзгерістер орын алды. Ұзаққа созылған соғыстар жағдайында империялық шенеуніктер арқылы басқарылған әкімшіліктің орнына жергілікті жерлерде әскери және саяси көсемдер белең алды. Үш патшалық кезінде ішкі тұрақсыздық, олардың өз араларындағы үздіксіз соғыстармен қиындай түсті. Соңғы нәтижеде жеңіске Вэйдің мұрагері –

Цзинь империясы жетті. 263 жылы Шу патшалығы, ал 280 жылы У патшалығы құлады. Ел қайтадан біріктірілді. Бірақ, тақты басып алған Сыма руынан шыққан қолбасшылар билігі әлсіз болды, олар әскерге және шонжарлардың жекелеген топтарына сүйенді. Өзін қолдаушыларды көбейту мақсатымен Сыма Янь туыстарына 20-дан аса аудандарды үлеске берді. Бұл жергілікті билеушілер тез күшейіп, Сыма Ян (290) қайтыс болғаннан кейін, өзара қырқыс-соғыс басталды, ол тарихта «8 князь бөлігі» деген атқа ие болды. Өзара қырқыстар мен төңкерістер елді әбден қалжыратып, IV ғасырдың басында Қытайды көшпелі тайпалар басып алды. 316 жылы Цзинь әскерін батыстан келген сюннулардың көсемі Лю Юань талқандайды, император тұтқынға түсіп қалады. Елдің солтүстігінде Цзинь империясының билігі жойылады. Ол тек орта және оңтүстік-шығыс аудандарында ғана сақталды, бұл жерде билеуші әулеттің өкілі император деп жарияланады. Бұл іс жүзінде жаңа империя болды, ол Шығыс Цзинь деп аталды (317). Осы уақыттан бастап елдің саяси тарихы 2,5 ғасыр бойы елдің екіге – Оңтүстік және Солтүстік болып бөлінуі жағдайында өтеді. Бұл бөліну саяси қатынастарда өте айқын көрініс тапты. Елдің солтүстігі бірін-бірі жиі алмастырып жатқан кішігірім империя-сымақтар мен патшалықтардың өзара қақтығысу аренасына айналады. Бұл патшалықтарды құрып жатқан негізінен қытайлық емес тайпалар мен халықтар болды. IV ғ. басында Қытайдың солтүстігінде жаулаушылар құрған патшалықтардың саны 7 еді, ал 384-409 жылдар аралығында олардың саны 12-ге жетті.

Ал IV-V ғасырларда елдің оңтүстігінің жағдайы бұған қарағанда тәуірлеу болды. Алайда, Шығыс Цзинь бастапқыда бұрынғы Цзинь империясының үштен бірін ғана қамтыды, бұған қоса оған шеткері, артта қалған аймақтар кірді. Үнемі жүріп жатқан соғыстардан қашып келген солтүстік ақсүйектері мен жергілікті қытай ықпалды клан өкілдерінің өзара күресі Шығыс Цзиньнің бүкіл тарихының өн бойында жүріп отырды. Осы алауыздықтар мен күрестер мемлекетті әлсіретіп, елдің тағы да милитарлануына, күшеюіне алып келді. Ықпалды кландардың өз қарулы отрядтары болды. Өзара қырқыс соғыстар, сарай шенеуніктерінің көтерілістері мен бірін бірі ауыстырулары үздіксіз жүріп жатты.

Бір сөзбен айтқанда, бұл жерде де классикалық империялық саяси дәстүрлердің сабақтастығы тек әлсіз түрде ғана көрініс тапты. Тек V ғасырдың 20-жылдарынан бастап қана, Лю Ю жаңа Сун (Оңтүстік Сун) империясының негізін қалағаннан кейін ғана бірте-бірте орталықтандыру беталысы күшейе бастады. Бірақ, бұл үдеріс өте баяу қарқынмен жүрді. 479 жылы қолбасшылардың бірі Сяо Даочэн Сун әулетін құлатып, Ци мемлекетінің негізін қалады. Осындай төңкерістер жиі болып тұрды. Алайда, бұл жағдай Оңтүстік Қытайдың саяси бөлшектенуіне алып келмеді, бұл жерде тек әулеттердің ауысуы ғана орын алып отырады.

Солтүстікте біртұтастыққа деген беталыс моңғол тектес табғаштар құрған бірлестіктің басқа саяси күштерден басым түсуі арқылы іске асады. 439 жылға қарай солтүстіктегі территорияның басым бөлігі табғаштардың Солтүстік Вэй атты империясының билігіне қарайды (386-534). Сонымен бір мезгілде табғаштар мен қытайлықтардың өзара жақындасуы, шетжерліктер құрған империяның қытайлануы іске асады. Қытайлану саясаты артықшылықтарынан айрылып жатқан табғаштардың жоғарғы топтары тарапынан наразылық туғызды. Нәтижесінде 523 жылы Вэйдің солтүстігінде орналасқан әскер көтеріліс бастады. Осыдан кейін басталған өзара қырқыстар орталық өкіметтің әлсіреуіне алып келді, ал бұл империяның Батыс (535-557) және Шығыс Вэй (534-550) болып екіге бөлінуіне алып келді. Бұл мемлекеттердің орнына кейіннен Солтүстік Ци (550-577), Солтүстік Чжоу (557-581) мемлекеттері құрылып, 577 жылы Солтүстік Циді Солтүстік Чжоу әскері талқандағаннан кейін бүкіл Солтүстік және Батыс Қытай Чжоудың билігіне қарады.

581 жылы тағы да бір төңкеріс болады. Ян Цзянь деген қолбасшы императорды биліктен аластатып, империяның атын Суй деп ауыстырады. 589 жылы Ян Цзянь Оңтүстіктегі Чэнь мемлекетін бағындырып, 400 жылға созылған бөлшектену дәуірінен кейін елдің біртұтастығын қалпына келтірді.

**Бөлшектену дәуіріндегі Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуы.** Саяси бөлшектену жағдайы елдің экономикалық өміріне ықпал етпей қоймайтын еді. Өндіргіш күштер әлсіреп, шаруашылық құлдырады. Шаруашылықтың құлдырауы

оның натуралдануымен қатар жүрді. III-IV ғасырларда елдің солтүстігінде қалалар құлдырап, босап қалды. Бұл тек соғыстар кезіндегі қиратулар нәтижесі ғана емес, сол дәуірге сипатты болған өркениетінің орталығы қаладан ауылдарға, қиырларға ауысу тенденциясымен де байланысты болды (бұл тұрғыдан алғанда Қытайдың ерте орта ғасырлардағы дамуы Батыс Еуропамен ұқсас болды). Бұл жағдай қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларынан және сол заманның санасынан да көрініс тапты. Тек ұсақ шаруалар өндірісі ғана емес, III-IV ғасырларда орта және ірі жер иелерінің шаруашылығы да натуралдана бастайды. Натуралдандудың айғағы ақша айналымының айтарлықтай қысқаруы болды. Баға өлшемі ретінде астық пен жібек алынды. Вэй патшалығында 221 жылы теңгеге біржолата тиым салынды.

Алайда, осы бөлшектену дәуірінде, яғни III-VI ғасырларда экономика тек құлдыраумен болды деп біржақты айтуға болмайды. Билік басына келгендер қазынаға салықтың түсуін жақсарту үшін шаруашылықты ұйымдастырумен азды-көпті айналысып отырды. Олар сол аласапыран заманның өзінде шаруашылықты ұйымдастырудың формаларын іздестіріп отырды. Вэй патшалығында мемлекеттік қоныстардың кең орын алғандығын осы тұрғыдан қарастыруға болады. Осындай «ерекше түрдегі қоныстарға» жауынгерлер қоныстандырылды. Қоныстар әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін қолданылды. III ғасырдан бастап, жауынгерлер ғана емес, жай тұрғындар да осы жүйеге тартылып, бос жатқан жерлерге отырғызылды. Қоныстанушыларға 10-нан 25 муға дейін (1 му – 4,6 а жер берілді, ал олар өнімнің 50-ден 60%-ға дейінгі бөлігін қазынаға өткізуге тиіс болды және күзет қызметін атқаруға, соғыс кезінде шайқасуға міндетті болды.

Шаруашылықты ұйымдастырудың бұл формасы қатардағы шаруалар үшін өте ауыр болды. Қоныстарды ұйымдастыру кезінде оларды күштеп бір жерден екінші жерге ауыстырды, жерге шаруаларды түбегейлі бекітті, қатаң бақылауда ұстады. Қазынаға алатын өнім мөлшері шектен тыс жоғары болды. Оның үстіне, әкімшілік пен әскери басшылар оларды өз пайдасына да қанады. Қоныстанушылар, көп жағдайда қоныстарын тастап, қашып отырды. Сондықтан да бұл жүйе бірте-бірте ыдырап кетті. Билік басындағылар шаруашылықты ретке келтірудің басқа

тәсілдерін іздестіре бастады. Нәтижеде жерді пайдаланудың үлестік жүйесі деп аталатын түрі пайда болды. Оның мәні әрбір жұмыскерге белгілі бір көлемде жер учаскесін бекітіп беру болды. Сонымен бірге бекітілген көлемде салық салу тәртібі бекітілді. Бұл жүйеге тек шаруалар ғана емес, шенеуніктер де тартылды. Шенеуніктердің үлестік жерінің көлемі қатардағы шаруалардан бірнеше есе көп болды. Оларға сонымен бірге тәуелді жұмыскерлердің белгілі бір көлемі де бекітіліп берілді.

Мұндай тәртіпті енгізу Вэй патшалығында III ғасырдың басында қолға алына бастаған болатын. Алайда оның заңдастырылуы 280 жылы Цзинь империясында іске асады. Заң бойынша барлық 16-дан 60-қа дейінгі ересек адамдар: жеке басы ерікті, төменгі топ адамдары, жеке пайдалануға жер үлесін алуға құқылы болды: еркектер – 70 му, әйелдер – 30 му. Бұған қоса ерлер 50 му, әйелдер 20 му салық салынатын міндеткерлік жерлер алатын болды. Жас өспірімдер мен қарттарға осының жартысындай көлемде жер үлесі берілді. Сөйтіп, әр отбасы, өз құрамына қарай, 170-тен бірнеше жүз муға дейін жер үлесін ала алды. Жер қожасына 50 ху мөлшерінде натуралды салық салынды (1 ху – 20,23 л), сонымен бірге әр отбасынан кәсіпкерлік салық – әр үйден 3 кесінді мата мөлшерінде алынды, бұдан басқа үлескер мемлекет пайдасына жылдың белгілі бір мерзімінде қара жұмыстар атқаруға міндетті болды.

Шенеуніктер дәрежесіне қарай (ежелден Қытайдағы шенеуніктер 9 рангқа бөлінді) 50 му-дан 10 цинге дейінгі (1 цин – 10 му) көлемде жер алып, 53-тен 2 қораға дейінгі салықтан босатылған жұмыскерлерді ұстауға рұқсат алды.

Салықтан, сондай-ақ, шенеуніктердің туыстары және қызметкерлер мен оқымыстылар сословиесінің тікелей ұрпақтары босатылды. Бұл нормалар мен ережелер қаншалықты дәл орындалғаны белгісіз. Бірақ бұл жүйенің өміршең болғандығын оның кейінгі мемлекеттерде, атап айтқанда Солтүстік Вэйде 485 жылы қайта енгізілгендігі көрсетеді. Бұл мемлекетте үлеске беру тәртібі бұрынғыға қарағанда анағұрлым тәптіштеп қарастырылды.

Заң бойынша әрбір шаруашылықта жұмыскерлердің саны мен жасының өзгеруіне байланысты егістік учаскелерін үнемі қайта бөліп отыру қарастырылды. Мұндай қайта бөлу жыл сайын көктемнің алғашқы айында іске асуы тиіс болды.

Алайда үлестік жүйенің пайда болуы Қытайдың аграрлық құрылысында орын алған ескі қатынастардың бәрін ығыстырып шығарды деуге болмайды. Онымен бірге басқа да шаруашылықтың формалары мен укладтар өмір сүрді. Үлестік жүйеге қарсы тұрған III-VI ғасырлардағы Қытайдың жер қатынастарындағы басты құбылыс ірі жер иеленудің өсуі болды. Бұл жерде үлестік жүйе шеңберінде қызметкерлерге беріліп отырған жерлер емес, нағыз ірі жер иелері – «күшті үйлер» жөнінде айтылып отыр. Күшті үйлер дәл осы бөлшектену дәуірінде, яғни III-VI ғасырларда ерекше кең құлаш жайған болатын.

Мұндай жер иеліктері – байлығы мен әлеуметтік артықшылықтары бар күшті үйлер алғаш Хань дәуірінде-ақ пайда бола бастады. Бірақ қарастырылып отырған дәуірде мұндай күшті үйлердің күш-қуаты бұрынғыдан еселеп артып кетті. Күшті үйлердің ең ірілері бірнеше мыңдаған адамды біріктіруі мүмкін еді. Саяси тұрақсыздық пен экономиканың натуралды жағдайында «күшті үйлер» барған сайын өзін-өзі қамтамасыз ететін шаруашылық кешенге айналып, қарулы отрядтар ұстайтын болды. Сол уақыттың сипатты белгісі – күшті үйдің қожалығы (усадыба) кішігірім қамалға айналды. «Күшті үйлердің» дербестігінің артқандығының тағы бір белгісі – олардың кейбірінің басшылары өз қамқорлығындағылар үшін өз ережелері мен іс-әрекет нормаларын, яғни оқшау заңдарын шығарып отырды (ортағасырлық батыстағы замоктанумен ұқсастығын байқауға болады).

Ірі жер иелігінің өсуі «төменгі үйлердің» (шаруалардың) мүлкін тартып алу, шаруаларды ығыстыру, оларды тәуелділікке түсіру жолымен жүрді. Күшті үйлердің қамқорлығына түскендер қазынаға салық төлемеді, бұл мемлекеттің табысын төмендетті. Осыған байланысты, үлестік жүйенің енгізілуін мемлекеттің ірі жер иелігінің өсуіне қарсы тұруының көрінісі деп қарастыруға болады. Жеке меншік пен мемлекеттік меншік арасындағы осы күрес бұдан кейінгі уақытта да, жалпы Қытайдың бүкіл ортағасырлық тарихының өн бойында жүріп отырды.

**Тан империясының қалыптасуы және саяси жағдайы.** Қытайдың саяси және экономикалық қатынастардағы тұрақтылыққа бет алу үрдісін V-VI ғасырлар межесінен бастап байқауға болады. Өзара қырқыстар бірте-бірте азайып, көшпелілердің

шапқыншылықтары басылды. Елдің солтүстігінде де, оңтүстігінде де билеуші топтардың билігі нығайып, халықтың саны өседі, жерді пайдаланудың үлестік жүйесінің кеңеюі негізінде шаруашылық жолға қойылады, мемлекет қазынасы толығы бастайды.

Саяси жүйеде империялық тәртіп күшейіп, орталықтандырудың деңгейі бұрынғыдан да артады. Армияның көмегімен тақты басып алған Ян Цзянь (589-604) кейін шенеуніктер аппаратына сүйене бастайды, басқарудың азаматтық формаларын бекітеді. Алайда, Ян Цзянның мұрагері Ян Гуан (604-617) деспотиялық басқару тәсілін қолданады. Сарайдың шектен тыс қазынаны шашып-төгуі, агрессияшыл сыртқы саясат мемлекеттің қаржысын сарқыды. Шиеленісіп кеткен әлеуметтік қайшылықтар халық көтерілістері мен бүліктердің жандануына алып келді. Нәтижеде Суй (589-617) әулеті құлап, империя қайтадан бөлшектене бастайды. Алайда біртұтастық пен орталықтануға деген ұмтылыс күшті болып шықты. Бұрынғы Суй мемлекетінің Тайюань қаласындағы наместнигі Ли Юань 618 жылы жаңа – Тан әулетінің негізін қалайды. Ли Юань мен оның ұлы Ли Шимин елдегі саяси жағдайды тұрақтандырып, 628 жылға қарай көтерілістер мен бүліктерді толықтай басады. Дәл осы әулет тұсында (618-907) империялық басқарудың жаңа дәуірге дейін сақталған типі қалыптасты.

Мемлекет басында тұрған монархтың билігі мұрагерлікпен берілді және шексіз болды. Ол ресми түрде «Аспан ұлы», яғни император деп аталды. Императордың жеке басы қасиетті деп есептелді.

Басқару тармақталған шенеуніктік- бюрократиялық аппарат арқылы жүрді. Басқару аппараты орталық және жергілікті органдардан тұрды. Жоғарғы үкімет мекемесі – ведомстволар басқармасы атқару билігіне жататын 6 ведомствоны басқарды: бұл шендер ведомствасы, салықтар, рәсімдер, әскери, сот ведомствосы. Олардың ұйымдық және әрекет ету қағидаттары VIII ғасырдың бірінші жартысында құрастырылған «Тан лю дянь» заң жинағында қарастырылды.

Жергілікті жерлерде басқару империялық әкімшілік бөлініс жүйесіне сәйкес жүргізілді. Ел 10 провинцияға бөлінді. Жергілікті биліктің ең жоғарғы буыны округ басқармасы болды. Тан

империясында барлығы 1573 округ болды. Олар разрядтарға бөлінді.

Шенеуніктерді қызметке алу қағидаты де өзгерді. Егер бұрын жергілікті шенеуніктер өзіне бағынатын қызметкерлерді өздері тандайтын болса, енді барлық қызметкерлерді қызметке тағайындаумен шендер ведомствосы айналысатын болды. 587 жылдан бастап қызметкерлерден емтихан алуға маңыз беріле бастады. Тан дәуірінің басында маңыздылығы әр түрлі 8 емтихан деңгейлері болды. Үміткерлер берілген тақырыпта шығарма жазды, онда конфуциандыққа негізделген ауқымды классикалық тарихи-философиялық әдеби мұраны жете меңгергендігін көрсетуі керек болды және канондалған шығармалардан білімін көрсетуі керек болды.

Елдің біріктірілуі, басқарудың бір жүйеге келтірілуі, үлестік жер пайдаланудың кеңеюі мен нығаюы экономикалық жағдайдың жақсаруына ықпал етіп, ал бұл жағдай VI ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың басында сыртқы саясатты белсенді жүргізуге жағдай жасады. Империяға туюйхунь тайпасының жерлері (Шығыс Цинхай) қосылды. Түрік қағандығының билеушілері Қытайдың «ағалық» рөлін мойындады. 602-603 жылдары Қытайдың Цзяочжоудағы (Солтүстік Вьетнам) үстемдігі қалпына келтірілді, бұдан кейін Үндіқытай түбегінің оңтүстігіне, Тайваньға, Рюкю аралына жаулаушылық жорықтар жасалды. Солтүстік Корей мемлекеті Когуреге қарсы бірнеше рет жорық ұйымдастырылып, бастапқыда бұл еш нәтиже бермеді. Тек VII ғасырдың 60 жылдарының аяғында ғана Қытай әскері Когурені талқандады, ал бұдан бұрын, 60 жылдардың басында оның одақтасы – Пэкче мемлекетін құлатқан болатын.

629-630 жылдары Қытай әскерлері Шығыс Түрік қағанатын талқандап, империя Ұлы Жібек жолында басымдыққа жетеді. 657 ж. Қытай әскері Кучарға дейін жетіп, ұйғырлармен одақтаса отырып, Батыс Түрік қағанатын талқандады. Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі елді мекендерге қытай гарнизондары орналасты.

751 жылы Гао Сяньчжи басқарған Қытай армиясы Тянь-Шаньнан өтіп Орта Азияға келеді, бірақ бұл жерде оларды Талас өзені бойында арабтар тоқтатады.

Тан дәуірінде шет елдермен дипломатиялық байланыстар кең қанат жайды, дипломатиялық қызмет, негізінен, елшілік мис-



сиялар түрінде жүргізілді. Ежелден қалыптасқан, қытай билеушілерінің Аспан мен Жер арасын жалғастырушы ретіндегі билігінің әмбебаптығы туралы доктринаға сәйкес барлық шет жерлік билеушілер Қытай империясынан төмен тұрған, оған қызмет етушілер ретінде қарастырылды. Шетжерлік елшілердің Қытай империясының сарайына келуі тек вассалдық тәуелділігін, бағыныштылығын мойындауы ретінде бағаланды, ал олар әкелген сыйсыпаттар алым деп қарастырылды, ал шет елдерге барған қытай елшілері шетжерлік билеушілерге империяның «жарлықтарын» жеткізді, оларға қытай титулдарын беріп отырды.

**Тан империясының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы.** Тан мемлекетінің де аграрлық қатынастары мен экономикалық-әлеуметтік дамуы бұған дейінгі қатынастарды жалғастырды. Аграрлық қатынастардың негізі ретінде үлестік жүйе қайта қалпына келтірілді. Тікелей өндірушілерге берілетін ұсақ үлестік жерлермен қатар елде, сондай-ақ мемлекеттік жерлер және жекелеген адамдардың ірі жер иеліктері де болды. Мемлекеттік жерлерге мемлекеттік қоныстар алқаптары, қызметкерлерге берілген жерлер және әр түрлі мекемелердің жерлері, жайылымдар, орман, тау шатқалдары т.б. жатты.

Тан дәуірінен бастап императордың жеке помещьелері пайда болды, сондай-ақ оның туыстарына мәңгілік ұстау үшін жер берілді. Бұл жерлерден салық алынбады және ол мұрагерлікпен ұсталды. Тан дәуірінің бастапқы кезеңінде, империялық тәртіптің қалпына келтіріліп, күшеюіне байланысты «күшті үйлердің» экономикалық маңызы біраз төмендейді.

Империялық тәртіптің қалпына келтірілуі, сондай-ақ осы дәуірде Қытай жеріндегі әр түрлі халықтардың ықпалдастыққа түсуі, атап айтқанда Үндістаннан буддизм негіздерінің келуі, және солтүстік-батыстан келіп елде билеуші әулетке айналған көшпелілер мәдениетінің ықпалымен елдің мәдениеті ерекше бір өрлеу дәуірін бастан кешіреді. Бұл дәуір әдебиетте «Тандық өркендеу» деген атақ алды. Егістік алқаптары кеңейді, елдің солтүстігінде бау-бақша шаруашылығы қанат жаяды, оңтүстікте күріш өсіру барынша дамытылады. Шәйді өңдеу мен пайдалану кең дамып, оған ІХ ғасырдың 30 жылдарында мемлекеттік монополия енгізіледі. Ирригация кең қолданылды.

Алайда, бұл дәуірдегі рухани мәдениет жетістіктері ерекше болды. Қызметте және әлеуметтік өмірде жоғарғыға көтерілу, өсу емтихан тапсыру жолымен іске асатын болғандықтан, білім беру жүйесі кеңейді. Астанада 8 училище пайда болды. Ірі-ірі кітапханалар ашылды.

Ғылыми білімнің дамуы география, астрономия, математика, тарих, филология саласында байқалады. VII ғасырда 8 ресми «әулеттер» тарихы жазылды (барлығы Қытайдың 25 ресми әулеттер тарихы жазылған).

Тан дәуірі Қытай поэзиясының «алтын ғасыры» болды. Осы дәуірде Қытайдың ұлы ақындары Мэн Хаожан (689-740), Ван Вэй (699-759), Ли Бо (701-762), Ду Фу (712-770), Бо Цзюй-и (772-846) және т.б. өмір сүріп, атақты шығармаларын жазды. Олардың еңбектері әлемдік классиканың алтын қорына қосылды.

Қытайдың материалистік бағыттағы философиясы да жақсы дамыды. Оның ірі өкілі Фань Чжэнь есімді философ болды. Қытай жазушысы Хань Юй (768-824) будда дінін сынап еңбек жазды. Оның өлеңдері мен романдарының негізгі арқауы адам тағдыры, әлеуметтік теңсіздік мәселелері болды.

Қытайда география ғылымы дамып, қытай жиханкездері Үндістанға, Орта Азияға сапар шекті. 645 жылы Үнді жеріне саяхат жасаған Сюань Цзянь үнді халықтарының тарихы туралы кітап жазды.

Орта ғасырларда Қытайда қолөнер мен сауда өркендеп, дамыды. Орта ғасырларда Қытайда дүниежүзінде алғаш болып кітап басу ісі пайда болды. Баспаханалар салынып, кітаптар көптеп шығарылды. Ежелгі қыш өндірісімен қатар фарфор өндірісі жедел өркендеді.

Жалпы, VI-IX ғасырларда қытай қоғамы монархиялық, орталықтандырылған басқару формасы бар айқын иерархиялық құрылымнан тұрды, әлеуметтік және саяси өмірде аристократиялық негіздер басым болды, халық жеке басының еркіндігі немесе тәуелділігіне қарай көптеген сословиелік топтарға бөлінді. Шаруашылық, негізінен, натуралды сипатта болды. Алайда тауар-ақша қатынастары да белгілі дәрежеде сақталды. Қанау жүйесі біркелкі болған жоқ, бірақ оның барлық формаларында экономикадан тыс қанау элементі орын алды. Бұл ең алдымен әр түрлі категориядағы жеке басы тәуелді адамдарды қанаудан

айқын көрінді. Жеке басы ерікті төменгі топ адамдары рента-салық арқылы және мемлекеттік міндеткерліктер арқылы каналды. Сонымен қатар жеке меншік жер иелері өз жерлерін жалға беру арқылы өндірушілерді қанап отырды.

Осының бәрі Тан дәуіріндегі Қытай қоғамы өзінің негізгі параметрлері бойынша феодалдық қоғамның өзіндік бір түрі болғандығын көрсетеді. Алайда онда бірқатар ежелгі қоғам белгілері сақталды. Оның иерархиялық болуына, сословиелер арасындағы межелердің маңызды болуына қарамастан, сословиелік бөліністің ретке келтірілуі әлі де болса, бұлыңғыр, анық емес еді. Сословиелік және таптық бөлініс бірімен-бірі сәйкес келмеді, бұны экономикалық жағынан үстем тап болып табылатын жер иелерінің артықшылыққа ие емес қарапайым адамдар сословиесіне жатуынан айқын көруге болады. Сонымен бірге жерге меншік құқығы жөніндегі нақты түсініктің жоқтығы қанау тәсілдеріндегі орталықтандырылған және жеке бастаулардың күрделі түрдегі араласып кетуіне алып келді. Жалпы алғанда, Тан дәуіріндегі Қытай қоғамын ерте феодалдық қоғамға жатқызуға болады.

**Тан империясының құлдырауы.** VIII ғ. басында елдің шеткергі аймақтарындағы әскери наместниктер мен орталық биліктің арасында күрес шиеленісті. Соған орай 711 ж. император округтік әскери губернатор (цзедуш) қызметін бекітті. Оларға шаруалардан, салық жинауда, үлестік жерлерін тастап қашқан шаруаларды ұстап, жеріне қайта қайтаруда мемлекетке көмектесу міндеті жүктелді. Алайда, VIII ғ. 20 жылдары кейбір округтерде әскери губернаторлар император билігіне қарсы бүлік шығара бастады.

Тан империясының сыртқы саясаты да әлсіреді. Қытай «Ұлы жібек жолына» бақылауынан айрылып қалды. Корея тәуелсіздігін жариялады. Бирмаға шығатын сауда жолын тәуелсіз Наньчжао корөлдігі иеленді. Тибеттіктер, қидандар мен ұйғырлардың шекаралық жерлерге қашуы жиіледі.

Күшті цзедуштердің бірі Ань Лу-шань (түрік тегінен) болды. Ол үш шекаралық наместниктікті (Шаньси, Хэбэй, Ішкі Моңғолия) басқару қызметіне тағайындалды. 755 ж. Ань Лу-шань 150 мың әскерімен Қайфын, Лоян, Чаньянды басып алды. Император Сычуаньға қашты. Қанды қырғын Солтүстік Қытай-

ды шарпып өтті. Көп кешікпей бүлікшілер қосынында билікке талас басталды. Ань Лу-шаньға басқа әскери наместниктер қарсы шықты. 763 ж. басылды. Алайда, орталық билікті мойындамайтын цзедуштер толқулары VIII ғ. 70-80 жылдарына дейін жалғасты. Цзедуштер қызметі мұрагерлік жолмен беріліп отырды: феодалдық үйлердің наместниктіктегі билігі 50-60 жыл, кейде 80 жылға созылды. Феодалдық дүрбелеңдер көршілес көшпенділерге Қытайдың әлсіздігін көрсетті. Жалпы VIII ғ. 50-80 жылдардағы оқиғалар Тан империясының күйреуіне әкелді.

**Ян Янь реформасы.** 755 ж. Қытайда 53 млн селолық тұрғын болған. Оның 8218 мыңы қазына пайдасына натуралды және өнімдей міндеткерліктерді өтеді, 44701 мыңы мемлекеттік салық төлеуден сырт қалды. Мемлекеттік салық төлеушілер санының күрт қысқаруы қазынаны азайтты. Оның үстіне мемлекеттің шығыны өсті: цзедуштермен күрес, шетелдік әскер жалдау, көрші елдермен соғыстар қосымша қаражатты қажет етті. VIII ғ. 60-70 жылдары салық төлеу реформалары жүргізілді. 780 ж. бірінші министр Ян Яньнің салықтық-қаржылық реформасы бойынша жылына екі рет (жаз, күз маусымы) салық төлеу тәртібі енгізіліп, «Екі реттік салық туралы заң» шықты. Осылайша, Ян Янь салық төлеудің көлемін көбейтуді көздеді. Мемлекет жыл сайын жүргізілетін жер бөлінісін тоқтатты, жерді еркін сату-сатып алу заңдастырылды, жер меншігіне шек қойылмады. Бұл жеке меншікті ресми мойындау еді.

**IX ғасырдағы шаруалар көтерілісі.** Тан дәуірінің аяғындағы қоғамдық өмірде орын алған қайшылықты жағдайлар шаруа қозғалыстарының (874-901) өріс алуына ықпал етті. Бүкіл елді қамтыған шаруалар көтерілістері жетекшілерінің ішінен ұсақ тұз саудагерлері Ван Сянь-Чжи (Хэбэй), Хуан Чао (Шаньдун) ерекшеленді. Көтеріліс ошағы Хуанхэ мен Янцзы өзендері аралығындағы 5 провинция болды. Хуан Чао көтерілісі 874-881 жж. аралығын қамтыды. 876 ж. оның әскерінің саны 100 мыңға жетті.

Тан билеушілері көтеріліс жетекшілерін сатып алу мақсатында әскери жоғары қызметтер ұсынды. Ван Сян Чжи бұған бастапқыда қарсы болмады, ол билікте жүріп шаруаларға көмектесуді ойлады. Осыған байланысты Хуан Чаомен келіспей қалды. Ақырында Ван Сян Чжи жаумен одақтасудан бас тартты.

Алайда, 877 ж. шаруалардың әскери күштері ыдырай бастады. Ван Сян Чжидің әскері талқандалды, өзі тұтқындалып, өлтірілді.

Хуан Чао жариялаған манифесте солтүстіктегі Тан империясын құлатып, билікті алу мақсатын көздейтіні көрсетілді. Ол 881 ж. 600 мың әскермен Чаньянды бағындырды. Император Сычуаньға қашуға мәжбүр болды. Хуан Чао Ұлы Ци әулетінің (Хуан Чаоның туған жері Шаньдундағы ежелгі патшалық атауымен аталған) негізін қалады. Ол «Алтын басқару» ұранымен император болды, басқару органдарын құрды. Бірақ оның Сычуаньға кеткен императормен шаруасы болмады, бұл императордың күш жинауына қолайлы жағдай туғызды.

Ли Кэюн бастаған түріктердің атты әскері үкімет жағына тартылды. Сондай-ақ Тан сарайына көмекке таңғұт әскербасы Тоба Сыгун келді. Бұл кезде көтерілісшілер лагері дағдарысты бастан кешіріп жатқан болатын. Көтерілісшілер мен мүлік иелері арасындағы қайшылықтар шиеленісті. Жау жағына шыққан сатқындар (ұсақ шенеунік Чжу Вэнь) пайда болды. Кейбір көтерілісшілер Хуан Чаоның ықпалынан шығып, дербес әрекет етті. 881 ж. жау әскері Чаньянға кірді. Оларды шенеуніктер, көпестер мен өсімкорлар қолдады.

883 ж. көтерілісшілер Чаньянды тастап шықты. Ли Кэюн 40 мыңдық әскермен астанаға басып кірді. Халық оларды «қара қарғалар», ал оның басшысы Ли Кэюнді «бір көзді айдаһар» деп атап кетті. Хуан Чао Шаньдунге бет алды. 884 ж. қас жаулары Ли Кэюн мен Чжу Вэньнің қоршауында қалды. Әскери күші әлсіреген Хуан Чао өзін-өзі өлтіруге барды. Мұнымен көтеріліс тоқтамады. Хуан Чаоның немере інісі Хуан Хао 7 мың әскермен («жүгенсіз әскер») көтерілісті жалғастырды.

Алайда Хуан Чао бастаған шаруалар көтерілісі жеңіске жете алмады. Соған қарамастан, шаруалар көтерілісінің маңызы зор болды. Көтерілістің нәтижесінде феодалдық қанаудың ерте ортағасырлық түрлері жойылды және Қытайда аграрлық қатынастардың жаңа түрлерінің бекуі тездетілді.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Үш патшалық дәуіріндегі Қытайдың саяси жағдайына талдау жасаңыз.
2. Қытайды көшпелі тайпалардың басып алуының алғышарттарын көрсетіңіз.
3. Тан империясының саяси–әкімшілік жүйесінің ерекшеліктерін көрсетіңіз.
4. «Тандық Ренессанстың» негізгі өкілдерінің шығармашылығына талдау жасаңыз.
5. Ян Янь реформасының мәнін ашыңыз.
6. IX ғасырдағы шаруалар көтерісінің объективті алғышарттарын анықтаңыз.

## II тарау

### ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ КОРЕЯ

**Үш мемлекет дәуіріндегі Корея.** Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Корей түбегінде және оған жапсарлас жатқан солтүстіктегі территорияда тайпалық негізде қалыптасқан бірқатар саяси бірлестіктер өмір сүрді. Ең қиыр солтүстікте (қазіргі Чанчунь ауданы территориясында) Пуе орналасты, одан оңтүстікке қарай Когуре, Когуреден шығысқа қарай, Жапон теңізінің жағалауын бойлай Шығыс Окчо мен Шығыс Е орналасты. Бұл соңғы екеуінен солтүстікке қарай Солтүстік Окчо жері жатты. Ханган өзенінен оңтүстікке қарай тағы да үш тайпалық бірлестік бар еді, олар Корей түбегінің оңтүстігіндегі қалған территорияны өзара бөлісті: Махан (батыс жағалау), Чинхан (шығыс жағалау) және Пенхан немесе Пенджин (Чинханның оңтүстігінде). Қытай деректерінде бұлар мемлекет деп беріледі, алайда олардағы мемлекеттік ұйым бұл кезеңде тек енді ғана қалыптаса бастаған болатын.

Бірлестіктерді *вандар* басқарды, олар бұрынғы әскери көсемдер еді. Ванның билігі мұрагерлік жолмен берілуі міндетті болмады, оның үстіне вандарды орнынан алып тастау жағдайлары жиі орын алып тұрды, әсіресе жиі-жиі егін шықпай қалып, жұт болған жағдайда. Ван жоғарғы абыз қызметін де қатар атқарған тәрізді. Билік құрылымында әлі де рулық құрылыстың қалдықтары сақталды, мысалы сирек болса да шақырылып тұратын халық жиналысы, негізінен сот ісімен айналысты. Алайда бұған қарамастан ванның билігі айтарлықтай толық болды деуге болады, саяси бірлестіктегі негізгі билік тетіктері соның қолында шоғырланды.

Қоғамның ең жоғарғы бөлігі *га* деп аталған ақсүйектерден тұрды. Жекелеген аудандардағы басқару ісі солардың қолында болды. Қарапайым халық *хахо* деп аталды. Олар ақсүйектерге тәуелді болды, олар ақсүйектерді астықпен, тұрмыс заттарымен

камтамасыз етіп отырды. Хахолардан төмен құлдар тұрды. Құлдыққа, әдетте, қылмыскерлердің отбасыларын, сонымен бірге соғыс тұтқындарын айналдырып отырды.

Ерте корей саяси бірлестіктерінің ішінде Окчо мен Е-нің жағдайы ерекше болды, біріншіден, оларда біртұтас жоғарғы билеуші болмады, екіншіден, бұл екеуі Когуреге тәуелді болды. Тәуелділік алым төлеу түрінде орын алды.

Корей саяси бірлестіктерінің Қытаймен неғұрлым тығыз қарым-қатынаста болғандары мемлекеттілік қалыптастыру жолында анағұрлым қарқынды дамыды. Әсіресе билік басындағы аксүйектер қытай мәдениетінен қолдан келгенше үйренуге тырысып, тұрмыста да қытай дәстүрін қабылдап отырды.

Біздің заманымыздың межесі мен алғашқы ғасырларында Корей түбегінде өмір сүрген саяси бірлестіктердің ең бір дамығандарында мемлекеттілік қалыптаса бастайды. Дәстүрге сәйкес Силла мемлекетінің негізінің қалануы б.з.д. 57 ж., Когуренің қалыптасуы – б.з.д. 37 ж., ал Пэкченің қалыптасуы – б.з.д. 18 жылға жатады. Бұл даталар ежелгі корей қауымдары өміріндегі белгілі бір оқиғалармен байланысты екені шындық, алайда толық мағынадағы мемлекеттілікті дәл осы жылдары қалыптаса салды деуге негіз жоқ. Аталмыш уақытта мемлекеттіліктің тек алғашқы белгілері ғана пайда бола бастаған болуы керек.

Үш мемлекеттің қалыптасуының ортақ белгісі – үшеуі де қауымдық негізде, яғни туыстас қауымдардың (бу) өзара бірігуі жолымен пайда болды. Қауымдардың ішіндегі біреуі үстем жағдайға ие болды немесе бірте-бірте үстемдікке жетіп отырды. Мұндай қауым өз ортасынан ван шығару құқығына ие болды. Ерте корей мемлекеттері көршілерімен үздіксіз күрес барысында қалыптасты. Оларға, сондай-ақ, ежелгі корей мемлекеті – Чосонды б.з.д. 108 ж. Қытай талқандағаннан кейін осы территорияда қалыптасқан қытай округтарының билігіне де қарсы күрес жүргізіп отыруға тура келді. I ғ. Когуре Пирю, Хэнин, Янмэк, Кальса, Кэма, Куда, Солтүстік және Шығыс Окчоны өзіне бағындырды, ал II ғ. басында е (емак) тайпаларын өзіне қаратып алды. 12 жылы Когуре Қытайға бағыныштылығынан толықтай азат болды, I-II ғасырларда Когуре Қытай округтарымен белсенді түрде күрес жүргізді. 28 жылы елге қытай әскері басып кірсе,



ал 49 және 55 жылдары корей әскері Ляохэ өзенінен батысқа қарай жатқан Қытай иеліктеріне ірі жорықтар ұйымдастырды.

Кішігірім саяси бірлестіктерді өздеріне қосып алған үш негізгі корей мемлекеттері енді бірімен бірі күрес бастады. I ғасырдың екінші жартысынан Силла мен Пэкче арасында қақтығыстар жиілеп кетеді, бұл кезеңде шабуылдаушы жақ үнемі Пэкче болды.

III ғасырда Корей түбегіндегі жағдайға әсер етуші жаңа бір фактор пайда болды. Қытайда Хань әулеті құлағаннан кейін, солтүстікте қалыптасқан Вэй мемлекеті бастапқыда Когуремен бейбіт қатар өмір сүрді. Өйткені Когуре әскері Вэйге бүлікшілерге қарсы күресте көмектесіп отырған болатын. Алайда, Когуре Сианпиньге шабуыл жасағаннан кейін қытай әскері Когуреге қарсы жорықтарын бастады. Әсіресе 254 жылы қатты соққы берілді, осы жылы қытай әскері бүкіл елді ойрандап кетті. III ғ. аяғында Қытайдың солтүстігінде сяньбилердің Муюн атты мемлекеті құрылған болатын, Когуре осы мемлекетпен күрес жүргізуге мәжбүр болды. 342 жылы Когуре ваны муюндардан жеңіліп, соларға вассалдық тәуелділікке түсіп қалады. Тек 40 жылдан кейін ғана Когуре азаттыққа қол жеткізеді.

Силла III ғасырда жапондықтармен күресін жалғастырып жатты, осы ғасырда олар Силлаға он рет басып кіреді. Сонымен бірге Силлаға Пэкче де шабуылын тоқтатпады. 214 жылы Силла Пэкчеге қарсы алғаш рет жорық ұйымдастырып, олардың Сахен бекінісін талқандайды. 245 жылы Силланың Когуремен алғашқы қақтығысы орын алады.

III ғасырда Пэкче Махан қауымдарын жүйелі түрде жаулап ала бастайды. Махан жерлерін Пэкченің толықтай жаулап алуы 369 жылы аяқталды. 371 жылы Пэкче бұрынғы қытай округі Дайфанның территориясын толықтай өзіне қаратып алды. Шамамен осы уақытта ол Қытайдың Цзинь әулетімен елшілік байланыс орнатты. IV ғ. екінші жартысында солтүстікке қарай жылжи отырып, Пэкче Когуремен қақтығысқа түсе бастайды. Бастапқыда басымдық Пэкче жағында болғанымен, бірте-бірте Когуре жағы күшейе бастайды. Әсіресе Когуренің Пэкчеге қарсы 392 және 395 жылдарғы жорықтары қуатты болды.

Когуре мен Силла арасындағы одақтық қатынастар 392 жылы Силлаға Когуренің алғашқы елшісі келуімен орныққан

болатын, осы жылы Когуреге Силланың өкілі кепілге жіберілді. 399 жылы жапондықтар корейлік Кая тайпасымен бірлесіп Силлаға шабуыл жасағанда Когуре әскері көмекке келіп, нәтижеде жапондықтар елден қуып шығарылып, Кая тізе бұгуге мәжбүр болды. 404 және 407 жылдары жапондықтар Когуреге қарсы Пэкчені айдап салды, алайда Когуре ваны Квангэтхо олардың біріккен әскерін тас-талқан етіп жеңді.

IV ғасырда негізінен Когуре, Пэкче мен Силланың оларды қоршап жатқан кішігірім саяси бірлестіктермен күресі аяқталды. Енді үш мемлекет арасындағы түбектегі үстемдік жолындағы күрес басталды. IV ғ. аяғы – V ғ. басына қарай екі топ қалыптасты: Когуре мен Силла Пэкчеге, жапондықтар мен Каяға қарсы тұрды. Алайда, көп ұзамай V ғ. ортасында, Пэкче мен Силла күшейіп алған солтүстіктегі көршісі Когуре қаупіне қарсы күш біріктірді. 475 жылы когуреліктер Пэкченің астанасы – Хансонды басып алады.

VI ғ. ортасында Силла күшейе бастайды, енді ол осы кезде әлсіреп қалған екі мемлекетке – Когуре мен Пэкчеге қарсы жаулаушылық саясатқа көшеді. 551 жылы силлалықтар Когуренің он округін басып алады, сол жылы Когуреде Пэкче де басып кіреді. Белсенді жаулаушылық саясатын бастаған Силла Қытайдың қолдауына ие болуға тырысып, оған үнемі сый-сыяпаттар жөнелтіп отырды.

VII ғ. бірінші жартысында Силланың Когуре мен Пэкчеге қарсы күресі жалғасты. Силлаға Қытай көмекке келді. Қытай мен Силланың Пэкчеге қарсы біріккен соғысының нәтижесінде 660 жылы Пэкче өмір сүруін тоқтатты.

VI ғ. аяғы мен VII ғ. басы Корей түбегінің солтүстігінде Когуренің Суйлік Қытайдың жойқын шабуылдарына қарсы күресіне толы болды. 618 ж. билікке келген Тан әулеті де шығысқа жорықтарын тоқтатпады, алайда ұзаққа созылған бұл соғыс еш нәтиже бермеді, тек 668 ж. ғана Силла мен Қытай біріккен әскерінің жойқын шабуылынан кейін ғана Когуре астанасы Пхеньян құлады.

Осы уақытта Силла – Қытай қатынастары қарқынды түрде дамып жатты. Пэкче территориясындағы билік бұрынғы Пэкче ванының ұлы, Қытайға бағыныштылығын мойындаған Пуе Юнға берілді, Қытай Силланы онымен бітім шартын (665) жа-

сауға мәжбүр етті, осыдан кейін ғана Силланың бұл жерлерді иеленуден үміті біржолата үзілді. Когуре жері Қытай наместниктігіне айналдырылды. Осылайша Корей түбегіндегі Үш мемлекет дәуірі аяқталды.

**Коре мемлекеті.** X ғ. басында Корей түбегінің территориясы Силладан бөлініп кеткен тәуелсіз билеушілердің өзара күресінің сахнасына айналды. Олардың ішіндегі ең ірілері 892 ж. Хубэкче мемлекетінің негізін қалаған Кенхан және 901 ж. өз мемлекетін жариялаған Кунъе болды (ол 904 ж. Маджин, ал 911 ж. Тхэбон атауын алды). Кунъенің серіктерінің арасынан, Силла мемлекетінің ыдырау дәуірінде көзге түскен, ықпалды отбасынан шыққан Ван Гон ерекшелене бастады. 918 ж. ол Кунъені тақтан тайдырып, Коре мемлекетін жариялады. 935 ж. Силланың соңғы ваны Ван Гонға өз еркімен берілді. Келесі жылы Хубэкче мемлекеті талқандалып, елдің біріктірілуі аяқталды. Жаңа мемлекеттің астанасы Сонак болды, оның аты Кэген деп өзгертілді (қазіргі Кэсон).

Жергілікті билеушілердің сепаратистік ұмтылыстарын басуға бірнеше онжылдықтар кетті. X ғ. 80 жылдарына қарай бұл күрес аяқталып, бүкіл елде біртұтас әкімшілік жүйе енгізілді.

Осы уақытта солтүстіктен Кореге аса қатерлі қауіп төнді. 946 ж. қидандардың Ляо империясы Солтүстік Қытайды жаулап алған болатын. Осы жерден олар Кореге қауіп төндірді. Коренің билеушілері елдің қорғанысын күшейту үшін бірқатар жаңа бекіністер салып, гарнизондарын күшейтті. Сонымен бірге қидандарға соғыс ашуға ешқандай сылтау бермеуге тырысып, Ляо мен сундық Қытай арасында бейтарап позиция ұстанып бақты.

Алайда, соған қарамастан 993 ж. қидандар Кореге баса-көктеп кірді. Коре әскерін Понсан ауданында талқандап, Чхончхонган өзенінен өтіп, елдің оңтүстігіне қарай жылжыды. Бірақ осы жерде коре әскерінен жеңіліс тауып, Коремен бітім шартын жасасуға мәжбүр болды. Ляо империясы Коре жерлерін жаулап алудан бас тартып, тек одан өздеріне жау Сундық Қытаймен байланыстарын үзуін талап етумен ғана шектелді. Сол жылы қидандар Коренің жерін тастап шықты. Коре Сун империясымен қатынастарын қалпына келтіріп, солтүстіктегі шекараларын барынша нығайта берді.

Қидандар бұдан кейін де Коре жеріне бірнеше рет басып кірді, алайда олардың бәрі де сәтсіз аяқталып, Коре өз тәуелсіздігін сақтап қала алды. Ляо онымен елшілік байланыстар орнатуға мәжбүр болды.

Коре өз дамуының шарықтау шегіне XI ғ., әсіресе Мунджон ваннның тұсында (1047-1082) жетті. Осы билеуші қалыптастырған әкімшілік жүйе екі жарым ғасыр өмір сүрді. Бұл орталықтандыру мен жерге мемлекеттік меншік үстем болған уақыт болды. Алайда XII ғ. басында-ақ мемлекет әлсіреп, мемлекеттік жер қоры қысқарып кетті. Шенеуніктер санының шектен тыс өсіп кетуіне байланысты оларды жермен қамтамасыз ету мүмкін болмай қалды. Сонымен бір мезгілде тікелей басқару ісімен айналыспайтын ірі ақсүйек шонжарлар мен ваннның тікелей туыстарының қолында жердің үлкен көлемі шоғырлана бастады. Бұл шонжарлар ұсақ қызметтік шенеуніктердің ғана емес, шаруалардың да үлестік жерлерін тартып алып, ірі жер иелеріне айналып отырды. Күшейіп кеткен салық қысымы (салық жинаушы шенеуніктердің өз қалтасына да қоса жинауының кесірі де тиіп отырды) және еңбек міндеткерліктерінің көлемінің күрт өсіп кетуі мемлекеттік үлестік жер ұстаушы шаруалардың жағдайын барынша қиындатып жіберді. Сонымен бірге билеуші руға жатпайтын қуатты отбасылары пайда болды; мемлекеттік жерлерді, онда отырған шаруаларымен бірге басып ала отырып, олар тек байып қана қоймай, сонымен бірге саяси жағынан да күшейе бастады. Буддистік монастырьлар да үлкен жер қорларын шоғырландырып алды. Жалпы алғанда, XI-XII ғғ. ірі жер меншігінің өсуімен ерекшеленді. Көптеген ірі жер иелері қарулы жасақтар ұстады.

XII ғ. Коре чжурчжендермен қақтығысқа түсуге мәжбүр болды. Алма-кезек жеңіс әкелген екі арадағы ұрыстар соңғы нәтижеде кореліктердің Цзинь империясына (чжурчжендер солтүстік Қытайды басып алғаннан кейін өз мемлекетін осылай атаған болатын) вассалдық тәуелділігін мойындауымен аяқталды.

**Ерте ортағасырлардағы Кореяның әлеуметтік-саяси дамуы.** Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында, мемлекеттіліктің қалыптасу барысында корей қоғамы қарапайым қауымдастар мен ақсүйектерден тұрды. Ақсүйектер екі жолмен

калыптасты: билеуші (ван) шыққан басты қауым, билеушінің туыстары ретінде тұтастай ақсүйектерге жатқызылды немесе басты қауымның жоғарғы бөлігімен қатар саяси бірлестікті алғаш құруға қатысқан барлық қауымдардың жоғарғы бөлігі де ақсүйектер қатарына жатқызылды. Әкімшілік қызметтер саны аз болған ерте уақытта ру ақсүйектері мен шенеуніктер бір түсінікті білдірген болатын. Алайда әкімшілік аппараты күрделенген сайын шенеуніктер дербес әлеуметтік топ ретінде қалыптаса бастады. Үш мемлекет дәуірінде мемлекеттердің әрқайсысында рангтар жүйесі болды: Когуреді олардың саны 12-ден 17-ге дейін, Пэкчеде – 16, Силлада – 17 (бұған қоса бір ерекше немесе ең жоғарғы ранг) болды. Әрбір рангқа ерекше шен сәйкес келді, ол шенеуніктің қызмет орнына байланысты анықталды. Когуреді барлығы 68, Пэкчеде – 27, Силлада – 60 шен белгілі болды.

Силланың әлеуметтік құрылымы туралы мәліметтер бәрінен де жақсы жеткен. Силла ақсүйектері билеушілердің туыстарынан тұрды (Силла тағында үш ру: Пак, Сок және Ким өкілдері бірін бірі ауыстырды), оларды *чинголь* («таза сүйек») деп атады. Олардан төмен үш дәреже *тупхум* (алты, бес және төртбасты дәреже) тұрды. Бұл разрядқа қатардағы шаруалардан жоғары тұрғандардың бәрі кірді. Сословиелік топтарға жату мұрагерлікпен берілді. Барлық әлеуметтік топтар үшін киім үлгісі, үй, жүріс көлігі, тұрмыс заттары және т.б. тәптіштеп реттелді. Чингольдің артықшылық жағдайы ресми бекітілді: тек соның өкілдері ғана ең жоғарғы бес рангға ие бола алды. Осылайша, біріншіден, ақсүйектер мен тупхумға кірген сословиелік топтар арасында, ал екіншіден, осы екі топ пен қарапайым халық арасында ұстанымды түрде жеке болды.

Тікелей өндірушілер табы негізінен қауымдас шаруалардан, яғни белгілі бір округтар мен уездерге жататын ауылдардың салық төлеуші халқынан тұрды. Олардың жеке басы ерікті болды және әлеуметтік статусы айтарлықтай жоғары болды. Ерікті шаруалар *янъин* («қайырымды адамдар») терминімен аталды, мұның өзі олардың әлеуметтік статусы *чхониндерге* («зұлымдар») қарағанда жоғары екенін көрсетті. Еңбекке жарамды жастағы барлық янъиндер әскери міндетті болды, олар әскердің қатардағы және кіші құрамына жатты. Үлестік жерге ие бола отырып, олар мемлекетке жер және жан салығын, міндеткерлік-

терін (әскери міндеткерліктен басқа да: бекіністер, жолдар, өткелдер, сарайлар салу) өтеді.

Тікелей өндірушілердің келесі бөлігін қоғамның толық құқылы емес мүшелері болған чхониндер құрады. Олардың жоғарғы бөлігіне ауылдық қауымдардың *пугок*, *хян* немесе *со* тәрізді сословиелік жағынан төменгі халқы жатты. Егіншілікпен айналыса отырып (*пугок*, *хян*), олар да басқа егіншілер сияқты міндеткерліктер үштігін өтеді, со қолөнермен айналысты. Чхониндердің төменгі бөлігін *ноби* (құлдар) құрады, олар негізінен үй малайлары болды, сонымен бірге нобилардың еңбегі ауылшаруашылығы мен қолөнерде де пайдаланылды.

Үш мемлекет дәуірінде қалыптасқан осы әлеуметтік-саяси құрылым корей мемлекеттерінде ерте ортағасырлардың аяғына дейін сақталды.

#### **Бекіту сұрақтары:**

1. Үш мемлекет дәуіріндегі Кореяның саяси дамуына талдау жасаңыз.
2. Үш мемлекет дәуіріндегі Кореяның Қытаймен және Жапониямен қатынастарының сипатын анықтаңыздар.
3. Ерте ортағасырлардағы Кореяның әлеуметтік жүйесінің ерекшеліктерін көрсетіңіздер.
4. Коре мемлекетінің қалыптасуының тарихи жағдайларына талдау жасаңыздар.

### III тарау

## ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖАПОНИЯ

**Мемлекеттің қалыптасуы.** Жапон аралдарында адамның қалыптаса бастауы палеолит дәуіріне жатады. Бұл жерде мыңжылдықтар бойы бір нәсілдік-этникалық топтарға басқа этникалық топтар келіп қосылып, араласып немесе ығыстырып шығарып отырды. Моңғол тектес манчжур-тунгус тайпаларының палеоазиаттың және малайлық тайпалармен араласуы негізінде б.з. алғашқы ғасырларында тікелей жапондықтардың ядросы (айндар) қалыптасты, оның бір тобы – ямотолар III-V ғғ. басқа тайпаларды өзіне бағындырып, аралдардағы алғашқы мемлекеттің негізін қалады. Мүмкін бұған айтарлықтай дамыған мемлекеттілік тарихы бар Қытайдың ықпалы болған шығар. III ғ. өзінде Жапонияда Қытайдың келімсектері болғаны деректерден белгілі. Қытай деректерінде де Жапониямен арадағы байланыстар, олардың тайпа көсемдерінің Қытай билеушісіне сый-сыяпаттар жіберіп тұрғандығы жөніндегі мәліметтер кездеседі.

Ерте жапон мемлекетінің ішкі құрылымы мынадай болды: мемлекет басында көсем-билеуші тұрды, оның айналасында ру ақсүйектері орналасты, яғни басты әкімшілік қызметтерді солар атқарды, сондай-ақ олар елдің аудандары мен округтарын басқарды. Халықтың негізгі бұқарасын қазынаға салық төлеп отырған шаруалар құрады.

VI ғасырдан бастап аралдағы Қытай ықпалы күшейе бастады. Бастапқыда бұл ықпал буддизммен келе бастаған еді. Кейінірек, әсіресе орталықтанған Суй, Тан империялары құрылғаннан кейін конфуциандық ықпалдың үлес салмағы артты. VI ғасыр аяғында билік басына келген Сётоку-тайси атақты «17 бап заңын» (604) шығарды, онда конфуциандық пен буддизмге негізделген өмір сүру мен басқарудың ережелері жасалды, соның ішінде ең бастысы – билеушінің жоғарғы суве-

ренитеті және кішілердің үлкендерге қатаң түрде бағынуы. Сётоку Жапонияға Қытай және Корей монахтары мен қолөнершілерін көптеп шақырып, сонымен бірге жастарды керісінше, Қытай мен Кореяға оқуға жіберіп отырды.

**Тайка төңкерісі.** Алайда, мемлекетті ұйымдастырудың қытайлық үлгісін белсенді түрде қабылдауына қарамастан, жапон билеушілері мықты, орталықтанған, тұрақты әкімшілік жүйесін құра алмады. Рулық-тайпалық қоғамнан енді ғана шыққан қоғамда жергілікті кландардың ықпалы әлі де күшті еді. Кезекті билеушінің таққа отыруы патша жанында жүрген кландардың ең мықтысының еркіне бағынышты болды; осындай клан патша отбасына әйел тауып беріп, мұрагерді солар тағайындап отырды. 536-645 жылдар аралығында осындай қуатты клан согалар болды. VII ғ. ортасында билеуші әулеттің мұрагерлері басқарған Согалардың қарсыластары осы қуатты руға қарсы көтеріліс жасап, оның көзін жойды. Осымен байланысты іске асқан төңкерістің, яғни «Тайка төңкерісінің» нәтижесінде (645) патшаның ұлы Кару таққа отырды, ол «тэнно» деген («Көк ұлы») титул алады. Билеушінің оң қолы ретінде енді Фудзивара үйінің өкілдері шықты, олар Согаларды құлатуға көмектескен болған.

Төңкерістен кейін іске асқан реформалар қытай үлгісі бойынша бүкіл елде қайта құруға бағытталды, соның ішінде әкімшілікте орталықтандыруды күшейтуден бастап, аграрлық қатынастардағы үлестік жүйеге дейін. Билік аппараты жасалып, ол департаменттерге (8 ведомствоға) бөлінді; ал жергілікті жерлерде провинциялар мен уездерді губернаторлар мен уез бастықтары басқарды. Халық салық төлейтін толық құқылы реминдер мен толық құқылы емес сэминдерге бөлінді. Толық құқылы шаруалар алты жылда бір қайта бөліске түсіп отыратын мемлекеттік үлестік жерлерге ие болды, бұл жерді пайдаланғаны үшін олар астық, мата түрінде салық төлеп, міндеткерліктерді өтеуге тиіс болды. Шенеуніктер қызметі үшін берілетін үлестерге ие болды, оның көлемі қызметі мен рангасына байланысты болды. Ықпалды адамдардың бір бөлігі өмірлікке, кейде мұрагерлікпен де берілетін жер үлестерін алды. Құлдарға да үлестік жер берілді (шаруа жерінің 3/1-індей көлемде), ал толық құқылы емес таптардың (бэ) статусы көтеріліп, іс жүзінде толық құқылыларға



айналды, олардың бір бөлігі, әсіресе Қытай мен Кореядан келген келімсектердің ұрпақтары, егер білімді болса, шенеуніктерге өтіп отырды.

Тайка реформалары, 701 жылғы Тайхоре арнайы кодексiмен толықтырылып, Жапонияның әлеуметтік және саяси құрылымының негiзiн жасады. Осы реформалар Нара дәуiрiнде (VIII ғ.) Жапон мәдениетiнiң гүлденуiне iргетас қалады. Тан империясының астанасы Чананьның үлгiсi бойынша Жапонияның астанасына айналған Нара қаласы салынып, қалада көптеген сарайлар, көшелер, храмдар, монастырьлар т.б. тұрғызылды. Жапондықтардың ежелгi синто дiнi («аруақ жолы») қытайлық даосизммен байытылып, буддизммен араласып, ребу-синто деген жаңа дiни құбылыс пайда болды. Осы жағдайдың бәрi жапон әдебиетiнiң, философиясының жалпы мәдениетiнiң дамуына ықпал еттi.

**Ерте ортағасырлардағы жапон қоғамының ерекшелiктерi.** Бір сөзбен айтқанда жапондықтар өздерiнiң ұлы көршiсiнен артта қалуын, сол елден қолдан келгенше үйрене отырып, тез қарқынмен жоя бастады. Алайда, сонымен бiрге, Жапонияның Қытайдан және басқа да Шығыс қоғамдарынан ерекшелендiрген белгiлерi де сақталып қалды. Бұл ерекшелiктер феодалданып жатқан ру шонжарларының саяси өмiрдегi айрықша рөлiмен және ескi әлемнiң басқа бiр де бiр елiнде әлi орын ала қоймаған жердi жеке иеленудiң қалыптасуымен және орталық билiктiң әлсiздiгiмен байланысты болды.

Ең алдымен, мемлекеттiк билiк жүйесi Қытайдағыдай берiк болмады. Құдайдың жердегi өкiлi ретiндегi тәнно патшалық құрғанмен, оның iс-жүзiндегi билiгi барынша әлсiз болды. Оның төнiрегiнде қытайлық үлгiдегi шенеунiктердiң конфуциандық элитасы қалыптаспады және шенеунiктердi тұрақты түрде ұдайы өндiрiп отыратын емтихандар жүйесi де қалыптаспады. Бұл Жапонияның басқа Қиыр Шығыс елдерiнен басты айырмашылығы болды. Билiктегi вакуумды Фудзивара әулетi толықтырды, бұл үйден шыққан өкiлдер ұрпақтан ұрпаққа тек қана император жанындағы регент-канцлер ғана болып қойған жоқ, сонымен бiрге императорды өз руының қыздарына үйлендiру арқылы тақ мұрагерiн де анықтап отырды.

Хэйян (Киото) қаласын Қытай үлгісімен тұрғызып алған Фудзивара үйі оны елдің әкімшілік орталығына айналдырды (794). IX-XI ғғ. Фудзиваралар ықпалының артқаны соншалықты, император солардың қолындағы қуыршаққа айналып қалды. Император бұл жағдайға наразы ақсүйектерге сүйене отырып, әркез қарсы күресуге тырысқанмен, одан ештеңе шықпады. Керісінше, екі билік, кейіннен үш билік дәстүрі қалыптасты.

Әдетте, әрбір император билік басында ұзақ отырмады: таққа жасөспірім кезінде отырған ол (Фудзиваралар осыған мүдделі болды), есейген кезінде биліктен жас мұрагердің пайдасына бас тартатын болды, сөйтіп буддистік монастырьға кетуге мәжбүр болды, алайда экс-император елдегі жағдайға белгілі бір ықпалын сақтауға тырысып отырды. Бірте-бірте бұл тәжірибені кейбір экс-императорлар өз монастырьларында балама саяси орталық қалыптастыру үшін пайдаланды, бұған Фудзиваралармен бәсекелес болып отырған ақсүйек рулар да, ықпалды монастырьлар да мүдделі болған. Мұндай балама орталықтар кейде аса қуатты күшке айналғанымен, алайда биліктің екі-үш орталықтарға бөлшектену фактісінің өзі Фудзивараларға тиімді болды, олардың Хэйяндағы орталығы бұл жағдайда басты орталық болып қала берді.

Бұл ықпалды клан билік жолындағы күресте неге сүйенді? Конфуциандық шенеуніктерді ұдайы өндірудің жолға қойылған жүйесі болмағандықтан қытайлық үлгідегі бюрократиялық жүйе тиімді жұмыс жасай алмады. Жапонияның территориялық әкімшілігінде губернаторлар мен уез бастығы қызметтерін жергілікті шонжарлар басып алып, өз қолдарында мұрагерлікпен ұстады, осының салдарынан орталықтандырылған құрылым айқын түрде феодалдық белгілерге ие болды, оның аясында әрбір күшті шонжар өз аймағында өзін қожадай сезінді. Олар шынында да қожаларға айналды, өйткені аграрлық қатынастардағы қытай үлгісі мен жасалған үлестік жүйе де ұзаққа бармады: IX-XI ғғ. мемлекеттік үлестер іс жүзінде шаруа отбасыларының мұрагерлік иеліктеріне айналды, ал бірнеше деревнялардың жиынтығы осы жерде үстемдік етіп отырған ақсүйек шонжарлардың жеріне (сёэн) айналды. Әрине, мұралық сёэндерден түсіп отырған табыстың бір бөлігін қожалары орталыққа, қазынаға салық ретінде жіберіп отырды, өйткені олар, формальді түрде болса да,

биліктің жергілікті жерлердегі өкілі болды. Шамамен X ғ. бастап Жапонияда жергілікті жерлердегі бүкіл билік жеке меншік жерлері бар шонжарлардың, әр түрлі көлемдегі сёэн иелерінің қолына көшті. Классикалық қытайлық конфуциандық бюрократиялық әкімшілікке балама жүйе ретінде қалыптасқан осы құрылым Жапония мемлекеті мен қоғамының басты айырмашылығы болды деп есептеу керек.

**Самурайлар сословиесінің қалыптасуы.** Жерді жеке меншікке айналдыру мен сёэн жүйесінің қалыптасуы шаруалардың жағдайына ауыр тиді, олар бір жағынан өз қожаларын асырауы қажет болса, екінші жағынан, солардың атынан орталыққа салық жіберіп отыруы тиіс болды. Белгілі бір қожаларға тиесілі болғандықтан шаруаларды жерге бекіту бағытындағы шаралар қатаң түрде іске асырылды. Бұның өзі қоғамдағы феодалдану үдерісінің жанама айғағы болып табылады. Көтеріліске шыққандармен күресу мақсатымен және жерінен кеткісі келгендерді қорқытып ұстап отыру үшін сёэн иелері әскери жасақтар құрып, кәсіби әскер ұстай бастады.

Уақыт өте келе осындай әскери жасақтар (бұлардың қатарына неғұрылым қуатты сёэн иелерінен қамқорлық іздеген ұсақ жер иелері де қосылып жатты) томаға-тұйық әскери сословие – самурайларға (буси) айнала бастады. Самурайлар жүріс-тұрысы нормаларының жинағы – әскери этика кодексі (бусидо) пайда болып, қатаң орындалып отырды. Оның негізіне ең алдымен классикалық конфуциандық идеялары алынды. Яғни қожасына адалдық, ол үшін өмірін беруге дайын тұру, егер сәтсіздік болып қалған жағдайда өз өмірімен қоштасуға дейін талап етілді (харакири). Самурайлар көп ұзамай ірі жер иелерінің билік жолындағы кескілескен өзара қырқыс соғысының қаруына айналды. Бұл жағдай XI-XII ғасырлардан бастап Жапонияның Қытайдан тағы да бір маңызды мәселеде айқын түрде ерекшеленуіне алып келді. Билік басындағылар және бүкіл әкімшілік жүйе, басқа шығыс қоғамдарындағыдай мемлекеттен қызметі үшін жер үлесін алып отыратын шенеуніктік бюрократияға (Қытай) немесе әскери қызметкерлерге (мұсылмандық Шығыс елдері) сүйенген жоқ, ақсүйек шонжарларға тікелей тәуелді, өз қожаларына берілген самурайларға (рыцарьларына) сүйенді.

Осы бір-бірімен тығыз байланысты жапондық қоғам үлгісінің ерекшеліктері Жапонияның бүкіл тағдырын анықтады. Алайда, жеке меншік мүддеге бағытталған феодалдық құрылым, ортағасырлық Еуропадағыдай бытыраңқылыққа алып келген жоқ. Жапонияда орталықты әлсіретуге бағытталған үрдіс орталықты күшейтуге бағытталған үрдіспен тепе-теңдікте болып, нәтижесінде тұрақты, өзіндік бір ерекше билік балансы жасалды.

**Ерте орта ғасырлардағы жапон мәдениеті.** Жапонияның өзіне тән ерекше даму жолына Қытайдың араласуы мәдениетте ерекше айқын көрініс тапты. Бюрократиялық аппараттың қалыптасуы, жапон тарихының ресми нұсқасын жасауды талап етті. Осылайша «Кодзики» («Ежелгі оқиғалар хроникасы», 712) мен «Нихон секи» («Жапон анналдары», 720) жазылды. Бұл шығармаларда осы дәуір мәдениетінің маңызды белгісі ретінде қытайлық және ұлттық элементтердің қатар өмір сүруі көрініс тапты. Еңбектер қытайланған жапон тілінде, Қытай тарихнамасын негізге ала отырып жазылған.

Поэзияда VIII ғасыр ортасында қалыптасқан Қытай өлеңдер жинағы – «Кайфусо» мен Жапон өлеңдер жинағы – «Маньесю» бір-біріне қарсы тұрды. Қарапайым халықтық мәдениет пен Қытай өркениетінің барлық жетістіктерін қабылдаған үстем тап мәдениеті арасында үлкен айырмашылық болды. Қытайдан иероглифтік жазу да алынды. VI ғасырда "қабылданған" буддизм жапон қоғамының жоғарғы бөлігі арасында тез тарап, VIII ғасырда мемлекеттік дінге айналды. Бұл үдерістегі маңызды жетістік 752 жылы Нара қаласында тұрғызылған 16 метрлік Будда мүсіні болды. Барлық провинцияларда буддистік храмдар мен монастырьлар тұрғызылды. IX ғасыр басында буддалық секталар – Тэндей мен Сингон пайда болды. Олар орталықтарда емес, жергілікті жерлерде пайда болды. Осы секталар буддалық мәдениеттің периферияға тарауына ықпал етті және буддизмнің қауымдық синтолық дінмен ұштасуына ықпал етті. IX ғасырдың ортасына дейін қытай әдебиеті үстемдік етуін жалғастырды, бірақ осы уақытта жапондықтардың ұлттық әліпбиі қалыптасып, мұның өзі ұлттық әдебиеттің одан әрі дамуына ықпал етті.

**Бекіту сұрақтары:**

1. Жапон аралдарындағы алғашқы мемлекеттіліктің қалыптасуы?
2. Тайка төңкерісінің барысы мен нәтижелері?
3. Жапондық ортағасырлық саяси жүйенің ерекшеліктері?
4. Самурайлар сословиесінің қалыптасуының алғышарттары?
5. Ерте орта ғасырлардағы Жапонияның мәдени дамуының ерекшеліктері?

## IV тарау

### САСАНИ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАРИХЫ

**Мемлекеттің қалыптасуы.** Иран территориясында ежелгі дәуірде қалыптасқан Парфия державасы о бастан-ақ орталықтану деңгейі төмен, бытырыңқы мемлекет болған еді. Тек шет аудандарда ғана емес, түбегейлі Иран жерлерінің өзінде жартылай тәуелсіз, кейде толықтай дербес билеушілер отырды. Ресми түрде олар шах титулына (патша) ие болды, ал Парфияның жоғарғы билеушісі шаханшах (шахтардың шахы) титулын иеленді.

Ш ғ. 20 жылдары Парфия Риммен арадағы үздіксіз соғыстан және ішкі қайшылықтардан әбден қалжыраған кезде, орталық әмірліктердің бірі – Парстың билеушісі Арташир (Папактың ұлы, Сасанның немересі) көтеріліс бастап, бірнеше жылға созылған соғыс нәтижесінде соңғы Парфия билеушісі V Артабанды тақтан тайдырып, билікке келеді. Бұл шамамен 227-229 жылдар аралығы болатын.

Арташирдің билігі көбіне өз қарсыластарымен күреспен өтіп, жаңа мемлекеттің негізі Арташирдың ұлы I Шапурдың (241-272) тұсында қаланады. Оның тұсында Сасани державасының құрамына Армения, Хорасанның негізгі бөлігі, Месопотамияның бірқатар аудандары кірді. Шапур Иран мен Ирандық емес жерлердің шаханшахы титулын алды, ал Арташир тек шаханшах деп аталған болатын.

**Әлеуметтік-экономикалық дамуы.** Сасанилік мемлекетте ресми түрде Иран мен (Эраншахр) Иран емес (ан-Иран) арасында айырмашылықтар болды. Алайда бұл айырмашылық бірте-бірте жойыла бастады. Сасанилер дәуірінде Ирандық әр түрлі этностардың тілдік жағынан бір-бірімен жақындасу үдерісі жүрді. Дәл осы дәуірде парсы тілі (парсик) мемлекеттік тілге айналып, дари тілі деп атала бастады, оның мағынасы сарай тілі дегенді білдіреді, осы тіл бірте-бірте жергілікті диалектілерді ығыстыра бастады.

Соған қарамастан Сасанилер державасы көп этносты мемлекет болып қала берді. Елде арамейліктер, араб тайпалары, кузистандықтар және еврейлер мекендеді. Кең байтақ империяда әлеуметтік және экономикалық дамуы барынша әр түрлі деңгейде болған түрлі халықтар өмір сүрді. Сасанилер солтүстік батыста Риммен соғыстарын үздіксіз жүргізсе, ал Шығыста IV ғ. Кушан империясының территориясын (Ауғанстан мен Пакистан) өзіне қосып алды. Сондай-ақ I Шапур тұсында Сасанилер державасына Мерв қосылған болатын, бірақ одан әрі, Амударияның арғы бетіне кейде жорықтар ұйымдастырылғанымен, бұл жерлер ешқашан Сасанидтерге ұзақ уақыт қараған емес.

Иранда орта ғасырларда экономиканың екі секторы болды: егіншілік пен көшпелі мал шаруашылығы. Табиғат жағдайларының ерекшелігіне байланысты әр түрлі аудандарда бұл екі шаруашылықтың белгілі бір түрі басым болып отырды. Отырықшы халық мемлекеттің саяси және экономикалық орталығы – Савадта (Ирақ) басым болды. Иранның кең байтақ кеңістігінде егіншілік көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен қатар орын алды. Көшпелі және жартылай көшпелі халық негізінен ирандықтардың өзі болды (күрдтер). Сасанилер дәуірінде көшпелілер орталық билікке жартылай ғана бағынды. Ирандағы осы жағдай XX ғасырдың 30 жылдарына дейін сақталды.

Сасанилер дәуіріне қалалардың гүлденуі тән болды. Батыс Еуропада қалалар құлдырап жатқан кезде, Иран қалаларының бұл гүлденуі ғалымдардың ерекше қызығушылығын туындатты. Селевкилік және парфиялық дәуірлерде Иран қалалары, антикалық полистер тәріздес өзін-өзі басқаратын еді. Сасанилер дәуірінде қалаларды орталық билік өкілдері басқаратын болды. Ең ірі қала – Тизбон (Ктесифон) Тигрдың екі жағалауын да алып жатқан елдің астанасы болды.

Сасанилік Иранның қоғамдық құрылысына қатысты қазіргі тарихнамада әр түрлі көзқарастар бар. Соңғы уақытқа дейін кеңес және шетел тарихнамасында Сасанилер дәуірі жөнінде, Иранда феодалдық қоғам қалыптасқан уақыт деген пікір басым болып келді. Бұл көзқарас сасанилік түпдеректерді, ең алдымен құқықтық құжаттарды жан-жақты ғылыми талдау жасағанға дейін орын алды. Соңғы уақытта армян зерттеушісі А.Г. Пе-

риханяның сасанилік құқықтық деректерге жасаған осындай жан-жақты талдауынан кейін, ерте сасанилік кезеңдегі Иран қоғамының Парфия қоғамынан оншалықты айырмашылығы жоқтығы анықталды. Бұл екі қоғамды да ежелгі қоғамының нұсқалары деп қарастыруға болады деген қорытынды жасалды.

Алайда кейінгі сасанилік дәуір, яғни V-VI ғ. ежелгі Иран қатынастарының қирауымен және ертефеодалдық қатынастардың пайда болуымен сипатталды. Иранда сасанилік дәуірде орын алған құқық нормалары бойынша халық екі негізгі категорияға бөлінді: толық құқылы қауым мүшелері «азаматтар» және қауымға кірмейтін толық құқылы емес адамдар «азамат емес-тер». Соңғыларға құлдар да жатты. Қауымдар азаматтық және әлеуметтік жағдайы бойынша әр түрлі болды. Нафтардың (қауым) қатардағы өкілдері – азаттар, яғни мемлекетке артықшылық жағдайға ие категорияны құрады, алайда барлық азаматтар «шаханшах бандак» («шаханшах құлдары») деп есептеді.

Иранның қоғамдық құрылымының маңызды ерекшелігі сословиелерге (пешак) бөлінуі болды. Бұл сословиелер ежелгі үнді варналарына ұқсас болып келеді. Бастапқыда сословиелер саны төртеу болды: абыздар, жауынгерлер, егіншілер және қолөнершілер. Бірақ, кейінірек олардың одан әрі бөлшектенуі үдерісі жүрген тәрізді.

Негізгі тікелей өндірушілер қауымдастар болды. Олар бастапқыда қауымның тең құқықты мүшелері болған болса, ал VI ғ. бастап ерекше категория – рамға (қарапайым халық) айналды.

Наф мүшелерінің рам категориясына айналуымен қатар, қауымның жоғарғы бөлігі декхандар деп аталатын болды. Олар бірте-бірте Иранның ежелгі ақсүйек руларының маңызын жойып, солардың орнын өздері ала бастады, яғни болашақ феодалдар дәл осы декхандардан қалыптасты.

Деректердің көрсетуі бойынша Иранда V-VI ғғ. межесінде шиеленісті әлеуметтік қайшылықтар орын алады. Ру ақсүйектері мен зороастризм дінбасыларының үстемдігі халықтың кең топтарының наразылығын туғызды. Осының бәрі қуатты әлеуметтік қозғалысқа айналып, ол қозғалыс көсемі Маздақтың есімімен маздакиттік деген атау алды. Халықтың ең кедей топтарының мүдделерін көрсете отырып Маздак мүліктік және әлеуметтік теңдік ұранын көтерді. Алайда, қозғалыстың нәти-



жесін декхандар пайдаланып кетті. Қозғалыстан жүз жыл өткеннен кейін, дәлірек айтқанда, араб жаулаушылықтары заманында дәл осы декхандар Ирандағы ірі және орта жер иелерінің негізгі бөлігін құрады. Зороастризм дінбасылары өз жағдайын сақтап қалды. Ру ақсүйектерінің тірегі болған әскери сословие іс жүзінде жойылды.

Иран шаханшахы I Хұсрудың 531-579 жж. жүргізген әскери және әкімшілік реформасы осы өзгерістерді заң жүзінде бекітіп берді. Ендігі жерде әскери мекемені шаханшахтың өзі басқаратын болды. Бұрын әскер тек ру ақсүйектерінің жасақтары арқылы қалыптасып келген болса, енді тұрақты әскер қалыптасты. Әскердегі қызметке декхан өкілдері тартыла бастады. I Хұсру реформасы держава басшылығының билігін нығайтты, бірақ ол бәрібір шексіз бола алған жоқ, мұны кейінгі уақытта орын алған саяси төңкерістер жақсы көрсетеді.

Соған қарамастан реформалар нәтижесінде мемлекеттің орталығы айтарлықтай күшейеді. I Хұсру тұсында мемлекет 4 үлкен бөлікке (куст): батыс, шығыс, солтүстік, оңтүстік болып бөлінеді. Кусттар марзпандықтарға бөлінді, ал олар өз кезегінде тасуджілерге бөлінді. Куст басшылары қатаң түрде шаханшахқа бағынды. Бұл әкімшілік басқару бастапқы кезде орталық өкіметті күшейтуге қызмет еткенімен, бірте-бірте остандар мен марзпандардың дербестікке ұмтылу тенденциясы жанданды.

I Хұсрудың салық реформасы да аса маңызды болды. Ол бойынша жер салығы (хараг) түскен өнімнің көлеміне байланысты емес, өңделетін жер көлемі мен егілетін дақылға байланысты ақшалай түрде өтелетін болды. Бұған қоса тұрақты түрде жан салығы (гезит) енгізілді. Оның көлемі отбасының мүліктік жағдайына байланысты болды.

Шаханшахтардың орталық өкіметті күшейтуге бағытталған саясатының нәтижесінде дабирлердің (шенеуніктердің) рөлі өсті, енді олар ерекше бір сословие ретінде қарастырыла бастады.

Бұл реформа мемлекетті уақытша ғана күшейтті, алайда Иран қоғамының феодалдануымен байланысты жаңа жағдайда пайда болған сепаратистік ұмтылыстарды тізгіндеп ұстап тұра алмады. Дәл осы жағдай Сасанилік мемлекеттің әлсіреуінің негізгі себебі болған болатын.

**Сасанилік Иранның сыртқы саясаты.** Сасанилік Иранның сыртқы саясаты тікелей көршілермен қарым-қатынасы арқылы іске асты. Иран мен Римнің қарым-қатынастары екі жақтың араб әмірліктері мен тайпалары, Эфиопия мен Кавказдың кішігірім мемлекеттері үшін талас негізінде және сондай-ақ Шығыстағы көршілерімен қарым-қатынастарымен байланысты жүргізілді. Сасанилер, өзінің сыртқы саясатының негізгі аспектілерін Парфиядан мұраланды, мұндағы бастысы – Рим мен Сирия, Закавказье жерлері үшін, Кушанмен Шығыс Иран және Орта Азия аудандары үшін күрес. Риммен соғыс алғашқы Сасанилер уақытынан-ақ басталып, оның бірінші кезеңі 244 ж. Арменияның екі жаққа бірдей бағынуымен аяқталды. Шапурдың арабтармен қатынасы онша сәтті бола қойған жоқ. I Шапур Шығыста Кушан мемлекетімен соғыс жүргізді.

II Шапур тұсында сыртқы саясат белсенді жүргізіліп, 387 ж. Армян патшалығы Рим мен Иран арасында бөліске түсті, Шығыста Шапур Кушан мемлекетін қиратып, оның Батыс иеліктері Сасанилерге өтті. Бұл, алайда, Сасанилердің эфталиттермен қақтығысына алып келді.

Иран үшін Закавказье Шығыс Еуропадағы ғұн тайпаларынан қорғалатын барьер ретінде маңызды болды. 563-567 жж. Хұсроу эфталиттерді ойсырата жеңеді. Бұл кезде эфталиттер түрік қағанымен күресіп жатқан болатын. Византия өз тарапынан түріктермен одақ жасауға тырысты, осы мақсатпен Алтайға 568 ж. Земарх бастаған елшілік жіберілді. Қайтар жолда парсылар Кубань маңында елшілерге кедергі жасауға тырысты, бірақ Византияға жергілікті одақтастары көмектесіп, бұл қоршаудан аман-есен құтылып шықты.

Сасанилердің ірі табысы Йеменді басып алып, ол жерден Византияның одақтасы Эфиопияны қуып шығуы болды. Осыдан кейін Византиямен жаңа соғыс басталды. Бұл соғыс кезінде де екі жақ алма-кезек жеңіске жетіп отырды. Ұзаққа созылған (400 жыл) үздіксіз соғыстар екі жақтың да күшін сарқып, қалжыратқаны соншалық, сол кездегі әлемнің ең ірі екі мемлекеті енді ғана қалыптасып жатқан жас араб мемлекетіне қарсы тұра алмай қалады.

**Бекіту сұрақтары:**

1. Сасанилер әулетінің билікке келуінің тарихи жағдайларын көрсетіңіз.
2. Сасанилердің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын көрсетіңіз?
3. I Хұсроу реформаларының мәнін ашыңыз.
4. Сасани қоғамының сипатын анықтаңыз.
5. Сасани мемлекетінің құлдырауының себептерін анықтаңыз.

## V тарау

### ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҮНДИСТАН

**Ерте ортағасырлардағы Үндістанның саяси жағдайы.** Ерте ортағасырлық Үндістандағы ең қуатты мемлекеттік құрылым болған Гупталар әулеті билікке келгенге дейінгі Үндістанның саяси жағдайы төмендегідей болды: Ежелгі дәуірдің аяғында Үндістанның солтүстігінде қалыптасқан Кушан державасы I Васудевадан кейін терең құлдырау жағдайында болып, Ганг алқабын бақылаудан айырылып қалды. Осы уақытта екінші ірі держава – Виндхья тауынан оңтүстікке қарай жатқан – Сатавахана патшалығы өмір сүруін біржолата тоқтатады. Солтүстік Үндістанда әлеуметтік және саяси дамудың әр түрлі сатыларында тұрған көптеген ұсақ мемлекеттер пайда болды. Сондай-ақ жекелеген тайпа одақтары да өмір сүруін жалғастыра берді.

Орталық Үндістанда – Чарманавати өзені ауданында – Нагтар әулетінің әр түрлі бұтақтарынан шыққан билеушілер басқарған патшалықтар, елеулі мемлекеттер болды. Батыста – Индтің төменгі ағысынан Нармадаға дейін шак кшатраптары биледі. Солтүстік батыста жекелеген олигархиялық кландар билік құрды. Солтүстік шығыста ежелгі личхавалар кланы маңызды рөл атқарды.

III ғасырдың соңына қарай Батыс Деканда Вакатака әулеті көтерілді. Коромандель жағалауында Паллавартар үстемдік етсе, Кавери өзенінің оңтүстігінде Пандья мемлекеті орналасты.

Гупталардың бастапқы иеліктері Солтүстік Үндістанның қай ауданында болғаны дәл анық емес. Тек державаның гүлдену шағында, оның ядросы – Бихар, Уттар-Прадештің шығыс бөлігі мен Бенгалияның батысы болғаны белгілі. Әулеттің алғашқы өкілін деректер тек Гупта деп қана береді, бірақ ол туралы басқа еш дерек жоқ. Гупталар руының алғашқы махараджасы оның ұлы Тхатоткача болды. Алайда оның тұсында мемлекет айтарлықтай маңызға ие бола қойған жоқ. Державаның нағыз негі-

зін қалаушы Тхатоткачаның ұлы I Чандрагупта болды. Дәл осы кісінің 319 жылы таққа отыруынан бастап Гупта дәуірін бастаймыз. I Чандрагупта махараджа дхираджа (ұлы патша, патшалардың патшасы) деген жаңа титул алады, бұдан Иран титулатурасының ықпалын байқауға болады. Мемлекетті империя деп атауға белгілі бір негіздер де болды: I Чандрагупта уақытында өте жоғары сапалы алтын теңге-динар соғылады.

Патшаның басты әйелі ежелгі атақты ру – личхавалардан шыққан Кумарадэви болды. Олардың ұлы Самудрагупта өзінің анасы жағынан шежіресін мақтанышпен келтіріп отырды. Дәл осы алып кланмен одақ Гупталарға жалпы үнділік ауқымда саяси рөл атқаруға мүмкіндік берген болуы керек.

Самудрагупта әулеттің билігін одан әрі күшейтіп, мемлекеттің территориясын кеңейтеді. Аллахабад жазбаларына карағанда Самудрагупта «жүздеген шайқастарға қатысып, ондаған жаракат алған нағыз жауынгер-патша болған». Ол «бүкіл жердің билеушісі» рөліне таласқан. Панигирист-тарихшы бұл аймақты 4 категорияға бөледі: біріншісіне солтүстік Үндістанның орталығында орналасқан мемлекеттерді (Арьяварта) жатқызады. Самудрагупта мұндағы Нагтардың екі мемлекетін – Нагаси мен Танапатиді жойды. Ары қарай жүре отырып, қазіргі Дели ауданындағы Кота мемлекетін талқандап, империяға қосты.

Малавтар, арджунаяна, мадрлар мен абхир жауынгер кландарына қатысты патша мүлде бөлек саясат ұстанды. Гупта патшасы олардың көсемдерін өзіне алым әкеліп отыратын, оған адалдығын білдіру үшін әрдайым сарайға келіп отыруға тиіс бағыныштылары ретінде қарастырады. Бұл мемлекеттер Гупта державасының бөліктері емес, оған «көршілес» мемлекеттер деп қарастырылды.

Үшінші категорияны Дакшинапатха (Декан) ауданы құрады, бұл жерлерге әркез жорықтар ұйымдастырылғанмен, бірақ бұл жерлер империяның құрамына біржолата енген жоқ.

Ақырында, алыс жатқан ірі мемлекеттердің билеушілері Гупта сарайына елшілер жіберіп, оған өз қыздарын тұрмысқа ұзатып отырды. Бұл соңғы категорияға Кушан билеушісі, батыстағы кшатраптар, Ланка патшалары мен «аралдар» билеушілері жатты.

Индра, Варука, Кубера және Яма құдайларының жердегі көрінісі ретіндегі патша культі қалыптасты. Бұның бәрі күшті жеке билікті негіздеу үшін қажет идеялар ғана болған тәрізді.

Самудрагуптаның империялық ұмтылыстары мен оның монархияны күшейтуге тырысушылығына қарамастан, мемлекеттің өзі біртұтас та, орталықтанған да болмағандығын деректер айғақтайды. Ауқымды державаның құрылуы ұсақ иеліктердің жойылуын білдірген жоқ, олар империяның құрамына, өзінің ішкі дербестігін сақтай отырып кірді. Мүмкін, дәл осы мемлекеттің әкімшілік жағынан әлсіздігі, бөлшектену жағдайы әрдайым «патшаның» билігін идеологиялық жағынан бекітіп отыруды қажет еткен шығар.

Самудрагуптаның ұлы II Чандрагуптаның тұсында Пенджаб бағындырылып, бүкіл Бактрияға жорықтар ұйымдастырылды. Алайда нумизматикалық материалдарға қарағанда Гупталардың жауланып алынған территорияларда әкімшілік басқаруы болмаған, Гупта патшасы алым алумен және жергілікті билеушілердің тәуелділігін жалпылама ғана мойындауымен қанағаттанады.

Қалай десек те, IV-V ғғ. межесінде Аравия теңізінен Бенгал шығанағына дейін созылған кең ауқымды держава қалыптасты. II Чандрагуптаның билік құрған уақыты Гупт мәдениетінің гүлденген дәуірі деп қарастырылады. Оның тұсында дәстүр бойынша «9 асыл» деп аталып кеткен ірі ақындар мен ғұламалар өмір сүрді.

Кейінгі гупталар дәуірінде патшаның жоғарғы билігі бірте-бірте төмендей бастағаны байқалады. 455-467 жж. билік құрған Скандагуптадан кейінгі гупта әулетінің билеушілерін генеологиялық және хронологиялық жағынан дәл орналастыру қиын. Олардың билігі тек Ганга аңғарына ғана тараған сияқты. Мемлекеттік қазынаның құлдырағанын теңге сапасының нашарлағандығы айғақтайды. Самудрагупта мен II Чандрагупта кезіндегі динардағы алтын 80% болса, кейінгі гупталар тұсында жартысына әрең жетті.

Гупталар билігінің соңғы дәуірі ғұн-эфталиттердің шапқыншылықтарымен сипатталады. Сасанидтермен жүргізген сәтті күрестен кейін эфталиттер V ғ. аяғында Гандхараны бағындырды. Олардың көсемі Торамана 500 ж. шамасында Пенджаб арқылы Каушамби, Варанаси және Магадханың орталығына дейін жой-

қын жорық жасады. Гвалиурдан табылған жазбаға қарағанда, 515 ж. оның ұлы МихИракула бүкіл Үндістанды жаулап алды. Жергілікті үнді билеушілері эфталиттердің жоғарғы билігін мойындады.

Алайда эфталиттер мықты мемлекет құра алмайды. Көп ұзамай олар солтүстік батысқа (Кашмир территориясына) ығыстырылады. Эфталиттер және олармен келген гурджарлар жергілікті халықпен сіңісіп, раджпут аталатын тайпалар қауымын қалыптастырды. Раджпуттар VIII-XIII ғасырлар аралығында Солтүстік Үндістанның саяси тарихында маңызды рөл атқарды.

VII ғ. басында Харши есімді қолбасшы Солтүстік Үндістанды толық біріктіріп, қуатты державалық мемлекет құрды. Харшидің оңтүстікке жылжуына Батыс Чалукилер жол бермеді. Харшидің тұсында Қытаймен елшілік алмасулар болды. Харши мемлекеті 30 жыл өмір сүрді, ол қайтыс болғаннан кейін, VII ғ. ортасында Солтүстік Үндістанда өзара қырқысулар қайта жанданды.

712 ж. Мұхаммед Ибн Касим басқарған араб әскерлері Синд жерін басып алды. Арабтар елдің оңтүстігінде Мансура, солтүстігінде Мультаң әмірлігін құрды. Алайда арабтар XIII ғ. дейін Индтің төменгі бөлігін бағындырумен ғана шектелді. Себебі гуджараттық Пратихар мемлекетінің I Нагабхата бастаған әскері арабтардың әрі қарай жылжуына жол бермеді.

XI ғ. басында солтүстік Үндістанға Ғазна (Ауғанстан) билеушісі Махмұд (998-1030) қауіп төндірді. Махмұд Газнауидің Үндістан жеріне 17 рет қайталанған басқыншылық жорықтары қалаларды қиратумен, халықты қырып-жоюмен аяқталып отырды.

**Гупталар дәуіріндегі Үндістанның әлеуметтік-экономикалық дамуы.** Гупталар дәуіріндегі үнді деревнясының әлеуметтік құрылымының негізін көршілік қауым құрады. Шаруашылықты негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын иеленген жекелеген отбасылар жүргізді. Ең бір экономикалық жағынан дамыған аудандарда жеке меншіктік қатынастар үлкен отбасыларының бөлшектенуіне, мүліктік жіктеліске алып келіп отырғандығын деректерден байқауға болады. Деректер, сондай-ақ отбасы байлығын бөлісу, жерді кепілдікке беру, сату жөнінде айтады. Әдетте отбасы иесі қайтыс болғаннан кейін бөліске тек жылжымалы мүлік түсті, жер бөлінбейтін отбасы меншігі болып

кала берді. Жер учаскелерін сату кезінде басым сатып алу құқығы туыстарға берілді. Жалпы алғанда, негізі натуралды болған шаруашылықтың, қауымдық және туыстық байланыстардың беріктігі үнді селосындағы экономикалық бәсекелестік нәтижесінде белсенді әлеуметтік жіктеліс болды деуге негіз бермейді. Әлеуметтік жіктеліс көбінесе басқа принциптерге – аймақта үстем кастаға кіру, дәстүрлі билік ету-бағыну қатынастары, қызметке ие болу т.б. негізделді. Егіншілер өз жер учаскесін сатқаннан гөрі өздерін немесе үй мүшелерін қарыз құлдығына беріп отырғанды жөн көрген. Үнді деревнясында қанаудың патриархалды және жартылай құлдық формалары ұзақ сақталады. Батрактар мен сыбағаластар еңбегі кең қолданылды.

Деревня халқының әлеуметтік құрамы күрделі болды, олардың жүргізіп отырған шаруашылықтары да біртекті болды деп айтуға келмейді. Толық құқылы қауымдастар мен бөтеннің жерін мұрагерлікпен жалға алатындар арасында айтарлықтай айырмашылықтар болды. Бұған қоса, ауылдық жерлерде егіншілікпен айналыспайтындар да болды. Тоқымашылар, бояушылар және басқа да қолөнершілер тауарларын рынокка шығарып отырды. Гупта жазбалары саудаға салынатын салықтар жөнінде айтады. Үнемі ауылда тұратын ұсақ саудагерлер жөнінде де мәліметтер кездеседі.

Егіншілердің кейбір кәсіп иелерімен, мысалы: темір ұстасы, ыдыс жасаушы, ағаш ұстасы, қайысшылармен қарым-қатынастарында өзара қамтамасыз ету жүйесі қалыптасты. Бұл жүйедегі қарым-қатынастар рыноктық негізде емес, дәстүрлі құқықтар мен міндеттер қағидатымен реттелді. Қазіргі әлеуметтанушылық әдебиетте «даджмани» атауын алған бұл жүйенің қызметі касталық құрылыстың бекітілуімен тығыз байланысты болды. Жалгерлер мен жерсіз батрактардың осы жер иелерінің пайдасына жұмыс атқаруы ежелден тек экономикалық қажеттілік қана емес, касталық қарыз деп қарастырылды. Қолөнершілердің, қауым малайларының, сондай-ақ брахмандар және сәуегейлер мен жұлдызшылардың материалдық жағынан қамтамасыз етілуі сол бір жазылмаған заңмен анықталды, сондай-ақ соңғылар да өз кәсіби және рәсімдік міндеттерін касталық заңға сәйкес атқаруға тиіс болды. Касталар гупталар дәуірінде классикалық түрде болғанын деректер дәлелдейді. Касталарға тән әлеуметтік



томаға-тұйықтық, соның ішінде ең алдымен эндогамия – кастаралық некеге тыйым, әр түрлі касталар өкілдері арасындағы араласудың күрделі ережелері, касталық кәсіптер және онымен байланысты сыртқы жүріс-тұрыс, киім кию атрибуттары қалыптасты. Касталар жергілікті сипатта болды, бұл кастаның ішкі ұжымдық құрылымын сақтауға мүмкіндік берді. Каста істерімен арнайы кеңес (панчаят) айналысты, ең бір маңызды мәселелерге байланысты жиын шақырылды. Касталық құрылыстың маңызды белгісі оның иерархиялық құрылымы болды. Ауылдық жерлерде касталық статус пен әлеуметтік жағдай арасындағы байланыс ерекше айқын көрінеді. Толық құқылы жер иелері осы ауданда үстем кастаға жатты. Осылайша, касталық құрылыс село қауымының ұйымдық құрылымын жасап, оның беріктігі мен консерватизмін анықтады.

Біздің жыл санауымыздың алғашқы ғасырларындағы Үндістанның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды нәтижелерінің бірі алғашқы қауымдық периферияларының қысқаруы және қарқынды қоныстану (колонизация) үдерісі болды. Бұл жерде Орталық және Шығыс Үндістандағы және ормандар басып жатқан Инд-Ганг жазығындағы ежелгі өркениет ошақтары аралығында орналасқан жерлер жайында айтылып тұр. Жаңа аудандарға қоныстану бір жағынан, мемлекеттік саясаттың салдарынан болса, екінші жағынан, стихиялы түрде, соғыстар жүріп жатқан, су тасыған, аштық жайлаған, әлеуметтік қанау күшейген аудандардан қашуы нәтижесінде іске асты. Қалай болғанда да солтүстік Үндістанның алдыңғы қатарлы дамыған аудандарының өндірістік, әлеуметтік, мәдени тәжірибесінің таралуы бүкіл Үндістанның дамуына оң ықпал етті.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Ерте орта ғасырларда Үндістан жерінде қандай мемлекеттер өмір сүрді?
2. Гупта империясының саяси құрылымының ерекшелігін көрсетіңіз.
3. Гупта империясының құлдырауының себептерін көрсетіңіз.
4. Эфталит шапқыншылықтарының Үндістанның саяси дамуындағы орнын анықтаңыз.
5. Орта ғасырларда Үндістанның әлеуметтік жүйесінде орын алған өзгерістерге талдау жасаңыз.

## VI тарау

### ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ АРАБИЯ

#### **Исламның қарсаңындағы Арабияның саяси тарихы.**

Арабия түбегі климаттық жағдайы бойынша өзара тең емес екі бөлікке бөлінеді. Шамамен  $\frac{7}{8}$  бөлігін құрайтын далалы, шөлді аймақта халық ежелден көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Көшпелі арабтарды бәдәуилер деп атады. Түбектің тек қиыр оңтүстігіндегі таулы Йемен және Хадрамаут жерлерінде ғана егіншілікпен айналысуға қолайлы жағдайлар болды, сондықтан да осы аймақта ертеден дамыған отырықшы өркениет қалыптасқан болатын. Оңтүстік Арабияның отырықшы қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымында бұл кезде қалалық өзін-өзі басқару қауымы ыдырап, ірі жер иеленушілік пайда бола бастайды.

Арабияның көшпелі қоғамының ерекшелігі – ол ежелден дамыған аймақтар – Египет, Алдыңғы Азия және Қосөзен өркениеттерінің ортасында жатты. Ежелден-ақ осы дамыған елдерді өзара байланыстырған сауда жолдары Арабия далалары арқылы өтті. Сауда жолдарының бойында көптеген қалалар мен сауда орындары пайда болды. Сондықтан да бәдәуилер, өздері қаласа да, қаламаса да, сауда қатынастарына ерте тартылды.

Исламға дейінгі дәуірде бүкіл Арабияны біріктірген мемлекет болмаған. Арабияның ең дамыған аймағы – Йемен VI ғасырдың аяғында Сасанилік Иранға тәуелді болды, бірақ бұл тәуелділік тек номиналды болды. Солтүстік Арабиядағы арабтардың кішігірім әмірлігі – Лахмид патшалығы да VI ғасырдың екінші жартысында Сасанилерге вассалды тәуелділікке түсіп қалады. Ал солтүстік батыстағы Гассанидтер патшалығы Византиядан вассалды тәуелділігін мойындады. Алайда Византияның Арабияға ықпалы Евфрат бойындағы Рим шекаралық бекіністерінен әрі аспады. Ал Арабияның қалған 80 %-ы ешқандай мемлекеттік бірлестіктерге біріктірілмеді. Бұлар арабтардың үлкен бө-

лігі болған бәдәуилер еді. Олар ру-тайпалық қоғамның ыдырау дәуірінде өмір сүрді. Әрбір тайпаның басында сейидтер немесе шейхтер (көсемдер) тұрды. V-VI ғасырларда Арабиядағы саяси белсенділік бәдәуи тайпаларының қолына өтеді. Олар солтүстіктен оңтүстік Арабияға қысым жасап, отырықшы аудандарға ене бастайды. Тайпалық қатынастардың ыдырауы жағдайында бәдәуи тайпалары арасында өзара қырқыстар жиі орын алып отырды. Тайпа мүшесін өлтіргені, жаралағаны немесе қорлағаны үшін сол тайпа кек алуға тиіс болды. Кейде бірнеше онжылдықтарға созылған қанды кек соғыстары арабтардың көптеп қырылуына алып келіп отырды.

Орталық және солтүстік Арабиядағы саяси вакуумның пайда болуы VII ғасырдың басында батыс Арабиядағы ірі сауда және діни орталық – Меккенің көтерілуіне ықпал етті. Бұл қала ежелгі қасиетті орын – Қағбаның айналасында пайда болған еді. Жыл сайын арабтар осы киелі орынға қажылық жасауға келіп тұратын. Қажылық кезеңінде, Арабияның түкпір-түкпірінен жиналған арабтар қызу сауда жүргізіп, жәрмеңкелер өткізіп отырды. Сондықтан да Мекке бірте-бірте арабтардың экономикалық орталығына да айналды.

**Арабияның исламға дейінгі діни жағдайы.** Исламға дейінгі дәуірде Арабияда пұтқа табынушылық үстем болды. Әл-Лат, әл-Узза, Манат тәрізді әйел-құдайларымен қатар, Күн, Ай, жұлдыздар және әр түрлі табиғат күштеріне табыну орын алды. Бұған қоса әрбір тайпалар мен рулардың өз қорғаушы-құдайлары да болды. Аса бір қастерлі деп есептелетін діни орындардың айналасында тәуеп етудің (қажылық) күрделі рәсімдері қалыптасып, құрбандық шалулар орын алды. Тәуеп ету уақыты қасиетті деп саналып, қан төгуге тиым салынды.

Осындай қасиетті орындардың бірі – Қағба орналасқан Мекке қаласы арабтар үшін ежелден-ақ ерекше маңызға ие болды. Қағба – төртбұрышты, бұрышына қасиетті қара тас қойылған ғибадатхана. (Аңыз бойынша Меккедегі Қағба ғибадатханасын арабтардың арғы бабасы – Ыбрахим пайғамбар, ұлы Смайыл пайғамбармен бірге Алланың әмірімен тұрғызған. Қағбаның бұрышына қойылған қасиетті қара тасты Алла Тағала өзінің белгісі ретінде адамдарға көктен түсірген деген сенім болған. Ғалымдар қара тастың метеориттік негізін (аспаннан түскендігін) дәлелдеп отыр.

VI ғасырдың ортасына қарай арабтар арасында сауданың ерекше гүлденуі Мекке көпестерінің жоғарғы бөлігінің айрықша баюына, мүліктік жіктелістің тереңдеуіне ықпал етті. Бұл жағдай Мекке қоғамында әлеуметтік қайшылықтарды барынша шиеленістіріп жіберді. Оның үстіне тайпааралық қақтығыстардың шиеленісуі бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде бүкіл араб қоғамын қамтыған әлеуметтік қайшылықтарды туындатты. Қалыптасқан дағдарысты жағдайдан шығудың жолдарын адамдар дін саласынан іздестірді, өйткені ерте кезеңдерде кез келген халықтың санасында дін толықтай үстемдік еткен болатын.

Ескі пұтқа табынушылық діндер бұл ізденістерге жауап бере алмады, ал көрші жатқан халықтар тұтынатын дамыған монотеистік діни жүйелер – иудаизм, христиандық пен зороастризм арабтар арасында ішінара таралғанымен, бұл діндердің ешқайсысын арабтар толықтай қабылдай қойған жоқ. Мүмкін бұған аталмыш діндердің догматтық жүйесінің күрделілігі немесе араб халқының діліне сәйкес келмеуі ықпал еткен шығар.

**Ислам дінінің пайда болуы. Мұхаммед пайғамбардың діни қызметінің басталуы.** Ислам дінінің негізін салушы Мұхаммед пайғамбар 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келді. Ол атақты құрайыш тайпасының хашим руынан шыққан. Мұхаммедтің әкесі Абдаллах, ол дүниеге келгеннен кейін көп ұзамай қайтыс болады. Анасы Әмина, араб дәстүрі бойынша, бәдәуилер арасында тәрбиеленуі үшін (арабтарда қалалықтардың тәрбиесінен далалықтардың, яғни бәдәуилердің тәрбиесі артық деп саналған), Мұхаммедті сүт анасы – Халимаға береді. Бала 6 жасқа толғанда анасы қайтыс болады да, оны, бастапқыда, атасы Абдалмуталиб, ал кейін немере ағасы Әбу Муталиб өсіреді. Мұхаммед жастайынан жетім қалғандықтан, өмірдің қиындығын көп көріп өседі. Еңбекке ерте араласып, бай туыстарының малын бағады, сауда керуендеріне де қатысып жүреді. 25 жасқа толғанында еңбекқорлығы, адалдығы және шыншылдығымен көзге түскен Мұхаммедті меккелік ірі көпес әйел Хадиша бинт Хувайлид өз керуенін басқаруға шақырады. Көп ұзамай Мұхаммед пен Хадишаның арасында өзара түсіністік пен сүйіспеншілік орнап, олар отбасын құрады. Екеуі бақытты өмір сүріп, 2 ұл, 4 қыз сүйеді. Алайда ұлдары нәресте кездерінде шетінеп кетеді. Араб қоғамында үстем болған полигамиялық дәс-

түрге қарамастан, Мұхаммед Хадишаның үстінен әйел алмаған. Хадиша Мұхаммедке адал жар ғана емес, қиын сәттерде қолдаушы да бола білді. Ислам тарихын зерттеуші тарихшылар Хадишаны ең алғашқы мұсылман әйел деп есептейді.

Мұхаммед көп уақытын оңашаланып, араб қоғамының шешілмей жатқан мәселелері төңірегінде және жалпы жаратылыс туралы ой-толғаулармен өткізеді. Мұсылман тарихшыларының көрсетуі бойынша оның пайғамбарлығының алғаш көрінуі аяндары болған. Құрайыштардың діни салты бойынша Мұхаммед жыл сайын Мекке маңындағы Хира тауының үңгірінде бір айын тақуалықпен өткізетін. Осындай кезекті оңашалану кезінде оған Жебірейіл періште көрініп, Құранның алғашқы аятын жеткізеді. Бұл оқиға Мұхаммед 40 жасқа толғанда, яғни 610 жылы орын алған болатын. Осы уақыттан бастап, өмірінің соңына дейін, 23 жыл бойы Мұхаммед пайғамбарға Алланың сөзі – Құран аяттары түсіп тұрды. Алғашқы мұсылмандардың саны 40-тан асқаннан кейін Мұхаммед жаңа дін туралы меккеліктердің барлығына ашық түрде жариялауды жөн көреді. Ол меккеліктердің басын қосқан жиында, оларға Алладан түскен алғашқы аяттардың мазмұнын жеткізді. Онда Алланың бірлігі туралы, өзінің Алланың елшісі екендігі туралы айтылды. Алайда меккеліктердің көпшілігі Мұхаммедке сенуден бас тартты. Меккеліктердің жаңа дінді қабылдаудан бас тартуының бірқатар себебі болды. Біріншіден, олар жаңа дін өздерінің бұрынғы дәстүрлерін жойып, ата-бабаларының жолынан бас тарту болады деп есептеді. Екіншіден, Меккенің бай көпестері бұрынғы үстем жағдайынан айырылып қаламыз деп қорықты. Өйткені Мұхаммед өзінің алғашқы уағыздарында байларды сынға алып, көпестердің арасында барынша кең өрістеген өсімқорлықты, таразыдан жеуді айыптаған болатын. Ал кедейлерге, жетім-жесірлерге қамқорлық жасауды, құлдарды еркіндікке жіберуді Аллаға жағымды іс деп жариялады.

Меккелік бай-көпестердің тарапынан қанша қуғын-сүргін көрсе де, Мұхаммед пайғамбар және алғашқы мұсылмандар өз сенімінен бас тартпады. Ақыр соңында ол қолына қару алып, өз діни көзқарастары үшін, азаматтық және саяси идеялары үшін күреске шықты. Мұхаммед ерекше дарынды тұлға болды, бір жағынан мистикалық ерекше жағдайда қасиет дарыған болса,

екінші жағынан үлкен ақыл-парасат иесі де болды. Саяси және дипломатиялық дарыны ерекше еді. Алайда Мұхаммед фанатик болған жоқ, оның өмірге көзқарасы кең болды, бұны біз оның өзіне дейін болған барлық пайғамбарларды мойындауынан және барлық монотеистік діндерді мойындап оларды «жазу түскен қауымдар» деп ислам дінімен қатар қоюынан көреміз.

**Исламның Арабияда жеңіске жетуі.** Меккелік пұтқа табынушылардың қысымы ерекше күшейіп кеткен тұста Мұхаммед пайғамбар бастаған алғашқы мұсылмандар Меккеден кетуге мәжбүр болды. 615 жылы 100-ден аса мұсылман Мұхаммед пайғамбардың кеңесімен Эфиопияға кетуге мәжбүр болды. Меккеліктер бүкіл хашимит руына экономикалық байкот жариялады, негізгі кәсібі сауда болған Мекке жағдайында бұл шара қатты соққы болды. Оның үстіне 619 жылы Мұхаммед пайғамбардың екі бірдей негізгі сүйеніші – Абу Талиб пен Хадиша қайтыс болады. Осыдан кейін Мұхаммедтің жағдайы барынша нашарлап кетеді. Сол уақыттан бастап ол Меккеден тыс жерлерден қолдаушылар іздей бастайды. Жаңа дінді уағыздауды Меккеден солтүстік шығысқа қарай орналасқан Ясриб қаласында жүргізу туралы шешім қабылданды. Бұған бірқатар объективті жағдайлар ықпал еткен еді. Ясриб қаласында аус және хазрадж тайпалары арасында үстемдік үшін кескілескен күрес жүріп жатқан болатын. Сонымен бірге қаладағы экономикалық үстемдік иудей тайпаларының қолында болып, барлық мәселе солардың ықпалымен шешіліп отырды. Иудейлер аус пен хазрадж тайпаларын бір-біріне айдап салып, нәтижеде бүкіл қаланы өз қолдарында ұстады. Сондықтан да Ясрибтегі араб тайпалары Мұхаммедті өздері үшін көкейкесті болған осы мәселені шешіп беретін бірден-бір тұлға ретінде өз қалаларына шақырған болатын.

622 жылы Ясриб тұрғындары мен Мұхаммед арасында келісім жасалып, Мұхаммед пен оның жақтастары осы қалаға қоныс аударатын болып шешілді. Қоныс аудару 622 жылы 24 қыркүйекте іске асады. Мұсылмандардың Меккеден Мединеге қоныс аударған жылы Хижра деп аталып, мұсылмандық жыл санаудың бастауына алынды (хижра сөзінің араб тілінен аударғандағы мағынасы – қоныс аудару). Хижра – қоныс аударушы – мухаджирлер мен Ясриб мұсылмандары арасында жаңа қаты-

настардың пайда болуына алып келеді. Ясриб тұрғындары ансарлар – көмекшілер деп аталып кетті.

Бастапқыда Мұхаммедті Ясриб тұрғындары даулы мәселелерді шешіп беретін жоғарғы бір қазы ретінде қабылдаған тәрізді. Алайда бірте-бірте оның пайғамбар ретіндегі және саяси қайраткер ретіндегі беделі өсе берді. Оның қоғам қайраткері ретіндегі ізденістерінің шыңы – мухаджирлер, аус және хазрадж тайпалары және Ясриб иудейлері арасындағы келісім жасауы болды. Ол Медине конституциясы деп аталып кетті. Келісім бойынша мұсылман-құрайыштар және оларға қосылған Ясриб тұрғындары бір қауым (умма) деп жарияланды. Туысы жоқ мұсылман үшін барлық мұсылмандар бірігіп құн төлейді. Егер кімде-кім мұсылманға қарсы қылмыс жасаса, барлық мұсылмандар оған қарсы тұрады, егер ол өз баласы болса да. Мұсылманның ешқайсысы мұсылман емеспен мұсылмандарға қарсы одақ жасай алмайды. Осы келісімнен кейін иудейлермен келісім жасалды. Иудейлер мұсылмандармен бір қауым деп мойындалды, бірақ «иудейлердің өз діні бар, мұсылмандардың өз діні бар». Иудейлерге мұсылмандардың жауларына көмек көрсетпеу міндеттелді және Мұхаммедтің рұхсатынсыз соғыспау жүктелді. Бұл келісімдердің маңызын асыра бағалау мүмкін емес. Бірінші келісімде мұсылмандардың ерекшеленуі, өздерін басқа адамдардан бөлуі бекітілді. Арабия тарихында алғаш рет тайпадан жоғары жаңа қауымның жариялануы аса маңызды жағдай болды: мұсылмандар біртұтас қауым болғандықтан, өз сыртқы жауларына қарсы және ішкі, тайпа ішіндегі, басқа дінді ұстанушыларға қарсы бірігіп күреседі. Қылмыскерлер өз руластарының қолдауына ғана емес, өз отбасының қолдауына да сүйене алмайтын болды. Ендігі жерде қылмысы үшін тек жеке тұлғаның өзі ғана жауап беретін болды. Мұның өзі рулар арасындағы өзара қырқыс соғысқа шек қойды.

Сонымен, Ясриб қаласы ислам дінінің арабтар арасында үстем дінге айналуына негіз болды. Жаңа дін ең алғаш рет осы қалада үстемдікке жетті. Осы қалада алғашқы мұсылман қауымы – умма қалыптасты. Умма болашақ Араб мемлекетінің негізі, ядросы болды. Сондықтан да қаланың атауы кейінірек Медине (қаланың араб тіліндегі толық атауы – Мадинат ан-Наби, яғни Пайғамбар қаласы) деп ауыстырылды.

Ислам діні Мединеде үстемдікке жеткеннен кейін, Мұхаммед пайғамбар арабтардың ең басты қаласы Меккені алуды мақсат етті. Өйткені арабтар үшін діни және экономикалық орталық болған бұл қаланы исламға қаратпайынша, жалпы Аравияда исламның орнығуы мүмкін емес еді. Күрес меккеліктердің сауда керуендеріне шапқыншылықтардан басталып, бірте-бірте нағыз соғысқа айналды. Мекке мен Медине арасында бірнеше шайқастар өтіп, нәтижеде мұсылмандардың беделі арта түсті. Тарихшылар бұл соғыстың барысындағы үш шайқасты ерекше көрсетеді: Әсіресе, 624 жылы Бадр түбінде өткен шайқаста мұсылмандар ең алғаш рет ірі жеңіске жетті. Осы алғашқы тамаша жеңіс Мұхаммед пайғамбардың және жалпы мұсылмандардың арабтар арасындағы беделін барынша көтеріп тастады. Мұсылмандарға Алланың өзі көмектесті деген сенім пайда болды. Өйткені ежелгі арабтар арасында соғыс кез келген көкейкесті мәселенің әділетті шешімі деп қарастырылатын (жалпы, ерте кезеңдерде барлық халықтар арасында осындай түсінік үстем болған). Ашық шайқаста жеңіске жеткен жақты Құдайдың өзі қолдады деген түсінік болған. 625 жылы өткен Ухуд шайқасында Мұхаммед пайғамбар жеңіл жарақат алады, сондай-ақ пайғамбардың бұйрығын дәл орындамаған садақшылардың кесірінен шайқас нәтижесіз аяқталады. 627 жылы болған Ор түбіндегі шайқаста (алғашқы мұсылмандардың бірі Салман Фарсидің кеңесімен мұсылмандар Мединені айналдырып ор қазып меккеліктерден қорғанған болатын) меккеліктер одақтастарымен мұсылмандарға қарсы шабуыл жасап, бірақ ұзаққа созылған қоршаудан кейін ірі жеңіліске ұшырайды.

628 жылы Мұхаммед пайғамбар Меккеге кіші қажылыққа бармақшы боп шешеді, алайда меккеліктер оның қасиетті қалаға келуінен қорқып, оның алдынан келіссөз жүргізу үшін елшілер тобын жібереді. Келісім Меккенің батыс шегіндегі кішігірім елді-мекен – Худейбияда жасалады. Келісім бойынша мұсылмандар мен меккеліктер арасында 10 жылға уақытша бітім жасалды. Келісім бойынша мұсылмандар келесі жылы Меккеге тәу етуге келуге рұхсат алады. Меккемен байланысы бар араб тайпалары Мұхаммедпен одақ жасауға рұхсат алды (тайпаларлық соғыстарды жиі жүргізетін арабтар арасында тайпалардың бір-бірімен одақтар жасау дәстүрі болған еді). Алайда



бұл келісім 1 жыл өткеннен кейін күшін жойды: 629 жылы желтоқсанда құрайыштар Мединемен одақтас тайпаға шабуыл жасап, тонайды.

Осыдан кейін Мұхаммед пайғамбар Меккеге басып кіруге бел буады. 630 жылдың 12 қаңтарында мұсылмандар Меккеге еш кедергісіз, салтанатты түрде кіреді. Меккеліктермен жасалған келісім бойынша Меккенің қасиетті қала статусы сақталды, оған мұсылмандар жыл сайын қажылық жасауға тиіс болды. Қағба барлық мұсылмандарға ортақ ғибадатханаға айналды. Бірақ Қағбадағы барлық пұттар қиратылып, ғибадатхананың табалдырығының астына тасталды. Меккеліктер мұсылман дінін қабылдауға міндеттелді. Меккенің мұсылмандар алдында тізе бүгуі пұтқа табынушылықтың толық жеңілісін білдірді. Меккеге наместник және дін уағыздаушы мұсылман қалдырылды, оның екеуі де құрайыштардан тағайындалды. Мұхаммед пайғамбардың өзі Мединеге оралды.

Меккемен одақтас Таиф қаласы да ұрыспен алынды. Мекке мен Таиф алынғаннан кейін араб тайпаларының елшілері, бірінен кейін бірі, мұсылман дінін қабылдау үшін пайғамбар қаласы – Мединеге ағылып келіп жатты. Сондықтан да 631 жыл ислам тарихында «елшілік жылы» деп аталады.

632 жылдың қаңтарында Мұхаммед пайғамбар Меккеге соңғы қажылығын жасайды. Осы кезде исламдағы қажылықтың барлық рәсімдік салт-жоралғылары қалыптасады. Қажылықтан кейін Мединеге оралған пайғамбар, көп ұзамай науқастанып, сол жылы, яғни 632 жылдың маусымында дүниеден өтеді.

Ислам тарихын зерттеуші ғалымдар Мұхаммед пайғамбар өзіне жүктелген тарихи миссияны толық орындады деп есептейді. Атап айтқанда ол ислам дінін арабтар арасында орнықтырып, жалпыарабтық біртұтас мемлекеттің негізін қалады. Ең бастысы ескі, тозығы жеткен пұтқа табынушылыққа белшесінен батып, әбден іріп-шіріген араб қоғамын жаңа, прогресшіл дін – ислам арқылы сауықтырып, арабтарды тағылықтан алып шықты. Осының барлығы болашақ ислам өркениетіне негіз қалады.

**Мұхаммед пайғамбардың уағыздарындағы негізгі идеялар.** Мұхаммед пайғамбардың ерте уағыздарының өзінде мұсылмандарға қойылатын негізгі талаптар айқындала бастады. Біріншісі – Алланың бірлігі, яғни қатаң монотеизм және оның ел-

шісінің пайғамбарлық миссиясын мойындау. Исламға дейінгі 2 мезгіл оқылатын дұғаның орнына 5 уақыт намаз енгізілді, намаз кез келген таза жерде оқылады. Бірте-бірте бұл шарттарға ораза ұстау, садақа-зекет беру, Меккеге қажылық жасау қосылды.

Мұхаммед пайғамбарға түскен Құран сүрелері нақты жағдайларға байланысты, сол жағдайлардың шешімі ретінде орын алып отырды. Бұл сүрелерде араб қоғамының маңызды мәселелері қозғалып, Мұхаммед пайғамбардың барлық қағидалары бірте-бірте өмірде бекітіліп, заң сипатына ие болды. Байларды сынға алу, жеке меншікті бекітумен қатар жүрді. Мұхаммед пайғамбар сараңдықты айыптады, бірақ шектен тыс ысырапшылдықты да қоштамады, үнемшілдікке шақырды. Яғни, ол кез келген істе орта тұсты ұстануды ұсынды.

Мұхаммед пайғамбар мойынсұну мәселесіне көп назар аударды. Құранның Ниса сүресінің 59-аятында: «Аллаға мойынұсыныңдар, Алланың елшісіне мойынұсыныңдар және өз араларыңдағы билік иесіне мойынұсыныңдар» – делінеді (Құран, 4:59). Бұл жерде кейін сунниттердің билік доктринасына айналған негізгі қағида жатыр. Исламға дейінгі Арабияның саяси қатынастар жүйесіне өзгеріс енгізіліп, тайпа одақтарына іс жүзінде тиым салынды. Мұхаммед пайғамбар уағыздарында отбасылық неке қатынастарына ерекше маңыз берілді. Ол индивидуалды отбасын орнықтыруға күш салды, алайда соған қарамастан полигамия сақталып қалды. Бірақ, ислам ер адамға 4 әйелден артық алуға тиым салды, мұның өзі ежелден полигамия үстем болған патриархалды араб қоғамы үшін прогрессивті құбылыс болды. Ежелгі араб дәстүріне қарсы әйел мұрагерлік құқыққа ие болды. Мұсылман заңы бойынша әйелге ерінің мүлкінің жартысы тиесілі болды. Бұл Арабияның әлеуметтік өміріне енген маңызды құбылыс еді. Левират (әменгерлік) жойылды.

Меккенің ірі сауда орталығы ретіндегі жағдайы және құрайыштардың көпшілігінің негізгі кәсібі сауда болуы Мұхаммед пайғамбардың саудаға ерекше назар аударуына ықпал етті. Саудамен айналысу Алла тарапынан рұқсат етілген кәсіп деп жарияланды. Пайғамбар адал сауда жасауға шақырды, таразыдан жеу ауыр күнә деп жарияланды. Алланың атынан өсімқорлықпен айналысуға тиым салынды. Мұсылмандардың өз қарыз міндеттерін дәл орындауы, кепілдікке, сондай-ақ жетім-

дердің мұрасы мен мүлкіне қамқоршыларының адал қатынас жасауы талап етілді.

Қоғам өмірінде соғыс маңызды рөл атқарып отырғандықтан, Мұхаммед пайғамбар бұл мәселені де назардан тыс қалдырған жоқ. Соғыс олжасының 5/1 бөлігі Аллаға, Пайғамбарға, құлдардың құнын өтеп, еркіндікке жіберуге, қарызға түсіп қалған кедейлерге, жетімдерге көмек қорына бөлінді. Олжаның қалған бөлігі жорыққа қатысушылар арасында бөліске түсті. Тұтқындарды құн төлеу арқылы босатып отырды.

Мұхаммед пайғамбарға түскен сүрелерде Арабияда айтарлықтай орныққан әлеуметтік мекеме ретіндегі құлдыққа көңіл бөлінген. Құлдарды еркіндікке жіберу Аллаға жағымды іс деп жарияланды. Мұнымен де шектелмей, ол біреуге жала жапқаны, былапыт сөздер айтқаны, кісі өлтіргені және т.б. күнәлары үшін жаза анықтауда мұсылмандарға өз құлдарын еркіндікке жіберуді тағайындады. Мұсылманның өз құлын еркіндікке жібергені жазбаша құжатпен бекітіліп, сондай-ақ бұрынғы құл дербес өмір сүруі үшін қажет қаражат та бөліп беруге тиіс болды. Алайда бұл құллықтың жойылуын жариялауды білдірмейтін еді. Бұл шаралар, бір жағынан, құлдардың ислам дініне тартылуын қамтамасыз етсе, екінші жағынан, әлеуметтік қайшылықтың жұмсаруына ықпал етті. Бұл тұста Мұхаммед пайғамбардың қоғамда қордаланып қалған әлеуметтік мәселелерді шешуде радикалды жолды ұстанушы революционер емес, бұл мәселелерді бірте-бірте шешуді, жалпы қоғам дамуының эволюциялық жолын қолдаған реформатор болғандығын көрсетуге болады.

Исламға дейінгі араб қоғамында қанды кек алу арабтардың халық ретінде жойылып кету қаупін туғызған аса күрделі мәселе болған еді. Мұхаммед пайғамбар қанды кекті айыптап, жағдайдан шығудың ең оңтайлы жолы ретінде өлтірілген тайпаласы үшін құн төлеуді енгізді. Мұхаммед пайғамбардың уағыздарында көрсетілген барлық осы қағидалар мұсылмандардың қасиетті заңы – шариғаттың негізіне алынды.

**Араб халифатының қалыптасуы және жаулаушылықтары.** Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін, Мұхаммед пайғамбар негізін қалап кеткен араб ислам мемлекетінің билеушілері пайғамбардың сахабалары (жақтастары) арасынан сайланды, олар халиф деп аталды. Бұл «орынбасар» деген

мағына береді, яғни биліктің Алладан – пайғамбарға, пайғамбардан – халифке берілетін сабақтастығын білдірді. Осындай сабақтастық жолымен билікке келген алғашқы 4 халифті тауа халифтер деп атады, олар: Әбу Бәкір (632-634), Омар (634-644), Осман (644-656), Әли (656-661). Халифтер басқарған жалпы арабтық мемлекет Араб халифаты деп аталды.

Ең алғашқы халифтер Арабияның әр түрлі аудандарында орын алған бүліктерді басып тастағаннан кейін, мұсылман мемлекетінің шекарасын кеңейту бағытындағы жаулаушылық соғыстарын бастап кеткен болатын. Араб жаулаушылықтары екі бағытта – шығыс және батыс бағыттарында бірдей жүргізілді. Шығысқа жорықтарында арабтар Сасанилік Иранмен қақтығысқа түсті. Ішкі қайшылықтардан (маздакиттік қозғалыс) және Риммен үздіксіз жүргізілген соғыстардан әбден қалжыраған сасанилер арабтарға қарсылық көрсете алмады. Сасанилік Иранмен болған соғыс 3 кезеңнен өтті. Бірінші кезеңдегі негізгі шайқас 636 жылы Кадисия түбінде өтті. Екі күнге созылған шайқаста парсылар тас-талқан болып жеңіледі. Иранның астанасы Ктесифон алынды. Арабтар Евфрат-Тигр қосөзенінің төменгі ағысында жаңа қалалар – Куфа және Басраның негізін қалады. Арабтардың сасанилік Иранға жорығының екінші кезеңі дәл осы қалалардан Иранның оңтүстік батысына бағытталды. 642 жылы Нехавенд түбінде болған шайқаста арабтар Иран шаханшахы III Иездигерттің әскерін талқандап, батыс Иранды толықтай бағындырды. 651-652 жылдардағы соғыстың үшінші кезеңінде сасанилік Иранның соңғы қалдықтары жауланып алынды. Арабтар өздерінен қашып жүрген III Иездигертті Мерв түбінде қолға түсірді.

Арабтардың батыс бағытындағы жорықтары Византияға қарсы бағытталды. Ерте дәуірдің бұл алып империясымен арадағы негізгі шайқас 636 жылы Йармук өзенінің жағасында өтіп, шайқаста мұсылмандар ірі жеңіске жетеді. Шайқастың нәтижесінде Византияның шығыстағы провинциялары – Сирия мен Палестина арабтар жағына өтеді. Бұл екі аймақ бір әмірлікке біріктіріліп, ол Осман халифтің туысы, Омейядтар әулетінің өкілі Муавияның басқаруына беріледі. Сөйтіп, жорықтар бас-талғаннан төрт жыл уақыт өткенде арабтар сол дәуірдің ең бай елдері – Месопотамия, Сирия және Палестинаға ие болды. Византия Халифатқа алым төлеуге міндеттелді.

638 жылы арабтар «қасиетті қала» – Иерусалимді, 638-648 жылдар аралығында Египетті басып алды. Иерусалимнің алынуы ерекше маңызға ие болды, өйткені бұл қала христиандар үшін де, мұсылмандар үшін де қасиетті қала (қасиетті қала деп діни маңызы бар қалаларды атаған) болып саналатын. 658 жылы арабтар Закавказье жерлерін бағындырып, хазарлардың жерлеріне шығады.

Осындай кең ауқымды сыртқы жаулаушылық жүргізген алғашқы «тақуа» халифтер, алайда өте қарапайым билеушілер болды. Олардың билігі негізінен, мұсылман қауымына өз жеке үлгісімен басшылық жасауға сайды. Алайда үшінші тақуа халиф – Осман, Халифаттың құрамына кірген аймақтарды тиімді басқару үшін, оларға наместниктер тағайындауды енгізді. Ол ең бір маңызды аймақтарды өз туыстарына – Омейялар руының өкілдеріне, мысалы, астыққа бай Сирияны Муавия Ибн Суфианға берді. Халықтан жиналатын зекет салығына қосымша салықтар салына бастады. Осы жағдай халық тарапынан алғашқы наразылықтарды туғызды. Бұл наразылықты бірінші тақуа халиф Әбу Бәкірдің ұлы Абдаллах басқарды. Көтерілісшілер 656 жылы 17 маусымда халифтің үйіне басып кіріп, оның биліктен бас тартуын талап етті. Талап орындалмағандықтан олар Османды өлтірді. Османның өлімі мұсылман қауымының бірлігін шайқалтып, ұзаққа созылған өзара қырқысты бастап берді.

Османнан кейін билікке Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, жақын сахабаларының бірі Әли келді. Алайда оның билігін Сирия наместнигі Мувия мойындамай, билік жолында күрес бастады. Ақырында, 657 жылы маусым айында Халиф Әли мен Муавия әскері арасында Сиффин жазығындағы Ракка елді мекені маңында шайқас болды. Шайқастың шешуші сәтінде, Әли әскері жеңіске жететіні анық болған кезде Муавия Әлиді бітімге шақырды. Ол билік мәселесін бейбіт жолмен шешуді, яғни бұл мәселені үшінші тараптың (бейтарап қазының) шешуін ұсынды. Муавияның бұл ұсынысын Әли қабыл алды. Әлидің осы келісімпаз позициясына наразы болған оның әскерінің бір бөлігі (12 мың жауынгер) Әлидің қосынын тастап кетіп қалды. Олар хариджиттер (араб тілінде әл-хаваридж – кетуші) деп аталып, исламдағы ең алғашқы жікшілдерге

айналды. Әлидің бұдан кейінгі билігі осы хараджиттермен күреспен өтті және ақырында, 661 жылдың 22 қаңтарында ол хараджиттердің қолынан қаза тапты. Осыдан кейін бұрынғы біртұтас мұсылман қауымы екі партияға: Әли партиясы (шиа ат-Әли) және басқа мұсылмандар (суниттер) болып бөлініп кетті.

**Араб халифаты Омейялар билігі тұсында.** Көптен бері билікке ұмтылып жүрген Муавия билікке заңды үміткер Әлидің үлкен ұлы Хасанды үлкен көлемдегі өмірлік зейнетақымен қамтамасыз ету жолымен биліктен аластатты. Тақуа халифтерден кейін билікке келген Омейялардың ең алғашқы шарасы елдің астанасын өздері үшін қауіпті болып отырған Мединеден (бұл қаланың негізгі тұрғындары Пайғамбардың жауы болған Абу Суфианның ұлы – Муавияның билігін заңсыз деп, мойындамады) Сирия провинциясының орталығы – Дамаскке ауыстыруы болды. Сонымен бірге, Омейяттар тұсында Халифатта алғаш рет әулеттік билік қалыптасты, Муавия өзінің мұрагері ретінде үлкен ұлы Йазидті тағайындады. Омейяттар алғашқы тақуа халифтер тұсындағы қарапайым өмір салтын артқа тастап, ежелгі парсы патшалары тәрізді сән-салтанатты сарайда тұрып, өздерін халықтан аулақ ұстай бастады.

Омейяттар ішкі кикілжіндерді азды-көпті басып, тұрақтылыққа қолжеткізгеннен кейін, тақуа халифтер тұсында басталған сыртқы жаулаушылықтарды одан әрі жалғастырды. Омейяттар өздерінің қуатты флотымен Константинопольге бірнеше рет шабуыл жасады, алайда «грек отының» күшімен византиялықтар өз астанасын қорғап қала алды. Омейяттардың басқа бағыттардағы жаулаушылықтары анағұрлым сәтті болды. Египеттен арабтар Африканың солтүстік жағалауы бойымен Атлант мұхитына дейін шықты. Жауланып алынған Африка халықтарымен араласқан арабтарды кейінірек маврлар деп атап кетті.

670-703 жылдар аралығында арабтар солтүстік Африка жерлерін бағындырып, осы жерден Испанияға өтті. 711-714 жылдар аралығында Испания толықтай жауланып алынды. Испанияға арабтар бұл түбекті Африкадан бөліп тұрған, жіңішке мойнақ арқылы өтті. Сондықтан да бұл мойнақ кейін, Испанияға араб әскерлерін бастап барған қолбасшы Тарик ибн Зиядтың есімімен Тарик тауы (арабша – Джебель Тарик, испанша айтылуы – Гибралтар) деп аталып кетті. Бұдан кейін араб әскері франктер

жеріне шықты, алайда 732 жылы Пуатье түбінде болған шайқаста Карл Мартелл бастаған франк жасағы арабтарға соққы беріп, олардың солтүстік бағытындағы одан арғы жорығын тоқтатты.

Омейяттар тұсында жаулаушылықтар шығыс бағытында да жүргізілді. 670-676 жылдары Мәуереннаһр жерлері алынды. Алайда бұл жерлер үнемі арабтарға қарсы бас көтеріп отырды. 704 жылы Хорасанның әмірі болып тағайындалған Кутейба ибн Муслим Орта Азия әмірліктерінің толқуларын біржолата басып, Сырдариядан өтіп, Ферғана жерін алады. Сырдариядан солтүстікке қарай жатқан түркілердің жерін алу Араб халифатының мақсаты болмаған тәрізді. Өйткені түркілердің жауынгерлік рухы арабтардан кем түспейтіндігін араб билеушілері түсініп, өз қолбасшыларына Сырдариядан ары аспау туралы бұйрық береді. Арабтардың түркілер жерінде жүргізген жалғыз жайқасы – 751 жылғы Талас шайқасы, сол дәуірде Жетісу жерінде билігін орнатқан Қытайдың Тан империясына қарсы бағытталды. 5 күнге созылған шайқас барысында Тан империясының қол астында болған түркілер (карлұқтар) арабтар жағына шығып кетеді. Дәл осы жағдай шайқастың нәтижесін анықтап, арабтар мен түріктердің біріккен қолы Тан әскерін ойсырата жеңеді. Талас шайқасынан кейін берте-бірте түркілер арасында ислам діні бейбіт түрде тарала бастайды.

Омейяттар Үндістан жеріне де жаулаушылық жорықтар жасайды. 711 жылы араб қолбасшысы Ибн Қасымның әскері Үндістан жеріне басып кіріп, индуизмнің орталықтарының бірі Мультан қаласын алды. Арабтар Инд өзенінің бойында бірқатар бекіністі қалалар тұрғызды.

Сонымен араб жаулаушылықтарының нәтижесінде Халифаттың құрамына Үндістаннан Атлант мұхитының жағалауларына дейін созылып жатқан орасан зор территория енді. Жаулаушылықтардың негізгі мақсаты барлық ерте дүние мен ортағасырлардағы жаулаушылықтар тәрізді, жана жерлер, ресурстарға ие болу, сауда жолдарына бақылау орнату болды. Өйткені ерте дәуірлерде өндіргіш күштері, ресурстары шектеулі болғандықтан кішігірім мемлекеттер ұзақ өмір сүре алмайтын еді. Тек алып империялар ғана ғұмырлы болды. Бастапқыда тек арабтардың мемлекеті болған Халифат, жаулаушылықтардың

нәтижесінде құрамына әр түрлі халықтар мен аймақтар кірген мұсылмандық империяға айналды.

**Аббасидтердің билікке келуі.** VIII ғасырдың басында Омейялар халифаты өзінің дағдарысты кезеңін бастан кешірді. Халифаттың әр аймағында болған көтерілістер орталық басқару жүйесін әбден әлсіретті. Хариджидтердің, суниттер мен аббасидтердің жер-жерден берген ауыр соққылары ішкі бытыраңқылықты күшейтіп жіберді. Солтүстік Африкадағы берберлердің көтерілісі мен халифат ішіндегі шииттердің қозғалысы да, халифаттың әскери күш-қуатын одан әрі ауырлата берді. Бұлардың бәрі аяусыз басып-жаншылғанымен, стихиялы түрдегі тиіп-қашпа соғыстар жалғаса берді.

744 жылы Омейядтар әулетінің соңғы билеушісі Мерван II билікке келді. Бұл билеушінің тұсындағы ең күшті қауіп, аббасидтер қозғалысы болды. Бірақ, Сириядағы арабтық қарсыластар мен солтүстік Месопатамиядағы хариджидтер қозғалысы II Мерванның бұл қауіпке аса назар аударуына жол бермеді. Сол уақытта Хорасандағы оңтүстік және солтүстік арабтар арасындағы күрес күшейе түсті. Халифаттың ішіндегі қырқыстарды басумен айналысып жатқан халиф, бұл аймақтағы наместнигіне мүлдем көмек бере алмайды. Аббасидтер ең алдымен осы аймақты өз қоластына қаратады. Хорасаннан айырылып қалған Мерван II енді ғана қауіптің қайдан екенін сезінеді.

750 жылы қаңтар айында Мерван II он екі мың әскерімен аббасидтер әскерін Заб өзені бойында күтіп алып, үлкен шайқас болады. Халиф жеңіліп, Сирияға қашады. Бірақ Сириялықтар оған пана бермейді. Бірнеше күн қоршаудан кейін омейядтардың астанасы Дамаск аббасидтерге беріледі. Мерван II Египетке қашып, сол жерде өлтіріледі.

750 жылы Халифатта Аббасидтер әулетінің негізі қаланады. Ең алғашқы халиф Абу-л-Аббас болды. Жалпы әулеттің халифтері өзінің ата-тегін Мұхаммед пайғамбардың ағасы – Аббастан таратты.

Аббасидтердің билікке келуі алғашқыда сепаратистік күштерді бір қолдың астына біріктіргенімен, кейінірек халық толқулары мен көтерілістердің қайта туындауын күшейтті. Өйткені аббасидтер өзіне қандай да бір қарсылық туғызады деген адамдардың бәрін аяусыз жазалап, өлтіріп отырды. Шииттер



мен хариджиттер аббасидтердің омейядтарға қарсы көтерген ұрандары жалған, тек билікке жету айла-тәсілі екенін түсінді.

**Аббасидтік халифаттың басқару жүйесі.** Абу-л-Аббастан кейін таққа келген Мансұр тақты тек аббасидтер әулетінен шыққандардың ғана иеленуіне қол жеткізді. Мемлекет басында бұрынғысынша халиф тұрды. Халиф ең жоғарға азаматтық, әскери және діни билікке ие болды. Халифтер өздерін құдайдың жердегі өкіліміз деп санады. Елдің астанасы 762 жылы Бағдат қаласына көшірілді. Өйткені Дамаск қаласы Омейядтық дәстүрмен өмір сүретін, әрі тынышсыз шекара аймағы болды. Халиф Мансұр жаңа қаланың құрылысын бұрынғы Иранның астанасы Тигр өзені бойындағы Ктисефон қаласынан бірнеше шақырым жерден бастауды бұйырды. Бұл қаланың орналасқан жері өте маңызды еді: бұл Сирия, Закавказье, Аравия мен Ираннан келетін сауда жолдары түйіскен жер болатын. Бағдат елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық әрі мәдени орталығына айналды. Аббасидтік халифатты тарихта Бағдат халифаты деп те атайды.

Ел басқаруда аббасидтер Сасаниттік Иранның саяси жүйесін үлгі тұтты. Атап айтқанда, үлкен-үлкен аймақтарды провинцияларға айналдырып, ол жерлерді халифтер өздерінің сенімді наместиктері (әмірлері) арқылы басқарып отырды. Наместниктердің қолында сол аймақтың әскери күштері, салық-төлемдері, сот істерін бақылау болды. Наместник қызметі бірте-бірте мұраға қалдырылатын болды. Көп жағдайда наместниктер керемет күш-қуат жинап алып, орталыққа бағынбауға дейін барды. Аббасидтер кезіндегі ең үлкен провинциялар: Батыс Африка, Египет, Сирия, Палестина, Хиджаз бен Йемама (Орталық Аравия), Керман, Армения, Табаристан, Хорасан, Хорезм, Соғды, Ферғана, Йемен (Оңтүстік Аравия), Бахрейн мен Оман, Ирақ, Әзірбайжан, Хузистан, Фарс т.б.

Аббасидтердің билікке келуіне ирандықтар көп көмек көрсеткен болатын. Сондықтан да олар шығу тегі ирандық ірі феодалдармен билікті бөлісуге мәжбүр болды. 755 жылы елде уәзір лауызымы енгізілді. Оның қолында барлық билік тетіктері болды. Халифтің мөрін сақтап, қағаздарға қойып отырды. Уәзір лауызымы да Иран елінен шыққан болатын. Уәзір бүкіл әкімшілік аппараты, әскер істері мен қаржылық мекемелерді басқарды. Халифтің діни істер бойынша көмекшісі бас кадий болды. Ол

сот пен білім беру ісін басқарды. Кадийдің лауызымы бас уәзірден сәл ғана төмен болды.

Аббасидтік халифатта орталық басқару ведомстволары – дивандар құрылды. Дивандар әр түрлі салалар бойынша қызмет жасады. Ең маңызды диван – харадж диваны, яғни мемлекеттік кіріс жөніндегі диван болды. Мұнымен бірге Омейядтар тұсында қалыптасқан пошталық байланыс одан әрі жетілдірілді. Осы арқылы бас уәзір мемлекеттік аппараттың қызметіне бақылау жасап отырды.

Аббасидтер әскерге ерекше маңыз берді. Бұл кезде әскер саны 160 мыңнан асты. Бастапқыда әскер ру-тайпалық негізде жасақталса, кейінірек жалдамалы әскер құрылды, ол хорасандықтардан, берберлер мен түріктерден тұрды. Мұндай үлкен әскерді ұстау үлкен шығынға ұшыратты. Халифтің өзін мұздай қаруланған сарай әскері күзетті. Рекрут әдісі бойынша олар арабтардан емес, Хорасандық парсылардан жасақталды. Әскерді жергілікті провинция наместнигі жинады. Мемлекет оларды азық-түлікпен қамтамасыз етті. Ал қару мен киімді олар өздері табуға тиіс болды. Сондықтан атты әскерде негізінен ірі және орта жер иелері, ал жаяу әскерде шаруалар қызмет етті.

Бағдат халифатының әскери қуаты жоғарғы деңгейде дамыды. Әскер тек сыртқы соғыстарда ғана емес, ішкі көтерілістерді басып-жаныштауда да пайдаланылды. Аббасидтер дәуірінде халифат шекарасын кеңейткен жоқ. Тек кейбір, бұрын тек формальді түрде халифатқа кірген аудандарды (Табаристан, Усрушала, Кабулистан) біржолата халифат құрамына енгізу іске асырылды. Кіші Азияда жыл сайын мұсылман әскерлері Византия иеліктеріне шабуыл жасап, тұтқындар алып, малын айдап әкетіп отырды.

Аббасидтердің билікке келуінің маңызды салдарларының бірі арабтардың бұрынғы артықшылық жағдайынан және билікке монополиясынан айрылуы болды. Мұсылмандардың бәрі, арабы бар, араб емесі бар іс жүзінде құқықтық жағынан теңестіріледі, мұның өзі халифаттың шығыс бөлігінің тез қарқынмен исламдануына ықпал етті. Халифат арабтар империясынан ислам империясына айналды. Шынында да, адам статусын анықтағанда діни сенім этникалық ерекшеліктен маңыздырақ болды.

Сонымен, VIII-IX ғғ. Аббасидтер халифаты қуатты орталықтандырылған феодалдық-бюрократиялық мемлекет болды.

**Халифаттың әлеуметтік-экономикалық жағдайы.** Аббасидтер халифатының негізгі экономикалық кірісі жер қатынастарына негізделді. Мемлекетте жерді пайдаланудың бірнеше түрі қалыптасты. Халифаттағы негізгі жердің иесі мемлекет болды. Мемлекет бүкіл елдегі жердің 4/3 бөлігін өз қолында ұстады. Жерге байланысты салынатын салықтардан тек халиф, уәзір мен халифтың отбасы, туған-туыстары босатылды. Мемлекеттен кейінгі үлкен жер меншігі мұсылман мешіттері болып саналды. Меншіктің бұл түрін вакф деп атады. Мұндай жер меншігін сатуға, сатып алуға немесе мұраға қалдыруға болмайтын еді. Аббасидтердің билігі кезінде Омейядтар негізін салып кеткен ірі феодалдық жер иелігі – икта ары қарай қолданылды. Алғашқыда икта мемлекетке әскери немесе басқа да лауызымдық қызмет еткені үшін берілетін. Ал жерді иеленуші мемлекетке белгілі салық төлемдерін төлеуге тиіс болды. Кейін икта кең тарай бастады. Бірақ жер ұстаудың бұл түрі мемлекет жерінің азаюына алып келді.

Омейядтарға қарағанда аббасидтер тұсында қолдан суландыру жүйесіне аса маңызды орын берілді. Мемлекет міндетті түрде каналдар мен су қоймаларын тазартып, ирригациялық жүйелерді өз қамқорлығына алып отырды. Мемлекеттік суландыру жүйесінен су бөліп алатын орташа және жағдайы төмен шаруалар мемлекетке натуралды оброк түрінде өнімнің белгілі бір бөлігін беріп отырды.

Аббасидтер тұсында салықтың екі түрі болды: ұшыр және харадж. Ұшыр жерден түскен өнімнің оннан бір бөлігінен төленді. Халифаттағы заңгерлер ұшырды мемлекеттік салық ретінде емес, қайырымдылық істері үшін жиналған өнім бөлігі деп қарастырды. Оны зекет деп те атады. Ұшыр ірі жер иеліктеріне салынды. Ал кішігірім жер иеліктері харадж төледі. Оның үш түрі болды. Көлеміне байланысты 1) харадж-мисаха, муфадана, 2) харадж-мукаата және 3) харадж-мукасама болды. Әсіресе харадж-мукасама кең тарайды. Ол бойынша жер иесі салықты натуралды, ақшалай және аралас түрде төледі. Хараджды жинау әр түрлі айла-тәсілдермен жүзеге асырылып отырылды. Харадж

және ұшыр салынатын жерлер кейде жеке иелікке айналып отырды. Оны мулық – жеке иелік деп атады.

VIII-IX ғасырларда халифаттың экономикасы өзінің гүлдену шегіне жетті. Нілдің құнарлы топырағы елді нанмен қамтамасыз етті. Ирақтың жер өнімдері қазынаның 3 пайызын құрады. Олар негізінен арпа, сұлы, құрма, күріш, кунжут, мақта өсірді. Жер өңдеудегі ең бай провинциялар – Хорасан, Мәуереннаһр болды. Жер шаруашылығымен қатар, тұрғылықты халық мал өсірумен де айналысты.

Бағдат халифатының дамыған экономикалық салалары қолөнер мен сауда болды. Пайдалы қазбалар өндірісі кеңінен дамыды, мысалы, Ирак пен Сирияда темір, Жоғарғы Египетте алтын, күміс, Исфаханда мыс өндірілді. Бағдат халифаты сауда жолдарының түйіскен жерлерінде орналасты және транзиттік саудада маңызды рөл атқарды. Ірі қалалар құрғақтағы керуен және су жолдарының орталығы болды. Сириялық жібек маталар мен шыны ыдыстар, қару-жарақ пен металл ыдыстар, Батыс Иранның кілемдері өте жоғарғы сұранысқа ие болды.

Хузистанда қант, Куфада мақта өндірілді. Қағаз өндіру Самарқанд, Египетте өте жоғарғы деңгейде дамыды. Кеме жасау ісі, мұхитта жүзу ілгеріледі. VIII ғасырда басралық теңізшілер қытайлықтар мен үнділерді артқа тастады.

Арабтар Үндістан, Индонезия, Византия, тіпті Қытаймен де сауда байланыстарын орнатты. Саудаға шикізат пен егістік өнімдерінен басқа қолөнер бұйымдары да тартылды. Әсіресе тоқу мен тігу бұйымдары, теріден жасалған киімдер өте бағалы болды. Металл өндірудің ілгерілеуімен байланысты қару жасау мен ыдыс жасау кең тарады.

Қолөнер мен сауданың дамуымен тығыз байланысты Халифатта қалалардың ерекше гүлденуі орын алды. Бағдат халифатының қалалары тек әскери әкімшілік орталық қана емес, сонымен бірге экономикалық әрі мәдени орталықтар болды. Қалада міндетті түрде мешіт, билеуші сарайы, монша, мектеп, қонақ үй, аурухана және алаң болуы тиіс еді. Батыс еуропалық қалалардан айырмашылығы феодалдық иеліктердің ешбір маңызы болған жоқ. Феодалдар өз иеліктерінде емес, қалаларда тұрды. Ең ірі қала, әрине Бағдат болды. Қалалардың басшысын

хакимдар деп атады. Оларды феодал ақсүйектерден тағайындап отырды.

Батыстағы қалалардан тағы бір ерекшелігі Халифат қалалары саяси-әкімшілік орталық болып табылды. Ал батыста қалалар негізінен сауда және қолөнер орталықтары болды.

**Ислам дінінің таралуы және араб-мұсылман мәдениетінің қалыптасуы.** Халифат құрамына кірген территорияда ислам діні күшпен таратылған жоқ. Жауланып алынған халықтар, егер халифат қазынасына жизия салығын (жан басы салығы) төлейтін болса, өз дінінде қалуына мүмкіндік алды. Діни күштеудің болмауы, керісінше, исламның қарқынды түрде таралуына ықпал етті. Ислам діні, сондай-ақ Халифатта жолға қойылған сауда жолдары арқылы да тарады. Мұсылман көпестері, бір жағынан, діни миссионерлер де болды. Сонымен бірге Халифат билеушілері жауланып алынған жерлерде қалалар салумен қарқынды түрде айналысты. Шығыстанушы В. Бартольдтің көрсетуі бойынша «жауынгер арабтың соңынан қалалық араб еріп отырды». Мұның өзі исламның таралуына оң ықпал етті.

Ислам дінінің қарқынды түрде таралуы халифат мәдениетінің сол дәуірдегі оң озық мәдениет болуымен де байланысты болды. «Мұсылмандық Ренессанс» деген атау алған араб-мұсылман мәдениетінің дамуына ислам дінінің ғылым-білімге ерекше жағдай жасауы ықпал етті. Әлемдік үш діннің ішінде тек ислам ғана зайырлы ғылым-білімге есікті айқара ашқанын көреміз. IX-XI ғғ. мұсылман елдерінде философия, математика, астрономия, тарихнама, лингвистика, химия, формология барынша дамыды. Білім алуды әрбір мұсылманның міндеті ретінде түсіну исламның жеңімпаз шеруімен қатар жүрді. Осы шеру барысында әр түрлі мәдениеттердің жетістіктері игерілді. Пұтқа табынушылыққа негізделген грек-рим мәдениетін жою саясатын жүргізген христиандықтан ерекше, ислам бөтен мәдениеттерді игеруден бас тартпады. Осы үдерісті үкімет әрдайым қолдап отырды. Халифтер ғылыми жетістіктерді жинауға, алғашқы ғылыми саяхаттарды ұйымдастыруға, сарайда ғылым мен өнер адамдарының шоғырлануына ықпал

етіп отырды. Осындай мәдени саясат, басқа да қолайлы тарихи жағдайлармен қосыла отырып ғылым-білімнің таралуы және жалпы ислам мәдениетінің іргетасының қалануы үшін ерекше жағдай туғызды.

Ұлы мұсылман ойшылдары – әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Киндилер ежелгі грек философтарының еңбектерін араб тіліне аударып, оларға түсіндірмелер жазды. Сонымен бірге олар эллинистік философияны одан әрі дамыта отырып, араб-мұсылман философиясының негізін қалады. Еуропа тарихында «мүлгіген дәуір» болған орта ғасырлар мен Ренессанс (Өркендеу) дәуірі арасында «ұлы аудармашылық дәуірі» жатты. Дәл осы дәуірде еуропалықтар өздерінің ұмыт болған антикалық мұрасымен мұсылман ғұламаларының шығармалары арқылы танысып, білім жинақтай отырып жаңа заманға секіріс жасады. Араб-мұсылман мәдениетінің еуропалықтарға ықпалының айтарлықтай болғандығын еуропалық шығыстанушылардың өзі мойындайды. Жалпы алғанда, араб-мұсылман мәдениетіне басқа халықтар өздігінен тартылып, сол мәдениеттен қолдан келгенше үйреніп отырды.

Американдық шығыстанушы Франц Роузенталдың зерттеуі бойынша Құранда *ilm* (білім, ғылым) сөзі 750 рет, яғни өте жиі кездеседі екен. Араб халифатында білімділік ең жоғарғы қасиет деп есептелді. Білімді қадір тұту қасиетті кітап – Құранның өзінен бастау алды. Құранның бірқатар аяттары тікелей ғылым-білімге шақырады. Атап айтқанда 58-сүреде: «Алла сендердің араларыңнан иман келтіргендердің, ғылым білгендердің дәрежелерін көтереді» – деген аят бар. Білім тақырыбы хадистерде (Пайғамбардың даналық сөздері) жан-жақты ашылды. «Ғылымды Қытайдан болса да ізде», «Кім де кім ғылымды сүйсе және ғалымды сүйсе, жәннатта ол менің көршім болады» – деген пайғамбардың хадистері – мұның айқын айғағы.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Ислам қарсаңындағы Арабияның саяси жағдайына талдау жасаңыз.
2. Арабтардың исламға дейінгі діни дамуының ерекшеліктерін көрсетіңіз.

3. Мұхаммед пайғамбардың діни қызметіне талдау жасаңыз.
4. Мекке мен Медине арасындағы негізгі шайқастардың барысы мен нәтижелеріне тарихи талдау жасаңыз.
5. Жалпыарабытқ мемлекеттің қалыптасуындағы исламның рөлін көрсетіңіз.
6. Халифат экономикасының негізгі салаларын көрсетіңіз.
7. Мұсылмандық Ренессанс құбылысының мәнін ашыңыз.

## VII тарау

### ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ АФРИКА ЕЛДЕРІ

**Аксум.** Африка құрлығындағы ең ежелгі мемлекеттер өмір сүрген Солтүстік шығыс Африка халықтары Египет және араб мәдениетінің айтарлықтай ықпалымен дамыды. Жергілікті халықтың Оңтүстік Арабиямен алғашқы байланыстары б.з.д. I мыңжылдыққа жатады. Осы кезде Қызыл теңіздің африкалық жағалауында араб көпестерінің сауда орындары пайда болды. Кейінірек оңтүстік араб мәдениетінің ықпалымен материктің түкпірлерінде де өзіндік өркениет қалыптасқан болатын.

Б.з. I мыңжылдығының басынан бастап Қызыл теңіздің жағалауларында орналасқан Африка аудандарының дербес дамуы басталды. Археологтар осы дәуірге жататын жергілікті – гүез тіліндегі жазбаларды тапқан болатын. Б.з. II-III ғасырлар шамасында орталығы *Аксум* болған саяси құрылым пайда болды. Ол қазіргі Эфиопия мемлекетінің солтүстігінде орналасты. Құрылуының алғашқы жылдарынан-ақ Аксум Египеттен оңтүстік Арабияға барар жолда сауда кемелерін қарақшылардан қорғаумен айналысты. Бұл Аксумның экономикалық жағдайын жақсартып, оның аймақтағы саяси рөлін арттырды.

Аксумда ұзақ уақыт бойы қауымдық меншік сақталды. Ерікті шаруалар қауымы Аксум қоғамының негізгі ұясы болды. Жерге «сарай жерлері» түріндегі мемлекеттік меншік те қалыптаса бастады. Аксум билеушілері мен шонжарларының ірі жеке шаруашылықтары болды. Храм, кейінірек монастырь шаруашылықтары пайда болды. Ерікті шаруа қауымдары мемлекетке астық пен қолөнер бұйымдарынан салық төлеп, құрылыс жұмыстарына қатысуға міндетті болды. Бұл жерде Египеттегідей ірі болмаса да, айтарлықтай ирригациялық құрылыстар болды.

Аксумда құлиеленушілік тек уклад түрінде ғана өмір сүрді. Құлдар ешқашан басты экономикалық күш болған емес. Құлдарға ие болу Аксум билеушілерінің әскери жорықтарының



басты мақсаты болмаған. Соғыс кезінде айдап әкелінген құлдар Египет пен Византияға жөнелтіліп отырылды.

Қоғамның жоғарғы бөлігі – патша сарайы мен дін басыларының негізгі табысы қауымдастарды қанаудан емес, әскери тонаушылықтардан және жауланып алынған жерлерден жиналатын алымнан қалыптасты. Сондықтан да алым төлеуші вассалдық елдерді көбейту Аксум билеушілерінің жаулаушылық жорықтарының басты себебі болды.

Аксумда натуралды шаруашылық үстем болды, яғни әрбір қауым өзіне қажеттінің бәрін өзі өндірді. Сауда тек сырт елдермен жүргізілді. Сыртқа шығарылатын тауарлар сыртқы рыноктың талаптарына орай қалыптасып отырды. Бұл піл сүйегі, мүйізтұмсық мүйізі, тірі жануарлар, құлдар еді. Елге мата, киім, шыны ыдыстар, құнды металл, темір бұйымдары, тәттілер, иісулар әкелінді. Өз өмірінің алғашқы жылдарынан-ақ Аксум Египеттен Оңтүстік Арабияға баратын сауда жолдарын Қызыл теңіз қарақшыларынан қорғап отырды. Бұл оған экономикалық жағынан тиімді еді және аймақтың саяси өміріндегі елдің маңызын арттырды. III ғ. аяғына қарай Аксум өз монетасын, соның ішінде мыс, күміс және алтын монеталар соғуды бастады. Бұл Аксумның айтарлықтай жоғары экономикалық даму деңгейін көрсететін еді.

Ерте орта ғасырларда Аксумның әскери және саяси қуаты артқаны соншалық ол Көк Нілге дейінгі аралықта көрші халықтардың бәрін өзіне бағындырып, алым алып тұрды. Ол тіпті Арабияның өзіне жаулаушылықтар жасап, Қызыл теңіздің қос жағалауына да өз бақылауын орнатты. Аксумның сыртқы саясатының бір бағыты Нубия және Египетпен шекаралас жерлер болды. Аксумның маңызды одақтасы Рим-Византия империясы болды.

Аксум өз дамуының шарықтау шегіне IV ғасырда, Эзананың билігі тұсында жетті. Ол «негусэ негэст» – патшалардың патшасы деген титулға ие болды. Аксумдықтар IV ғасырда Византия империясымен тығыз байланыстар орнатып, христиан дінін қабылдайды. Бұған дейін Аксумда көпқұдайшылық үстем болған болатын. Византиядан христиан дінін қабылдау саяси және экономикалық мүдделерден туындағаны түсінікті, осы арқылы ол солтүстіктегі қуатты көршісі Византиямен одағын күшейте түскісі келді.

V-VI ғғ. Аксум қуатты және гүлденген мемлекет болып қала берді. Бұдан кейінгі уақытта аймақтағы Византия-Иран бәсеке-лестігі Аксумның Оңтүстік Арабиядағы позициясын әлсіретіп жіберді. Аксум теңіздің арғы бетіндегі иеліктерінен және теңіз сауда жолдарын бақылаудан айрылып қалды. Сыртқы саяси қиындықтарға елдің ішіндегі күрделі жағдайлар қосылды: орталық биліктің әлсіреуі шеткері аудандардың тәуелсіздігінің күшеюіне алып келді. Аксум дербес мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты, алайда оның астанасы мәдени және тарихи орталық болып қала берді.

**Нубия.** Қазіргі Судан территориясында, Ақ және Көк Нілдің өзара қосылған жерінде, ежелгі гректер Нубия, ал египеттіктер Куш деп атаған ауданда ертеден егіншілік өркениет қалыптасты. V-VII ғасырларда, біздің заманымыздың басына қарай ыдырап кеткен Мероэ мемлекетінің орнында бірқатар саяси бірлестіктер өмір сүрді. Бұл ұсақ мемлекеттердің дамуы аймақ халықтарының рухани өміріндегі өзгерістермен байланысты болды: бұрын үстем болып келген көпқұдайшылдық діни наным-сенімдерін V-VI ғасырлар межесінде христиан діні алмастырды.

Нубияның солтүстіктегі көршісі – Египетті 618-628 жылдары Сасанилер жаулап алды, кейінірек ол Араб халифатының құрамына енді. Нубия жеріндегі Мукурра және т.б. бірқатар ұсақ христиан мемлекеттері араб әскерлерімен болған шайқастарда өз тәуелсіздігін сақтап қала алды. Алайда олар 642 жылы жасалған келісім бойынша Египетке шабуыл жасамауға және мұсылмандардың сауда керуендеріне кедергі жасамауға, арабтарға құлдар мен жылқылар жіберіп отыруға міндеттелді. Бұл міндеттерін орындау үшін билеушілер ерікті қауымдастарды да еркіндігінен айырып отыруға мәжбүр болды. Сонымен бірге, Мукурра билеушілеріне бұл келісім, солтүстіктен бидай, сұлы, бұршақтар, шарап, киім-кешек және кілемдер алып тұруға кепілдік берді. Сырттан келетін бұл байлық абыздардың, шенеуніктер мен жауынгерлердің арасында бөліске түсті және олардың баюының негізгі көзі болды.

VII ғасырдан бастап Нубияның солтүстік аудандарына бірте-бірте арабтар қоныстана бастады. Бүкіл сауда, ішкі және сыртқы да, шетелдіктердің, ең алдымен араб көпестерінің қолында болды. Нубия мемлекеттерінен алтын, піл сүйегі, мүйіз-

тұмсық мүйізі, жабайы аңдар мен олардың терісі, құлдар, ағаштың бағалы түрлері, дәрілік шөптер әкетіліп отырылды. Ауылшаруашылығы өнімдері де: астық пен мал өнімдері де сыртқа шығарылды. Нубия мақта, астық, жылқы мен түйелерді шығарды. Сырттан келетін тауарлардың негізін араб қолөнер бұйымдары құрады. Жалпыға ортақ айырбас құралы ретінде металл кесектері, маталар жүрді.

IX ғасырдың басында Мукурра шығыстағы көршісі – Аксуммен соғыс бастады. Солтүстікте араб көпестері мен өсімқорлары барлық тәуір жерлерді басып алып қойды. 883 жылы халиф әл-Мутасим келісім орындалмаған барлық жылдар үшін құлдар жіберуді талап етіп, Египетке жолды жауып тастады. 886 жылы көп байлықпен артынып-тартынып Бағдадқа келген Мукурра билеушісінің елшілігі көпжылдық қарыздарына кешірім алуға қол жеткізді. Алайда бұл шара Мукурраның құлдырауын тоқтата алмады. Арабтардың күшейіп отырған Нубия жеріне енуіне ешкім де енді қарсы тұра алмады.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Африка құрлығының ең көне өркениеті қай халықтың мәдени ықпалында болды?
2. Аксумның қоғамдық қатынастарына талдау жасаңыз.
3. Аксумның сыртқы саясатының бағыттарын көрсетіңіз.
4. Ерте орта ғасырлардағы Нубияның саяси жағдайына талдау жасаңыз.
5. Нубия халықтары қандай дінді ұстанды?
6. Нубияның құлдырауына қандай факторлар ықпал етті?

## ДАМЫҒАН ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ

### VIII ғарау

## ДАМЫҒАН ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

**Аббасидтік халифаттың ыдырауы.** IX ғ. аяғында халифаттың ыдырауының алғашқы белгілері байқалды. 788-789 жж. Әлидің шөбересі Ыдырыс, Меккедегі шииттердің кезекті көтерілісі басып тасталынғаннан кейін халифаттың қиыр батысына қашып барып, қазіргі Марокконың территориясында тәуелсіз мемлекет құрып, Идрисидтер әулетінің негізін қалайды. Келесі болып Аббасидтердің тікелей бақылауынан Африка провинциясы (Ифрикия) шығады, оның наместнигі Ибрагим ибн Аглаб (800) бұрыннан-ақ үлкен артықшылықтарға ие еді, енді біржолата, іс жүзіндегі тәуелсіз мемлекетке айналды.

Жалпы, Аббасидтік халифаттың ыдырау үдерісі бір жарым ғасырға созылды. Бұл үдеріске бастама жасап берген халиф әл-Мамун болды. Өзінің қарсыласы әл-Аминмен күресте билікке өзінің қолдаушылары болған Иран феодалдарын тарта отырып, ол таза арабтық орталықтанған мемлекеттің өмір сүруін тоқтатты. Осы кезден бастап наместник институтының маңызы арта бастады. Бастапқыда наместникті халифтің өзі белгілі бір уақытқа тағайындайтын. Ол халиф қазынасына салық төлеуге тиіс болды. Ал басқа істерде толықтай дерлік тәуелсіз болды. IX ғ. басынан бастап бұл жағдай сепаратистік ұмтылыстардың дамуына ықпал ете бастады. Кейбір наместниктердің орталықтан шалғайлығына байланысты наместник қызметін мұраға қалдыру практикасы іске асырыла бастады.

Алғашқылардың бірі болып, жоғарыда айтып кеткен солтүстік Африкадағы Аглабидтер (800-909), Хорасанда Тахиридтер (821-873), Мәуереннахрда Саманидтер (819-1005) жартылай

тәуелсіз әмірліктері қалыптасты. IX ғ. екінші жартысында Египетте дербес Тулуниттер (868-905) әмірлігі қалыптасты. Ыдырау үдерісіне әр әмірліктің этникалық жағынан әр түрлілігі, жекелеген аудандар арасындағы дамыған экономикалық байланыстың жоқтығы ықпал етті.

Халифаттың әскери қуатын халық қозғалыстары да әлсіретіп жіберді. Мысалы, Оңтүстік Әзірбайжан мен Батыс Иранды қамтыған Бабек бастаған шаруалар көтерілісі 20 жылға созылды (816-837). Бабек бірнеше рет халиф әскерін талқандады. Көтерілісшілердің табыстары халиф әл-Мустасимнің әскерді қайта құруына ықпал етті (833-842). Феодалдардың әскери қызметіне негізделген араб жасақтарының қуаты күн санап кеми берді, сондықтан да ол енді халиф гвардиясымен ауыстырылды. Гвардияның ядросын түріктерден, славяндардан және африкандықтардан шыққан құлдар – гулямдар құрады. Олар халиф сарайында тәрбиеленіп, білім алды. Гвардияға белгілі мөлшерде жалдамалы әскер де тартылды, негізінен таулықтардан (дейлемиттер) жасақталған жаяу әскер пайда болды.

Жергілікті халықпен жақындығы жоқ, тек халифке ғана берілген мұндай армия халық көтерілістерін тұншықтыруда да, бағынғысы келмеген вассалдардың бүліктерін басуда да қуатты күш болуға тиіс болды. Гвардия орасан зор көлемге дейін өсті (60 мың). Оның қолбасшылары құлдық жағдайдан мавали (клиент) дәрежесіне көтерілді. Көп жағдайда олар билік шыңына дейін жетіп, байлық пен күш-қуатқа ие болып отырды. 20 жылға жетпейтін уақыт ішінде бұл армия ешкімге бағынбайтын күшке айналып, мемлекеттік табыстың үлкен бөлігін өздеріне сіңіріп отырды. Халиф гвардияның қолындағы ойыншыққа айналып қалды. Түрік-гулямдар 861-870 жж. халифатта өз үстемдігін орнатып, 4 аббасидтік халифті бірінен кейін бірін ауыстырды.

Сонымен бірге халифатта ішкі әлеуметтік қайшылықтар да шиеленісіп кетті. 869 ж. оңтүстік Ирак пен Хузистанда африкандық құлдар-зинджалардың антихалифаттық көтерілісі бұрқ ете түсті. Көтеріліс кармат діни-саяси ағымының туы астына бірікті, бұл қозғалыс әлеуметтік теңдікті жариялады, бірақ құлдықты сақтауды жақтады. Зинджа қозғалысы 14 жылға созылып, 883 ж. ғана басылып тасталды. Осының артынша бүкіл халифат аудандарында карматтық қозғалыс пен исмаилиттік үгіт-насихат

өрістеді. 899 жылы карматтар Бахрейнде мемлекет құрды. Бұл мемлекет ерікті егіншілер мен қолөнершілердің қауымы түрінде өмір сүрді. Негізгі тікелей өндірушілер қара нәсілді құлдар болды. Қауымдастар барлық салықтан босатылды. Кармат мемлекеті XI ғасырдың аяғына дейін өмір сүрді.

900 жылы карматтық қозғалыс Сирияда өріс алды. Екі жылдан кейін қозғалыс басып тасталды. Бірақ көтеріліске қатысқандардың бір бөлігі Магрибке (Солтүстік-батыс Африка) қашты, бұл жерде IX-XI ғғ. аралығында исмаилиттік насихат елеулі болып тұрған еді. Исмаилиттік күштерді Сириядағы карматтық қозғалыс көсемдерінің бірі Убайдаллах басқарды, ол 909 жылы Тунистегі берберлік Аглабидтер әулетіне қарсы көтерілісті басқарып, Аглабидтерді құлатқан берберлер Убайдаллахты имам-халиф әрі махди (құтқарушы) деп жариялады. Дәл осы кісіден Египеттегі фатимиттік әулет бастау алады.

X ғ. 40 жылдарының ортасына қарай кең-байтақ Аббасидтік империяның ізі де қалмады. Халифат Ирактың кішкентай ғана бөлігін, Бағдад пен оның маңын ғана алып қалды. 945 жылы шииттік Буиттер әулетінің басқаруымен таулық-дейлемиттер (945-1056) Аббасидтік халифаттың астанасы Бағдадқа басып кіреді.

Буидтердің жаулаушылық мүдделері Бағдадқа кірісімен-ақ бірден басылып қалды. Олар халифаттың әлеуметтік-саяси құрылысына айтарлықтай өзгеріс енгізген жоқ. Аббасидтік халиф өз орнын сақтады, бірақ ол енді зайырлы билеуші емес, тек діни басшы болып қалды. Елдің іс жүзіндегі билеушісі Буиттер болды. Буиттер шииттік исламды ұстанғандықтан, басынан бастап-ақ қаланың сунниттік халқына қысым жасай бастады. Шииттерге артықшылық жағдайлар жасалды, сондықтан да екі ағымды ұстанушылар арасында ұзаққа созылған күрес басталды. Жалпы буиттердің билігі тұсында Ирактың жағдайы күн санап төмендей берді. Ақыры, 1055 жылы мемлекетті селжүктер еш қиындықсыз басып алған болатын.

**Халифаттың ыдырау дәуіріндегі Магриб елдері.** Араб жаулаушылығы басталған уақыттан бастап (647-703) солтүстік Африка елдерінің тарихы Таяу және Орта шығыс елдерінің тарихымен тығыз байланыста өрбіді. Шын мәнінде бұл елдер біртұтас тарихи-мәдени аймақты құрады. Халифат өркениетінің

ортақтығы, бірегей заңдар, саяси мекемелердің ортақ сипаты, құндылықтардың ортақтығы – осының бәрі аймақтың тарихи біртұтастығын анықтады.

Солтүстік Африканың мәдениеті ежелден-ақ Шығыспен байланысты дамып отырды. Сондықтан да бұл жерде VIII ғасырдың ортасынан басталған халықтың арабтануын аймақтың өзіндік мәдени бет-бейнесінен айырылуы деп қарастыруға болмайды. Арабтану өзіндік бір мәдени өрлеу, жергілікті халықтың анағұрлым жоғарғы өркениет құндылықтарына тартылуы ретінде жүрді. Географиялық жағынан арабтану ең алдымен Ифрикияны қамтыды, өйткені бұл жерде ежелден арабтарға туыс болып келетін семит халқы тұратын. Баяу қарқынмен болса да арабтану Морокко мен Кастилияда да жүрді.

Магриб елдерінде арабтану исламданудан қарқынды жүрді. XI ғасырдың ортасына дейін солтүстік Африка елдері мұсылмандар қоластындағы христиан елдері болып қала берді. Мұсылмандардың саны IX ғасырдың басында – 10%, X ғасырдың ортасында – 50%, XI ғасырдың бірінші ширегінде 80%-ға жетті.

Солтүстік Африканың ең ірі мемлекеті Ифрикиядағы сунниттік Аглабиттер әмірлігі болды. Ол Аббасидтердің жоғарғы сюзеренитетін мойындады. Магрибтің батысында элиттік Идриситтер мемлекеті өмір сүрді. Идриситтер Испанияның мұсылмандық билеушілерімен байланыстар орнатып, Аббасидтік халифатқа дұшпандық көзқараста болды.

**Магрибтегі Альморавиттер және Алмохаттар мемлекеттері.** XI ғ. ортасында Магрибтің батыс аудандарына батыс Сахарадан көшпелі бербер тайпалары баса-көктеп кіреді. Оларды шала сауатты уағызшы Абдалах Ибн Ясин басқарды. Ол өз уағыздарында маликизм (суниттік төрт мазхабтың бірі) негіздерін жихадпен ұштастырды. 1050 жылдан бастап қозғалыс орталығы Ибн Ясиннің соңынан ергендер бірге тұрып, соғысқа дайындық жасайтын орын – рибат (бекіністі орын) болып, сондықтан оларды *альмурабитун* (рибатта тұрушылар), испанша айтылуы – *альморавиттер* деп атап кетті. Олар берберлердің санхаджа тайпасына сүйеніп, 1054 жылы батыс Сахараның астанасы Аудагасты алғаннан кейін, Нигер өзенінің жоғарғы ағысына дейінгі жерлерді бағындырып, солтүстікке жылжыды.

1069 жылы Альморавиттер Марокко мен Алжирді, 1086-1090 "ж. Андалусияны " алды. Христиандық Испаниямен соғыстар жүргізіп, Реконкистаны уақытша болса да тоқтатты.

Шектен шыққан қатаң тәртіптерді басшылыққа алған Альморавиттер ортодоксалды мораль қағидаттарын күштеп танып отырды. Олар барлық басқаша ойды аяусыз қуғындады. Альморавиттік шапқыншылық жылдары діни негізде 1 млн адам қаза болды деген деректер бар.

XII ғасырда солтүстік Африканың тарихында жаңа кезең басталды. Ол әскери-теократиялық *Альмахаттар* державасының пайда болуымен тығыз байланысты. Оның негізін қалаған – берберлік діни реформатор Ибн Тумарт (1081-1130) болды. Ол негізінде, қатаң бір құдайлық – таухид идеясы жатқан әл-Газалидің діни философиялық және этикалық ілімнің жолын жалғастырушы болды. Сондықтан да Ибн Тумарттың жақтаушыларын *Аль-Муваххидун* (бір құдайшылар) немесе испанша *альмохадтар* деп атап кетті.

Ибн Тумарт альморавиттердің және басқа да Магриб билеушілерінің бассыздықтарын айыптады. Оларды сатқындар және діннен безушілер, тұрпайы антропоморфистер деп бағалады. Оларды христиандар және иудейлермен бір қатарға қойды. Сонымен бірге ол өзін шариғатты қатаң ұстанушы ретінде көрсетіп, шарап ішуге тыйым салды, әйелдердің еркіндігін жоққа шығарды.

1130 жылы Ибн Тумарт қайтыс болып, қозғалысты оның ең жақын жақтаушыларының бірі Абд әл-Мумин басқарды. Ол Муминиттер әулетін негіздеп, Биік Атлас тауындағы Альмохадтар мемлекетін басқарды. 1146 жылы Абд әл-Мумин Маракешті алып, бұл жердегі Альморавидтер әулетінің билігін құлатты. Альмахаттар өз билігіне бүкіл солтүстік Африка мен Андалусияны қаратып, бүкіл Магрибте қуатты мұсылман империясын құрды. Олардың иеліктерінде қатаң тәртіп – бір дін, бір заң орнады. Олар исламды тарату саясатын қатаң жүргізіп, басқа көзқарастағыларды қуғын-сүргінге ұшыратады. Олардың тұсында көптеген иудейлік қауымдар мен африкандық шіркеу (копт шіркеуі) өмір сүруін тоқтатты. Елде әлеуметтік қайшылықтар шиеленісіп кетті. Халық бұқарасы маликиттік уағызшылардың және әр түрлі сопылық уағызшылардың соңынан ере



бастады. Осы кезде Магриб елдерінде атақты сопы философиялары Ибн Араби (1165-1240), аш-Шазили (1197-1275) және т.б. сопылардың идеялары кең тарады. Олар альмахаттық тәртіптің құлауына үлкен дәрежеде ықпал етті. Империя ыдырап, оның орнында дербес мемлекеттер құрылды. Тунисте Хафситтер (1229-1574), Тлемсенде Зайяниттер (1269-1465) әулеттері билікті басып алды.

**Фатимилер мен аййубилер тұсындағы Египет.** Фатимиттер мемлекеті (909-1171) Ифрикияда (Тунис) бербер тайпаларының Аглабиттерге қарсы жеңімпаз көтерілісінің нәтижесінде құрылды. Билік басына келген имам-халифтердің шииттік әулеті өздерін Фатимадан (Мұхаммед пайғамбардың қызы) таратты. Фатимилер әулеті X ғасырдың ортасына қарай бүкіл дерлік Магрибті, Сицилияны жаулап алады. 973 жылы олар Египетті жаулап алғаннан кейін өз астанасын Каирға көшірді. Магрибте олардың Зиридтер әулетінен шыққан наместниктері қалды. Египет фатимиттік мемлекеттің негізгі бөлігіне айналды. Бұдан кейін фатимилер көп ұзамай Сирияны жаулап алуға кірісті. Халиф әл-Әзизден бастап (975-996) Фатимилердің жоғарғы билігін қасиетті қалалар – Мекке мен Медине мойындады.

Алайда әулеттің негізін қалаушы Убайдаллах (909-934) және оның мұрагерлері өздері жариялаған әлеуметтік әділдікті және жалпыға ортақ теңдікті іске асыруға асықпады. Фатимилер ең алғаш болып исламды құрылымдық жағынан ұйымдастыруға, орталықтанған басқару аппаратын және біртұтас діни иерархиялық мекеме құруға тырысты. Олар исмаилизм қағидаларын күштеп орнықтырды, бұрынғы діни төзімділікті жойды.

Фатимилердің деспоттық билігіне қарсы жаппай наразылық туындады. XI ғасырдың ортасында Ифрикияда сунниттік мемлекетті қалпына келтірген Зиридтер әулетіне қарсы фатимиттер араб көшпелі тайпаларының әскерін аттандырды. 1052 жылы 14 сәуірде Хайдаран түбінде болған ұрыста бәдәуилер Ифрикиялықтарды тас-талқан етіп жеңіп, 1057 жылы Хайруанды басып алды.

Фатимилер билігінің алғашқы кезеңінде Египеттің шаруашылығы ерекше гүлденеді. Екіншілік, қолөнер мен сауда үлкен табыстар беріп тұрды. Аграрлық қатынастар дамуының басты

бағыты мемлекеттік қор жерлерінің трансформациясы болды. Мемлекеттік жерлер (васийа, савафи) откупқа (уақытша ұстағаны үшін мемлекеттік қазынаға салық жинап беру негізіндегі жер ұстау келісімі) берілді. Келісім қазынаға харадждың белгілі бір сомасын өткізген жағдайда 6 жылға жасалды. Откупқа беру келісім актісі арқылы жасалды, бұл келісім актісі *кабала* деп аталды. Откупқа алынған жерді (икта) алушының отбасы өңдеуі мүмкін еді, алайда ол көбіне субарендаға берілген тәрізді.

Фатимилер мемлекетінде жерге феодалдық меншік жер иесінің харадж салығын өз пайдасына жинауынан көрініс тауып отырды. Мемлекеттік жерді откупқа алған жағдайда откуп иесі (мутакаббил) қазынаға алдын ала келісілген харадж сомасын өткізді, ал феллахтардан (шаруалар) жинаған харадж көлемі одан әлдеқайда көп болды. Сондықтан да откупқа жер алу өте тиімді болды.

Осы келісімдік жер ұстау өмір сүріп тұрған кезде елдің экономикасы айрықша гүлденеді. Алайда XI ғасырдың екінші жартысынан бастап мемлекеттік жер меншігі ыдырай бастады, ол икта-откуптан бірте-бірте иктаға, яғни әскери қызметі үшін берілетін жер меншігіне айналуынан көрініс тапты. Бұл соғыстардың жиілеуіне байланысты, әскери сословиені қаражатпен қамтамасыз ету қажеттігінен туындады.

Фатимилік Египет іс жүзінде қалалар елі болды, қалаларда қолөнер мен сауда дамыды. XI-XIII ғғ. Египет құжаттарында қолөнердің 265 түрі көрсетіледі, ал бұның алдындағы византиялық дәуірде олардың саны 180 ғана болған екен. Фатимилер мемлекетінде жерге феодалдық меншік жер иесінің харадж салығын өз пайдасына жинауынан көрініс тауып отырды. Мемлекеттік жерді откупқа алған жағдайда откуп иесі (мутакаббил) қазынаға алдын ала келісілген харадж сомасын өткізді, ал феллахтардан (шаруалар) жинаған харадж көлемі одан әлдеқайда көп болды. Сондықтан да откупқа жер алу өте тиімді болды.

Қолөнер түрлерінің ішінде мата өндірісі ең басты сала болды. Кенеп маталар өңдеу орталықтары Александрия, Дамиятта, Дабик, Тиннис және Шата қалалары болды. Төменгі Египетте сырттан әкелінген (Сицилия, Сирия, Иран, Ирак) және жергілікті шикізаттан жібек маталар да өңделді. Жоғарғы Египеттегі

Асйут жүннен тоқылған киімдерімен атағы шықты. Тоқыма ісінде мамандану орын алды.

Бұдан кейінгі орында металл өңдеу, шыны жасау және қыш құмыра өндірісі тұрды. Бұл салаларда иудей шеберлері басым болды. Тері илеу мен ағаш өңдеу, қағаз өндірісінің дамуы ежелгі папирус пен пергамент өңдеу қолөнерін ығыстырып шығарды. Қолөнердің ұйымдасуына келсек, тоқыма ісінде мемлекеттік шеберханалар (*тираз*) басым болды, олардың өнімдері халиф сарайының қажеттілігін өтеді және сыртқа шығарылды. Қант қайнату мен қағаз жасау ісінде де ірі кәсіпорындар болды. Қолөнерінің басқа түрлерінде ұсақ жеке шаруашылықтар басым болды, бұл салаларда қолөнершілер шеберхана мен құрал-жабдықтардың иесі болды. Олар отбасы мүшелерімен бірге еңбек етті. Қолөнершілердің кәсіп бойынша біріккен бірлестіктері болды.

Египетте фатимилер үстемдігінің орнауы Қызыл теңіз арқылы Шығыспен ежелгі сауда жолдарының қалпына келтірілуіне ықпал етті, бұл сауда жолы VI ғасырда Иран-Византия соғыстарының кесірінен үзіліп қалған болатын. Делдал саудасы арқылы жүретін тауарлардың Қызыл теңіз арқылы жүруіне көпестердің Парсы шығанағы арқылы жүзуіне кедергі жасаған Бахрейн карматтарының әрекеттері ықпал етті. Сыртқы саудада барлық ортағасырлық Шығыс елдеріндегідей феодал-шонжарлар үстемдік етті (билеуші әулеттің өкілдері, халифтердің өздері, әскери қолбасшылар, әмірлер және т.б.). Бірқатар тауарларды (темір, ағаш, смала) сатып алу мемлекеттің монополиясында болды. Сыртқы, әсіресе делдалдық сауда Фатимиттерге орасан зор табыс әкеліп тұрды.

Фатимилер мемлекеті тарихындағы бетбұрысты кезең халиф әл-Мустансирдің ұзаққа созылған басқаруы болды (1036-1094), оның тұсында елдің шаруашылығын ұзаққа созылған аштық ойсыратып тастады. Аштықтың орын алуына Ніл суының деңгейінің жеткіліксіз болуы және оба эпидемиясы әкелген еді. Сонымен бірге әр түрлі әскери шонжар топтары арасындағы өзара күрес те елді күйзелтіп кетті. Бағындырылған халықтардың қарсылығы мен орталық биліктің әлсіреуі мемлекет территориясының қысқаруына алып келді. 1048 жылдан бастап Африкияда дербес Зиридтер әулеті орнықты, олар Аббасидтердің

жоғарғы билігін мойындады, XI ғасырдың ортасында бүкіл Магрибті сунниттік Альмаравидтер бағындырды, оларды бір ғасырдан кейін Альмахаттар ауыстырды. Сирияда жергілікті Мирдасидтер әулеті 1023 жылы Халебті алды.

XI ғасырдың соңғы ширегінде бүкіл дерлік Сирия Селжүк мемлекетінің құрамына енді. Фатимилер халифатының территориясы бір ғана Египеттен шектеліп қалды, мұның өзі әскер жинақтауды қиындатып жіберді. Мемлекеттің қалыптасу уақытында оның басты әскери күші берберлерден тұрған болатын, алайда көп ұзамай әскер құлдардан, әсіресе еуропалық, судандық құлдар және түріктерден шыққан құлдардан жасақтала бастады. X ғ. сербтер, хорваттар, бұлғарлар мен византиялықтар арасында үздіксіз жүрген соғыстар кезінде құлдар көптеп түсіп отырған болатын, бұл құл саудасының өрістеуіне ықпал етті. Әскери құлдарды әсіресе фатимиттік Египет көптеп сатып алып отырды. Фатимиттер әскерді негізінен осы құлдардан жасақтап отырды. Алайда X ғ. қарай Жерорта теңізіндегі үстемдік Еуропа мемлекеттеріне бірте-бірте өте бастайды да, фатимиттердің Жерорта теңізі саудасындағы табыстары күрт қысқарып кетеді, мұның өзі халифаттың одан әрі әлсіреуінің басты себептерінің бірі болды.

XI ғасырда мемлекеттегі іс жүзіндегі билік халифтерден олардың әскерилерден шыққан уәзірлеріне өтеді. Билік жолындағы күреске исмаилиттік дін басылары да белсенді түрде қатысты. Бұл уақытта елдегі экономикалық құлдырау мен биліктегі анархия шегіне жетеді. Жасөспірім халифтер аз-Зафир (1149-1154) мен ал-Фаиздің (1154-1160) қолында мүлде дерлік билік болмады.

Халифат мынадай жағдайда құлайды: Сирия сұлтаны атабек Нұр ад-дин Зеңгі (1146-1174) Египетті басып алуға бар күшін салады. Ол Египетті кресшілердің Иерусалимдегі королдігіне шабуыл жасауға плацдарм ретінде пайдаланғысы келді. Биліктен қуылған уәзір Шавардың құқығын қорғау сылтауымен ол Египет үшін табанды түрде әскери, дипломатикалық күрес жүргізді. Нұр ад-дин үш рет Әмір Ширкухтың басқаруымен түркімендер мен күрттер әскерлерін Египетке жіберді, бұның өзі кресшілерден Египетті қорғауға көмектесті. Ширкух фатимиттік сарайда шебер саясат жүргізе жүріп соңғы фатимиттік халиф әл-

Адид (1160-1171) оны өз уәзірі етіп тағайындауына қол жеткізді. Келесі жылы Ширкух аяқ астынан қайтыс болғанда, уәзірлік оның немересі Салах ад-дин Юсуфқа өтеді. 1171 жылы өлер алындында фатимиттік халифті тақтан тайдырып Салах ад-дин Египеттегі билікті басып алып, *Аййубилер* әулетінің негізін қалады.

1171 жылы Сирия атабегі Нұр ад-дин Зеңгі қайтыс болғаннан кейін Салах ад-дин жасөспірім Махмуд Салихтың мұрагерлік құқығын қорғау сылтауымен Сирияға әскерімен барып, еш кедергісіз бүкіл Сирияны өзіне қаратты. 1186 жылы әлі де кейбір Зеңгидтер және түрік Артукидтер отырған Жазира жері (Қосөзеннің солтүстігі) алынды.

Фатимиттік халифат пен Сирия атабектері мемлекеттерін біртұтас мемлекетке біріктіре отырып, Салах ад-дин өз жауларына біртұтас үлкен сұлтанатты қарсы қойды, өзі мұсылмандар әлеміндегі ең қуатты билеушіге айналды. Салах ад-дин тұсында кресшілердің Сириядағы өз иеліктерін қайтарып алуға деген ұмтылушылықтарынан түк шықпады.

Айиубилердің билікте орнығуы ресми дін ретінде шиизмнен бас тартып, суннизмнің қалпына келтірілуіне алып келді. Египет аббасидтік халифтердің діни билігіне қаратылды, 1174 жылы аббасидтік халиф әл-Мустади Салах ад-динге сұлтан титулын сыйға тартып, оның жаулап алған жерлерін заңдастырды. Таққа отырысымен Салах-ад-дин Египеттің аумағын ұлғайтуға кірісті. 1172-1173 жж. ол Барку мен Триполиді, ал 1174 ж. Йеменді бағындырды. Сол жылы Сириядан Дамаск, Хама, т.б. жерлер басып алынды. Сирияның наместнигі етіп Салах ад-дин өзінің інісі Тураншахты тағайындады. 1182 ж. Египет әскері Халепті басып алды. Тонаушылықпен айналысып отырған Иерусалимдік рыцарьларға енді оңтүстіктен де, шығыстан да қауіп төнді. Салах ад-дин рыцарьларды 1177 ж. Аскалон маңында, 1179 ж. Иордан жағасында жеңді. 1184 ж. кресшілермен келісім жасалды. Келісім бойынша кресшілер мұсылмандарға шабуыл жасамауға, көпестерді тонамауға уәде берді. Ал Салах ад-дин оларға тимаеуге келісті. Бірінші болып уәделерін рыцарьлар бұзды. Олар Иорданның жағасындағы Керакты басып алды, Дамаскіден Арабияға бара жатқан сауда керуенін тонады. Келісімді бұзғаны үшін Салах ад-дин кресшілерге соғыс жариялап,

Иерусалим королдігіне шабуыл бастады. Жарты күнге созылған шайқастан соң рыцарьлар талқандалды. Иерусалим королі мен тамплиерлер гроссмейстері тұтқынға түсті. Королдің басы кесілді. Бірнеше аптаның ішінде Иерусалим мен Тирден басқа королдіктің қалалары Салах-ад-динге берілді. Сонан кейін ол Иерусалимді де басып алып, құнын төлеген қала тұрғындарын тұтқыннан босатты.

Иерусалимнің мұсылмандар қолына көшуі Еуропаны қатты шамдандырды. Папа III Урбан барлық князьдерді крест жорығына аттануға шақырды. Сөйтіп, үшінші крест жорығы басталды. Ол жорыққа Германия, Англия мен Франция қатысты. Неміс рыцарьлары корол Фридрих жолда суға ағып қайтыс болғаннан кейін Сириядан кейін қайтты. Ал Англия мен Франция королдері басқарған кресшілер 1191 ж. Сирияға жетіп, екі жылға созылған қоршаудан кейін Сен-Жан д'Акра қаласын басып алды. Иерусалимді ала алмайтындықтарына көздері жеткен соң ағылшындар мен француздар елдеріне қайтты. Сөйтіп, үшінші крест жорығы да рыцарьлар үшін зор шығынмен аяқталды.

1193 ж. 55 жасында Дамаскіде Салах ад-дин қайтыс болды. Оның мемлекеті балалары мен інісі Әділдің арасында бөліске түсті. Үлкен ұлы Абдалға – Дамаск, Әзизге – Египет, Захирге – Халеб, Әділге – Месопотамия тиді. 1198 ж. Әзиз қайтыс болған соң Каирдегі билік Әділдің қолына көшті. Мемлекет қайта біріктірілді.

**Мәмлүк мемлекетінің қалыптасуы.** 1204 жылы ұйымдастырылған төртінші кресшілер жорығы рыцарьлардың Константинопольді басып алып, Латын империясын құруымен аяқталды. Осы жорық крест жорықтарының шынайы себептерін анық көрсетіп берді. Мұсылмандардың қолынан Қасиетті жерді тартып алу жорықтардың тек сылтауы болғаны, ал оның басты себебі жер, байлық, сауда жолдарына иелік ету болғаны дәл осы жорық кезінде толықтай ашылды. Шығыстың мол байлығына апаратын, әрі мұсылман елдерімен барынша тиімді болып тұрған сауданың жолында жатқан кәрі христиандық империя – Византия еуропалықтарды ерекше қызықтырды.

Жалпы, крест жорықтары Константинополь, сонан кейін Кіші Азия арқылы жасалатын. Кресшілер Кіші Азия жерінде селжүк түріктерінің қылышына тап болатын. Аман қалғандары

Палестинаға азып-тозып, жабырқап әрең жететін. Мұндай әскер Сирия үшін де, Египет үшін де қауіпті болмады. Тек крест жорықтары Рум сұлтанаты арқылы емес, кемелермен теңіз арқылы жүргізіле бастағанда және Еуропада Египеттің өзіне басып кіру туралы сөз басталғанда ғана Египет сұлтаны өз әскерін ұлғайта бастады. Халықты әскерге алып, шайқастарға шығару мүмкін болмады. Жергілікті халық тек салықты уақтылы төлеп тұрумен қанағаттанып, сыртқы жаулардан қорғану деген ойдан аулақ болды. Сондықтан да әскерді сатып алынған кавказдық черкестерден және Қара теңіз бен Еділ жағаларынан әкелінген қыпшақтардан құруға тура келді. Бұл әскер мамлюктер деп аталды. «Мамлюк» деген арабтың «біреудің меншігі» деген сөзінен шыққан. Қыпшақ мәмлүктер Ніл өзеніндегі ар-Рауда аралында (әл-Бахр) орналасып, Бахрилер деп аталды. Олар египет әскерінің негізгі күші болды. Черкестер Каир бекінісінде (әл-Бурдж) орналасқандықтан бурджилер деп аталды. Мәмлүктер әскерінің саны 9 мыңнан 12 мыңға дейін жетіп отырды. Оларды 24 бейлер басқарды. 1248 ж. Франция королі Людовик Әулие жетінші крест жорығын бастады. 1249 ж. көктемде кресшілер Египеттің теңіз жағасындағы Дамиет қаласына келіп түсе бастады. Ніл өзенінің тасуы кресшілерді бірнеше ай бойы Дамиеттен шығармай қойды.

Сұлтан ал-Мәлік ас-Салих бұл кезде қайтыс болып кеткен еді. Оның өлгенін жесірі Шеджерет ад-Дур құпия ұстап, хабарламады. Ол өзінің Месопотамияны билеп отырған баласы Тураншахтың келіп жетуін күтті. Ніл тасқыны басылысымен кресшілер Каир қаласына шабуылға шықты. Бірақ әмір Бейбарыс басқарған мәмлүктердің ерлігінің арқасында қала аман қалды. 300 француздық, 80 тамплиер және барлық ағылшындар қаза тапты. Людовик әулиенің өзі әрең қашып құтылды. Мәмлүктер бай кресшілерді құн төлеткізіп, босатты да, төлей алмағандарын қырып тастады. Дамиет қайтадан Египеттің қолына көшті. Кресшілер 800 мың алтын ақша төледі. Сегізінші крест жорығы осылай аяқталды.

Түркілік мәмлүктер өз қожайындарын ұнатпады. Сондықтан да 1171 ж. олар исмаилилік халифты сунниттік сұлтанмен ауыстыруға жол берді. Енді олар Тураншах дұрыс басқармайды деп тапқан соң аийубилерге де, бұл елге де қызмет қылуды тоқтату-

ды ұйғарды. Олар енді елді өздеріне қызмет етуге көндіруге кірісті.

1250 ж. 2 мамыр күні әмір Бейбарыс басқарған мәмлүктер Тураншахты тақтан тайдырды. Мәмлүктер билікті ал-Мәлік ас-Салих сұлтанның жесіріне берді. Оған мәмлүктердің әмірі, түрік Айбекті үйлендірді. Қызғаншақ сұлтанның жесірі опасыздық жасаған күйеуі Айбекті моншаға түсіп жатқан кезінде әтектеріне өлтірткізді. Тақты жас Әмірге ұсынды. Әмір тақтан бас тартты. 1257 ж. 2 мамыр күні сұлтанның жесірі өлтірілді. Билік ал-Мәлік ас-Салихтың кәмелетке жетпеген жас баласының қолында қалды. 1259 ж. мәмлүктер Бейбарыстың досы Құтызды Египеттің сұлтаны етіп жариялады. Египетте мәмлүктердің екі әулеті билік құрды: біріншісі – бахрилер, түркі халықтарының өкілдері. Бахрилер әулеті Египетте 1250-1390 жж. билік құрды. Екіншісі – бурджилер, негізінен кавказдық черкестер. Бурджи-лер 1390-1517 жж. билік құрды.

Кресшілер Египетте мәмлүктер билік құрып тұрғанда Таяу шығысты бағындыра алмайтындығын түсініп, моңғолдармен одақ құру жолына көшті. 1258 ж. ақпан айында моңғол әскері Бағдатты басып алды. Хулагу халифтың сарайын христиан патриархына сыйға тартты. Мешіттерді шіркеуге айналдырды. Таяу Шығыстың христиандары мез-мәйрам болып, қуанышқа бөленді. Олар моңғолардың арқасында өздерінің Таяу Шығыстағы мақсаттарына жетуге ұмтылды. Алайда, Сидонның еуропалық билеп-төстеушілері моңғолдарды арамдық қылықтарымен таңқалдырды. Олар моңғолдардың қол астына көшкен Сирияны әскер жоқ кезде тонап, талан-таражға салып, тайып тұратын болды. Моңғолдар еуропалықтардың одақтасына жасаған мұндай опасыздығына қайран қалды. Шыдамы таусылған Сирияның билеушісі Кетбұқа нойон Сидонды жермен-жексен етіп, еуропалық тұрғындарының қашып құтыла алмағандарын қырып жіберді.

Египет сұлтаны Құтыз моңғолдардың өз еліне шабуыл жасауын күтіп отырмай, өзі шабуылға шығуға бекінді. Ол әскерімен Сирияға бет алды. Құтыздың әскері ұзақ жолдан шаршап, Акраға жеткенде ондағы рыцарьлар өз одақтастары – моңғолдарға тағы да опасыздық жасады. Египеттің әскеріне қарсы шықпай, керісінше олардың дем алып, көліктерін әлдендіріп



алуларына жағдай жасады. Бұл көмегі үшін мәмлүктермен сауда келісімін жасады: моңғолдардан қолға түсірген жылқыларын мәмлүктер рыцарьларға арзан бағаға сатуға келісті. Бірақ кейін мәмлүктер бұл келісімді орындаудың қажеті жоқ деп шешті.

Найман Кетбұқа басқарған моңғол әскері Құтыз бен Бейбарыс басқарған мәмлүктермен Назареттің маңындағы Айни Жалуд жерінде 1260 ж. 3 қыркүйек күні кездесті. Мәмлүк әскерінің алдыңғы сапында шайқасқан Бейбарыстың жауынгерлері жеңісті қамтамасыз етті. Моңғол әскері жеңілді. Кетбұқа тұтқынға түсті. Ол Құтызды патша өлтіруші, опасыз деп айыптағаны үшін өлтірілді. Құтыздың бұл әрекеті сол кездегі дәстүрге қайшы келетін шара еді. Кетбұқа қылмыскер емес болатын. Олай болса ол өлім жазасына кесілмеуге тиіс еді. Сөйтіп, Құтыз күнәкәр болды. Көп ұзамай ол осы күнәсі үшін жазасын алды.

Мәмлүктердің жеңісі христиан әлемінің үмітін ақтамады. Оның үстіне 1259 ж. 11 тамызда моңғолдардың ұлы ханы Мөңкенің қайтыс болуы да Еуропа рыцарьларының мәмлүктер қаупінен құтылу үмітін біржолата үзіп жіберді. Қаракорымда тақ үшін талас басталды. Моңғол ұлысындағы азамат соғысы олардың Египетті жаулап алу жоспарын бұзды. Түркі-моңғол әскері Тигрдің солтүстік жағына өтіп кетті. Сирия мен Месопатамияда христиандарды жаппай қыру басталды.

Құтыздың жеңісі оның досы Бейбарысты қатты назаландырды. Ол өзін тағдыр орынсыз ренжіткен адам деп санады. Оған дәлелі де жеткілікті болатын. Шынында да ол 1244 ж. хорезмдіктерді басқарып, Газа маңында франк-сирия әскерін талқандады, 1250 ж. Дамиекте француз королін тізе бүктірді, сол жылы Тураншахты өлтіріп, Египеттегі аййубилер әулетін тақтан тайдырды. Соңғы соғыста да жеңісті қамтамасыз етті. Осындай ерліктеріне қарамастан қыпшақтар сұлтан деп оны емес, Құтызды сайлады. Ал Құтыз жеңістен кейін барлық қолбасшыларға өте бай сыйлықтар беріп, Бейбарысты ескерусіз қалдырды. Осындай әділетсіздіктер Бейбарыстың 1260 ж. 24 қазанда Құтызды өлтіруіне, сөйтіп, мәмлүктер сұлтаны атануына әкеліп соқты. Ол таққа әл-Мәмлүк аз-Захир Рукн ад-дунйа ад-дин Бейбарыс деген атпен отырды.

1261 ж. моңғолдар мен мәмлүк сұлтанының қолдауына сүйене отырып, Византия императоры Михаил VIII Палеолог

(1261-1282) кресшілерді Константинопольден қуып шығып, Византия империясын қайта қалпына келтірді. Бейбарыс билігі орнағаннан бастап XV ғасырдың ортасына дейін Египет пен Алтын Орданың арасында достық қатынастар үзілмей, нығая түсті. Бейбарыс Берке ханның қызы Тәжі-Бақытқа үйленді.

Бейбарыс сұлтан 1265 ж. кресшілерге қарсы шабуыл бастады. 1265 ж. кресшілер Цезарь мен Арзуфтан, 1266 ж. – Сафадтан, 1268 ж. Яффа мен Антиохиядан, 1271 ж. – Хисн әл-Акрад бекінісінен қуылды. 1267 ж. Бейбарыс моңғолдармен одақтас Армения (Киликия) патшалығын талқандады. Армян патшасы Египетке вассалдығын мойындап, жыл сайын салық төлеп отыруға уәде берді. 1277 ж. Бейбарыс өзінің уәзірі, әрі құдасы Қалауынның қолынан қазаға ұшырады. Қалауын 1280 ж. күйеу баласы Сейтхан Мұхаммед сұлтанды да у беріп өлтірді. Сейтханды өлтіріп, оның орнына таққа отырған Қалауын сұлтан (1279-1290) Бейбарыстың кресшілерді қуып шығу ісін аяғына жеткізді, Сирия мен Палестинадағы христиандық мемлекеттер толық жойылды.

1402 ж. Солтүстік Сирияға әмір Темір әскері басып кірді. Бұл кезде Египет әскері әлсірей бастаған еді. Черкестік әулеттің билігі кезіндегі маңызды оқиға Египеттің 1426 ж. Кипр аралын басып алып, оны еуропалық қарақшылардан тазартуы болды. Осыдан кейін мәмлүктік Египет өзінің құлдырау дәуіріне аяқ басты.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Аббаситтік халифаттың ыдырауының объективті алғышарттарын көрсетіңіз.
2. Магриб елдерінің мәдени дамуының ерекшеліктері қандай?
3. Альморавиттер мен альмохаттар билігінің негізгі ерекшеліктерін анықтаңыз.
4. Фатимиттік халифаттың әлеуметтік-саяси дамуына талдау жасаңыз.
5. Аийубилер әулетінің билікке келуі және оның кресшілермен күресінің маңызын көрсетіңіз.
6. Мәмлүктер тұсындағы Египеттің саяси дамуы?

## IX тарау

### ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИРАН

**Халифаттың ыдырау дәуіріндегі машриһ елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы.** Бұрынғы халифаттың шығыс бөлігінің (машриһ) саяси тарихына ирандықтардың этникалық жағынан топтасу үдерісі үлкен дәрежеде ықпал етті. Осы кезде дари-фарси тілінің көтерілуі және осы тілде парсы әдебиетінің ерекше дамуы тек мәдени мәселе ғана емес, үлкен маңызға ие тарихи мәселе де болды. Иран қарастырылып отырған дәуірде мұсылман әлемінің ең дамыған аймағына айналды.

Аббасидтік халифат дәуірінде-ақ басталған Иран экономикасының өрлеуі IX-XI ғғ. жартылай тәуелсіз және тәуелсіз мемлекеттер дәуірінде әрі қарай жалғасты. Иран жері географиялық жағдайларымен анықталатын бірнеше экономикалық аймақтарға бөлінді. Бұл ең алдымен Хорасан, Мәуеренахр және Хорезм жерлері кірген аймақ. Экономикалық жағынан біртұтастықты құраған бұл жерлер, саяси жағынан да бірлікте болып, кезегімен Тахиридтер, Саффаридтер және Саманидтер мемлекетінің құрамына кірді.

Ерекше бір экономикалық аймаққа солтүстік батыс Иран, Әзірбайжан және орталық Иран жерлері кірді. Оңтүстік батыс Иран үшінші аймақты құрады. Каспий маңы жерлері – Гилян, Табаристан, Дейлем жерлері, өзінің географиялық және тарихи жағдайына байланысты ұзақ уақыт көрші аудандардан тыс болған бұл жерлер ерекше бір аймақты құрады. Бұл аймақты арабтар кейінірек басып алды, бұл жерлерде ислам да кеш орнықты. Аталмыш аймақтан шыққандарды дейлемидтер деп атаған, олар Халифаттың кейінгі саяси өмірінде маңызды рөл атқарды.

Иранның барлық жерінде дерлік суғармалы егіншілік орын алды. Халифат дәуірінің аяғына қарай мульттік (жеке меншік) жер иеленушілік түрі өсті. Ірі жер иелері – мәліктер туралы де-

ректер де көп кездеседі. Мүлік жерлерін сатуға, сатып алуға болатын еді. X ғасырда Иран территориясындағы бірқатар мемлекеттерде икталық жер меншігі, шартты жер меншігі ретінде кең тарай бастады. Жергілікті билеушілер осындай жолмен декхандарды әлсіретіп, өздеріне тәуелді феодалдар табын құруға ұмтылды. Икта жүйесі, әсіресе Селжүк дәуірінде барынша дамыды.

Ауылшаруашылығындағы басты тұлға жерді жалға алып, ұстаушы шаруалар болды. Қауымдық жериеленушілік те сақталды, кейбір аудандарда жеке шаруалар меншігі де орын алды. Жердің жетіспеушілігі мен халық санының өсуі шаруалардың ауылдан жаппай үдере көшуіне, олардың қалаларға ағылып келуіне итермеледі. Бұл азғындаған топтар (айарлар) қалаларда әр түрлі қызық іздеуші топтарға бірігіп, саяси өмірде едәуір рөл атқарды, кейде олар билеуші әулеттер де құрып отырды. Бұлардың қатарына – Саффаридтер әулетінің негізін қалаған Йакуб ибн Лейсті, Буйдтер әулетінің негізін қалаған Дейлемнен шыққан шаруалар – ағайынды Буйидтерді жатқызуға болады.

Иран жерінде Саманилердің билікке келуін осындай «пленейлердің» билігіне қарсы тұру ретінде қарастыруға болады. Саманилер Балх жеріндегі атақты рудан еді. Жалпы, осы өзара қарама-қарсы екі үрдістің бір-бірімен күресі IX–XI ғғ. Иран мен Мәуереннаһрдың бүкіл тарихын сипаттайды. Бұл күрес, әсіресе дәуірдің аяғына қарай саяси аренаға түрік әскери жасақтарының басшыларының, көбіне билікке ұмтылған гулямдардың шығуымен күрделене түсті. Осылайша газневидтер әулеті билікке келген болатын. Саяси аренада декхан өкілдерін және Иран төменгі топтарынан шыққандарды түрік әскербасыларының ауыстыруы – бір жағынан декхандардың әлсіреуінің, екінші жағынан Иран қоғамының феодалдануының нәтижесінде Дейлем сияқты артта қалған аудандардан халықтың көптеп кетуінің тоқталуының айғағы болды. Сөйтіп XI ғ. қарай Иранның әлеуметтік өмірінде маңызды өзгерістер орын алды, атап айтқанда: декхандар табының бірте-бірте әлсіреуі және шығу тегі әр түрлі қызметші шонжалардың өсуі. Сонымен бірге, қаланың өсуі, қаланың экономикалық-саяси рөлінің өсуі де дәуірге тән ерекше құбылыс болды. Осы өзара қайшылықты факторлардың дамуы орталықтың әлсіреуіне, аймақтар мен жергілікті жерлердің дербесте-

нуіне алып келді. Осындай жағдайларда әскери жасақ басшылары жекелеген қалаларда, аудандарда билікті жеңіл-ақ басып алып отырды, алайда олардың биліктен айрылуы да қиынға соққан жоқ. Осы үдерістер, соңғы нәтижеде, Иранды селжүктердің басып алуын жеңілдетті.

Халифаттың ыдырауы жағдайында Иран территориясында алғаш болып жартылай дербес саяси бірлестікке айналған Хорасандағы Тахирилер (821-873) мемлекеті болды. Әулеттің негізін қалаушы Хорасанның атақты декхандар отбасының өкілі Тахир ибн Хусейн кезінде халиф әл-Мамунның әскерін басқарған, кейін Хорасанның наместнигі болып тағайындалған болатын. Өлер алдында ол жұма намазында әл-Мамунның есімін атамауға бұйрық береді, бұл халифтің жоғарғы билігін мойындаудан бас тартуды білдіретін еді.

Тахирилерді Саффарилер құлатты. Әулеттің негізін қалаушы Йакуб ибн Лейс шығу тегі қарапайым, төменгі топтан шыққан (мыс өңдеушілер әулетінен). Өз кәсібін тастап, ол Сейстанның билеушісінің жеке қызметіне кіреді, бірте-бірте осы аймақтағы билікті басып алып, кейін Хорасандағы Тахирилермен күрес жүргізіп, олардың қолынан билікті тартып алады. Йакубтың мирасқоры Әмір Аббасидтік халифтің билігін мойындауға мәжбүр болды, бірақ оған алым төлеуден бас тартты. Тахирилерден өзгеше Саффарилер елдің жағдайын тіпті ойламады, олар өз қалталарын толтыруды ғана ойлаған тәрізді. Саффарилер шаруаларды да, декхандарды да ауыр салықпен қанады.

**Саманилер билігінің орнауы.** Осының бәрін халиф пайдаланып, Мәуереннаһрдың билеушісі Исмаил Саманиге қолдау көрсетті. Саффарилерге наразы Иран декхандарының қолдауымен Исмаил 900 жылы Әмірдің әскерін талқандайды. Сөйтіп (867-900) аз ғана уақытқа созылған Саффарилердің билігі жойылды.

Саманилер державасының билігі мүлде басқа сипатқа ие болды. Саманилер әулетінің негізін қалаушы исламды алғашқы аббасидтер кезінде-ақ қабылдаған Балх декханы Саман болды. Оның немерелерінің бірі Ахметті халиф әл-Мамун 819 ж. Ферғананың билеушісі етіп тағайындайды, ал оның бауырлары Мәуереннаһрдың басқа аудандарында билік құрады. Саффари-

лермен күрескен халиф Мутамид Насыр ибн Ахметті 875 ж. Хорасанның Саффарилерге бағынбаған бөлігінің (Мәуереннаһр, Шығыс Хорасан) билеушісі етіп тағайындайды Насыр мен оның інісі Исмаил солтүстік шекарадағы түріктермен табысты күрес жүргізіп, шығыс Иран ауданындағы өз билігін нығайтты. Оның иеліктерінің орталығы – Бұхара болды. 900 ж. Исмаил Әмір Саффариді талқандап оның иеліктерін басып алады.

Тек әскери күшке сүйенген Саффарилерден ерекше Иран декхандарынан шыққан Саманилердің әлеуметтік тірегі күшті болды. Иран шонжарларының мүддесін көздей отырып, Саманилер өз ресми шежіресін Сасанилерден таратты. Сонымен бірге Саманилер ортадоксалды исламды – суннизмді ұстанды, өз билігінің соңына дейін халиф билігін мойындады. Сөйтіп, Саманилер саясатында екі өзара қарама-қарсы бағыттар байқалды. Бір жағынан олар, мұсылмандық билеушілер ретінде исламды қабылдамаған көршілері арасында исламды таратуға көп күш салды. Екінші жағынан, ислам догмаларымен қайшылыққа келмеген, исламға дейінгі Иран дәстүрлерін жандандырды. Дәл осы Саманилер тұсында дари-фарси тілі кең әдеби тілге айналып, Иран эпосы мен Сасанилер тарихының Дакики мен Фирдоусидің эпикалық шығармаларында қайта жандануы, Иран декхандарының саяси позициясының идеологиядағы өзіндік көрінісі болды.

Саманилер мемлекеті орталықтанған бірлестік болды, ондағы барлық билік Бұхарадан басқарылды. Уәзірлер үлкен рөл атқарды, X ғасырда бұл қызмет атақты Ирандық декхандық әулеттер – Джайпаш пен Баламилердің қолында болды.

Саманилердің, өздерінің басты әлеуметтік сүйеніші – декхандарға қатынасы екі ұшты болды, бір жағынан, әмірлер жергілікті феодалдармен санасуға тиіс болды. Екінші жағынан, сепаратистік ұмтылыстардың одан ары күшеюінен қорқып, Саманилер декхандар қызметін бақылауда ұстауға, оны қолдан келгенше шектеп отыруға тырысты. Олар барған сайын иктаға жер беру практикасын кеңейте отырып, декхандардың экономикалық дербестігін әлсіретіп отырды. Бұған наразы декхандар әулетке қолдау көрсетуден бас тартып, газневилер, кейін селжүктер бас көтерген кезде декхандардың көпшілігі қол қусырып отыра берді.

Саманилер Иран декхандардың сепаратизмімен күресе отырып түрік гулямдардың әскери гвардияларына сүйенді, сондықтан да X ғ. екінші жартысында түрік отрядтарының басшылары үлкен ықпалға ие болды. Осындай гулямдардың бірі Алып тегін Саманилермен жанжалдасып қалып, 962 жылы Ғазнаға (Ауғанстан) қашып барып, сол жерде әмірлік құрады. Оның жолын жалғастырған гулям Сабық тегін Газневилер әулетінің негізін қалайды. 999 жылы Саманилерді Қарахандар құлатқан кезде Сабық тегіннің мұрагері Махмұд (998-1030) Амудариядан оңтүстікке қарай жатқан Саманилер иеліктерін (Хорасан, Сейстан, Ауғанстан жерлерін) басып алады. Махмұт бүкіл өмірін көршілерімен соғыста өткізді, атап айтқанда, Қараханилермен, Буйидтермен т.б. ұзаққа созылған соғыстар жүргізді. Махмұд пұтқа табынушы үндістерге қарсы, солтүстік Үндістанға «Қасиетті соғыс» жариялады. Махмұд Үндістанға 17 рет жорық жасады. Тек бір жорығында ғана, деректердің мәліметі бойынша, Махмұд Үндістаннан 57 мың құл, 20 млн дирхемдік байлық пен 350 піл әкеткен екен. Махмұд Ғазнауи Буйидтер мемлекетімен де соғысты. 1017 жылы ол Хорезмді басып алды. Махмұт тұсында халифатта IX ғасырда қалыптаса бастаған өзіндік әскери ұйым біржола орнықты. Махмұттың негізгі әскери тірегі түрік гулямдардың жасақтары болды. Жас кезінде сатып алынған бұл адамдар кәсіби әскерилер ретінде тәрбиеленді. Гулямдардан бөлек Махмұд ерікті жасақтарды, ғазилерді де жалдап отырды. «Дін үшін» соғыс, яғни ғазуат соғысы туының астына жерсіз қалған, байығысы келген мыңдаған шаруалар өз еркімен жиналатын. Өзі де түрік гулямдарының ұрпағы бола отырып, Махмұд бар болмысымен берілген мұсылман болуға тырысты, оның, әсіресе, әлі де пұтқа табынушылық ордасы болған Үндістанға жорықтары ислам жолындағы қасиетті соғыс туы астында өтті.

Махмұд үшін Иран жерлері тек табыс көзі болды, сондықтан да ол жергілікті халықты салықпен барынша қанап отырды. Махмұттың мирасқоры Масұд тұсында елге селжүктер басып кіргенде, жергілікті халық тарапынан қатты қарсылыққа кездеспей-ақ, тез арада жаулап ала алды.

**Селжүк шапқыншылықтары және Ұлы Селжүк мемлекетінің құрылуы.** IX-X ғғ. Орта Азияның солтүстік батыс бөлі-

гінде, оңтүстік және батыс Қазақстанда түркітілдес оғыз тайпалары өмір сүрді. Олар негізінен мал шаруашылығымен және маусымдық егіншілікпен айналысты. Олардың астанасы Сырдарияның төменгі ағысындағы Йангикент қаласы болды. Оғыз мемлекеті ерте феодалдық мемлекет болды. Мемлекеттің басшысы жабғы деп аталды.

X-XI ғғ. Оғыз мемлекеті әлсіреп, дағдарыс кезеңін бастан кешіреді. Жабғы мемлекетінде ру-тайпалық шонжарларының (бектердің) қарапайым малшыларды шектен тыс қанауға ұмтылысы халық көтерілісіне алып келді. Осы күреске Сырдарияның орта ағысы мен Қаратау бөктерінде мекендейтін оғыз тайпаларының көсемдері де тартылды. Олар селжүктер деп аталған кішкентай тайпа топтарын басқарған еді. Оғыздар мен түркімендердің бұл тайпасы өз атауын селжүк ибн Туғнақ деген тайпа көсемінің есімінен алды. Ол қынық тайпасынан шыққан еді. Ол өз тайпасымен X ғасырдың ортасында Нұрата тауларына, ал кейін Сырдарияның орта ағысына көшіп барады. Селжүктер бұл жерде арал маңы оғыздарының көтерілістерін қолдайды, бірақ Мәуереннаһрға шегінуге мәжбүр болды.

X ғасырдың аяғында Мәуереннаһрда Саманилер шығыстан келген қарахандармен кескілескен күрес жүргізіп жатқан болатын. Селжүктер саманилерге болысты, бірақ бұл да табысқа әкелмеді. 999 жылы Саманилердің астанасы Бұхара Қарахандарға өтеді. Селжүктер Хорезмге, кейін Хорасанға кетуге мәжбүр болды. Бұл жерлер Газневилер мемлекетіне қарайтын. Ол кезде Газнаның билеушісі Масуд ибн Махмұд (1030-1041) болатын.

1035 жылы мал шаруашылығымен айналысатын селжүктер Масудқа Ниса мен Ферава қалаларының маңындағы жерлерді жайылым үшін беру туралы өтініш жасады, бұл жерлер үшін олар әскери қызмет атқарып, салық өтеуге уәде етті. Әскері жетіспеген Масуд оғыздар тілегін қанағаттандырып, 1035 ж. олардың сұраған жерлерінің біраз бөлігін берді. Бірақ жыл өткен сайын оғыздардың жерлерін кеңейту талабы өсе түсті. Ашуланған Масуд Ғазнауи оғыздарға қарсы әскер жіберді. Селжүктер сұлтан әскерін тас-талқан етіп жеңді. Селжүктердің басшысы Мұса, Тоғұрыл, Дауыт Ғазна билеушісі Масудпен бітім жасап, селжүктердің сұраған жерлері және қазіргі оңтүстік және батыс Түркмениядағы Дихистан ауданы селжүктерге өтті.



1038 жылы түркмендерге қарсы қолбасшы Сүйбашы бастаған газневилер шабуыл жасады. Алайда бұл жорық та газневилердің жеңілісімен аяқталды. Тоғрылбек Нишапурға кіріп сол жерде сұлтан атағын алды. Алайда 1039 жылы қарашада Масуд Нишапурды қайтарып алды. Газневилермен селжүктер арасындағы үздіксіз соғыстар солтүстік Хорасанның, Гурганның, Батыс Иранның халқына ауыр зардап шектірді. Бұған қоса егіннің шықпай қалуы салдарынан аштықтың жайлауы, қолөнершілер мен саудагерлерді, ұсақ және орта феодалдарды кедейлікке ұшыратты. Масудтың билігі бірте-бірте әлсірей бастады. Газневилік билеушілер бұл ауыр жағдайдан бар күшті жинап, селжүктерге ойсырата соққы беру арқылы шыққысы келді. 1040 жылы сәуірде Гераттан Масудтың өзі бастаған Газневилер әскері шығып, Серахс пен Мервке аттанды. Сол жылдың мамырында Серахстан Мервке барар жолда кішігірім Денданакан бекінісінің маңында шешуші шайқас болды. Газневи армиясы тас-талқан болып жеңілді, Масуд әрең қашып құтылды. Денданакан түбіндегі жеңіс батыс Азияда Селжүк мемлекетінің құрылуына алып келді. Денданакан түбіндегі ұрыстан кейін селжүк көсемдері өз жасақтарын оңтүстік және батыс Хорасанды, Гурганды солтүстік Ауғанстанды және Хорезмді жауап алуға аттандырды. Әмудария және Каспий теңізі жағалауынан Тигр, Евфрат және Жерорта теңізіне дейінгі территорияларды қамтыған кең байтақ империяның құрылуымен аяқталған көп жылдық әскери жорықтар кезеңі басталып кетті.

1040 жылы Тоғрылбек Нишапурға, ал Чағырыбек пен Мұса Байғу Балх пен Гератқа аттанды. Селжүк және Газневи әскері арасында солтүстік және батыс Ауғанстанда бірқатар ірі шайқастар болды. 1060 жылы Дауыт Газневи билеушісі Ибрахим ибн Масудпен бейбіт келісім жасасты. Келісім екі мемлекеттің шекарасы Гиндукуш жотасы арқылы өтеді деп белгіледі. 1043 жылы Чағырыбек Хорезмнің астанасы Кят бекінісін алды. 1042 жылы Тоғрылбек Гурган мен Табаристанды бағындырды. Бұл жерлерді Зийаридтер әулеті билеп тұрған болатын. Дәл осы уақытта Рей қаласы алынып, осы жерден Ирақ пен Закавказьеге басқыншылық жорықтар жасалды. 1045 жылы оғыз-түркмен жасақтары Хамаданды, 1050 жылы Исфаянды алды. Көп ұзамай селжүк әскері бүкіл Иранны бағындырды.

1046 жылы селжүктер Ирактың арабтарға тән бөлігіне жорық бастады. Бұл жердегі жағдай тұрақсыз болып тұрған еді, бұл аймаққа селжүктерге дейін Закавказьеден оғыздардың бір бөлігі шапқыншылық жасап тұрды. Сонымен бірге фатимидтік Египеттің тонаушылық жорықтары да жалғасып отырған болатын. Аббаситтік халиф Әл-Каим (1031-1075) Тоғрылбекпен келісімге келіп, оны Бағдатқа шақырды. 1055 жылы селжүктер Аббаситтер астанасын алып, Буидтердің билігін жойды.

1042 жылы Тоғрылбек 10 мыңдық әскерді шығыс Анатолияға аттандырады, бұл жерде Марванилер әулеті билеп тұрған еді. Кіші Азия мен Закавказьеге жорықтар 1046-1049 жылдары қайталанды. 1054 жылы оңтүстік Әзірбайжанда билік құрған Раввадилер, Гянджада билік құрған Шаддадилер Тоғрылбектің вассалдарына айналды. Селжүк армиясы Закавказье арқылы Анатолияға өтті, жолай Карс, Эрзрум мен Манцикертті қоршауға алды. 1058 жылы селжүктер Карс пен Малатияны алды. 1063 жылы Тоғрылбек әскерімен Әзірбайжанға келді, бірақ көп ұзамай Закавказьеге қайтып кетеді. Империя шекараларының айтарлықтай кеңеюі сұлтан Алып Арслан тұсында іске асты. 1064 жылы селжүк әскері Армения мен Грузияға басып кірді. Алып Арслан бірқатар бекіністерді басып алады, бірақ Грузин патшасы IV Бағратпен бітім жасауға мәжбүр болды. 1071 жылы сұлтан Алып Арслан Манцикерт түбегінде Византия императоры IV Роман Диогенді ойсырата жеңеді. Бұл жеңіс Армениядағы Византия үстемдігін жойып, оны селжүктерге қаратады. Сонымен бірге бұл жеңіс селжүктер мен оғыздардың Кіші Азияға ішкерлеп кіруіне жол ашады. 1077 жылы Селжүктер Византиядағы өзара қырқысты пайдаланып, Никеяны, сәл кейінірек Иконияны өзіне қаратады. Никея Кіші Азиядағы селжүк мемлекеті – Рум сұлтандығының астанасына айналады.

Селжүк империясының қуатының асып-тасуы Алып Арсланның мұрагері Мәлік Шах сұлтан (1072-1092) тұсына сәйкес келеді. Оның билігі тұсында шекаралар одан әрі кеңейтілді. 1072 жылы түрікмен жасақтарының көмегімен солтүстік Сирия мен Палестинаның бір бөлігі алынды. Екі жылдан кейін сұлтан армиясы Самарқандқа жылжыды. Селжүктер Қарахандардан Бұқара мен Самарқандты тартып алды. 1089 жылы жаңа әскери жорық жасалып, оның барысында Мәлік Шах әскері Ферғананы басып алып, Шығыс Түркістан шекарасына жетті.

XI ғасыр аяғы мен XII ғасырдың басында селжүк сұлтандығы екіге бөлінді: шығыс және батыс болып, шығыс провинциясының орталығы – Хорасан билеушілерінің резиденциясы, Чағрыбектен бастап (1040) Хорасандағы Мерв қаласы болды. Бұдан кейінгі дәуірде селжүк сұлтандығы одан әрі ыдырай берді, нәтижесінде бірнеше тәуелсіз және жартылай тәуелсіз иеліктер пайда болды. Хорасанда Мәлік-шахтың төртінші ұлы Санжар белсенділік танытты, ол 1098 жылы Мервті билесе, 1118 жылы бүкіл Шығыс Селжүк сұлтандығының билеушісіне айналды, оның құрамына бүкіл Орта Азия, Иран және Газна кірген болатын.

Алайда қарудың күшімен құрылған Санжар мемлекетінің тұрақты ішкі тірегі болмады. Мемлекеттің әлсіреуіне исмаилиттермен үздіксіз жүргізген күресі де ықпал етті. Исмаилиттік шиит Хасан ибн Саббах басқарған секта 1090 жылы Казвин қаласының солтүстігіндегі Аламут («Бүркіт ұясы») қамалын басып алып, өз орталығына айналдырған болатын. Кейін исмаилиттер Альбрус, Кухистан, Сагс, Ливан тауларында бірнеше қамалдар мен замоктарды басып алды, сөйтіп, «таулық қарт» басқаратын теократиялық исмаилиттік мемлекет құрылды. Секта мүшелері қатаң тәртіп негізінде берік топтасқан ұйым құрды. Исмаилиттер селжүктерге қарсы аянбай күрес жүргізді, өмірін қиюға дайын тұратын фидайлар өздеріне жау деп санайтын саяси және мемлекеттік қайраткерлерді аяусыз өлтіріп отырды. Адамның басын айналдырып, мас қылатын есірткі тартатын исмаилиттер «хашиш тартушылар» деп атанып кетті. Арабтар оларды «хашишийун» деп атаған. Осы сөзден еуропалықтар исмаилилер сектасының мүшелерін *ассасин* деп атап кетті. Бұл еуропа тілдерінде «кісі өлтіруші» дегенді білдіретін болды. Алғаш исмаилиттер бұқарасын қолөнершілер мен шаруалар құраған болатын. Алайда замоктар мен жерлерді басып алған сектаның басшылары бірте-бірте бай феодалдарға айнала бастады. XIII ғасырдың басына қарай Ирандағы исмаилиттер мемлекеті кәдімгі феодалдық мемлекетке айналды.

Селжүктер мемлекетін ішкі әлеуметтік шиеленістер де әлсіретті. Олардың билігі кезінде қолөнершілер мен көпестер арасындағы қырқысулар ондаған жылдарға созылды. Тегеран тұрғындары қорғануға ыңғайлы болу үшін жерден үй жасап,

сонда тұра бастады. Рейде XIII ғасырдың басында аксүйектер жеңіске жетті. Бұл жеңіс өте қымбатқа түсті. Екі жақтан 100 мыңдай адам қаза тапты. Мұндай қанды қырқысулар Нишапур мен Исфаханда да орын алды. Бұл қырқысулардың идеологиялық негізінде діни қайшылықтар – шииттер мен сунниттер алауыздықтары жатты. XI-XII ғасырларда Ирандағы феодал аксүйектер сунниттер, қала мен деревня кедейлері шииттер болды.

1141 жылы селжүктердің қарулы күшін Катаван түбегіндегі шайқаста қидандар (қарақытайлар) талқандады. Осыдан кейін империя құлдырай бастады. Санжардың вассалдары Мерв үкіметіне бағынудан ашық түрде бас тарта бастады. Осындай алғашқы бүлікшілердің бірі Хорезм шахы Атсыз болды. Ол 1138, 1141, 1147 жылдары Санжарға қарсы бүлік шығарды. Сұлтандыққа қарсы соңғы соққы 1153 жылы Хорасандағы оғыз тайпаларының көтерілісі болды. Балх оғыздары ауыр салыққа — жылына сұлтан қазынасына 24 мың қой беріп отыруға наразы болып, көтеріліске шықты. Олар 1153 ж. сұлтан әскерін талқандап, сұлтан Санжардың өзін тұтқынға алды. Санжардың әскерін тас-талқан етіп жеңген оғыздар Хорасанның толық иесіне айналды. Сонан соң Мерв пен Нишапур қалаларын, Хорасанды тонап, талан-таражға салды. Бұл көтерілісті оғыз тайпасының басшылары пайдаланып қалды. Соғыста қолға түскен олжаларды иемденіп, жер үлестерін кеңейтті. Қарапайым шаруалар бұқарасы көтерілістен пайда таппады. Санжар сұлтан (1118-1157) өлген соң Ұлы Селжүк сұлтанаты бірнеше ұсақ әмірлікке бөлініп кетті. Аймақтың аса ірі қалалары Мерв, Серакс және басқалары босап қалды. Осыдан кейін төрт ғасырға созылған феодалдық соғыстар мен өзара қырқыс дәуірі басталды.

Осымен бір уақытта Хорезмшахтар мемлекетінің көтерілуі басталды. Мемлекеттің ядросы географиялық және этникалық біртұтас аймақ болып табылатын Хорезм жері болды. Мемлекеттің негізін қалаушы Атсыз деп есептеледі (1127-1156). Алайда ол өмірінің соңына дейін Селжүк сұлтаны Санжардың жоғарғы билігін мойындады. Атсыз өз иелігінің территориясын бірте-бірте кеңейте берді. Арал және Каспий маңы көшпелі тайпаларын қаратып, жалдамалы түрік гвардиясын құрды, солардың көмегімен тәуелсіз мемлекеттің негізін қалады. Оның мұрагері Ел Арслан (1156-1172) толықтай тәуелсіз билеушіге айналды.

Ел Арсланның ұлы Текеш (1172-1200) тұсында мемлекеттің территориясы одан әрі кеңейе берді. Оғыздарға қарсы кескілескен күрестің нәтижесінде ол Хорасанды алды. 1215 жылы Хорезмшах Мұхаммед өзінің негізгі сыртқы саяси қарсыластары – Гур сұлтандарын (Ауғанстан жерінде) жеңді. Бұдан сәл бұрынырақ Мәуереннаһрдағы Қарахан иеліктері жойылған болатын. Сөйтіп, моңғол шапқыншылығы қарсаңында Хорезм алып империяға айналды. Оның иеліктері Каспий теңізінің солтүстік жағалауынан Парсы шығанағына және Кавказдан Гиндукушқа дейінгі ұлан-ғайыр жерлерді алып жатты. Оның билеушісіне мұсылман әлемінде бірде-бір билеуші тең келмеді.

XII-XIII ғасырлар аралығында Иран экономикасы біраз жандана түсті. XIII ғасырдың басында жазылған «Табаристан тарихының» авторы Ибн Асфандияр Мазендаран облысы туралы былай дейді: «Бұл жерде арпа-бидай, жеміс-жидек, аң мен төрт түлік дегенің өте жеткілікті. Байлық көзіңді тойдырады. Бір жапырақ бос жатқан жерді кездестіре алмайсың».

Алайда осы дәуірде мемлекеттің құлдырауына алып келген негіздері де байқала бастады. Бұл – зайырлы биліктің белең алуы, шахтардың дін басыларының беделін пайдаланудан бас тартып, артықшылықтарға ие қуатты әскери сословиеге иек артуы, ал бұлар әрдайым бүлікке, шах билігіне бағынудан бас тартуға дайын тұрды. Соңғы Хорезмшахтар Селжүк сұлтанындағы дағдарысты пайдаланып, 1132 жылы төменгі Ирақ пен Хузистанда саяси биліктерін қалпына келтірген Аббасидтік халифтермен сәтсіз соғыстар жүргізді. Ақыры 1220 жылы Хорезм шахтар империясы моңғол жаулап алушыларының оңай жеміне айналды.

**Моңғолдар билігіндегі Иран.** 1220 ж. моңғол әскері Хорезм шахты қуа отырып Иран жеріне алғаш рет аяқ басқан болатын. Ал 1220-1221 жж. Жалал ад-диннің ізіне түскен Жебе мен Сүбедей әскері Хорасаннан Грузия мен Әзірбайжанға өтеді. XIII ғ. 30-40 жж. моңғолдар Иранның жекелеген жерлерін бағындырады, тек Исмаилиттердің Аламут қамалы мен Бағдат халифатының Батыс Ирандағы бірқатар жерлері ғана әлі де тәуелсіздігін сақтады.

1243 ж. моңғолдар кіші Азиядағы Селжүк сұлтаны Гийас ад-дин Кейкуатқа соққы берді. 1251 ж. Моңғол империясының

астанасы Қаракорымда моңғол шонжарларының кезекті құрылтайы өтіп, жаулап алынған Иран жерлерінен ары қарай жаңа жорық ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Жорықты Мөңкенің бауыры Хулагу хан басқаратын болды.

Иранның жағдайы бұл кезде мүшкіл еді. Мөңке мен Бату хан бүкіл империяда жалпы халық санағын жүргізуге бұйрық берді. Санақшылардың артынан бағындырылған елдерге мыңдаған салық жинаушы басқақтар қаптап келіп, салық жинумен айналысты.

1256 ж. Иран жерінің шегіне Хулагу ханның әскері келіп кірді. Оның басты мақсаты солтүстік батыс Ирандағы исмаилиттер бекінісін алу болды. Олардың орталығы Казвин маңындағы Аламут қаласы болды. Алынбас қамал деп есептелетін Аламуттың жағдайы бұл кезде мәз емес еді. Иранның барлық феодалдары Хулагудың билігін мойындауға асығып жатты. Сондай-ақ сол кезде исмаилиттер басшысы Рукн ад-диннің ең жақындарының арасында да моңғолдармен байланыс орнатқандар болды. Осындай жағдайда Рукн ад-дин Хулагуға бейбіт жолмен берілуге мәжбүр болды.

Енді Бағдат халифатының кезегі келді. 1258 ж. ақпанда моңғолдар Бағдатты алды. Ғасырлар бойы исламның тірегі болған мемлекет өмір сүруін тоқтатты. Алайда Египет билеушісі халифатты қалпына келтірілді деп жариялады. Египет моңғолдарға Сирия жерінде тойтарыс беріп (Сириядағы Айн Жалуд шайқасы жөнінде өткен тарауда айтылды), олардың одан әрі батысқа жылжуын тоқтатты. Осы кезде Кіші Азиядағы Селжүк мемлекетінің билеушілері моңғолдар билігін мойындады. Иран, Закавказье, Батыс Арабия жерлерінің бір бөлігі Хулагуиттер державасының құрамына біржолата енді. Бұл мемлекеттерді моңғолдар Елхандар мемлекеті деп атады.

Мемлекеттің этникалық құрамына келсек, оның негізгі бөлігін ирандықтар (парсылар, күрттер, лурлар), батысында арабтар айтарлықтай бөлігін құрады, қалаларда еврейлер көп тұрды.

XI-XII ғғ. бастап солтүстік батыс Иранда үздіксіз өсуде болған түркі элементі Хулагуиттер тұсында барынша көтерілді, бұл бір жағынан әскердің құрамындағы түріктердің есебінен, екінші жағынан ирандықтардың одан әрі түркіленуі есебінен жүрді.

Хулагуиттердің Алтын Орда билеушілерімен қарым-қатынастары барынша қайшылықты болды. Дау-ғалас Закавказье, Солтүстік Кавказ, оңтүстік Әзірбайжан жерлері үшін болды. Алтын Орда ханы Беркенің ислам дінін қабылдауының бір себебі Хулагуиттердің қарсыласы Египетпен одақ құруға ұмтылуы еді. Керісінше елхандар ұзақ уақыт ислам дінін қабылдамады. Хулагуиттердің Шағатай ұлысы билеушілерімен қарым-қатынасы да күрделі болды.

**Хулагуиттер империясындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай.** Империяда бүкіл жер 4 бөлікке бөлінді. Мемлекеттік жерлер (диван), билеуші әулет жері (хассе), шіркеу жерлері мен жеке меншік жерлер. Жаулаушылық барысында жергілікті шонжарлардың жерлері тәркіленіп, моңғол-түрік ақсүйектеріне үлестіріліп берілді. Ирандық басқару аппаратын пайдаланғандықтан, Хулагуиттер олардың жеке меншік жер иемденуіне қарсылық жасай алмады. Бұл үдеріс әсіресе Газан хан реформасынан кейін күшейді (1259-1304). Газан хан реформасы, негізінен саяси себептерден туындады. Пұтқа табынушылық дінін ұстанған хулагуиттер мемлекеттің негізгі халқына мүлдем жат болды, ал олардың қарсыластары мұсылман мемлекеттері еді. Реформалардың бастаушысы Рашид ад-дин Хамаддан ислам дінін қабылдаған еврейлері арасынан шықты. Өз билеушісін мұсылман дінін қабылдауға көндірген уәзір, осы арқылы моңғол билеушісінің әлеуметтік тірегін кеңейтуді ойлады.

Соғыс қимылдары, аяусыз жүргізіліп отырған салық саясатының салдарынан туындаған ауыр экономикалық жағдай Газан ханның раяттарды басқақтардың жыртқыштық әрекеттерінен қорғауға бағытталған шараларды қабылдауына мәжбүрледі. Оның есесіне шаруаларды жерге бекіту туралы заң қабылданды. Сонымен бірге салық мөлшері реттеліп, өлшем мен салмақ мөлшері бекітілді.

Моңғол шапқыншылығы кезінде қалалар қирап, қолөнер өндірісі қысқарып кеткен болатын. Мысалы, Нишапур қаласының бүкіл халқы толықтай қырылды, қаланың өзі негізіне дейін қиратылып, орны тегістеліп тасталды. Исфахан, Рей қалалары да ауыр зардап шекті. Осындай жағдайда қолөнер өндірісін жандандыру қажеттілігін түсінген Хулагуиттер өзіндік бір жол тапты, олар мемлекеттік шеберханалар – қарханалар ұйымдас-

тырды. Онда құл еңбегі қолданылды. Газан хан реформаларынан кейін мұндай құлдар жартылай тәуелді жұмысшылар қатарына өткізілді, олар еңбегі үшін ақыны тауарлар түрінде алып отырды.

Газан хан реформалары державаны уақытша нығайтты, алайда салықтың одан бетер өсуі және егіншілердің жерге бекітілуі тікелей өндірушілердің одан сайын кедейлікке ұшырауына алып келді. Сонымен бірге мемлекеттің тірегі әскери-шонжарлар күшейді. 1303 ж. Елхан жарлығымен әскери қызметтегі моңғолдар мен түріктерге икта ұстауға мүмкіндік берілді. Мұндай икталар іс жүзінде мұрагерлікпен ұсталатын болды. Мемлекеттік жерлердің қысқаруы, соңғы нәтижеде оның әлсіреуіне алып келді.

Рашид ад-Диннің өзі аса ірі жер иесіне айналды, ол әр түрлі заңсыз жолдармен байып алды. Оның шексіз билігі көшпелі шонжарларға ұнамады. Абу Сайд елхан тұсында (1316-1335) шонжарлар уәзірді биліктен қуып, оны сотқа тартты. 1318 ж. ол өлім жазасына кесілді. Алайда бұдан кейін де мемлекеттің жағдайы оңалмады. Хулагуиттер державасы барған сайын құлдырай берді. Алтын Ордамен, шағатайлықтармен, Египетпен жүргізілген сәтсіз жорықтар жергілікті әмірлердің бүліктерімен, олардың халықты аяусыз тонауымен қатар жүрді. Шеткерідегі вассалды мемлекеттер тәуелділігін мойындаудан бас тарта бастады. Ең алғаш болып Грузия патшасы V Григорий (1314-1346) дербестігін жариялады. Елхан Абу Саид қайтыс бола салысымен державаның орталығындағы Әзірбайжанда әмір Чобан іс жүзінде дербес билеушіге айналып, Чобанидтер әулетінің негізін салды, бірақ көп ұзамай оларды жалайырлар әулеті ауыстырды. Хорасанда күрділер, Оңтүстік және Орталық Иранда Музаффаридтер биледі. Сөйтіп Елхандар мемлекеті өмір сүруін тоқтатты. Елхандардың мұрасын иеленуге Алтын Орда мен Мәуреннаһр билеушілері таласты.

Моңғол жаулаушылығы, Иранның мәдениетіне көп зиян шектіртті. Атақты Мерв кітапханасы жойылып кетті. Алайда Иран тарихындағы елхандар дәуірі біржақты бағаланбауы тиіс. Ең бастысы Иран халқы тарихтағы өз орнын және мәдени бетбейнесін сақтап қала алды. Моңғолдар тұсында, әсіресе Газан



хан реформаларынан кейін әлеуметтік-экономикалық өмірде едәуір алға жылжу орын алды.

Хулагуиттер державасы ыдырағаннан кейін Иран территориясының әр түрлі бөліктерінде бірнеше дербес немесе жартылай дербес мемлекеттер құрылды. Олардың бірқатарына түрік-моңғол шонжарлары бақылау орнатты, яғни Хулагуиттер ұлысының ыдырауының тікелей өнімі болды, бірқатары бұрын моңғолдарға тәуелді болған, енді дербестігін алған жергілікті әмірліктер болған еді.

Алғашқының қатарына жоғарыда айтылып кеткен солтүстік Ирандағы Чобанидтер (1356) және Жалайырлар мемлекеті (1340-1410) жатады. Екіншіге мысал ретінде оңтүстік және орталық Ирандағы Музаффариттер (1313-1393) және Күрттер мемлекетін (1245-1389) айтуға болады. Шығыс Хорасанда Чобанидтерді жалаириттер құлатты, Музаффаридтер мен Күрттерді Әмір Темір талқандады.

**Сербедарлар қозғалысы.** XIV ғасырда Иран жерінде орын алған сербедарлық қозғалыстың негізін қалаушы Мазендарадан шыққан Шейх Халифенің дәруіші болды. Хорасанның Себзеvar қаласында уағыз-насихат жүргізген шейхтің ілімі зороастризм элементтері мен хуррамиттік идеялардың қосындысы түрінде қалыптасты, алайда ресми түрде сол кездің өзінде және кейінгі тарихнамада шииттік деп аталды. Бұған сербедарлардың өз ұраны ретінде жергілікті ирандықтардың үстемдігін қалпына келтіруді көтеруі ықпал еткен шығар. Халифе моңғол-түрік феодалдарына және оларды жақтаушы жергілікті ақсүйектерге қарсы шықты, сондықтан да оны Хорасанның жергілікті халқының негізгі бөлігі қолдады. XII-XIV ғасырларда бұл ауданның халқы негізінен ирандықтар болды. Сонымен бірге оның түркілену қаупі күшейіп жатқан болатын. XIV ғасырдың екінші жартысында Сербедар мемлекеті пайда болғаннан кейін оның жетекшілері «ендігі жерде бір де бір түріктің Иран жерінде үй тікпейтін болуына қол жеткізу керек» деген ұран көтеруі тегін емес еді. 1335 жылы көтеріліс көсемі Халифе өлтіріледі, алайда оның жақтастары қозғалысты өрбітіп, ол жаппай көтеріліске ұласады. Нәтижеде сербедарлар қозғалысы (сербедар – өз ісі үшін өлімге дейін тұрғандар) жеңіске жетеді. 1337-1338 жылдары аралығында бүкіл дерлік Батыс Хорасан Хулагуиттердің мұрагерлерінен азат

етіледі. Алайда қозғалыстың нәтижесінде билеушілер ғана ауысып қойды. Сербедарлар шонжарлары пайда болып, олар моңғолдардан тартып алған жерлерге ие болады. Іс жүзінде тек үстем таптың құрамы ғана өзгеріп қалды.

Сыртқы майданда сербедарлар айтарлықтай уақыт жеңістерге жетіп отырды. 1353 жылы олар Астрабадтағы соңғы елханды құлатты. Алайда осы кезде сербедарлардың өз ішінде жік пайда болып, оның радикалды бөлігі билікке келген баяу бөлігіне қарсы шықты.

**Әмір Темірдің Иранды жаулап алуы.** XIV ғасырда Орта Азиядағы Шағатай мемлекеті құлдырау кезеңін бастан кешіріп жатқан болатын. Шағатай ұрпақтарының қол астына егіншілікпен айналысатын Мәуереннаһр ғана емес, көшпелі түркі және моңғол тайпалары мекендеген ұлан-ғайыр кеңістік те қарады. Шағатай ұлысының шығысында орналасқан бұл аудан Моғолстан деп аталды. Мәуереннаһр мен Моғолстан арасындағы айырмашылық XIV ғасырдың екінші жартысында айрықша байқалды. Моғолстанда көшпелі шонжарлардың билігі мықты болса, Мәуереннаһрда шағатайлықтар билігі құлдырап бара жатты. 60-жж. бұл жерде де сербедарлар қозғалысы тереңге кетті. Ортаазиялық сербедарлардың орталығы Самарқан қаласы болды.

Дәл осы қым-қуыт заманда саяси сахнаға Әмір Темір шықты. Темір (1336 жылы туылған) XIV ғасырда Мәуереннаһрда орныққан түркіленген моңғолдардың барлас тайпасынан шыққан. Оның әкесі аса бай адам болмаған, бірақ өз тайпасында беделді кісі болса керек. Ақсақ Темір де мансап жасау жолында, Шыңғыс хан тәрізді, тек өзінің жеке басының қабілеттеріне сүйенеді. Темірдің, өзі үлгі тұтқан әрі қатты табынған Шыңғысханмен ұқсас қасиеттері көп болды. Мәуереннаһрдағы билікті қолына алу үшін Темір әр түрлі амал-айлаларды қолданды. Бірнеше жылдар бойы әр түрлі жергілікті шонжарларға қызмет етті. Бастапқыда Моғолстан ханы Тұғлық-Темір жағында болды, алайда оның жағдайының тұрақсыз екенін көріп, оны тастап, Балх әмірі Хусейнмен жақындасты. Екеуі бастапқыда Мәуереннаһрды моғолдық билеушіден тартып алды, бірақ 1365 жылы жеңіліске ұшырап, Әмударияның арғы бетіне қашып кетеді.

Мәуереннаһрды көшпелілердің шапқыншылығынан қорғау ісін сербедарлар өз қолына алды. Сербедарлар Мәуереннаһрдан 1361 жылы Самарқанға қауіп төндірген Моғолстан ханы Тұғлық Темірді қуып шықты. Алайда жеңістің нәтижесін тағы да жергілікті шонжарлар пайдаланады, олар халықтың белсенділігінен қорқып, Темірмен және Хусейнмен байланыс орнатады. Самарқанды алғаннан кейін бұл екеуі бүкіл сербедарларды аяусыз қуғын-сүргінге салуды бастайды.

Темір 1370 жылы Хусейнмен келіспей қалып, оны өлтіріп, Самарқандағы билікті толықтай өз қолына алады. Темірді Мәуереннаһрдың көшпелі шонжарлары ғана емес, сербедарлардан қорқып қалған отырықшы шонжарлар да белсенді түрде қолдады. Темірдің сыртқы жаулаушылықтарға ұмтылуы тек феодалдарды ғана емес, қаланың жоғарғы топтарын да қызықтырды. Темір Шыңғысхан империясын қалпына келтіріп қана қоймай, бүкіл жер шарын бағындыруды өз мақсаты етіп қойды. Мәуереннаһрда тәртіп орнатқаннан кейін Темір Хорезмді тонап, содан кейін өз назарын Иранға аударды. Сылтау да табыла кетті – осы кезде Темірден, тақтан тайдырылған Сербедар мемлекетінің Хорасандағы билеушісі Әли Муайд (1381) көмек сұрайды. 1381 ж. Темір әскерлері Амудариядан өтіп Хорасанға лап қойды. Жорық нәтижесінде бұл жерлер бағындырылып, оның билеушілері Әли Муайд пен Гийас ад-дин Күрт Темірдің вассалдары деп жарияланды. Алайда Темір оларға сенбей, үнемі өзінің жанында ұстады, ақыры, кейінірек, екеуін де өлтіріп тынды.

Хорасанның сербедарлары Темірге бағынғысы келмеді. Алайда, 1383 ж. олардың Темірге қарсы көтерілісі аяусыздықпен тұншықтырылды. 2000 сербедар әмірдің бұйрығымен тұрғызылған мұнараға тірідей қаланады. 1383-1385 жж. аралығында Темір бүкіл Шығыс Иранды бағындырады. Батыс Иранды бағындыру қиындық туғызды, өйткені оған Алтын Орда ханы Тоқтамыс та көз тіккен болатын. Жошы ұлысына Темірдің қолдауымен хан болған Тоқтамыс өз қамқоршысына қарсы тұрып, опасыздық жасады. Тоқтамыс Алтын Орда хандарының дәстүрін еске алып, Закавказье мен Әзірбайжанға таласа бастады. 1385 ж. ол Тебризге жорық жасап, 90000 тұтқынды айдап кетеді. Бұдан кейін қаланы Темір басып алып, ойрандауды жалғастырады. Сұлтан Ахмет Жалаири әрең қашып құтылды.

Бұдан кейін Темір Музаффаридтер билеген Оңтүстік және Орталық Иранға шапқыншылық жасады. Темір әскерінің тонаушылық әрекеттері Исфахан халқының көтерілісін туындатты. Көтеріліс аяусыздықпен тұншықтырылды. 70000 қала тұрғындарының басы минареттерге қойылды.

Иранды Темірдің жаулап алуы 1393 ж. аяқталды. Елді ойрандап, ондаған мың тәжірибелі қолөнершіні Мәуереннаһрға айдап әкетті. Бүкіл ел екі наместниктікке бөлініп, оларды басқаруға ұлдарын – Шахрухты Шығыс Иранға, Миран шахты Батыс Иранға билеуші етіп қойды.

Темірдің Иранды жаулап алуының маңызды салдарының бірі елдің әр түрлі аймақтарына, ең алдымен Әзірбайжанға қыпшақтарды көптеп орналастыруы болды, бұған дейін бұл жерде негізінен түркімен тайпалары қоныстанған болатын. Бұл Әзірбайжан халқының одан әрі түркіленуіне жаңа серпін беріп, қазіргі әзірбайжан халқының қалыптасуына ықпал етті. XIV-XV ғғ. бұл тарихи аймақтың ирантілді халқының көп ғасырға созылған түркілену үдерісі аяқталды.

1405 ж. Темір кенеттен қайтыс болғанда Иран халқы бір жеңілдеп тыныс алған еді. Өйткені Темір билігінен осы Иран халқы, әсіресе сербедарлар ауыр зардап шеккен болатын. Сондықтан да Темірдің мұрагерлеріне қарсы Иран халқының көтерілісі бұрқ етті. 1408 ж. көтеріліс кең қанат жайды. Темірдің ұлы Миран-шах «Қарақойлылар» жаңа саяси бірлестігімен күресте қаза табады. Темірдің екінші ұлы Шахрух қарақойлылардың билеушісі Джиһан шахты тимуриттердің номиналды болса да жоғары билігін мойындауға көндіреді. Бірақ Шахрух өзінің Орта Азиядағы иеліктерінің қамын көбірек ойлауға тиіс болатын. Өйткені осы кезде бұл жерге Алтын Орда көшпелілері қауіп төндіріп тұрған еді.

**XV ғасырдағы Иран.** XV ғ. басында Иран территориясында бірнеше саяси бірлестіктер өмір сүрді. Батыс Иран Темірдің ұлы Шахрухтың қоластында болды. Қарақойлы билеушілері Шахрух қайтыс болғанға дейін (1447) өзін тимуриттердің вассалымыз деп мойындады. Бұған қоса XV ғ. Иран территориясында бірқатар ұсақ иеліктер іс жүзінде дербес өмір сүрді, ең алдымен Мазендаран мен Гилян. Ардебиль аймағында кішігірім Сефевидтер князьдігі күшейіп келе жатты.

Шахрухтың мұрагерлері тұсында феодалдық бытыраңқылық күшейе түсті. XV ғ. 60 ж. аяғынан бастап іс жүзінде екі тимуриттік мемлекет – Орта Азиялық және Хорасандық мемлекет өмір сүрді. Батыс Иран, жоғарыда айтқандай, қарақойлылар билеушілеріне қарады. Бұл бірлестікті түркімен тайпалары басқарды. Мемлекеттің құрамына Кіші Азияның үлкен бөлігі және бірқатар араб жерлері кірді. Қарақойлылардың ең көрнекті билеушісі Жиһан шах тимуриттермен Шығыста бәсекелестік жасауға тырысты.

Қарақойлыларға қарсы басқа түркімен тайпалары – аққойлылардың басшылары көтерілді. Кезінде олар Темірдің одақтастары болып, Тигрдің жағасына қоныстанған болған. Аққойлылардың билеушісі Ұзын Хасан 1467 жылы қарақойлылардың жасағын талқандайды. Шайқаста Жиһан шах пен оның ұлы қаза табады. Ұзын Хасан өз астанасы егіп Тебриз қаласын тандап алады.

Тимуриттердің, соның ішінде Хорасан билеушісі Абу Саидтың аққойлыларды Батыс Иран жерінен ығыстыруға ұмтылысынан ештеңе шықпады, керісінше Абу Саидтың өзі тұтқынға түсіп, өлтіріледі. Осы уақыттан бастап аққойлылардың басты қарсыласы Осман империясы болды. Аққойлылар билігі 1502 жылға дейін созылды.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Иранның негізгі экономикалық аймақтарын көрсетіңіз.
2. Саманилер билігінің әлеуметтік тірегі кім болды?
3. Селжүк шапқыншылықтарының алғышарттары мен барысына талдау жасаңыз.
4. Хорезм мемлекетін моңғолдардың басып алуының объективті себептерін көрсетіңіз.
5. Газан хан реформаларының мәнін ашыңыз.

## Х тарау

### ДАМЫҒАН ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҮНДІСТАН

**Саяси дамуы.** Үндістанның ортағасырлық саяси құрылымында ерте дүниедегі Маурий, Кушан империялары тәрізді империялар болған жоқ. Гупталар дәуірінен бастап оған тек арийлік солтүстік пен дравидтік оңтүстік болып бөліну ғана тән болып қойған жоқ, сонымен бірге бұл аймақтардың өз ішінде үнемі саяси биліктің тұрақсыздығы, бірнеше әлсіз саяси құрылымдардың өзара қырқыс күрестері және қатар өмір сүруі тән болды. Бұл нағыз феодалдық бытыраңқылық кезеңі еді.

Оның үстіне V-VI ғғ. межесінде солтүстік батыс Үндістанға көшпелі және жартылай көшпелі ақ ғұндар – эфталит және гурджар тайпалары шапқыншылық жасап, мұның өзі кезінде Гупта империясының ыдырауына алып келген болатын. Синд, Раджастан, Гуджарат, Малва жерлерінде қоныстана отырып, бұл жауынгер тайпалар жергілікті халықпен ассимиляцияға түсіп, жаңа этносаяси біртұтастық – раджпуттар кастасы құрылған болатын.

VII-VIII ғғ. өн бойында раджпут князьдері Гуджараттағы өз жағдайын нығайтып қана қойған жоқ, сонымен бірге араб шапқыншылықтарына да тойтарыс бере алды. Соның нәтижесінде арабтар 712 жылы тек Синд жерін ғана алумен шектелуге мәжбүр болды. Гуджараттың Пратихар мемлекеті бірте-бірте солтүстік Үндістанның көпшілік жерін өзіне қосып алып, солтүстік Үндістандағы екінші ірі мемлекет Паллдар мемлекетімен үздіксіз соғыс жүргізді.

X-XI ғғ. Махмұд Ғазнауи бастаған мұсылмандар Пратихарлар мемлекетіне сәтті жорық жасап, солтүстік Үндістанның үлкен бөлігін басып алып, көп байлықты өзімен ала кетті. Бұл жорықтың нәтижесінде Ғазнауилік сұлтанатқа Инд өзені аңғарының бір бөлігі қосылды және Пратихар мемлекеті ұсақ князьдіктерге бөлініп кетті. Бұл князьдіктер осы кезде күшейіп

келе жатқан оңтүстік Үндістан мемлекеттерімен соғыстар жүргізіп отырды.

XI ғ. ортасында басталған Араб халифатының шығыс аудандарына селжүктердің шапқыншылығы олардың Газна әмірлерімен қақтығысына алып келген болатын, соның нәтижесінде газнауиттердің Үндістанға қатысты белсенділігі біржолата тоқтатылды. Тек XII ғ. 70 жылдары Газнадағы билік Гуридтердің қолына көшкеннен кейін, бұл әулет те Үндістанға жорықтарын бастаған болатын. Атап айтқанда, Мұхаммед Гури Джамна мен Ганг өзенінің аңғарларын жаулауға кірісті. Оның қолбасшыларының бірі гулям Кутб ад-дин Айбек 1206 жылы Гуридтердің Үндістандағы иеліктерінің сұлтанымын деп жариялады, ол Делиді өз астанасы етті. Сөйтіп Дели сұлтанаты атты мұсылман мемлекеті осылайша пайда болды (1206-1526).

Моңғол әскерлерінің солтүстік Үндістанға жасаған үздік-үздік жорықтары елді жаулап алуға әкелмеді. Алайда моңғолдардың Орта Азияда және иранда билік орнатуы және олардың Үндістанға шапқыншылық жасау қаупінің тоқтамауы бұл жерде XIII ғ. басында Дели сұлтандығында негізгі күштердің топтасуына үлкен рөл атқарды.

Солтүстік Үндістандағы саяси ахуал да Дели билеушісінің билігінің тұрақтануына қолайлы жағдай туғызды. Өзара жауласып отырған раджпут князьдері күшейіп отырған Дели сұлтанатына қарсы тұра алмады. Кутб ад-диннің басты тірегі оның әскері болды. XIII ғ. тарихшысы Фахр и-Мураббирдің көрсетуі бойынша ол түріктерден, гурлардан, хорасандықтардан, хилжалардан тұрды. Сондай-ақ Сұлтанат әскерінің қатарында үндістердің де болғанын осы автор көрсетеді. Алайда әскердің жоғарғы бөлігі сұлтан сарайының мәліктері мен қызметшілері – таза қанды түріктер мен ақсүйек тәжіктер болды. Оларды өзіне қарату үшін сұлтан көп сыйлар үлестіріп отырған екен, сол үшін ол Лакх-бакш (лакх – жүз мың) деп аталып кетеді.

Сұлтанаттың ресми діні ислам болды. Бұл дін Үндістанға VII ғ. екінші жартысында алғаш ене бастаған болатын. Дінді таратушылар Таяу және Орта шығыстан келген мұсылман көпестері болды.

Бастапқыда Омейядтар қолбасшысы Мұхаммед ибн Қасымның ал кейінірек исмаилиттердің Синдті жаулап алуы Үн-

дістанға исламның айтарлықтай тарауына ықпал еткен болатын. Бұған Махмұд Ғазнауидің жаулаушылықтары да айтарлықтай ықпал етті. Оның мемлекетіне Пенджаб кірген еді.

Солтүстік Үндістандағы мұсылмандардың саны XII-XIII ғғ. басында Мұхаммед Гури жаулаушылықтары дәуірінде, әсіресе Дели сұлтандығының құрылуынан кейін айтарлықтай өсті. Исламның пұтқа табынушылықты жеңуінің символы ретінде Делиде Кутбад-дин алып жұма мешітін соқтырды. Ол Кувват ул-ислам (Ислам қуаты) деп аталды. Бұл үнді-мұсылман стиліндегі ең алғашқы сәулет құрылысы еді.

Мұсылман дінінің шарттарына сәйкес мұсылман билеушілерінің міндеті соғыс әлемін (дар ул-харб), яғни мұсылман емес әлемді бейбітшілік мекеніне (дар ус-салам), немесе мұсылман әлеміне айналдыру болды. Тек христиандар мен иудейлерге, яғни Қасиетті Кітап түскен қауымдарға ғана мұсылман мемлекетінің билігін мойындап, харадж бен жизья салығын төлеген жағдайда өз дінін сақтауға рұқсат етілді. Ал пұтқа табынушылар, көпқұдайшылар, соның ішінде үндістер өз дінін тастап, мұсылмандыққа өтуге тиіс болды.

Кутб уд-дин Айбек үндістердің мың храмын қиратып, олардың орнына мешіттер салғызды. Дели сұлтандары тұсында буддизм діні Үндістаннан толық ығыстырылды, XIII ғ. Үндістандағы соңғы буддистік монастырь жабылды. Алайда көреген саясаткерлер ретінде мұсылман билеушілері өз әлеуметтік базасын кеңейтуге де ұмтылды. Үндістанда төрт сунниттік мазхабтың ішіндегі діни төзімділікті қолдайтын ханафиттік мазхабтың кең тарауы тегін болмаса керек. Исламға күштеп өткізу өте сирек, көбіне жергілікті феодалдарға қатысты ғана орын алды, олардың жаулаушылар дінін қабылдауы өздерінің бағыныштылығын мойындауының символы болды. Сонымен бірге ол жергілікті феодалдардың жоғарғы шендерді алу, әскердегі немесе аппараттағы табысты қызметтерге қол жеткізу жолы болды. Тайпалар мен кішкентай халықтар өз ата-баба дінін сақтап, олардың көсемдері мен билеушілерінің мұсылмандықты қабылдауы осы жағдаймен байланысты болды.

Алайда ислам қоғамның төменгі топтары арасына да кең тарады. Бүкіл діндерге кіргендерді қауымның тең құқылы мүшелері деп жариялаған исламды қабылдау арқылы үнді төменгі



касталарының өкілдері сословиелік-касталық қанаудан құтыламыз деп үміттенді. Ислам олардың арасында ерікті түрде тарап, исламға шын берілген адамдар шықты. Халықтың кең бұқарасының арасында ортодоксалды ислам ғана емес, суфизм мен сектанттық ислам да тарады.

Ең шеткері шииттік секта – исмаилиттер Синдте IX ғ. бірінші жартысында пайда болды. Ал-Аштан (Бахрейн) қашып келген исмаилиттердің бір бөлігі Мултанда орнықты. Өз кезінде Махмұт Ғазнауи Мултаннан кармат билеушісін қуып шығып, қаланы мұсылмандықты қабылдаған үндіс Сукхпалға берген болатын.

Үндістанда суфизм кең қанат жаяды. Суфизмнің Үндістандағы ең алғаш уағызшысы Дата Гандж Бахш болды, ол Лахорға әмір Масуд Ғазнауидің әскерімен келген болатын. Сопылардың сухравердие ордені таза ақсүйектердің ұйымы болса, керісінше чиштие ордені көбінесе қарапайым халық арасында кең қолдау тапты.

Кутб уд-дин мұсылмандарға қолдан келгенше жақсылық жасаған қайырымды билеуші болған көрінеді. Фахр уд-диннің еңбегінен көретініміздей, ол Пенджаб мұсылмандарынан харадж алуды жойып, тек ұшыр немесе жарты ұшыр, яғни егіннің 10/1н немесе оның да жартысын енгізген екен. Кейінірек ислам тараған сайын, мұсылмандар мен мұсылман еместер арасындағы салықтағы айырмашылық жойылады. 1210 жылы Хутб уд-дин чоуган (ат үстіндегі доп ойыны) ойынын ойнап жүргенде аттан құлап қайтыс болды. Түрік шонжарлары оның орнына оның гулям-құлы, Бадаун ауданының билеушісі Шамс уд-дин Илтутмышты қояды (1210-1236).

Дели сұлтанлығы тарихының деректерін толықтай бізге жеткізген автор Минхадж ибн Сирадж уд-дин Джузджанидің көрсетуі бойынша, Шамс уд-диннің жүргізген ұзақ соғыстары Сұлтанат шектерін кеңейте түседі. Оның құрамына Лахор, Уч, Мултан аймақтары кірді. Бұл жерлер Кутб уд-диннің тұсында Мұхаммед Гуридін бұрынғы қолбасшысы Насыр уд-дин Кубачидің қоластында болған болатын. Илтутмыш түрікхилджалардан Бихар мен Бенгалияны тартып алуға ұмтылды. 1225 жылы оның әскері Бенгалиядағы хилжалар астанасы – Лакхнаутиге баса көктеп кіріп, оларды алым төлеуге көндірді.

1232 жылы Шамс уд-дин Гвалиурды, ал екі жыл өткеннен кейін Бхилсу мен Уджжаинды бағындырды. Бұдан кейін Рантхамбхор, Мевар, Джалар раджпуттік князьдіктері бағындырылды.

Шамс уд-диннің әскери жорықтары феодал шонжарлардың топтасуына, сұлтан билігінің күшеюіне алып келді. Оның тұсында Делидің атағы Үндістанның шегінен шығып, бүкіл мұсылман әлеміне тарады. 1229 жылы Дели сұлтаны инвестирура қабылдады – яғни оның билігін Бағдад Халифы заңдастырды. Илтутмыш қайтыс болған соң оның қолбасшы-гулямдары арасында (малики шамси) алауыздықтар, өзара теке-тірестер басталды. Олардың үздіксіз бәсекелестігінің салдарынан мемлекетте анархия орын алды. Шамс-уд-Дин қайтыс болғаннан кейінгі 10 жыл ішінде төрт билеуші ауысты.

1246 ж. Делидегі сұлтан тағына Илтутмыштың кіші ұлы Наср уд-дин Махмуд отырды. Оның 1265 жылға дейін, яғни ұзақ билік құруының себебі, ол тек номиналды билікпен қанағаттанды, ал іс жүзіндегі билік, оның регенті – гулямдарының бірі, ең ықпалды әмір Гийас уд-дин Балбанның қолында болды. Гийас уд-Дин Балбанның регенттігі мен билігі дәуірі (1265-1287) сұлтан билігін нығайту және қуатты түрік феодалдарын бағындыру жолындағы күреспен өтті.

XIII ғ. аяғында түріктік шамси және балбани мәліктерінің Дели сұлтанатындағы басымдық жолындағы күресі олардың күшін кемітті. Саяси аренаға әскери-феодалдың жаңа тобы – түрік хилжалар шықты. Осы топтың басында тұрған Джалал уд-Дин 1290 ж. Дели сұлтаны тағына отырды. Бұл хилжа әулетінің билігінің бастауы болды. 1292 ж. хилжалар Хулагудың Абдулла басқарған моңғол әскерлеріне тойтарыс берді. Алайда 1296 ж. Джалал уд-динді өз немере інісі әрі күйеу баласы Ала уд-дин Хилжа опасыздықпен өлтіріп, тақты басып алады. Әмірлердің күшін топтастыру мақсатымен ол жаулаушылық саясатын жүргізеді. 1297 ж. Гуджарат, бай сауда орталығы Камбей, Альхивара қалалары алынады.

XIII ғ. аяғы – XIV ғ. басында моңғол шапқыншылықтары жиілеп кетеді. 1297-98 ж. Лахор ауданында 100 мыңдық әскер баса көктеп кіреді. Келесі жылы 200 мың моңғол әскері Индтен өтіп астанаға жақындап келді. Ала уд-дин Делидің маңында

моңғолдармен шайқасқа түсті. Моңғолдар шегінуге мәжбүр болады. Бұдан кейін де моңғолдар бірнеше дүркін жорықтар жасап, оның бәрін де Дели мұсылмандары қайтара алды.

Моңғолдармен күрес барысында Ала уд-дин армияның қуатын арттыруға бағытталған шаралар іске асырып, бұл оған өз иеліктерін Виндхья тауынан оңтүстікке қарай жатқан территориялар есебінен кеңейтуге мүмкіндік туғызады. 1307-1311 ж. аралығында Ала уд-диннің қолбасшысы, ислам дінін қабылдаған үндіс Мәлік Кафур бүкіл оңтүстік Үндістанды толықтай сұлтандыққа қаратты. Алайда бұл иеліктер Сұлтанаттың тек жоғарғы билігін таныған, алым төлеп тұратын вассалдық бағыныштылықта болатын. Ала уд-дин «Екінші Ескендір» (Ұлы жаулаушы) деген аттаққа ие болды. Алайда сұлтандықтың тікелей қол астына тек солтүстік Үндістанның үлкен бөлігі қарады.

Халқы әр түрлі дінді ұстайтын, этникалық жағдайы ала-құла елде Ала уд-дин (1296-1316) мемлекетте орталық билікті нығайту мақсатында мұсылмандарға да, үндістерге де ортақ ерекше бір дін жасауға тырысты. Өзін жаңа діннің негізін салушы, пайғамбар ретінде көрсетті. Оның тұсында, сондай-ақ аграрлық салада да реформа жүргізілді. Харадждың мөлшері астықтың жартысы деңгейінде бекітілді. Дели мен Доаб аймағында хараджды натуралды түрде салу шарты енгізілді. Сұлтан өз маңындағыларға той-мерекелер жасауға, шарап ішуге, сұлтанның рұқсатынсыз өзара некеге тұруға тыйым салды, мұның бәрі шонжарлар тарапынан мүмкін болатын бүліктер мен жанжалдарды болдырмау мақсатымен жасалды.

Орталық өкіметті нығайтуды көздейтін тағы бір маңызды шара иктаны ақшалай ақымен ауыстыру болды. Әскерді ақшалай қамтамасыз ету үшін оларға қажет тауарларға бағаны қымбаттатпай, ұстап тұру талап етілді. Осы мақсатпен бидай, арпа, қант, май, маталар, сондай-ақ жылқы мен құлдарға бағаны реттеу іске асырылды. Арнайы қызметкер – базар бақылаушысы атты әскерімен базарларды аралап, аталған тауарлардың бекітілген бағадан қымбатқа сатылмауын қадағалап отырды.

Алайда сұлтан қайтыс болғаннан кейін оның жасаған реформалары жалғасын таппады, керісінше, оның ұлы Кутб уд-дин Мұбарак шах (1316-1320) өз билігін әкесінің барлық реформаларын жоюдан бастады. Мұбарак шахтың билігі ұзаққа

созылған жоқ. Оны қолбасшыларының бірі, исламды ұстанған үндіс Хосроу-хан өлтірді. Хосроу-хан да билікті қолда ұстап тұра алмады. Түрік әскери феодалдарының Дебалбул Мәлік шах бастаған бір тобы оның әскерін тас-талқан етіп жеңеді. Тоғлақтар әулетінен шыққан Дебалбур таққа Гийас уд-дин Тоғлақ (1320-1325) деген атпен отырады, сөйтіп Тоғлақтар әулеті билігінің негізін салады. Бұл әулеттің өкілдері XV ғасырдың басына дейін билікте отырады.

**Дели сұлтанатының әлеуметтік-экономикалық дамуы.** Бұл әулеттің билігінің соңына қарай тағы да орталық үкіметтің әлсіреуі, жергілікті биліктің күшеюі орын алды. Оның негізінде XIV ғ. өн бойында орын алған феодал-мукталардың күш-қуатының өсуі жатты. Олар иктаға берілген ауылдардан түсетін қосымша өнімнің көп бөлігін өздеріне қалдырып, аз ғана бөлігін қазынаға жіберіп отырды. Мукталардың мемлекет алдында есеп беру принципіннің өзі үнемі бұзылып отырды, ірі шонжар өкілдерінен қорыққан шенеуніктер иктаны толықтай есепке алмады. Мукталар тарапынан орын алып жатқан заңсыздықтар жазаланбады. Ала уд-дин Хилжа (1296-1316) тұсында мукта табыстары мен шығындарын бақылау құралы – жауынгерлердің аттарына белгі соғу болған еді. Осының арқасында берілген иктаның көлемінен аз әскер ұстауға ұмтылушылық шектеліп отырды. Ал кейінгі билеушілер тұсында жауынгерлерді бұлайша тексеру сиреп кетті. Тұғлақ әулетінің билеушісі Фируз шах тұсында тіпті көптеген икталар салық салынбайтын иммунитетті жер иеліктеріне айналып кетті. Мемлекет пайдасына салық салудан босатылған мұндай қызметтік жер иеліктері инам (сыйлық) деп аталды.

Мукталардың экономикалық қуатының өсуі қатардағы қауымдастарға, шаруаларға салынатын салықтың шексіз артып кетуімен де байланысты болды. Гийас уд-дин Тұғлақтың салық саясаты халыққа өте-мөте жайлы болды. Ол ерекше жарлықпен өнімнің 1/10-нен, 1/11-нен асатын харадж жинауға тыйым салды. Сондай-ақ өнімнің аз шығуына байланысты салықтың мөлшерін төмендету ережесін мүлтіксіз орындауды, талап ету де салық төлеушілер үшін де жеңілдік болса, ал мукталардың қалтасын кемітті.

Феодал-мукталардың қанауына егіншілікпен айналысушы халықтың ұйымдасу формасы ретінде қауым қарсы тұрды. Дели сұландығындағы қауым туралы нақты деректер жоқтың қасы. Мұсылман дәуіріндегі қауымның құрылымын оның консервативті мәнін ескере отырып, анағұрлым ерте және кейінгі дәуір деректерін қарастыра отырып қалпына келтіруге болады.

XIV ғасырда Үндістанда қауымның әр түрлі типтері болған деп болжам жасауға болады. Биік таулы жерлер мен ормандардағы егіншілікпен айналысатын оазистерде ру-тайпалық қатынастардың ыдырау кезеңіндегі әр түрлі тайпалар мен кландар мекендеді. Синдтетхаттар, Пенджабта хохарлар, мина, бхаттар, өзен аралығында мерлер т.б. Алайда қауымның басым типі касталық болғандығы сөзсіз. Оның жоғарғы қабатын – жоғары және орта егіншілік касталар (раджпуттар, джаттар, кунби, т.б.) ал төменгі касталар – кесапаттар болды. Егістік жер жекелеген отбасылардың жеке иелігінде болды, ал шалғындар мен басқа да су көздері қауымдық меншікте болды. XIV ғасырдың екінші жартысында құрастырылған заң жинағы – «Фикх-и Фируз-шахиде» егіншілердің жер меншігі жөнінде айтылады, бұл жерлер сату-сатып алу арқылы бір салық төлеушіден басқасына өтіп отырды.

Қауымға мүліктік жағынан ғана емес, әлеуметтік жағынан да әр түрлі топтар кірді. Әлеуметтік жағынан төменгі топтарға балахарлар жатса, қауымның жоғарғы бөлігіне хута жатты. Бұл феодалданып жатқан қауым әкімшілігінің өкілдері ауыл старосталары болуы керек. Олар салықтан босатылған жер иеліктері болды. Бұған қоса олар қатардағы қауымдастардан өз пайдасына салық жинап отырды.

Сонымен, XIV ғасырда қауымдар феодалдарға қарсы тұру ошақтары болды. Қауымның қысымымен билік шаруаларға жеңілдіктер жасауға мәжбүр болып отырды.

XIV ғасыр деректері Дели сұлтандығының экономикасын азды-көпті қарастыруға мүмкіндік береді. Муссондық жаңбыр суымен өсетін егіншілік кең қолданылды. Сондай-ақ, үлкен аңғарларындағы жерлерге егін егу, суармалы егіншілік те айтарлықтай дамыды. Фируз-шах (1351-1388) тұсында тұрғызылған каналдар арқасында үлкен массивті жерлер суғарылатын болды. Бір каналдың ұзындығы 180-200 км болды. Ол Сатледж-

Джамна, Кали өзендерінен Хисар-Фируза, Ханси, Фирузабдак, Дели маңына дейін жетті. Каналдарды қазуда еріксіздердің еңбегі пайдаланылды. XVII ғасыр басындағы тарихшы Бадаунидің көрсетуінше, осындай каналдардың біреуін қазуға 50 мың адам жегілген екен.

Жердің құнарлылығы мен климаттың қолайлылығы барлық жерлерде дерлік астықтың 2-3 рет өнімін алуға ықпал етті. Негізгі дақыл күріш болды. Араб жиһанкездерінің мәліметтері бойынша Үндістанда XIV ғ. күріштің 21 сорты өсірілген екен. XIV ғ. техникалық дақылдарды – мақта мен қант қамысын өсіру кеңейтілді. Сондай-ақ мал шаруашылығы айтарлықтай дамыды.

Шаруашылықтың маңызды саласы қолөнер болды, қолөнермен ауылдарда да айналысты, ол негізінен натуралды болды, қауымды қамтамасыз етті. Сондай-ақ қалада да қолөнер дамыды. Бұл жерде қолөнершілер өз жеке шеберханаларында немесе үйлерінде жұмыс істеді, өз шикізаттарын және құрал-жабдықтарын пайдаланды. Олар жергілікті рынокқа шығарды және жеке тапсырыстармен жұмыс істеді.

Қала қолөнершілерінің тағы бір категориясы, мемлекеттік шеберханалар – қарханаларға жататын жұмыскерлер болды. Бұл шеберханаларда өндірілетін өнім қазынаға түсіп, сарайды, қызметкерлерді қамтамасыз етті. Мұхамед шах Тұғлақтың тоқыма қарханасында 4 мың тоқымашы жұмыс істеген, олар парша және басқа да маталар шығарып отырды. Ала уд-диннің қарханасында 17 мың адам жұмыс істеген.

XIII-XIV ғасырларда тоқыма өндірісінің дамуына тоқыма доңғалағы – чаркханың енгізілуі ықпал етті. Бұл технология Иранда XII ғасырда белгілі болған, ал Үндістанда тек мұсылман дәуірінде ғана тарайды. Бұл доңғалақ өндірістің өнімділігін 6 есе арттырған екен. Тағы бір техниканың озық үлгісі – мақтаны түтуге арналған құрал – панджана болды. Бұл құрал Үндістанда гур жаулаушылықтарының қарсаңында пайда болды, ал Еуропаға тек XIV ғ. ғана ене бастаған болатын.

Қолөнердің дамуы қалалардың тез қарқынмен өсуіне байланысты болды, бұл кейбір ғалымдардың қала революциясы жөнінде айтуына түрткі болды. Бұл феноменді олар түрік және басқа да мұсылман билеушілерінің урбанизациялық саясатымен байланыстырды, олар, ислам дәстүріне сәйкес жаулап алынған

жерлерді тиімді басқару мүддесімен қалалар, бекіністерді көптеп салып отырған. Қалалардың өсуіндегі бұл саяси фактормен бірге бұл дәуірде қалалардың өсуінің негізгі себебі қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөліну болғандығы айқын.

Саудагер-қолөнерші халықтың арасында әр түрлі мүліктік, қасталық-кәсіптік және діни топтардың болғанына қарамастан, феодалдарға қарсы қозғалыстарда қала халқы өзіндік бір әлеуметтік-экономикалық біртұтастықты құрады. Бұл қолөнершілердің де, саудагерлердің де тауар-ақша қатынасымен айналысуымен анықталды. Бұлардың екеуі де феодалдарға қарағанда анағұрлым төменгі статуста, саяси жағынан құқықсыз болды. Сонымен бірге, ортағасырлық қалада қолөнерге қарағанда сауданың басым болуы, және саудагерлердің өсімқорлықпен де айналысуының нәтижесінде ақша қорының жинақталуы олардың салыстырмалы түрде жоғарғы статусын анықтады.

XI-XII ғғ. қолөнердің қасталық статусының біраз өсу тенденциясы байқалады. Бұл, қалалардың қолөнер орталығы ретінде өсуімен байланысты болды. Ерте орта ғасырларда қолөнершілер қаладағы ең төменгі кастаға жатса немесе тіпті кастадан тыс, кесапаттар ретінде қарастырылса, ал қарастырып отырған дәуірде, атап айтқанда X-XII ғғ. қолөнер қасталарының көпшілігі кесапаттар деп аталмайтын болды. Ең алдымен зергерлер өз статусын көтерді, сондай-ақ тоқымашылардың статусы да көтерілді.

Қала халқын да, ауылдар сияқты феодалдар қанап отырды. Саудагерлер мен қолөнершілерден заңды салық – зекеттен басқа, Дели сұлтандығының шенеуніктері оларға көптеген салықтар мен міндеткерліктер жүктеді. Мысалы, Делиден әкелінген барлық тауарлар, зекет алынып болғаннан кейін, қазына қоймаларына апарылып, ол жерде олардан қосымша *дангана* салығы алынды. Тауарларын мемлекеттік рыноктарда сатқаны үшін барлық тауар түрлерінен салық алынып отырылды.

**Әмір Темірдің Үндістанға жорығы.** 1398 ж. Инд өзенінің жағалауына Ақсақ Темір әскері табан тіреді. Әмір Темірдің Үндістанға жорығын панигирист-тарихшылар, оның барлық басқа жорықтары сияқты ғазуат соғысы (дін жолындағы соғыс) деп атады. Осы жылдың аяғында Солтүстік Үндістанның бірқатар қалалары мен бекіністерін алған Темір әскерлері желтоқсан

айында Делиге жақындап келді. Дели сұлтаны Гуджаратқа кашты. Уәзірі Барана қаласына барып тығылды. Сол кезде Делидің «ұлы адамдары, қазылар мен шонжарлары ақылдасып, Темірден қала тұрғындарына аяушылық танытуын сұрайды. Сөйтіп Темір қала халқына тиіспеді». 18 желтоқсанда қалада Темірдің ұлы Пір Мұхамедтің құрметіне құтба (билеушінің құрметіне оқылатын намаз) оқылды. Алайда, 10 күннен кейін Делиге кірген Темір әскері жаппай тонаушылықпен айналысты. Қарсылық көрсеткендердің бәрі аяусыз қырғынға ұшыратылды. Үндістердің бастарынан соғылған мұнаралар аспанға жетіп, олардың денелері аң-құсқа жем болды. Бірнеше күн бойы қала қақпаларынан тұтқындар үздіксіз шығарылумен болды, олардың қатарында тас қашаушы, және басқа да қолөнерші-шеберлер көп болды. Әр жауынгер 150 тұтқыннан айдап әкетті. Оларды Темірдің өзі ерекше қадағалап отырды, өйткені Үндістанның шебер сәулетшілерін Самарқандта мешіт салғызуда пайдаланбақшы еді.

Талан-таражға салынып, қаңырап бос қалған қалада қалудың енді еш мәні қалмады, сөйтіп 1399 ж. 1 қаңтарда Темір әскері солтүстікке қарай бет түзеді. Үнді тарихшыларының айтуынша «Темір кеткеннен кейін екі ай бойы қалада құстың өзі қанатын қақпады». Солтүстік батыс Үндістанның бірқатар қалалары мен аймақтарын тонаушылыққа ұшыратқан Темір әскерлері сол жылдың наурызында Инд өзенінен өтіп, Үндістанның шектерін тастап шықты.

Темірдің Үндістанға жорығы Делидің Тұғлақтар әулетінен шыққан билеушілерінің билігіне ауыр соққы берді. Шапқыншылық қарсаңында-ақ басталған феодалдық бытыраңқылық, енді біржолата анархияға ұласты. Тұғлақ әулетінің өкілдері арасындағы тақ үшін күрестің нәтижесінде билікке Хызыр хан келген болатын. XIV ғ. 90 ж. өз иеліктерінен айрылып қалған Хызыр хан 1399 ж. Үндістаннан кетіп бара жатқан Темірге қосылып, оны Кашмирдің шегіне дейін шығарып салады. Әмір Темір өзі басып алған Мултан мен Лахорды Хызыр ханға қалдырып, оны өз наместнигі етіп тағайындады. 1414 ж. ол Делиге басып кіріп, Саяидтер әулетінің негізін қалады, бірақ ол ресми түрде сұлтан атағын алмады. Оның билігі Дели аумағын, Ганг, Джамна қосөзенін және Пенджабты қамтыды.



Алайда оның мұрагері Мұбарак шах тұсында аксүйек мұсылмандар бүлік ұйымдастырып, нәтижеде Мұбарак шах өлтіріледі, таққа отырған Мұхаммед шах тұсында сайидтерге қызмет етіп жүрген ауғандық қолбасшылардың бірі Бахлул хан Лоди ерекшелене бастады. Ақырында 1451 ж. соңғы Сайидтың тұсында тағы бір бүлік болып, билікке Бахлул хан Лоди келеді. Лоди әулетінің сұлтандары өз иеліктерін кеңейтуге күш салды. Сикандар шах Лоди (1489-1527) Джаунпур мен Бихарды қаратып, Бенгалия шектеріне жетті, көптеген бүлікшіл ауғандық және басқа да қолбасшы әмірлерді өзіне бағындырды. Ол Агра бекінісін салды, кейінірек, ХҮІ ғ. екінші жартысында бұл керемет гүлденген қала Ұлы Моғол империясының астанасына айналған болатын.

Алайда Дели сұлтандығының соңғы сағаты соғуға жақындап қалған еді. 1517 ж. таққа Сикандар шахтың ұлы Ибрахим шах Лоди отырды. Бұл, Ибрахим шахтың ізашарлары – Бахлул шах пен Сикандар шахтың тікелей тірегі болған ауған әмірлерінің күш-қуаты шарықтау шегіне жеткен уақыт болатын. Ибрахим шах күшейіп кеткен ауған шонжарларынан тәуелсіз саясат жүргізуге тырысты. Алайда, Ибрахим шахтың ауған шонжарларынан тәуелсіз болуға ұмтылуы оның биліктен айрылуына алып келді. Дәл осы ауған әмірлері әмір Темірдің ұрпағы – Бабырдың Үндістанды жаулап алуына ықпал етеді. Мұнымен байланысты тарихи оқиғалар оқулықтың «Кейінгі орта ғасырлардағы Үндістан» тарауында арнайы қарастырылатын болады.

**Бахманид. Виджаянагар мемлекеті.** Дели сұлтандарының Виндхия таулы аймағынан оңтүстікке қарай жатқан жерлерге билігі мықты болмады. XIV ғ. 40 жылдары сұлтанаттың оңтүстік провинциясы – Деканда толқулар басталды. 1347 ж. Девагрирде (Доулатабад) бүлікшіл феодалдар Мухаммед шах Тоғлақтың бұрынғы қолбасшыларының бірі Абу Музаффар Аладдин Бахманды сұлтан жариялады. Ол мемлекетті наместниктікке – тарафтарға бөлді (Гулбарга, Доулатабад, Бидар, Берар). Астанасы – Гулбарганы Ахсанабад деп өзгертті.

Бахманид сұлтанаты Деканның едәуір бөлігін алып жатты. Оңтүстігінде Кришна өзенімен, солтүстік батыста Тапти және Годавари өзендерімен шектелді. Бахманидтер Кришна мен Тунгабхадра өзендері үшін Виджаянагармен соғысты. Сұлтан-

дық министрі Махмуд Гаван бастаған әскер Малвамен, т.б. Конканның үндістік князьдарымен соғыста жеңіске жетті. Бахманид мемлекетінің саяси өмірінде феодалдық екі топтың теке-тіресі орын алды. Бұл декани (бұрынғы мұсылман-қоныстанушылардың ұрпақтары) және афаки («шетелдіктер», жақында қоныстанушылар) топтары болатын. Махмуд Гаван соңғысының қатарында болды. Күрес діни сипат алды. Афаки – шииттер, ал декани сунниттер еді. 1431 ж. жаулары Махмуд Гаванға жала жауып, сұлтанның бұйрығымен сарай маңындағылардың көзінше өлтірілді.

XV ғ. аяғында Бахманид сұлтанатының құлдырауы басталды. 1490 ж. Биджапур, Берар, Ахмаднагар бөлініп шықты. Ахмад Низам шах өзін тәуелсіз билеуші жариялады, оның ізбасарлары Низам-шахтар Ахмаднагарда 1633 ж. дейін билік етті. 1512 ж. Бахманидтерден Голконда бөлінді, билікке Кутбшах келді. 1525 ж. соңғы бахманид сұлтаны Биджапурға қашып кетті, ал уақытша әмір Касим Барид өзін Бидар билеушісі деп жариялады.

XIV ғ. 30-40 жж. Бахманид мемлекетінің оңтүстігінде бірнеше дербес әмірліктер құрылды. 1334-1335 жж. Мадур сұлтанатының негізін қалаған Тамилнад наместнигі бөлініп шықты. Андхраның солтүстігінде Редди әмірлігі құрылды. Андхраның басқа бөліктері де сұлтанға бағынудан бас тартты. Осындай жағдайда Кампилидегі Мухаммед шах Тоғлақтың наместниктері – Сангама руынан шыққан ағайынды Харикара мен Букка тәуелсіздігін жариялады. Олар Тунгабхадра жағалауында Виджаянагар бекінісін салып, жерлерін ұлғайта бастады. 1346 ж. Хойсал мемлекеті жойылды, 1347 ж. Банавасидегі Кадамба мемлекеті, 1359-1360 жж. солтүстік Тамилнадта Шамбуварай князьдігі, 1370 ж. Мадур сұлтанаты құлатылды. Редди мемлекетін ығыстырып, Кришна мен Тунгабхадра өзен аралығы үшін Бахманидтермен күресті. Осылайша Виджаянагар мемлекетінің қоласында оңтүстік Үндістан толық біріктірілді. Виджаянагар мемлекеті солтүстіктегі көршілерімен үздіксіз соғыстар жүргізді.

XV ғ. аяғы – XVI ғ. басында құлдырау кезеңін бастан кешірген Виджаянагар мемлекеті, алайда Тулува әулетінің өкілі Кришнадеварайдің билігі (1509-1529) тұсында қайтадан қуатты мемлекетке айналды. Виджаянагар империясы оңтүстіктегі бұ-

рынғы мемлекеттермен салыстырғанда орталықтанған мемлекет болды. Барлық әкімшіліктің басында махараджа тұрғанмен, биліктің барлығы оның министрі – махапрадхан қолына шоғырланды. Оған әскери, қаржы, храм ісі жөніндегі, қаланы басқару жөніндегі т.б. әр түрлі ведомстволар бағынды. Махараджа мен министрдің қатысуымен өтетін Мемлекеттік кеңес жұмыс жасады.

Махапрадханға тікелей орталықтың нұсқауымен әрекет ететін провинциялардың наместниктері бағынды. Наместниктер екі-үш жылда ауыстырылып отырылды. Провинциялар шеңберлер басқаратын округтерге бөлінді. Қауымдық басқару органдары сақталғанмен, нақты билігі жүрмеді. Бұл әкімшілік жүйе Виджаянагарды толық қамтыды. Сондай-ақ, империяға ішкі автономиясын сақтаған вассалды князьдіктер қарады, олар салық төлеуге және императорды әскери жасақпен қамтамасыз етуге міндеттелді. Жерді феодалдар иемденді. Жер қорының едәуір бөлігі мемлекет меншігінде болды. Мемлекет шаруалардан жер салығын және т.б. салықтар алып отырды.

Мемлекет қорындағы жерлер әскери вассалдар – *амаранайякилерге* берілді. 10-12 деревня көлеміндегі жерлер қызмет мерзім шегінде әскердің қолында сақталды. Кейінірек әскери вассалдар бұл жерлерді мұрагерлік жолмен балаларына қалдырып отыратын болды, бірақ мұрагерлік құқығы заңмен бекітілмеді.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Дели сұлтанаты қалыптасуының тарихи алғышарттарына талдау жасаңыз.
2. Ала уд-дин Хилжа тұсындағы реформалардың мәнін ашыңыз.
3. Тұғлақ әулетінің билікке келуінің тарихи жағдайларын көрсетіңіз.
4. Әмір Темірдің Үндістанға жорығының барысы мен салдарына талдау жасаңыз.
5. Дамыған орта ғасырлардағы Үндістанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына талдау жасаңыз.

## **ХІ тарау**

### **МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ**

**Моңғолдардың тарихи сахнаға шығуы.** Моңғолдар Амур өзенінің оңтүстік жағалауында, Кіші Хинган тау жоталарының шығысында өмір сүрді. Қытай деректері бойынша моңғолдар моңғол тілдес шивэй тайпаларының құрамында болған. Батысында олар түріктермен шектесе, шығыстағы көршілері қидандар болды. X-XI ғасырларда моңғолдар батысқа қарай жылжи отырып, Халхада үстемдік етіп отырған түркі тілді халықтарды ығыстыра бастайды. Осы қоныс аударулардың нәтижесінде олар қоғамдық және мәдени деңгейі бойынша өздерінен анағұрлым жоғары тұрған түркілермен тығыз байланысқа түседі. Мұның өзі моңғолдардың саяси және мәдени қатынаста қарқынды дамуына ықпал етеді.

XII ғасырдың ортасында моңғолдардың алғашқы мемлекеті – Хамаг моңғол ұлыс (барлық моңғолдардың мемлекеті) пайда болады. Цзиньдік Қытаймен бірде қақтығысып, бірде келісімге келіп отырған бұл мемлекет, билік жолындағы тайпааралық күрестің салдарынан көп ұзамай өмір сүруін тоқтатады. XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында Моңғолия жерінде қият-бөржіген тайпасының көсемі Есугей баһадүрдің баласы Темучин билік еткен ірі мемлекет құрылды. Ол 20 жылға созылған қиян-кескі күрес барысында Моңғолияның бүкіл тайпаларын өз қол астына біріктірді. Моңғолдар 1203 жылы керейлерді, одан кейін татарлар мен меркіттерді жеңеді. 1204-1205 жылдары моңғолдар өзінің басқа да көршілерін жеңіп, жерін кеңейте түседі. 1206 жылы Онон өзенінің бойында өткен барлық моңғол тайпаларының бас қосқан құрылтайында Темучин Моңғол мемлекетінің ұлы ханы болып сайланады, оған Шыңғысхан деген атақ берілді.

**Шыңғысхан мемлекетінің саяси жүйесі.** Орталық Азияда ежелден үстемдік етіп келе жатқан дәстүр бойынша Шыңғысхан

мемлекетті орталыққа және екі қанатқа бөлді. Орталық билік Шыңғысханның және оның мұрагерлерінің қолында шоғырланды. Ханның билігі шексіз деп есептелді. Алайда хан билігін Ұлы Құрылтай едәуір шектеп отырды. Өйткені Құрылтайда хан сайланды және мемлекеттің маңызды мәселелері қарастырылды.

Моңғол ұлысының оң және сол қанаттарын түменбасылары басқарды. Бүкіл ел 95 әскери-әкімшілік аудандарға бөлінді. Әрбір аудан мыңнан атты әскер шығаруға тиіс болды. Мыңдықтар жүздіктерге бөлінді. Бұл бірліктерді тиісінше, түменбасы, мыңбасы және жүзбасылар басқарды. Олардың қызметі мұраға қалдырылды.

Моңғол мемлекетінің басты заңы Яса (Жасақ) деп аталды. Ол екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде Шыңғысханның өзі айтқан нақыл сөздері мен ел басқарудағы нақты шешімдері жазылса, екінші бөлімде әскери, азаматтық істерді орындаудағы жалпы заңдар және олардың орындалмағаны үшін берілетін жаза түрлері, яғни қылмыстық құқық қарастырылды. Моңғол хандары Жасақты ұзақ уақыт бойы басшылыққа алып отырды.

**Моңғол жаулаушылықтарының басталуы. Шыңғысханның таңғұттарға және Қытайға қарсы жорығының басы.** Шыңғысханның ең алғашқы соққысы оңтүстіктегі таңғұттардың Си Ся мемлекеті мен Қытайдың Цзинь империясына қарсы бағытталды. Екі мемлекетпен де соғыстар ұзаққа созылып, бірнеше кезеңдерден өтті. 1205-1210 жылдар аралығында таңғұттармен болған соғыстың алғашқы кезеңінің нәтижесінде олармен келісім жасалып, Си Ся өзінің моңғолдарға вассалдық тәуелділігін мойындады. Осыдан кейін Шыңғыс хан өзінің Шығыс Азиядағы ең басты қарсыласы – Цзинь империясымен соғысты бастап кетті. 1211 жылдың 15 ақпанында Шыңғыс ханның өзі басқарған моңғол әскері Цзиньнің шекаралық бекінісін бұзып өтіп, чжурчжендердің жеріне басып кірді. Моңғолдардың Қытайға қарсы соғысы 1211 – 1279 жылдар аралығын қамтыды. Соғыстың нәтижесінде бүкіл Қытай жері Моңғол империясының құрамына қосылды. Қытайға қарсы жорықтардың бірінші кезеңінде (1211-1216) солтүстік Қытайдың үлкен бөлігі, Пекинді қоса, жауланып алынды. Бұдан кейін Шыңғысхан жауланып алынған Қытай жеріне өз адамын қалдырып, батыстағы жерлерге көз тікті.

**Шыңғысханның Қазақстан, Орта Азия мен Закавказьені жаулауы.** Моңғолияның батысында бұл кезде екі үлкен мемлекет – қарақытайлықтардың Батыс Ляо мемлекеті мен Хорезмшахтар мемлекеті орналасты. Қарақытайлықтар үстемдік еткен Жетісу өңіріне моңғолдар ең алғаш рет 1211 жылы, наймандардың ханзадасы Күшлікті қуып келген болатын. Батыс Ляо мемлекетіндегі билікті тартып алған Күшлік жергілікті мұсылмандарға қысым көрсете бастайды. Осы жағдайды ұтымды пайдаланған Шыңғысхан, 1217 жылы Жетісу жеріне Жебе ноян басқарған моңғол әскерін жібереді. Діни еркіндік ұранын көтерген Жебе ноянға мұсылмандар қолдау көрсетіп, Күшлікке қарсы бас көтереді. Нәтижеде Күшлік жеңіліс тауып, 1218 жылы Жетісу жері толықтай моңғолдардың қолына өтеді.

Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алғаннан кейін моңғолдарға Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуға жол ашылды. Бұл өңірге басып кіруге «Отырар апаты» деп аталып кеткен оқиға сылтау болды. (Бұл оқиға туралы «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» оқулығында жақсы жазылған). Шыңғыс хан Орта Азияны бағындыруға жалпы саны 150 мың адамнан тұратын қалың қолын жіберді. Жорық 1219 жылдың қыркүйегінде Ертіс жағалауында басталды. Өз әскерін үш топқа бөлген Шыңғыс хан, ұлдары Шағатай мен Үгедей бастаған бір бөлігін Отырарды алуға қалдырды. Үлкен ұлы Жошы бастаған екінші бөлігін Сырдарияның төменгі ағысына аттандырды. Өзі Бұқараға бет алды. 1220-1221 жылдар аралығында моңғолдар Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның қалалары үшін қиян-кескі шайқастар жүргізді. Отырар, Сығанақ, Ашнас, Үргеніш қалалары моңғолдарға ұзақ уақыт қарсылық көрсетті. Алайда, ақырында, олар моңғол әскерінің алдында тізе бүгуге мәжбүр болды. Орта Азия қалаларының моңғолдардан жеңілуіне бұл қалалар арасында бірліктің болмауы, сондай-ақ Хорезмшах билеушілерінің осал саясаты себеп болды.

Орта Азияны жаулап алғаннан кейін соғыс Хорасан (қазіргі Түркия), Ауғанстан мен Солтүстік Үндістан жеріне ауысты. Солтүстік Иран жауланып алынғаннан кейін моңғол әскері Әзірбайжан жеріне кіреді. Бұл жерде моңғолдарға Шемаха қаласы қатты қарсылық көрсетеді. Армяндар мен грузиндердің әскерін талқандағаннан кейін, Жебе мен Сүбедей батырлар

басқарған моңғол әскерлері Дербент арқылы солтүстік Кавказ жеріне аяқ басады. 1223 жылы Қалқа өзенінде моңғолдар орыс князьдері мен қыпшақтардың бірлескен жасақтарын талқандайды.

1225 жылы Шыңғысхан Орта Азиядағы иеліктерді басқаруды Хорезм көпесі Яловачқа тапсырып, өзі Моңғол империясының орталығы Қарақорымға қайтып кетеді. Бұған себеп болған таңғұттардың бас көтеруі еді. 1226 жылы Шыңғысхан таңғұттарға қарсы соңғы жорығын жасайды. Жорық нәтижесінде моңғолдар ірі жеңіске жетіп, таңғұттарды толық бағындырады. Осы жорықтан қайтып оралғаннан кейін, Шыңғысхан аң аулап жүріп аттан құлап, мертігеді. Осы сырқаттан тұра алмаған Шыңғысхан 1227 жылы 72 жасында дүниеден өтеді. Таққа кіші ұлы Үгедей отырады.

**Батудың орыс жеріне жорығы.** 1227 жылы Жошы өлген соң оның орнына ұлы Бату (Батый) отырды. 1235 жылы Моңғол империясының астанасы Қарақорымда болған құрылтайда Батысқа (Еуропаға) шапқыншылық жорық жасау ұйғарылды. Бұл жорық 1236 жылы басталады.

Моңғол-татар шапқыншылығы қарсаңында орыс жері жеке князьдіктерге бөлініп жатты. Бытыраңқы князьдіктердің Бату әскерлеріне қарсы тұруы оңай емес еді. Әскери күші жағынан да моңғол-татарлар артық болатын. Әсіресе моңғол-татарлардың атты әскері өте қуатты еді. Батудың соғыс өнерінде бұрыннан пайдаланып келе жатқан, қала бекіністерін бұзатын жеңіл құралдары болды. Бұл құралмен орыс қалаларының ағаштан салынған бекінісін бұзу қиынға түспейтін. Бұған қосымша Бату әскерлері соғыс жүргізудің неше түрлі әдістерін меңгерді. Сөйтіп жолындағының бәрін жайпаған Бату 1237 жылдың қысында қалың қолын Еділ өзенінен өткізіп, Рязань қаласына келіп жетті. Қыста шабуыл жасауды күтпеген рязаньдықтар айтарлықтай қарсылық жасай алмады. Бес күн бойы моңғол-татар әскерінің шабуылына тойтарыс бергенімен, басқа жақтан көмек келмегендіктен, Рязань қаласы құлап, жау қолына көшті. Келесі кезек Владимир-Суздаль князьдігіне жетті. Алғашқы шайқас Ұлы Владимир князі Юрий Всеволодович әскерлерімен болды. Моңғол-татар әскерлері Коломно қаласы түбінде князь Юрийдің әскерін талқандады, Мәскеу және Клязьма өзендерінен өтіп, бес күн қарсылықтан кейін Мәскеу қаласын алды.

1238 жылы 4 ақпанда Бату Владимир қаласын қоршайды. Қала халқы айтарлықтай ерлік көрсетеді. Бірақ үш күннен арыға шамасы келмеген қаланы қорғаушылар жеңіліс табады. Моңғол-татар әскері осылайша Ростов, Суздаль, Ярославль, Кострома, Углич, Тверь сияқты 14 қаланы бағындырып, Владимир князь - дігінен Новгородқа қарай бағыт алады. Бірақ көктемнің ерте шығуы, орманды және батпақты Новгород жері алға қарай жүруге қиындық тудырады және моңғол-татар әскерлерінің де ұзақ соғыстан қажығаны сезіледі. Сондықтан Бату әскерлерін оңтүстікке қарай бұрады.

Жолында кездескен қалалар мен ауылдарды жаулап алып, 1240 жылы Киев қаласына келіп жетеді. Киев қаласын қорғауды Даниил мен Дмитрий князьдер өз қолдарына алады. Қала халқы өз қаласын айтарлықтай ерлікпен қорғайды. Қала бекінісін бұзып кіру моңғол-татар әскерлеріне оңайға түспейді. Киев қаласы сегіз күн қарсылық көрсетеді. Күштің тең болмауы, князьдіктердің дер кезінде күш біріктіре алмауы Киев князьдігінің жеңілуіне әкеп соқтырады.

Киев қаласын алғаннан кейін Бату әскерлері Галич-Волынь княздігіне аттанады. Бату орыс жерін жаулап алғаннан соң Польшаға, Чехия мен Венгрия жеріне баса-көктеп кіреді. Алайда бірнеше жылға созылған жорықтардан әбден қажыған Бату әскерлері Еуропа елдеріне одан әрі ендеп кіре алмайды. Бату әскерлері Еділ өзенінің төменгі сағасына оралып, осында 1243 жылы Сарай-Бату қаласын салғызады. Алтын Орда мемлекетін құрады. 1240-1480 жылдар аралығында Орыс жеріне моңғол-татар үстемдігі орнайды.

**Моңғол жаулаушылықтарының салдарлары.** Моңғолдардың көптеген дамыған елдерді жеңіл түрде жаулап алуының бірқатар объективті себептері болды. Ең алдымен, мұны моңғол әскерінің қуаттылығымен түсіндіруге болады. Көшпелілердің атты әскеріне бір де бір отырықшы елдің әскері тең келе алмайтыны ежелден белгілі жағдай. Оның үстіне моңғол қолбасшыларының тактикалық шеберлігі аса жоғары болды. Әскерде темірдей қатаң тәртіп орнатылды. Моңғолдар отырықшы елдерді жаулап алу барысында, олардан қамалдарды алу техникасын үйреніп алды.



Моңғолдардың жеңістерінің екінші себебі, оның қарсыластарының осы кездегі әлсіздігі болды. Мысалы, Шығыс Азиядағы ең ірі мемлекеттер – таңғұттардың Си Ся мемлекеті, чжуч-жендердің Цзинь және Оңтүстік Сун империялары өзара бір-бірімен соғыстар жүргізіп отырды.

Батыс Азиядағы қарақытайлықтар мен Хорезм мемлекеттері де бір-бірімен жауласып отырды. Қарақытай мемлекетіндегі билікті найман ханзадасы Күшлік басып алғанымен, оның мұсылмандарға қарсы саясаты бұл мемлекеттің де ғұмырын қысқа етті. Хорезмшах мемлекеті де іштей әлсіз еді. Орта Азия жері бұл мемлекеттің құрамына енді ғана қосылған болатын. Оның үстіне мемлекеттің қоластындағы түріктер мен түрік емес халықтар арасында бірлік болмады. Моңғолдар түріктерді өз жағына тартып, олардан әскери бөліктер қалыптастырып отырды.

Моңғол тайпаларын біріктірген мемлекеттің құрылуы жалпы алғанда прогрессивті құбылыс болды. Оның шекарасы шығыста Хинган жотасынан, батыста Алтай тауына дейін, солтүстікте Селенга өзенінен оңтүстікте Ұлы Қытай қорғанына дейін созылды. Ру-тайпалық қырқыс соғыстардың тоқтауы елдің шаруашылығының дамуына оң ықпал етті. Біртұтас моңғол халқы қалыптасып, мәдениеті дамыды.

Сонымен бірге, Шыңғысханның жаулаушылық жорықтары жауланып алынған елдердің мәдениеті мен экономикасына ауыр зардаптар әкелді. Кейбір халықтар жер бетінен мүлде жойылып кетті. Мысалы, Си Ся мемлекеті құлағаннан кейін таңғұт халқы толықтай жойылды. Орталық Азияның қалалары қирап, отырықшы өркениет тоқырады. Алайда жаулаушылық жорықтар аяқталып, біртұтас империя құрылғаннан кейін бұл қалалар қайта көтерілді. Батыс пен Шығысты біріктірген Моңғол империясында Ұлы Жібек жолы бойындағы сауданың дамуына қолайлы жағдайлар жасалды. Империя аймақтары арасында ішкі байланысты қамтамасыз еткен сауда жолдары және дамыған пошта жүйесі жолға қойылды. Моңғолдар жауланып алынған халықтардың діни салт-дәстүрлеріне еш шек қойған жоқ, империяда діни еркіндік орын алды. Мұның бәрі моңғол мемлекеттерінде әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен мәдениеттің дамуының алғышарттары болып табылады.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Моңғол мемлекетінің құрылу тарихын баяндап беріңіз.
2. Моңғолдардың Қытайға қарсы жорықтарының кезендерін көрсетіңіз.
3. Моңғолдардың Қазақстан жерін жаулап алуының тарихи жағдайларына талдау жасаңыз.
4. Шыңғыс хан мен Хорезмшах мемлекетінің қарым-қатынастарына талдау жасап, моңғолдардың Орта Азия жерін жаулап алуының объективті алғышарттарын анықтаңыз.
5. Моңғолдардың орыс жерін тез-ақ жаулап алуының қандай себептерін көрсетуге болады?
6. Моңғол жаулаушылықтарының салдары жөнінде қысқаша баяндап беріңіз.

## ХІІ тарау

### Х-ХV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚЫТАЙ

**Х-ХV ғасырлардағы Солтүстік Қытайдың саяси жағдайы.** ІХ ғасырдың аяғындағы шаруалар соғысы мен орталық биліктің әлсіреуі нәтижесінде Х ғасырдың басында Қытайда саяси бытыраңқылық орын алды. 907 ж. Тан әулеті тақтан тайдырылған соң бұл бытыраңқылық тіпті күшейе түсті. 907-960 жж. аралығы Қытай тарихында «Бес әулет және он патшалық кезеңі» деп аталды. 960 жылға дейін бес әулет бірін-бірі ауыстырды. Бұл әулеттердің билігі елдің солтүстігіне ғана тарады. Олардың астанасы Кайфын (Дунцзин) қаласы болды.

Бұрынғы империяның аумағында бұл кезде 8 дербес мемлекет өмір сүрді. Олардың жетеуі Оңтүстік Қытайда құрылды. Осылайша Қытайда саяси дағдарыс орын алып жатқан кезде оның солтүстік шығысында Маньчжурияның біраз бөлігін мекендеген көшпенді кидандардың тайпалық одағы күшейе түсті. Х ғ. басында қидандар билігін «ел» тайпасының көсемі, «Елюй» руынан шыққан Абуға қолына алды. Ол өзін 907 ж. император жариялап, мұрагерлік монархия орнатты. Қидандар мемлекеті 947 ж. бастап «Ұлы Ляо» (907-1125) деп аталды.

Қидан мемлекеті көршілес елдермен, әсіресе Қытаймен соғыстар жүргізді. 916-926 жж. оған Батыс Маньжурияның кейбір маньчжур-тұңғұс тайпалары бағынды, сондай-ақ Бохай мемлекеті мен ұйғырлардың жерін, Қытайдың солтүстігі мен солтүстік шығыс бөлігіндегі 16 округын басып алады. Солтүстік Қытайдағы Кейінгі Цзинь, Кейінгі Хань және Солтүстік Хань әулеттерінің билікке келуі қидандардың араласуымен жүрді. Олар Ляоға вассалды тәуелдігін мойындады. Мұнымен қатар қидандарға Тибет, таңғұттардың Батыс Ся мемлекеті (982-1227), Коре (918-1392), Оңтүстік Тан (937-975), оңтүстік қытайлық Уюэ патшалығы (893-978) тәуелді болды.

**Сун империясының қалыптасуы.** Солтүстік Қытай халқы қидан шапқыншылығына қарсы ұзаққа созылған күрес жүргізді

(916-944). 946 ж. қидандар қытай қолбасшыларының сатқындық тобын пайдаланып Кайфынды басып алды.

959 ж. Кейінгі Чжоу әскері (императоры Чай Жун мен қолбасшы Чжао Куан-инь) қидандарға қарсы жорық жасап, Хэбэйдің бірқатар облыстарын азат етті. Алайда Чай Жунның ауырып қайтыс болуы бұл жорықты тоқтатты.

Қидандарға қарсыласқан әскер Чжао Куан-иньді император деп жариялады (960-976). Осылайша Сун империясының негізі қаланады. Сун әулетінің билігі 300 жылға (960-1279) созылды. Алайда, бұрынғы империяның (Тан империясы) шекарасын қалпына келтіру мүмкін болмады. Тан әулетінің көп жерлері қидандар мен таңғұттардың иелігінде қалды. Қидандардың Қытайдағы билігі Шаньси мен Хэбей провинцияларының солтүстігімен шектелді. Қытайдың қидандар билігінен тыс болған бөлігі 960 жылға қарай Сун әулетінің қоластына бірікті. Сонымен Сун әулетінің негізін Чжоу патшалығының талантты қолбасшысы Чжоу Куан-инь (927-976) қалады. Жаңа әулеттің астанасы алғаш Бянь (қазіргі Кайфын), кейін шығыстағы Ханчжоу қаласы болды.

Сун әулеті ең алдымен орталық билікті нығайтуды көздеді. Сун империясында басқарудың қатаң орталықтанған бюрократиялық жүйесі үстемдік етіп, бекітілді. Бұл жүйе қалыптасқан жаңа жағдайға бейімделген конфуцийліктің теориясы мен тәжірибесіне негізделді. Сун үкіметі өз билігін нығайту үшін ең алдымен, әскерилердің (милитаристердің) ықпалын әлсіретуге тиіс болды. Цзедуши қызметі сақталғанымен, әскери округтер (фанчжень) жойылды, мұның өзі іс жүзінде цзедушилердің биліктен айырылуына алып келді. 963 жылдан бастап барлық әскери құрылымдар тікелей императордың өзіне бағындырылды. Жергілікті жерлердегі әскери шендердің халыққа билік жүргізу құқығы алынды. Бұл шендердің көпшілігі орталықтан тағайындалған азаматтық шенеуніктермен алмастырылды. Сун үкіметі әскерилерден гөрі азаматтық әкімшілікке басымдық беретіндігін әрдайым көрсетіп отырды.

Осындай шаралармен қатар император билігінің барынша күшейтілуі және барлық басқару жүйесінің орталықтандырылуы жүрді. Монархтың билігінің күшеюі канцлер (цзайсянь) құзыретінің әлсіреуімен қатар жүрді. Биліктің орталық органдарының ішінде Император хатшылығының маңызы артты.

Басқарудың орталықтануы жергілікті жерлердегі барлық басшы қызметтерге астананың өкілдерінің тағайындалуынан айқын көрінді. Ел провинцияларға (ду) бөлінді, олар өз кезегінде ірі қалалардың айналасындағы округтерге (фу), ал округтар әскер басқармалар (чжоу) мен кәсіпкерлік басқармаларға (цзянь) бөлінді. Провинциялық басшылықтың ең жоғарғы бөлігін төрт өкілетті басшы: әскери істер, салық пен тасымалдау, сот ісі және мемлекеттік астық қоймалары және ирригация бойынша басшылар құрады. Олар тікелей орталық үкіметке бағынды және өз бетімен маңызды мәселелерді шеше алмады. Жергілікті әкімшілікті бақылап отыру үшін арнайы уәкілдер – *тунпани* тағайындалды. Шенеуніктерді жергілікті шонжарлармен байланысқа түсіп алмас үшін, үнемі жаңа қызметтерге ауыстырып отырды.

Әкімшілік қызметтерінің осылайша бөлшектелуі мен бірін бірі қайталауы бюрократиялық аппараттың шектен тыс өсуіне алып келді. Штаттағы қызметтің жалпы саны Сун империясында 25 мыңға жетті. Шенеуніктердің саны жүздеген мыңға жетті. Қызметке тарту жолы ретіндегі емтихандар жүйесінің маңызы артты.

963 жылы құрастырылған «Сун син тун» заңдар жинағы Тан дәуіріндегі заңдарды қайталады. Жалпы алғанда, Сун дәуірінде Тан мемлекетінде қалыптасқан империялық дәстүрлер жалғасын тапты. Мықты орталықтандырылған мемлекеттік басқару орнықты. Алайда бюрократиялық басқару аппаратының шектен тыс ұлғайып кетуі, осыған байланысты халықтан алынатын салықтың өсуі елдің ішкі жағдайына кері әсер етті. Барынша бөлшектеліп кеткен әскери ұйым және қолбасшыларды жиі-жиі ауыстырып отыру көршілермен қақтығыстарда сәтсіздіктерге әкеліп отырды. Қаржы-салық жүйесі де дағдарысқа ұшырай бастады. Осының бәрі халық көтерілістеріне алып келіп отырды.

**Ван Ань-ши реформалары.** 1047-1048 жж. Ван Цзэ басқарған Милэцзяо құпия қоғамының көтерілісі болды. Өкімет жаңа көтерілістерге жол бермей, қаңырай бастаған мемлекеттік қазынаны аз да болса толықтыру үшін реформалар жүргізуге мәжбүр болды. 1069-1074 жж. орын алған реформаларды Сун әулетінің министрі Ван Ань-ши (1021-1086) жүргізді. Оның қайта құрулары негізінен экономика саласын қамтыды. Реформа бойынша алдымен жер үлестері қайтадан есепке алынды. Қыз-

меткерлер жер иеліктері үшін салық төлеуге міндеттелді. Ван Ань-ши сонан кейін шаруаларды мемлекеттік барщинадан босатып, оны ақшалай салықпен алмастырды. Өз иеліктеріндегі жерлердің салығын шаруалар енді жартылай азық-түлікпен, жартылай ақшамен өтеуге тиіс болды. Ашаршылыққа жол бермеу үшін Ван Ань-ши мемлекеттік қамбалар ұйымдастырды. Онда сақталатын астық ашаршылық бола қалғанда халыққа үлестірілетін. Өсімқорлықты шектеу мақсатымен Ван Ань-ши мемлекеттік банктер ашқызды. Шаруалар сол банктерден өкімет белгілеген өсіммен қарыз алатын болды. Ван Ань-ши сауданы толық мемлекет қарамағына алуға сәтсіз әрекет жасады. Ол сонымен қатар әскерде де үлкен өзгерістер енгізбек болды. Ол жалдамалы армияны жойып, жалпыға бірдей әскери міндеткерлік енгізді. Әр үш отбасы бір жаяу әскер, әрбір он отбасы бір атты әскер жасақтап беруге тиіс болды. Алайда, Ван Ань-шидің бұл шаралары шенеуніктер мен феодалдардың наразылығына әкелді. 1075 ж. ол қызметінен босатылды.

Осы кезде Сун империясының сыртқы саяси жағдайы нашарлай бастаған болатын. Қидандармен қанша соғыс жүргізсе де, Қытай қидандарға өтіп кеткен 16 округтың қайтарылуына қол жеткізе алмады. 1004 ж. Қидандардың Ляо империясымен Шаньюань қаласында келісімшарт жасалып, онда бұрынғы шекара, екі жақтың теңдігі («бауырлық» қатынастары) бекітілді, ағалық жасы бойынша үлкен билеушіге берілді, яғни бір жақтан екінші жаққа өтіп отырды. Шарт бойынша Қытай қидандарға жыл сайын 200 мың жібек кесіндісін және 100 мың лян күміс (1 лян – 37,3 г) төлеуге тиіс болды. 1042 жылы жасалған жаңа келісім бойынша қидан билеушісі өзін императордың «кіші бауырымын» деп мойындағанымен қытайлықтардың қидандарға төлейтін алымы 300 жібек кесіндісі мен 200 мың лян күміске көбейтілді.

1040-1044 жж. аралығында Сун империясы Батыс Ся империясымен соғыстар жүргізуге мәжбүр болды. Бұл империя Қытайдың солтүстік батысында 982-1227 жж. өмір сүрді. Алғашқыда Таңғұт мемлекеті деп аталды. Астанасы Сячжоу (қазіргі Синин) қаласы болды. Өкімет билігі Тоба әулетінің қолында болды. Соғыс бітім шартымен аяқталды. Шекара өзгеріссіз қалды. Ся (Таңғұт) өкіметі Сун сарайының вассалы деп

танылды. Бірақ Қытай таңғұттарға жыл сайын жібек мата, күміс, шай «сыйлап» отыруға тиіс болды. 1069-1072, 1096-1099 жж. екі ел арасындағы соғыстар онан әрі жалғасты.

XI ғасырдың ортасынан бастап Сун, Ляо және Батыс Ся арасында қақтығыстар мен Қытайдың біраз жерлерінен айырылуына қарамастан күштердің өзара теңдігі сақталды. Бұл теңдік XII ғасырдың басында жаңа, тез қарқынмен күшейіп жатқан чжурчжендер (тұңғұс тайпаларының бір тармағы) мемлекетінің пайда болуымен өзгерді. Мемлекет алғашқыда Маньчжуриядағы Сунгари өзенінің орта ағысында қалыптасқан болатын. 1115 ж. чжурчжендер өз мемлекетін Цзинь империясы деп жариялайды. Қытай онымен одақтасып, Ляо империясынан солтүстіктегі 16 округтерін қайтарып алуға кірісті. 1123 жылға қарай Қытай ол округтердің біразын қайтарып алды да, алайда Қытай бұрынғы қидандарға төлейтін салығын енді чжурчжендерге төлеуге тиіс болды. 1125 ж. Ляо империясы құлады. Бұдан кейін чжурчжендер шапқыншылығы Қытайға қарсы бағытталды. 1127 жылдың басында олар Сун империясының астанасын басып алды. Император тұтқындалып, солтүстікке әкетілді. Бірақ императордың бір інісі – Чжао Гоу Кайфыннан тыс жерде жүріп, аман қалған еді. Ол оңтүстікке қоныс аударып, өзін император деп жариялады. Оның билігі Қытайдың тек оңтүстік бөлігіне ғана тарады. Қытай мемлекеті енді Оңтүстік Сун империясы деп аталды. Империяның астанасы Линьянь (Ханчжоу) қаласы болды. 15 жыл бойы Цзинь империясы Оңтүстік Сунды жаулап алуға, ал Оңтүстік Сун чжурчжендер басып алған солтүстік аудандарды қайтарып алуға тырысты. 1134-1140 жж. Юэ Фэй басқарған Қытай әскері біраз жеңістерге де жетті. Бірақ сарайда канцлер Цинь Гуй басқарған топ басым болды. Ол топ Цзинь империясымен соғысудың қажеті жоқ, оны жеңу мүмкін емес деп санады. Сондықтан бұл топ келіссөз жүргізуді жақтады. Майдандағы әскер басшылары астанаға шақырып алынды. Юэ Фэй өлтірілді. 1141 ж. чжурчжендермен өте ауыр бітім шарты жасалды: Цзинь империясына Хуайши өзенінің солтүстік аудандары берілді, Сун императоры Цзиньдердің вассалы деп жарияланды. Оңтүстік Сун империясы Цзинь империясына жылына 250 мың күміс лян, 250 мың бума монета (1 бумада – 1000 монета) салық төлеп тұратын болды. Сун империясының солтүстігі сол күйінде

чжурчжендер қолында қалып қойды. Осы жағдай моңғол жаулап алушылығына дейін сақталды. XIII ғасырдың басында Қытайға моңғолдар басып кіргенде, ел осылайша екіге бөлініп, бір-бірімен соғыстар жүргізіп жатқан болатын.

**Сун әулетінің билігі кезіндегі аграрлық қатынастар. Қолөнер мен сауданың дамуы.** X ғасырдың аяғына қарай Қытайдағы жер ұстаудың үлестік жүйесінің ұзаққа созылған ыдырау үдерісі аяқталады. Сун үкіметі «жер ұстау тәртібін орнықтырудан» бас тартады, тек шонжарлар мен шенеуніктердің жерлерінен басқа барлық өңделетін жерден салық жинауды ғана сақтауға тырысты. Үкіметтің жер мәселесіндегі осы позициясы бұдан бұрын-ақ басталып кеткен жердің шоғырлануы үдерісінің күшеюіне алып келді. Ұсақ жерлерді «жұтып қою» арқылы жүріп отырған ірі жер меншігінің өсуі қарастырылып отырған дәуірдің ең маңызды сипатты белгісі болды.

XI ғасырда Қытайда ірі жер иеліктерінің өсуі одан зор қарқын алады. Олар ұсақ шаруа шаруашылықтарын өз иеліктеріне қосып алу арқылы өсіп отырды. Қосып алу түрлі жолдармен – алдау-арбау, зорлық-зомбылық, сатып алу арқылы жүргізілді. 1 му жер (4,6 а) сапасына қарай 900-2700 монета тұрды. Жекелеген ақсүйектер мен шенеуніктердің иеліктері 3 мыңнан 6 мың цинге дейін жетті. XI ғасырдың 60 жылдарында ірі және орташа жер иеленушілердің қолында барлық егістік жердің шамамен 2/3 бөлігі шоғырланды. Үкімет мемлекеттік жерді жеке феодалдардың сіңіріп кетуіне қарсы шара қолданбады.

Көптеген жер иелерінің бірнеше помещьелері (чжуантянь, чжуаньюань) болды. Әр түрлі аудандардағы ол помещьелер шағын үлестерге бөлініп, жалға беріліп отырды. Жалға беру шарттары әр түрлі болды. Егер жалға тек жер ғана берілсе, онда түскен өнімнің мемлекетке төленген салықтан және тұқым қорынан қалған бөлігінің 10-20 %-ы, көп болса 50 %-ы жердің иесіне берілетін. Ал егер жер иесі жалгерге тұқым, көлік, т.б. еңбек құрал-жабдықтарын да қоса берсе, қалған өнімнің 4/5 бөлігін алатын. X-XIII ғасырларда жалға беру ақысының өсе түскендігі байқалады.

Мемлекеттік жер қоры «гуань тянь» деп аталды. Қызмет бабы үшін берілетін жер көлемі 7 циннен 40 цинге дейін жетті.



Бұл жерді жергілікті шаруалар өңдеді. XI ғасырдың аяғында мемлекеттік жер қоры өңдеуге жарайтын жердің 1/72 бөлігі болса, ол XII ғасырдың аяғында 1/15 бөлігі болды. Ұсақ шаруалардың да жеке меншік жерлері болды. Олардың үлестерінің көлемі 10 мұдан 90 мұға дейін болды. Барлық халықтың 90 % жуығын құрайтын шаруалардың иеліктері барлық өңделетін жердің 30 % жуығын ғана құрады. Жер салығы жылына екі рет: жазда және күзде жиналды (Янь Янь реформасынан келе жатқан үрдіс). Оның мөлшері әр му жерден 1 доуден 3 доуге дейін (1 доу – 6,64 л.) астық болды. Салық мөлшері жердің құнарлығына байланысты белгіленді. Салық төлемеу де едәуір орын алды. Кейбір аудандарда тіпті өңделетін жердің 60-70 %-нан салық жиналмай қалған кездер де болды.

Сун империясына қарағанда Цзинь империясында ірі жер иелігі шектеліп, негізгі шаруашылық ұсақ шаруалар шаруашылықтарына негізделді. Өте сыйлы адамдардың өзінің жеке меншік жері 10 циннен аспады. Берілген үлесті сатуға, әсіресе чжурчженьдердің сатуына тыйым салынды. Бірақ чжурчженьдер өз жерлерін қытайлықтарға жалға беріп отырды.

X-XIII ғасырларда Қытайдың экономикалық дамуының сипатты белгісі қалалардың қауырт өсуі және олардың қоғам өміріндегі маңызының артуы болды. Ескі қалалар ұлғайып, жаңа қалалар өмірге келді. Қала халқының саны да өсті. Сун әулетінің билігі кезінде Чанъань мен Кайфын ең көп халықты қалалар болды. XIII ғасырға қарай олардың қатарын Ханчжоу, Фучжоу, Цюаньчжоу, Янчжоу, Сучжоу, Цзянмен, Гуаньчжоу қалалары толықтырды. Ең ірі қалаларда 1 миллионнан астам адам тұрды. Ол кезде қала халқы барлық халықтың 10 %-ын құрады. Қалалардың саны ғана өсіп қойған жоқ, олардың сапасы да өзгерді. Қалалардың сауда-қолөнері орталықтары ретіндегі рөлі өсті. Осы көрсетілген жағдайлар XI ғасырға қарай Қытайда урбанизация үдерісі басталғандығы жөнінде айтуға мүмкіндік береді. Алайда осы кезде империялық өкіметтің қала экономикасына бақылауы күшейе түсті. Қала экономикасы дербес сала деп қарастырылмады, ол жалпы әкімшілік тәртіптің шектеріне күштеп енгізілді, қолдан келгенше шектеліп отырды. Бұл жағдай Қытай қаласының дамуына және оның қоғам өміріндегі әлеуметтік рөліне кері әсер етті.

Бұған дейінгі кезеңдердегідей Сун дәуірінде қалалардың өсуі қолөнер мен кәсіпкерліктің дамуымен байланысты болды. Бұған дейінгі дәуірлердегідей қолөнерде мемлекеттік те, жеке меншіктік шеберханалар да орын алды. Тек мемлекеттік қолөнер ғана емес, жеке меншік шеберханалар да үкімет тарапынан қатаң бақылауда болды. Бұған қарамастан қарастырылып отырған дәуірде Қытай қолөнерінің дамуында айтарлықтай алға жылжулар орын алды. Ең алдымен, өндіріс көлемі ұлғайды. Мұны металлургия саласынан айқын көруге болады. XI ғасырдың 60 жылдарына қарай металл кеніштері мен балқытатын кәсіпорындардың саны 271-ге жетті. Оның 122-сі мемлекет меншігінде болды. Мата өндірісі де ұлғая түсті. Қазынаға түсетін мата, соның ішінде, әсіресе жібек өнімі артты. Фарфор жасау ісіндегі барлығы 50 кәсіпорынның 14-і ірі кәсіпорын болды.

Еңбек құрал-жабдықтарының сапасы жақсара түсті. Металл балқытуда тас көмір, кокс және басқа химиялық реактивтер қолданыла бастады. Бұл жетістіктер XI-XIII ғасырларда еңбек бөлінісін күшейтті. Кәсіптердің саны көбейді. Кейбір аудандар өндірістің бір түріне мамандана бастады.

Қолөнердің саудамен тығыз байланысы сақталды, көп жағдайда бұл екі сала да бір адамдардың қолында шоғырланды. Қарастырылып отырған дәуірдегі саудадағы басты өзгеріс қала саудасының, оны шектеп отырған ресми бекітілген базарлар шегінен шығуы болды. Сауда қызметі қаланың томаға-тұйық кварталдарынан шығып, көшелер мен бұрылыстарда да жүргізілетін болды. Белгілі бір тауар түрлерін немесе ұқсас тауарларды сатумен айналысатын арнайы базарлар пайда болды. Сауданың жалпы көлемі артып, XI ғасырдың ортасымен салыстырғанда ғасырдың аяғында 3/1-ге өсті. Саудадан түсетін салық қазына табысының айтарлықтай бөлігін құрады. Тауар құнының 2 %-ы оны тасымалдағаны үшін салық ретінде алынса, 3 %-ы сатудан алынды. Бұл мөлшер кейде өзгеріп те отырды.

Сауданың дамуы тауар-ақша қатынастарының одан әрі өсуіне ықпал етті. Металл өндірудің өсуі Сун үкіметіне ортағасырлық Қытай тарихындағы ең көп монета көлемін шығаруға мүмкіндік берді. Солтүстік Сун уақытының өзінде VIII-IX ғғ. салыстырғанда 10 есе көп монета шығарылды. Мемлекеттің құзырында ондаған монета сарайлары болды. Алайда монетаның көп

шығарылуына қарамастан елде теңге жетіспеді. Нәтижеде Қытайда дүниежүзілік тарихта алғаш рет *ассигнациялар* пайда болады.

**Қытайда моңғолдар билігінің орнауы.** 1211 жылы ақпанда Солтүстік Қытайға моңғол әскерлері басып кірді. Чжурчжендер келісімге келуге шақырды. Жақсы қоршалған қалалар камалын бұзуды меңгермеген Шыңғыс хан әскері біраз қиыншылықтарға ұшырады. Сол себепті моңғолдар келісімге көнді. Бірақ көп ұзамай 1215 жылы олар уәдесін бұзып, Пекинді басып алды.

Жалпы, моңғолдардың Қытайды жаулап алуы үш кезеңнен тұрады. 1211-1216 ж. аралығын қамтыған бірінші кезең Шыңғыс ханның тікелей қатысуымен жүрді. 1216 жылы Қытайдағы соғысты ары қарай жалғастыру үшін өзінің серіктерінің бірі Мұқалиді қалдырып, Шыңғыс хан Моңғолияға қайтып кетеді. Моңғолдардың солтүстік Қытайдағы 15 жылған созылған соғысы (бірінші кезең) моңғолдарға қоршауды ұйымдастыру мен таспен ату техникасын игеруді және мықты бекіністі қалаларды алуды үйретті. Бұл оларға батыс бағытындағы жорықтары кезінде көп көмектескен болатын.

Шыңғыс хан батыс жорығында жүргенде, оның солтүстік Қытайдағы наместнигі Мұқали Цзинь империясымен соғысты жалғастыра берді. Моңғолдар Цзинь империясының халқынан құралған әскери жасақтарды кеңінен қолданды. Соғыстың бұл кезеңінде моңғолдар елді тек тонаумен айналыспай, жауланып алынған территорияны игеруді де бастады. «Жорықтағы провинциялық басқарма» пайда болды.

Моңғолдардың Цзинь империясымен соғыста тез-ақ табыстарға жетуі империяның ішкі әлсіздігімен де байланысты болды. Цзинь державасы жергілікті халықты, яғни қытайлықтарды қанауға негізделген мемлекет еді. Оңтүстік Сун үкіметі моңғолдарды Цзиньмен күрестегі одақтас ретінде қабылдады. Бұл әсіресе соғыстың екінші кезеңінде айқын көрініс тапты. Бұл кезең моңғолдардың 1227 жылы Батыс Ся патшалығын бір-жолата басып алуымен басталды. Дәл осы жылы моңғолдар Шандунь түбегіне де бекінген болатын. 1230-1233 жылдары моңғолдар Ляодунды толықтай өздеріне қаратады. 1233 жылы моңғол әскерлері Хуанхэ өзенінен өтіп, Кайфынды қоршауға

алады. Цзинь үкіметі Цайчжоуға (Жунань) көшіп үлгереді. Алайда, келесі жылы бұл соңғы астана моңғолдар мен Оңтүстік Сун біріккен әскерінің тегеурінімен құлайды. Цзинь империясы өмір сүруін тоқтатады. Алайда Оңтүстік Сунның Хуанхэ өзенінен оңтүстікте жатқан жерлерді өзіне қосып алу әрекеті бұрынғы одақтастары тарапынан қарсылыққа ұшырады. Сонымен, 1234 жылы моңғолдардың солтүстік Қытайды жаулап алуының аяқталуымен соғыстың екінші кезеңі де аяқталды.

1235 жылдың аяғынан бастап моңғолдар мен Сун империясы арасындағы тұрақты соғыс әрекеттері басталып кетті. Бұл моңғолдардың Қытайды жаулап алу соғыстарының үшінші кезеңінің басталуы еді. 1236-1237 ж. жаулаушылар әскері Шаньси, Сычуань, Хубэй, Хэнанның оңтүстік бөліктеріне баса-көктеп кірді. Алайда XIII ғасырдың 40 жылдары шапқыншылықтар сирей бастайды. Бұл тыныштық уақыты Ұлы хан болып жарияланған Мөңкенің өз тылын нығайту әрекеттерімен байланысты болды. Оңтүстік Сунға жаңа соққы беруге дайындала жүріп моңғолдар 1252-1253 жж. Дали мемлекетін талқандап, 1257 жылы Вьетнамға басып кірді. Осыдан кейін ғана, яғни 1258 жылы Сунға қарсы шабуыл басталды. Көптеген Қытай қалалары мен армия қатты қарсылық көрсетті. Моңғол империясының Ұлы ханы Мөңке (1208-1259) 1259 жылғы Оңтүстік Қытайды бағындыру жолындағы шайқастардың бірінде қайтыс болды. Моңғол жоғарғы билеуші топтарының арасында билік үшін күрес басталды, сондықтан да олар алым алу шартымен Сунмен келісім жасап, оңтүстік Қытайдан кетуді ұйғарды. 1260 жылы Ұлы хан тағына Құбылай (1260-1294) отырды. Ол 1264 жылы астананы Дадуға (Пекин) көшірді. 1271 жылы 18 желтоқсанда Құбылай қытайша Дай Юань деген атақ алып, Юань әулетінің негізін қалады. Оңтүстік Қытайды жаулап алу 1279 жылы аяқталды. Бірақ көптеген қытай отрядтары қарсыласуларын тоқтатпады, оларды сун ақсүйегі Вэнь Тяньсян басқарды. Ол өзінің барлық мал-мүлкін әскер жасақтауға жұмсады. Бірақ моңғолдар бұл қарсылықты 1280 жылы толық басып тастады.

Құбылай Юань империясының әкімшілік басқару жүйесін орнықтыруда қытай үлгісін басшылыққа алды. Сонымен бірге сол кездегі саяси жағдайды көрсететін ерекшеліктер де сақталды. Пекинмен бірге, теңқұқлы астаналар ретінде Қарақо-

рым мен Шанду (кейінірек – Кайпин) болды. Ең жоғарғы үкімет органы чжуншүшэн (Император хатшылығы) болды, ол алғаш рет Сун империясында, Қытайда VII ғасырдан бері келе жатқан үш үкімет палатасының орнына келген болатын. Алайда Ұлы хан Қаракорымда болуға тиіс болғандықтан бұл орын бос болды. Ал хатшылықты іс жүзінде басқару аға канцлердің қолында болды. Императордың жанынан шенеуніктерді бақылап отыру үшін «Әскери кеңес», «Цензорат» құрылды. Хатшылыққа бұрынғысынша алты ведомство бағынды.

Ел территориясы 11 провинцияға бөлінді, оларды жергілікті хатшылық басқарды. Моңғолдар қытай халқын діни, ұлттық ерекшелігіне қарай 4 категорияға бөлді: моңғолдар; «жатжерліктер»; солтүстік қытайлық чжурчжэндер мен қидандар; оңтүстік қытайлықтар. Қытай халқының теңсіздігі заңмен бекітілді. Мемлекеттік қызметке бастапқы екі категория мен әр түрлі еуропалықтар тартылды. Ең жоғарғы лауазымды қызметтерде, әрине, моңғолдардың өзі болды. Мемлекеттік қызметке көптеп тартылған екінші категорияның қатарында, негізінен, Орталық және Алдыңғы Азиядан шыққандар болды. Құбылайдың кезінде жоғары лауазымды қызметте венециандық көпес Марко Поло (1254-1323) 17 жыл болған. Жергілікті қытайлықтар қосымша қызметтерге тартылды, көбінесе, бастықтардың «көмекшілері» ретінде пайдаланылды. Емтихандар жүйесі тек 1314 жылы ғана әрекет ете бастады. Бұл жүйе моңғолдарға және мұсылман елдерінен шыққандарға басымдық беріп отырды.

Дегенмен, моңғолдар билікке жергілікті қытай феодалдарын тарту керектігін түсінді. Басқару ісіне қосымша солтүстік қытайлық чжурчжэндер мен қидандар тартылды. Қидандардың ұрпағы Елюй Чуцай (1190-1244) Шыңғыс хан, Үгедей және Құбылайдың кеңесшісі қызметін атқарды. Әкімшілік жүйенің бірте-бірте қытайлануы қытай шенеуніктерін басқаруға көптеп тартуға мәжбүр етті.

Құбылай билігі тұсында ауылшаруашылығы саласында біраз шаралар жүзеге асырылды. Астанада «Ауылшарушылығының бас басқармасы», ал провинцияларда – басқарманың жергілікті органдары құрылды. 1271 ж. «Ауылшаруашылық қауымдары туралы Ереже» қабылданды. Ол Ереже бойынша әр 50 отбасынан тұратын қауым құрылды. Оларды ауылшаруашы-

лығы жұмыстарынан тәжірибесі мол ақсақалдар арасынан сайланатын староста басқарды. Олардың басты міндеті – салықтың көп және уақтылы жиналуын қамтамасыз ету болды. Моңғол ақсүйектері мүмкіндігінше көп жерлерді шаруаларымен бірге басып алуға, сөйтіп ол жерлерден неғұрлым көбірек табыс табуға тырысты.

Сонымен, моңғол және қытай феодалдарының жер иеліктері шаруалардың жерден айырылуы есебінен ұлғайып отырды. Өңделетін жердің 80 % солардың қолында болды. Солтүстік және орталық Қытайды жаулап алу кезінде келген адамдардың едәуір бөлігі цюйкоу – құлдарға («қуылғандар») айналды.

Моңғолдар тұсында салық жүйесі күрделі, әрі ала-құла болды. Халықтан алынатын салық тұрған жері, ұлттық, діни және таптық-сословиелік ерекшелігіне қарай жүргізілді. Юаньдық кезеңде салық номенклатурасының 70-ке жуық атауы болған. Салық мөлшері XIII ғ. аяғымен салыстырғанда 20 есеге өсті. Буддалық, мұсылмандық, несториандық дін басылары мемлекеттік міндеткерліктен босатылды. Керісінше конфуцийлік ғалымдар мен қытай көпестері салық төледі.

Қытай шаруаларына ауыр салықтар салынды. Шаруалар үшін әсіресе жылқы салығы ауыр болды. Жылқы ауыл- шаруашылығы жұмыстарындағы басты күш көлігі болатын. Моңғолдар жергілікті халықтан жылқыны көп жинап алуға күш салды. Себебі жылқы әскер үшін, соғыс үшін қажет болды. Сөйтіп, ауылшаруашылығы ауыр күйзеліске ұшырады. Шаруа шаруашылығына ер адамдарды майдандағы қара жұмыстарға көптеп айдап әкетіп отыру да зор зиян келтірді. Жалпы он адамнан бір адам алынуға тиіс болатын, бірақ іс жүзінде моңғолдар қанша адам алғысы келсе, сонша адам алып отырды. Шаруалардың тұрмыс жағдайы шектен тыс ауырлап кетті. Будда храмдары мен монастырьларының жерлеріне бұрынғысынша салық салынбады. Шаруалар аз каналу үмітімен өз жерлерімен будда шіркеулерінің қарамағына өтіп кетуге тырысты. Сөйтіп, шіркеу феодалдары байи түсті. Сондықтан да 1327 ж. моңғол өкіметі монастырьлардың шаруалар жерлерін сатып алуына тыйым салған жарлық шығарды.

Қолөнері мен сауда бірлестіктерінің онан әрі өсе түсуін моңғол басқыншылығы тежей алмады. Марко Полоның (XIII ғ.

Венециандық саяхатшы) дерегі бойынша Ханчжоуда 15 сауда-көлөнер бірлестігі болған. Оның әрқайсысы өз қоластына өте көп үйлерді біріктірді. Моңғолдар билігі кезінде бұл бірлестіктер бұрынғыдан әлдеқайда көп еркіндіктер алып, онан әрі нығая түсті. Қолөнершілер мен саудагерлер басқыншыларға тауарларының едәуір бөлігін тегін беруге мәжбүр болды. Кейін натуралды салық ақшамен ауыстырылды. Қолөнершілер мен саудагерлерге салынатын салықтың мөлшері олардың мүліктерінің мөлшеріне байланысты болды. Моңғолдар салықты бірлестікке салатын, ал бірлестік ол салықты өз мүшелерінен өндіріп беретін.

Қытайды жекелеген аудандарды басқаратын әскер басшылары талан-таражға салды. Жергілікті жерді басқаратын моңғолдық әскербасы заңдармен, тіпті ұлы ханның жарлықтарымен де есептеспеді. Мұндай қанаудың күшеюі, талан-тараждар қаражат саласына да зиянын тигізді. Құбылай бастапқыда металл ақша шығарған жоқ, айналымға қағаз ақша жіберіп, олардың құнын әр түрлі жарлықтар күшімен сақтап қалуға тырысты. Бірақ бірте-бірте ол жарлықтар орындалмай, қолдан жасалған ақша көбейіп кетті. XIII ғ. 60 жылдарымен салыстырғанда 1296 ж. айналымдағы қағаз ақша он екі есе, 1312 ж. жиырма бес есе көбейді. Елде инфляция белең алды, яғни ақша құнсызданып кетті. Тауарлар қымбаттап, халықтың қайыршылануы күшейді.

Моңғолдардың Қытай жазуын, тілін өзгерту әрекеті сәтсіздікке ұшырады. 1281 жылы Құбылай даос кітаптарын отқа жағу туралы жарлық шығарды. Ол будда дінінің толық үстемдігін көздеді.

**Моңғолдардың Қытайдан қуылуы.** XIV ғасырға қарай моңғол басқыншыларының Қытайдағы билігі әлсірей бастады. Біртұтас Моңғол империясының орнына бұл кезде төрт Моңғол мемлекеті құрылған болатын. Моңғолияның өзімен Маньчжурия, Қытай, Тибет төртеуі сол мемлекеттердің бірі – «Ұлы хандар мемлекетінің» құрамына кірді. Биліктің әлсіреуі Қытайдағы моңғол ақсүйектердің арасындағы алауыздық пен талас-тартыстан асқына түсті. XIV ғасырдың басынан таққа үміткерлер арасындағы күрес шиеленісті.

Қытай халқының басқыншыларға қарсы наразылығы күннен-күнге өсе түсті. Барлық ауыртпалық қарапайым халықтың –

шаруалар мен қолөнершілердің үлесіне түскендіктен ең алдымен шет елдік басқыншыларға қарсы наразылықты солар білдірді. Сондықтан да Қытай халқының моңғол үстемдігіне қарсы азаттық соғысы шаруалар көтерілісі түрінде басталды. Моңғолдардың үстемдігіне қытайдың жоғарғы топтары да наразы болды, өйткені моңғолдар оларды биліктен аластатып, билікке, негізінен жаулаушылармен келген басқа халықтарды тартып отырған болатын. Сонымен бірге моңғолдардың салық саясаты да халықтың барлық топтары үшін өте ауыр болды. Моңғолдар Қытайдың ауылшаруашылығының негізі болған ирригация жүйесіне мүлде көңіл бөлмегендіктен бұл жүйе жарамай қалған болатын. Осының кесірінен Хуанхе өзені арнасынан тасып, елді су басып қалады. Осы жағдайлар көтерілістің басталуына әкелді.

Бұл көтеріліс тарихнамада Қызыл орамалдылар көтерілісі деген атау алады. Көтеріліс әскерін «Ақ лотос» құпия буддистік ұйымының мүшелері қалыптастырады. Олардың құрған әскері «Қызыл әскерлер» деп аталып кетті (хун цзюнь). «Қызыл әскерлерді» Лю Футун басқарды. Қызылдар Цзинань, Кайфын, Баодин, Датун қалаларын алып, астанаға қауіп төндірді. 1343 ж. Гуандун мен Хунанда ірі көтерілістер болды. 1348 ж. қытай қашқындарының флоты оңтүстіктегі теңізде үкімет флотын талқандады. Қытай халқының моңғол хандарымен ашық күресі, әсіресе XIV ғасырдың ортасында, Тоған-Темір билігі кезінде күшейді. Шаруалардың бұқаралық қозғалысына 1350-1351 жылдардағы табиғи апат – Хуанхэ өзенінің тасып, арнасынан шығып кетуі түрткі болды. Хэнань, Хэбэй және Шаньдун провинцияларының ұланғайыр аудандары судың астында қалды. Бұл апат халықтың шыдамын тауысты.

1351 ж. Тоған-Темір қорғаныс дамбаларын тұрғызуға барлық халықты тартуға жарлық шығарды. Халық құрылыс жұмыстарына шығудың орнына моңғол ханына қарсы көтеріліске шыға бастады. Цзянсу провинциясындағы көтерілісті Ли Эр, Хубэй провинциясындағы көтерілісті Мын Хай-ма басқарды.

Хубейдегі көтерілісті император деп жарияланған, шыққан тегі жағынан шаруа Мин Юйчжень басқарды. Бірақ бұл көтеріліс 1361 жылға қарай басылды. Көтерілісшілер арасында, әсіресе аньхуэйлік Чжу Юань-чжан басқарған отряд өте зор табыс-



тарға жетіп отырды. Бұл отряд 1354 жылы құрылған еді. Отрядтың қатарына талқандалған қызыл әскерлердің қалдықтары келіп қосылды. 1356 ж. оның басшылығындағы «жасыл орман» отряды Нанкин қаласын басып алады. Чжу Юаньчжан көтеріліс басшыларының бірі Чэнь Юлянді жеңіп (1363) елдің оңтүстігінде өз билігін нығайта бастайды. Кейінірек белгісіз жағдайларда Қызыл орамалдылардың көсемі қайтыс болғаннан кейін Чжу Юань-чжан өзінің империялық ұмтылыстарын ашық түрде білдіре бастайды. 1368 ж. 23 қаңтарда Чжу Юань-чжан Нанкинде жаңа Мин империясының құрылғандығын жариялап, өзін император деп мәлімдейді. Сол жылдың қыркүйегінде оның әскері моңғолдар тұсындағы елдің астанасы – Дадуды (Пекин) басып алды. Соңғы Юань императоры Тоған Темір солтүстікке қашып, Юань империясы құлайды. Чжу Юаньчжан Мин империясының құрылғандығын жариялайды. Үш жыл ішінде мин әскерлері моңғолдардан Қытайды толық азат етеді.

**Мин мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаты.** Билікке келгеннен кейін Чжу Юань-чжан елдің экономикасын қалпына келтіруге кіріседі. Ол көтеріліс кезінде басып алынған жерлерді шаруаларға бекітіп берді. Егістік жерлер жетіспегендіктен тың жерлерді игеруге көңіл бөлінді. Тың жерлерді игерген шаруалар үш жылға салықтан басатылды. Шаруалардың бұрынғы қарыздары жойылды. Салықтардың мөлшері азайтылды. Шаруаларға тұқым, құрал-саймандар қарызға берілді. Бос жатқан жерге қоныстанған шаруалар үкіметтен көлік ретінде ірі қара мал да алды. Бос қалған үйлер халыққа тегін берілді. Жұмыс күшінің санын көбейту мақсатымен моңғолдар тұсында ерекше белең алған құлдық жойылды. Монахтардың саны қысқартылып, ерікті адамдардың сатылуына тиым салынды. Мин империясының алғашқы жылдарында ирригациялық жүйені қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, 1395 ж. елде 40987 су қоймалары салынды. Осы шаралар ауылшарушылығының, шаруалардың жағдайын жақсартуға ықпал етті.

Алайда мемлекеттік жер қорын кеңейтумен бірге, Чжу Юаньчжан жерді және халықты қатаң түрде есепке алуға тырысты. Жаңа император барлық жеке меншік және мемлекеттік жердің есебін қайта жүргізді. Осы мақсатпен 1370 ж. халық

санағы жүргізілді. Есеп жүргізілген кезде шаруалар отырған жерлеріне бекітілді.

Қолөнершілер де елеулі жеңілдіктер алды. Көпестердің тиімді сауда жасауына жағдай жасалды (еркін жүріп-тұруға рұқсат етілді, салық азайды), аудандар арасындағы экономикалық байланыс нығайды. Фарфор мануфактурасы мемлекет қарамағына алынды. 1375 жылы жаңа қағаз ақша шығарыла бастады, алайда кейін қайтадан металл ақшаға көшті.

Мин империясы жарияланған алғашқы жылдары оның әкімшілік аппараты Тан-Сун жүйесінің тура көшірмесіндей болған еді, сонымен бірге Юань империясының бірқатар тәртіптері де сақталды (ұлыстық жүйе). Алайда императордың билігін біраз шектейтін бұл жүйе Чжу Юань-чжанға ұнамады, сондықтан да ол көп ұзамай басқару аппаратын қайта құруды бастап кетті. Ондағы мақсаты орталықтандыруды барынша күшейтіп, өзінің жеке билігін орнықтыру болды. Орталық және жергілікті басқару, сондай-ақ жоғарғы әскери басшылық қайта құрылды. 1380 ж. императорға қарсы бүлікке қатысты деген сылтаумен бірінші министр Ху Вэйюн өлтірілді. Осыдан кейін канцлер қызметі мен сарай хатшылығы жойылды. Барлық билік толықтай императордың қолына көшті. Министрлер мен басқа да қызметкерлер тарапынан бүлік болып қалады деген қауіппен император құпия полиция қызметін (Цзинь-вэй) құрды. Ол билікте болған 30 жыл ішінде шенеуніктер мен елдің басқа да халқы арасында тазартулар жүріп, нәтижесінде 100 мың адам өлім жазасына кесілді. 1377 ж. ол конфуциандық емтихан жүйесін жойды.

1398 ж. Чжу Юань-чжан өлген соң сарай ақсүйектері таққа оның баласын отырғызбай, немересін отырғызды. Бірақ бұрынғы ұлы хан астанасы Даду (Ханбала) қаласын иемденуші ықпалды князь, Чжу Юань-чжанның баласы Чжу Ди 1403 ж. төңкеріс жасап, императорды тақтан түсірді де, өзін император деп жариялады. Ол Даду қаласында қала берді де, 1421 ж. оны Бэйцзин (еуропалықтар – Пекин) деп атады.

Өзі билік құрған 1403-1424 жылдарды Чжу Юнлэ – «мәңгілік қуаныш» жылдары деп атады. XIV ғасырдың аяғында империя халқының саны шамамен 60 млн болды. (XIV ғасырдың 40 жылдарында оба дертінен Қытайдың 75 млн халқы қырылып

қалды). Чжу Ди өте белсенді сыртқы саясат жүргізді. Ол саясат елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталды. Чжу Ди билігі кезінде моңғол хандарымен күрес одан әрі жалғасты. Енді Қытай қорғаныс емес, шабуылға шықты. Бірақ Цю Фу басқарған қытай әскері 1409 ж. Керулен өзеніндегі шайқаста моңғолдардан жеңіліп қалды. Келесі 1410 ж. қытай әскері Онон өзеніндегі шайқаста жеңіске жетті. Төле өзенінде Қытай әскері батыстық моңғолдар – ойраттарды талқандады.

XV ғасырдың басында Мин империясының ұланғайыр Темір державасымен қатынасы шиеленісті. Чжу Ди Темірге елшілік жіберіп, оның Қытайға тәуелділігін мойындауын, салық төлеп тұруын, жіберілген елші Анды тез қайтаруын талап етті. Ол талапқа жауап ретінде Темір қытай елшілігімен қоса сауда керуенін де кері қайтармай, ұстап қалды. 1404 жылдың қараша айында Темір Қытайға қарсы жорыққа аттанды. Алайда, 1405 ж. 18 ақпан күні Отырар қаласында Темір қайтыс болып, Қытайға жорық тоқтады.

1405 ж. Қытай Вьетнамның біраз жерін басып алды, ал 1407 ж. оны толық бағындырып, 1427 жылға дейін өзінің бір провинциясына айналдырды.

1402-1404 жж. көптеген елшіліктер теңіздің арғы жағындағы елдерге, оның ішінде Үндістанға да жіберілді. Әсіресе атақты теңізде жүзуші, әрі саясаткер Чжен Хэ басқарған экспедиция кеңінен белгілі болды. 1403-1433 жж. адмирал Чжен Хэ басқарған 7 жорық Үндістанға, Индонезияға, Шығыс Африкаға жасалды. Оның эскадрасы 30 мың жауынгері бар 48-62 кемемен құрылды. 1415 ж. орталық Азияға, Темірдің мұрагерлеріне үлкен елшілік жіберілді. Ондай елшіліктер 1411 ж. Манчжурияға, 1412 ж. Үндістандағы Джаунапур мен Дели князьдіктеріне, 1415 ж. Тибетке, т.б. елдерге жіберілді. Бірақ бұл елшіліктердің табысы Чжен Хэнің елшілігінің табысынан әлдеқайда аз болды. 1427 ж. Қытай әскері Вьетнамнан шығып, оның тәуелсіздігін мойындады. 1436 ж. Қытай барлық шет ел елшілерін елден қуды, өзінің алыс елдерге теңіз жорықтарын тоқтатты. 1449 ж. батыстық моңғол-ойраттар басшысы Есен Қытайға шабуыл жасады. Туму маңында ойраттықтар Қытай әскерін талқандады. Император тұтқынға түсіп, әскердің қолбасшысы қаза тапты. Бірақ Есен Қытайдың астанасын ала алмай, 1450 ж. кейін қайтты.

Туму апатынан кейін Қытай барлық әскери күшін солтүстік батысқа шоғырландырып, басқыншылық саясатын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды.

**Бекіту сұрақтары:**

1. Моңғолдардың Қытайға жорығының негізгі кезеңдерін көрсетіңіз.
2. Юань билігіндегі Қытайдың басқару жүйесі?
3. Шаруалар соғысы және Қытайдың моңғолдардан азат етілуі?
4. Мин дәуіріндегі Қытайдағы реформалық қозғалыстың мәнін ашыңыз.

### ХІІІ тарау

## ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КОРЕЯ

**Корея моңғол жаулаушылығы дәуірінде.** 1218 ж. қидандарды қуған моңғол әскері Коре мемлекетінің территориясына алғаш рет басып кірді. Коре ваны моңғолдармен «достық қатынастар» орнатуға мәжбүр болды, бұл моңғолдарға вассалдық тәуелділігін мойындауды білдірген еді. Алайда вассалдық байланыс әлсіз болды, Коре өз тәуелсіздігін қалпына келтіру үшін бар мүмкіндікті пайдаланып қалуға тырысып отырды. 1231 ж. моңғол жасақтары Қытай мемлекетіне қарсы жорықтар кезінде корей шекарасына да келген болатын. Моңғол қолбасшысы Сарытайдың қоластындағы моңғол әскері сол жылдың жазында Амноккан өзенінен өтіп, Хамчисонды алды, моңғол әскерінің бір жасағы Куджу қаласын қоршауға алды. Бірақ қаланы ала алмады.

1231 ж. аяғында моңғолдар Коренің астанасы – Кэгенді қоршауға алды, Коре үкіметі бітім келіссөздерін бастауға мәжбүр болды. 1232 ж. басында бітім шарты жасалып, оның шарты бойынша кореліктер қыруар алым төлеуге міндеттелді. Моңғолдар ірі қалаларға наместниктерін қалдырып, елді тастап шықты.

Бірнеше айдан кейін Коре үкіметі бітім шартын жою туралы шешім қабылдады. Моңғол наместниктері өлтіріліп, сарай Канхвадо аралына көшіп кетті. 1232 ж. жазында моңғолдар Коре жеріне қайта басып кіріп, астананы тағы қоршауға алды. Ұзаққа созылған қоршау еш нәтиже бермеді, моңғол қолбасшысы Сарытай қаза тапқаннан кейін моңғол әскері елді тастап шығуға мәжбүр болды.

1235 ж. моңғолдардың Ұлы Құрылтайында Батысқа, Орталық Азияға жорықтар жөнінде шешім қабылданды, оңтүстік Қытайды, Коре мемлекетін бағындыру жоспары бекітілді. Осы шешімге сәйкес 1236 ж. Кореге моңғол әскері қайта басып кірді. Ұрыс қимылдары 1239 ж. дейін жалғасты, кореліктер ірі шай-

кастардан қашуға тырысып отырғандықтан моңғолдар кішігірім қақтығыстармен шектеліп, негізінен бекіністерді қоршауға алып отырды. 1239 көктемінде моңғолдар Кореге вассалдық тәуелділік шартымен бітім ұсынды. Бітімге қол қойылды, бірақ оның шарттарын орындауға Коре үкіметі асықпады. Тек моңғолдардың елден кетуін күтіп, қорғанысты күшейту үшін уақыт ұтуды ғана ойлады.

1247 ж. моңғолдар Амуганның қолбасшылығымен тағы да Коре жеріне лап қойды. Коре астанасын тірек базасы қылған моңғолдар, осы жерден елдің әр түрлі аймақтарына жасақтарын жіберіп отырды. Кореліктер оларға тойтарыс беріп, қатты қарсылық көрсетті.

1251 ж. жазында Мөңке Ұлы хан тағына отырғаннан кейін, Моңғол мемлекетінің сыртқы саясатының басты бағыты Оңтүстік Сун империясын бағындыру деп жарияланды. Көрші елдерді аяусыз тонау, оларды Қытайға шабуылдың плацдармына айналдыру саясатымен алмастырылды. Осы саясатқа сәйкес моңғолдар Кореге бітім ұсынып, Коре оны қабылдады. Алайда моңғол әскері елден кетпей, керісінше қосымша күш келгеннен кейін анағұрлым қуатты шабуылға көшті. Қоршауға алынған бекіністер қатты қарсылық көрсетті. Коре мемлекетіне қарсы шабуылдарын жалғастыра отырып, моңғолдар 1254 ж. соғыс қимылдарын енді Кореяның оңтүстік провинцияларына ауыстырды (бұған дейін бұл жерлерге моңғолдар тиіспеген болатын). Бұл жерде де қатты қарсылыққа кездескен моңғолдар оңтүстік провинцияларды аяусыз тонауға ұшыратты. Бұл сарай, әскер және шенеуніктер орналасқан Канхвадо аралын азық-түлікпен қамтамасыз етуді қиындатып жіберді. 1257 ж. моңғолдар өзінің ірі күштерін аралдың қарсы бетіне шоғырландырып, Коре үкіметіне тікелей қауіп төндірді. Осының бәрі сарай маңы ортасында абыржу тудырып, онсыз да күрделі ішкі саяси күресті ушықтырып жіберді: көптеген қызметкер шонжарлар Чхве үйінің шексіз билігіне наразы еді. 1258 ж. бүліктің нәтижесінде елдің іс жүзіндегі билеушісі Чхве Ый өлтірілді, ал келесі жылдың көктемінде тақ мұрагері Құбылай сарайына аттанды. Моңғолдар бітім шарттарын біраз жұмсартып, Коренің Моңғолияға қатысты вассалитетін мойындауымен бітімге қол қойылды. Коренің жаңа

ваны Вонджон моңғолдардың үстемдігін қалтқысыз мойындап, сарай маңындағы қарсыластарымен күресте соларға иек артты.

**XIV-XV ғғ. Корея.** XIV ғ. басына қарай Коре моңғол шапқыншылығынан әлі де көтеріле алмаған еді. Кейінірек ол Юань әскерінің Жапонияға қарсы жорықтарына қатысуға мәжбүр болды. Нәтижеде халық саны азайып кетті, егістік алқаптары қысқарып, ирригациялық жүйе құлдырады. Қолөнер өндірісі мен сауда тұралап қалды. Жыл сайын әр түрлі провинцияларды аштық жайлап, халық жұқпалы аурулар мен табиғи апаттардан көз ашпады.

Халықтың ауыр жағдайына қарамастан, феодалдық қанау күшейе түсті. Салық төлеушілер санының қысқаруы салық көлемін арттыру есебінен орнына келіп отырды. Жаңа салықтар мен міндеткерліктер енгізілді. Шаруалар ван сарайына ғана емес, Юань сарайына да салық жөнелтіп отырды. Еңбек міндеткерлігі бұрынғыдан бетер ауырлай түсті. Өсімқорлық өсіп, борышкерлер жерінен, мүлкінен айрылып жатты, тіпті балаларын, әйелдерін, кейде өздерін де құлдыққа беруге мәжбүр болды.

Феодалдық қоғамдағы қайшылықтар одан әрі шиеленісе түсті. Ақсүйек шонжарлардың көпшілігі билігінен, жерінен айрылып қалды. Оны Юань әулетімен туыстық байланыстары бар немесе қызметті сатып алған жаңа шонжарлар ығыстырды. Шенеуніктердің төменгі топтары салықтар мен шонжарлардың әділетсіздіктерінен жапа шекті. Коренің саяси тұрақсыздығы оның ішкі істеріне Юань әулетінің араласуымен ушыға түсті. Феодалдық топтардың өзара бәсекелестігі тоқтамады. Сарайдағы билікті императордың қолдауына ие болған уақытша билеушілер басып алып отырды. Халық бұқарасының қанаушыларға қарсы күресі бірте-бірте оянып келе жатты. Ең ірі бас көтеру 1318 ж. Чеджудо аралында орын алды. 1334 ж. бес провинцияда бірдей, ал 1361 ж. елдің солтүстік батысындағы бірқатар уездерінде толқулар болды.

XIV ғ. ортасында Юань үкіметіне қарсы Қытайда басталған азаттық қозғалысы Кореде қолдау тапты. 1351 ж. билікке келген ван Конмин жаулаушылар енгізген бірқатар ережелерді, қызметтер мен атақтарды жойды. 1356 ж. Юань әулетіне ең бір берілген топтың көзі жойылды. Осы жылы корей әскері шекаралық Амнокан өзенінің қытайлық жағалауындағы сегіз юань бекінісін

талқандап, кезінде моңғолдар өз қоластына алған бірқатар Коре территориясының суверенитетін қалпына келтірді. Алайда, Коре үкіметінің Юань империясымен қатынасты біржолата үзуге батылы жетпеді. Бұл жағдай солтүстік шығыс Қытайдағы Юаньға қарсы күштердің Кореге басып кіруіне ықпал етті (Кореде оларды «қызылбастылар» деп атады).

Алғаш 1359 ж. күзінде Коре жеріне лап қойған қызылбастыларды Коре әскері бірнеше шайқастарда үлкен шығындармен талқандап, елден қуып шыққан болатын. Жаңа ірі шабуыл 1361 ж. күзінде орын алды. Бұл жолы қызылбастылар елдің астанасына дейін жетті. Алайда, халық жасақтары мен бекініс горнизондарының кескілескен қарсылығы Чхве Еннің қолбасшылығындағы Коре армиясының күшін қалпына келтіруге мүмкіндік туғызды. Осы біріккен күштің арқасында 1362 ж. басында қызылбастылар елден біржолата қуылды.

Ван Конмин орталықтандыруды күшейту саясатын жүргізіп, «ықпалды үйлердің» зорлық-зомбылығына қарсы тұру бағытын ұстанды. Оның уәзірі, буддистік діндар Синдон ерекше зорлықшыл, паракор шенеуніктерді қызметінен алып, олардың орнына, шыққан тегіне қарамастан, қабылетті адамдарды қойды. Ең бастысы, Синдон жерінен айрылып қалғандарға жерлерін қайтарып бергізді, заңсыз түрде нобиге айналдырылған шаруаларға еркіндіктерін қайтарды, оларға өңдеу үшін бос жатқан жерлерді таратып берді. Қытайда Мин әулеті билікке келгеннен кейін, Коре онымен дәстүрлі қатынастарды қалпына келтірді, яғни өзінің тәуелділігін мойындады.

Синдонның жүргізген саясаты оны қарапайым халықтың сүйіспеншілігіне бөледі, есесіне шонжарлардың жеккөрушілігін оятты. 1371 ж. жала жабу арқылы шонжарлар оны биліктен аластатты. Билікті қолына алған топ («Лим – Ем тобы») шонжарларға кәмпескеленген жерлерін және нобилерін қайта -рып берді. Бұған қарсы тұруға тырысқан Конминді өлтіріп, таққа өз адамдарын отырғызды. Осымен бір мезгілде миндік Қытаймен қарым-қатынастарды үзіп, моңғол хандарының («Солтүстік юань әулеті») сюзеренитетін қалпына келтіру саясатын ұстанды.

XIV ғ. 70-80 жж. Коредегі феодалдық қайшылықтар жалпы-мемлекеттік дағдарысқа ұласты. Жаңа билеушілер өздері де байып, маңындағыларға мемлекеттің жері мен қаржысын тарата



бастады. Паракорлық, зорлық-зомбылық бұрын болып көрмеген көлемдерге жетті. «Ықпалды үйлердің» мемлекеттік және жеке меншік жерлерді күштеп басып алуы әдеттегі жағдайға айналды. Аса ірі жер иелері қарулы жасақ ұстайтын болды. Мемлекеттік аппарат оларға қарсы тұруға дәрменсіз болып қалды. Орта және ұсақ шенеуніктер кедейленіп, елдің қорғаныс күші әлсіреді. Оңтүстіктегі уездерін жапон қарақшылары үздіксіз тонаушылыққа ұшыратып отырды.

Елдегі қауіпті жағдайдан шығу қажеттігі билеуші топқа қарсы оппозиция туғызды. Оның әлеуметтік тірегі шонжарлардың зорлық-зомбылығына наразы болып отырған орташа және ұсақ шенеуніктер мен өз билігі мен артықшылықтарынан айрылып қалған ескі ақсүйек шонжарлар болды. «Реформалар партиясын» атақты қолбасшы Ли Сонге, белгілі шенеуніктер мен конфуцийлік қайраткерлер Чо Джун, Чон Доджон, Чон Монджу және т.б. басқарды. Билеушіге петициялар жазу түрінде орын алған оппозициялық қозғалыстың басты талаптары: орталық билікті күшейту, жеке жер иеленуді күрт қысқарту және жерге мемлекеттік жер меншігін қалпына келтіру, бұрынғы қызметі үшін жер үлесін беру жүйесіне қайта оралу, зорлық-зомбылықпен аяусыз күрес және т.б. болды.

Оппозициялық күштердің күшеюі 1388 ж. басында «Лим-Ем» тобын биліктен аластатуға мүмкіндік туғызды, елде «реформалар партиясының» ықпалы күшейе бастады. Билікке келген осы партия орталықтандырылған мемлекетті және оның негізі – жерге мемлекеттік меншікті күшейту бағдарламасын іс жүзіне асыруға кірісіп кетті. 1391 ж. жарияланған о кваджон (рангілік үлестер) Заңы бойынша жер ұстау жүйесі реттелді. Заңның басты талабы елдегі жер қорына мемлекеттің бақылауын қамтамасыз ету және бұл қорды үстем таптың мүддесі үшін пайдалану болды.

XV ғ. басына қарай орталық және жергілікті мемлекеттік аппаратты қайта құру аяқталды. Ең жоғарғы үкімет органы Ыйджонбу (Мемлекеттік кеңес) болды, оған 6 орталық салалық орган және 80-дей үлкенді-кішілі мекемелер бағынды. Ел 8 провинцияға бөлінді, оларға 350 уезд кірді, олардың өзі бірқатар категорияға бөлінді. Жергілікті басшылар, губернаторлар мен

уезд бастықтары орталықтан тағайындалды және аракідік ауыстырылып отырылды.

Орталықтандырылған бюрократиялық аппараттың шыңында ван орналасты. Оның әмірімен заңдар, үкімет бұйрықтары бекітілді, шенеуніктер тағайындалып отырды. Алайда монархтың билігі шексіз бола қойған жоқ. Ол бекіткен қаулылар бақылау мекемелеріне түсіп отырды, бұл мекемелердің міндеті бұл құжаттардың өмір сүріп отырған заңдарға, әдет-ғұрыптар мен конфуцийлік дәстүрлерге сәйкестігін тексеру болды.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Моңғолдардың Корея жерін жаулап алу жорықтарының негізгі кезеңдерін көрсетіңіз.
2. Моңғолдар билігі тұсындағы Кореяның әлеуметтік-саяси дамуының ерекшеліктерін анықтаңыз.
3. Кореліктердің моңғолдарға қарсы күресіне талдау жасаңыз.
4. XV ғасырдағы Кореядағы саяси дағдарыстың себептерін түсіндіріңіз.

## XIV тарау

### ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖАПОНИЯ

**Жапонияда Сегунаттың қалыптасуы.** X-XIII ғғ. Жапонияда ертефеодалдық қоғамнан дамыған феодализмге өту іске асты. Бұл уақыт аралығында әскери сословие бірте-бірте күшейе берді. X ғ. басында-ақ елдің шығыс провинцияларында Тайра Масакадо бастаған, ал батысында Фудзивара Сумитома бастаған феодалдардың үкіметке қарсы бүліктері осы үдерістің айғағы болды. Әскери сословиенің билікке келуіне бірқатар жағдайлар ықпал етті. X-XII ғғ. шеткергі аймақтарда феодалдар күшейді, нәтижесінде орталыққа бағынбау үрдісі, жекелеген провинциялардың сепаратизмі, саяси бытыраңқылық күшейді. X-XI ғғ. феодалдардың арасында өзара қырқыстар пайда болды. Оның ақыры феодалдық үйлер арасындағы бәсекелестік пен саяси бытыраңқылыққа ұласты. X-XII ғғ. орын алған бұл үдерістер орталық билікті әлсіретті.

Алғашқыда феодалдық жасақтар шаруалар көтерілістерін басу мақсатында құрылған болатын. Осы кезде жапон қоғамында семсер культі дамыды, ерекше әскери-феодалдық сословие – самурайлар құрылды. Олар күшті феодалдық үйлердің вассалдары, әрі кәсіби әскери жасақшыларына айналды. Мұнымен бір мезгілде «бусидо» («самурай немесе жауынгер жолы») деп аталатын әскери қызметтік ақсүйектердің дүниетанымы туралы құжат дайындалды. Онда самурайдың тәртіп ережесі мен ар-ождан кодексі қарастырылған. «Бусидоның» негізіне конфуциандық пен буддизмнің мемлекетке, сюзеренге, әкеге, үлкенге бағыныштылық ілімдері алынды. «Бусидоның» кез келген ережесін бұзу немесе самурайды масқаралайтын әрекет самурайдың «харакири» («қарын жару») рәсімімен орындалатын өзіне қол жұмсауымен аяқталды.

XII ғ ортасынан бастап Тайра мен Минамото үйлері арасындағы күрес өршіді. Оңтүстік батыс Жапонияда, әсіресе

Тайра үйі зор ықпалға ие болды. Ол 1156 жылы үкімет билігін басып алып, оны 1185 жылға дейін қолында ұстады. Император атынан қимылдай отырып, олар өз қарсыластары – солтүстік шығыс аудандарының феодалдарымен күрес жүргізді. Солтүстік шығыс феодалдары мен оңтүстік батыс феодалдарының күресі ықпалды екі үйдің – Тайра мен Минамото үйлерінің күресіне ұласты. Бұл күресте әскери күшке ғана емес, мықты феодалдық ұйымға арқа сүйеген Минамото үйі жеңіске жетті. 1185 жылы Данноур маңында тайралықтар жеңілді. Минамото үйі бұл соғыстың нәтижесін өз мүддесіне пайдаланды. 1192 жылы әскер қолбасшысы Ёоритомо «Сёгун» деген атақпен мемлекеттің жоғарғы басшысы деп жарияланды. Сёгун – «сейи тайсёгун» деген сөздің қысқартылған түрі. Ол сөзбе-сөз варварларды бағындырушы ұлы қолбасшы дегенді білдіреді. Бұл атақ алғаш 794-811 жылдары Хэйаннан (қазіргі Киото) Хонсю аралының солтүстік шығысындағы эбису халқын бағындыру үшін жіберілген әскер басшысына берілді. Іс жүзіндегі өкімет билігінің императордан Минамото әулетіне көшуінен кейін сёгун деген атақ осы әулеттің басшысы Ёоритомоға берілді. Сёгунат – феодалдар диктатурасының саяси формасы болды. Оның үкіметі бакуфу деп аталды. Елдің саяси орталығы Хонсю аралының шығысындағы Камакура қаласына көшірілді. Тайраларды жеңген соң Минамото үйінен шыққан жаңа басшыларға қарсы император мен Фудзивара үйі бастаған астаналық ақсүйектер күрес жүргізді. Бұл күресте Минамото үйі шаруалар қозғалысын өз мүддесіне сай пайдаланып қалды. 1185-1192 жылдары император мен астаналық ақсүйектер іс жүзінде биліктен айрылды. Бірақ император атағы сақталып қалды. Астаналық ақсүйектердің 1221 жылғы әскери бүлік арқылы билікке қайта оралу әрекеті жеңіліс тапты.

Жапонияда Минамото әулетінен шыққан сегундар билігі орнады. Ёоримото императорды тақтан қуған жоқ. Ол Киотода қалдырылды, бірақ оны әскери гарнизон үнемі күзетіп отыратын болды. Астана Хонсю аралының шығысындағы Камакура қаласына көшірілді. Сондықтан да Минамото мен Ходзё әулеттері (Ходзё Минамото Ёоримотоның қайын атасы болатын) билік құрған 1192-1333 жылдар аралығы Камакура сёгунаты деп те аталады. Минамото жасақшылары жеңілген қарсыластарының

біраз жерін тартып алып, өзара бөліске салды. Әскери комиссарлар өз үлестерін басқалардың есебінен ұлғайта түсті. Кейін олардың көбі ірі феодалдарға – даймелерге айналды.

1199 ж. Минамато-Ёоримото үйінің басшысы өлгеннен кейін жесірі Ходзе Такимаса билікке келді. 1219 ж. Минамато – Санэтомо үйінің соңғы сегуны өлтірілді. Басқару Минамато үйіне жақын Ходзе үйіне берілді, оның шексіз билігі XIV ғ. алғашқы ширегіне дейін созылды.

Минамато мен Ходзе ұрпақтары арасындағы билікке таласты император пайдаланды. 1219 ж. экс-император Готоба қарулы көтеріліс жасады. Бұл Жапония тарихында «Секю жылының дүрбелеңі» аталды. Билікке келген Екю 1219-1221 жж. елді басқарды. Бүлікші сарай ақсүйектерінің 600-ден астам иеліктері тәркіленіп, Ходзе үйі арасында бөліске түсті. 1221 ж. бастап Ходзе император сарайына бақылауды күшейтті, көтерілістердің алдын алу мақсатында Киотода ерекше өкілетті – резиденция құрды. Камакура үкіметінің мемлекеттік аппараты сегунның тікелей вассалдарынан құралды. Камакура сегунаты самурайлар мен ақсүйектерге, будда дін басыларына сүйенді.

XII ғ. аяғы мен XIII ғ. басында жер феодалдық үйлердің пайдасына қайта бөлінді. Минамато үйі Тайра үйінің иеліктерін тәркілеп, жақтастарына арнаулы грамота (гогэбун) түрінде үлестік жер («тигеті» – ұсақ үлестік жер) таратты. Шаруаларды қанаудың түрлері өзгерді. Барщинамен (жұмыспен өтеу) бірге азық-түлік рентасы (натуралды оброк) да қатар жүрді. Күріш және мақта өнімінің 40%-дан 60%-ға дейінгі үлесі алынды. Шаруалар бекіністер мен құрылыстар салу, әр түрлі алым-салықтар төлеу т.б. қосымша міндеткерліктер атқарды. Сондай-ақ, оларды самурай жасақтары мен жаяу әскерде қызмет етуге мәжбүрлеп отырды.

1232 ж. император бүлігін басқаннан кейін (Киотоны Ходзе әскері басып алғаннан кейін) реформатор Ходзе Ясутоки «Дзеэй жылдарының заңын» шығарды. Ол ұсақ жер иеліктерін ұстаушы ақсүйектерді нығайтуды көздеді. Ортағасырлық Жапонияда азаматтық, қылмыстық және процессуалды кодекстер шықты. Заң баптарында көбінесе феодалдардың қарсылықтары мен қастандығын жазалау, жерді күштеп тартып алу мәселелері қаралды. Феодалдарға көтерілістерді басып тастауға шексіз құқық берілді. Мұрагерлік тәртібі анықталды.

**Қолөнер және сауда-өсімқорлықтың дамуы.** X-XII ғғ. Жапонияда ертефеодалдық қалалар бой көтерді. Өндіргіш күштердің өсуі еңбек бөлінісіне, қолөнердің ауылшаруашылығынан бөлінуіне әкелді. Жапония Қытайға экспортқа алтын, сынап, желпуіш, лакталған бұйымдар, семсер, ағаштардың түрлерін шығарды, ал сырттан жібек, парша, опа, фарфор, мыс монеталары әкелінді.

Алайда қолөнершілер мен саудагерлер, өсімқорлар, шаруалармен қатар құқықсыз халықтың құрамына кірді. Бірте-бірте қолөнершілер «дза» деп аталған бірлестіктер (ортағасырлық Еуропадағы қолөнер цехтарының баламасы) құрды. Олар XII ғасырдың басында Хэйан (Киото) және Нара сияқты ірі қалаларда құрылды. Дзалар алдымен император сарайына қызмет етті, сонан кейін киотолық сарай ақсүйектері мен бай монастырьлар үшін еңбек етті. Ол кезде дзалар әрі цех, әрі гильдия қызметін атқарды. Өзара қырқысулар тоқтап, Минамото сегунаты орнаған соң XIII ғасырда дзалар бүкіл елде, Камакура, Осака қалаларында, барлық провинцияларда кең тарай бастады. Кейін, XIII ғасырдың аяғында даймелердің қамқорлығымен ірі феодалдық иеліктер де құрылды. Дегенмен, XII-XIV ғасырларда ең күшті және ең бай дзалар монастырьлар мен киотолық сарай ақсүйектерінің қамқорлығындағы дзалар болды. Дзалар өз қамқоршыларынан бұйым түрлерін шығаруға, оны сатуға құқық алып отырды. Қамқоршыларына дзалар өз бұйымдарына бір бөлігін салық ретінде төлеп отырды. Астанада, провинцияларда тұрақты базарлар ашылды. Олардағы сауда мейрамдар кезінде қызу өткізіліп отырды. Алғаш сауда, аптасына 1-2 рет өткізілсе, бірте-бірте күнде өткізілетін болып кетті. Саудагерлер бірлестіктері «накама» деп аталды (Еуропадағы гильдиялар тәрізді). Азық-түлік дайындап, сататындардың да бірлестіктері құрылды. Олар феодалдар иеліктері мен монастырьларда, Киото сарайында пайда болды. Олар балық, құс, мал етін сатып отырды. Сондай-ақ бірден көп мөлшерде сататын «тоя» деген саудагерлер (көтерме саудамен айналысушылар) шықты. Олар салықтан түскен азық-түлікті ірі тұтыну орталықтарына жеткізіп, алып-сатарларға өткізіп отырды.

Бұл кезге (XIII ғ.) қарай өсімқорлық капиталы едәуір дамыды. Ол самурайлардың жер иеліктерін өз қолына алуға

тырысты. Моңғол шапқыншылығына қарсы күрес жағдайында сауда өсімқорлық капиталының жағдайы одан сайын нығая түсті.

**Жапонияға моңғолдардың жорығы.** XIII ғ. 2-жартысында Жапонияға моңғолдар қауіп төндірді. Қытайда моңғолдардың Юань империясын құрған Құбылай Жапонияны басып алуға тырысты. Ол 1266-1273 жж. Жапонияға мынадай талаптар қойды: Жапония Юань империясына вассалдық тәуелділігін мойындауы керек, қарсыласқан жағдайда соғыс жарияланады. Алайда, бұл талаптарды сегун Ходзе Токимунэ (1251-1284) қабылдамады, ол әскерін жасақтап, Кюсюдің батыс жағалауы және Хонсюдің оңтүстік батыс жағасында қорғаныс ұйымдастырды.

1260-1285 жылдардағы моңғолдардың тарапынан төнген қауіп Жапонияның барлық күш-жігерін қорғанысты ұйымдастыруға жұмсауға мәжбүр етті. Кюсю мен Хонсю аралдарының жағаларында ірі бекіністер салынды, самурайлар топтары жинақталды.

1274 ж. Құбылай Корея жерінен жорыққа шықты. Оның әскері 15 мың моңғол мен қытайлықтардан және 8 мың корейліктерден жасақталды. Моңғол флоты 7 мың корейлік және қытайлық теңізшілерден тұрды. Соғысқа 3 мың ірі кеме мен 400-500 қайық тартылды. Жорықтың бірінші кезеңі сәтсіз аяқталды, алайда 1279 ж. оңтүстік Қытайды бағындырғаннан кейін Құбылай күшейіп, 1281 ж. Жапонияға қарсы 2-ші жорығын бастады. Оған 100 мыңдық оңтүстік Қытай әскері қатысты. Алайда Құбылай бастаған Қытай жорығы Кюсю жағалауына тұрған күшті дауыл («камикадзе» – Құдай желі) әсерінен сәтсіз аяқталды. Моңғол әскерінің басым бөлігі суға батып, қалғаны тұтқынға түсті.

Құбылайдың жеңілуінің «камикадзеден» басқа тағы бір себебі, жапондық жеңіл, әрі шапшаң қозғалатын кемелермен салыстырғанда моңғолдардың ауыр кемелері теңіз соғысында тиімсіз болды, дауылға қарсы төтеп бере алмады. Сонымен бірге, жапондардың жеңісі олардың елдің тәуелсіздігін сақтап қалуға деген ерік-жігері мен шетжерліктер қауіп алдында жапон феодалдарының өзара ауызбірлікке қолжеткізуімен байланысты болды.

Моңғол шапқыншылығына қарсы қорғаныс ұйымдастыру шаруалардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жіберді. Самурай-

лардың да жағдайы нашарлады. Орталық билік эпидемия мен қуаншылыққа қарсы күресте дәрменсіздік танытты. Әскер ұстау мен қорғаныс шығындары елді қаржылық-экономикалық жағынан құлдыратып жіберді. Моңғолдардан қорғануды ұйымдастыру барысында барлық қаражат пен қару-жарактың, әскердің оңтүстікте шоғырлануы оңтүстік даймелерінің (феодалдарының) күшеюіне ықпал етті. Күшейіп алған оңтүстік феодалдары Ходзэ үйінің жеке билігіне қарсы шыға бастады.

**Асикага сегунаты.** XIV ғ. алғашқы ширегінде феодалдық үйлер Камакура үкіметіне қарсы бүліктер шығарды. 1324 ж. Киото қаласында қастандық ұйымдастырған құпия ұйым мүшелері әшкереленді. Осындай жағдайда экс-император Годайго император билігін қайта қалпына келтіру мақсатында Ходзе үйіне қарсы күштерді біріктірді. Алайда, бұл антисегундық қозғалыс әшкереленіп, Годайго тұтқынға алынды. Ол Ики аралына жер аударылады. Сондай-ақ, Годайгоны қолдаған оңтүстік батыс феодалдары Ходзе әскерін жеңеді. Император билігі қалпына келтіріліп, бұл оқиға тарихта «Кэмму реставрациясы» (1333-1335) атауымен қалды. Алайда, Годайго билігі ұзаққа бармады. Император мен Ходзе билігіне қарсы әскери күштердің қатынасы шиеленісті. Бұрынғы Ходзе қолбасшысы Асикага Такаудзи император Годайгоның жағында жүріп, оның беделін жеке билігін орнату үшін пайдаланды. Император Годайго феодалдық үйлерді ынталандыра (жер, шен беру) алмады. Оның үстіне жаңа салық жүйесі, қағаз ақшалар одақтас феодалдардың наразылығын туғызды.

Осындай жағдайда Асикага Такаудзи Ходзе үйіне қарсы шығып, Киотоны басып алды. Камакура қаласын өзінің резиденциясына айналдырды. 1335 ж. Асикага Такаудзи өзін сегун жариялады. Осы кезден 2-сегунат – Асикага үйінің тарихы (1335-1573) басталады. Минамато-Еритомо тұсындағы үкімет аппараты қайта қалпына келтірілді. Нитта Есисада иелігі тәркіленіп, Годайго мен оңтүстік батыс феодалдарына қарсы жазалар қолданылды.

1336-1392 жж. «Солтүстік және оңтүстік әулеттер» немесе «екі патшалық» аталған соғыстар болды. Оңтүстік әулетті Годайго, Солтүстік әулетті император Коме басқарды. Екі лагерьдің арасындағы теке-тірес Асикага билігін импера-



тордың бекітуі жолындағы күрестің жалғасы болды. 1392 ж. мұрагерлік туралы келіссөздер негізінде екі әулеттің өкілдері кезекпен таққа отыруға келісті. Киото қаласы ортақ астана болып жарияланды.

Жарты ғасырдан астам уақытқа созылған соғыс елдің экономикасын құлдыратты. Әскери шығындарға кеткен қаржының орнын толтыру мақсатында Асикага салық жүйесіне өзгерістер енгізді. Әскери салыққа қосымша үстеме салық алынатын болды. Өзара соғыстардың аяқталуы 2-ші Асикага сегунатын нығайтуға қолайлы жағдайлар жасады. 1-ші Камакура сегунатының аграрлық саясаты, оның феодалдық заңнамалары мен өзара қырқыстары жапон шаруаларының наразылығын тудырды. Оған 1333-1392 жж. бой көтерген 6 шаруалар көтерілісін айтуға болады.

Жапония Ходзе билігінің соңы мен Асикага сегунатының басында көршілес Корея, Қытай елдерімен байланысын қалпына келтіруге тырысты. Буддизм дінбасылары Жапониядан Қытайға, Қытайдан Жапонияға жастардың діни сауатын ашу мақсатында келіп-кетіп жатты.

Алайда, «Солтүстік және оңтүстік әулеттер» соғысы кезінде (XIV ғ. ортасы) Корея, Қытай елдерімен қарым-қатынастар шиеленісе берді. 1340-1386 жж. Жапония Корея жағалауына 5 рет қарақшылық шабуыл жасады, XIV ғ. аяғында Қытайға ойысты. Асикага үйі шетелдік көпестерге сауда жасау құқығын (лицензиялар) берді. XV ғ. Жапония-Қытай сауда келісім-шарты жасалды. Сыртқы сауда қарқынды дамыды. Қытайдан мақта, жібек, фарфор, кітаптар, картиналар, есірткі, иіс сулар, медициналық жабдықтар әкелінді. Қытай көпестеріне 200-300% пайда түсіп отырды. Әсіресе, Қытай мыс монеталары («эйракусэн») жоғары бағаланды.

Жапонияның ішкі нарығымен салыстырғанда жапон тауарлары Қытайда 4 есе, кейде 10 есе қымбат бағаға сатылды. Индонезия, Малайзиядан әкелінген тауарлар Корея мен Қытайға жөнелтілді. Кореяда Ли әулеті тұсынан (XIV ғ. аяғы) Жапония-Корея сауда байланысы дамыды. Жыл сайын Корея порттарына 50 жапондық сауда кемелері келді. Жапон көпестері Оңтүстік Кореяның 3 портында тұрақты сауда пункттерін құрды. Жапониядан Кореяға сода, мыс рудасы, әр түрлі медициналық құрал-

жабдыктар, бояулар әкелінсе, сыртқа қыш ыдыстар, жіп, тоқыма тауарлары шығарылды.

XIV-XV ғғ. қолөнер, сауда, жергілікті нарық, тау-кен ісі дамыды. Қалалар өсті. Ірі феодалдық шаруашылықтар құрылды. Ірі князьдік иеліктер пайда болды. Өндіргіш күштердің дамуы князьдардың табыстарын ұлғайтты.

XV ғ. басында феодалдық қырқыстар жаңа сипат алды. Феодалдық үйлер Асикагаға қарсы 70 жылдай (1413-1467) күресті. Ең ірісі Хатакэяма феодалдық үйі арасында туындаған «Онин жылдарының соғысы» (1467-1477) болды. Бұл соғыс қарсаңында феодалдық үйлер 260 рет бүлік ұйымдастырды. Бұл Асикага сегунаты билігінің әлсіреп, феодалдық бытыраңқылықтың күшейгенін көрсетеді.

XIV-XV ғғ. феодалдық қырқыстардың әлеуметтік зардаптары зор болды. Шаруалар қайыршыланып, феодалдар мен өсімқорлардың екі жақты қанауына түсті. Өңделген жерлер XV ғасырда 946 мыңнан 855 мың те (жер өлшемі 0,992 га тең) қысқарды. 1479 ж., 1482 ж. жаңа алым-салықтар енгізілді. Жер діни емес және діни феодалдар қолына шоғырланды. Шаруаларды қанаудың негізгі түрі – азық-түлік рентасы (натуралды оброк, күрішпен өтеу) болды. Шаруалар жыл сайын феодалдарға күріш өнімінің 10 % -дан 80 %-ға дейінгі бөлігін беруге міндеттелді. Жапонияда 8 рет болған қуаншылық пен аштық (1420-1498) шаруалардың жағдайын күйзелтіп жіберді. Сондықтан олар жер телімдерін сатуға мәжбүр болды. Нәтижесінде шаруалар жерсізденді (пауперизация). Жерді жалға берушілер пайда болып, олар өсімқорлықпен айналысты.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Әскерилер билігі – сегунаттың орнауының тарихи алғышарттарын көрсетіңіз.
2. Бакуфу үкіметінің ішкі және сыртқы саясатына талдау жасаңыз.
3. Жапонияға моңғолдардың жорығы және жапондықтардың қорғанысы?
4. «Камикадзе» құбылысының мәнін ашыңыз.
5. Асикага сегунаты тұсындағы Жапонияның ішкі және сыртқы саяси жағдайы?

## XV тарау

### ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АФРИКА ЕЛДЕРІ

**Гана.** Африканың дамыған аймақтарының бірі Батыс және Орталық Судан жері болды. Аймақ халықтары ертеден егіншілікпен айналысып, көршілерімен – көшпелі-малшы берберлермен қызу сауда жүргізіп отырды. Бұл аймақ арқылы сауда жолдары көп өтетін еді. Керуен жолдарының бойында бірқатар қалалар пайда болып, олар Батыс Судан халықтарының саяси бірлестіктерінің орталықтарына айналды. Батыс Судандағы ең ерте қалыптасқан мемлекет Гана немесе Аукар болды. Ол туралы деректер VIII ғасырға жатады, бұл кезде Гана қалыптасқан мемлекет ретінде өмір сүріп жатқан болатын. IX ғасырдың ортасына қарай Гананың территориясы Аукар, Багану аудандарын, Сахарадағы Хода мен Тагант аудандарының үлкен бөлігін, шығыста Нигерге дейінгі, оңтүстікте Сенегалдың жоғарғы ағысына дейінгі жерлерді алып жатты. Бұдан бөлек Гананың жоғарғы билігін бірқатар бербер тайпалары мойындады. Мемлекеттің астанасы Кумби-Сале қаласы болды.

IX ғ. басында Гана мемлекеті көршілері – көшпелі берберлермен жиі соғыстар жүргізді. Бұл жауынгер тайпалар Ганаға келетін немесе Ганадан Магриб елдеріне беттеген сауда керуендерін басып алып, тонап отырды. Гананың ең бір қауіпті жауы берберлердің лемтуна тайпа одағы болды. Бұл одақтың көсемі Тилутан Батыс Сахараның барлық берберлік тайпаларын бағындырып алған болатын. Кейінірек, лемтуна тайпа одағы ыдырап кетіп (919), бербер тайпалары арасындағы үстемдік зенега тайпа одағына өтті. Гана мен Зенега одағы арасындағы соғыс Гананың жеңісімен аяқталды. 990 жылы Гана Зенага тайпасының астанасы Аудагасты басып алды.

X ғасырдың басына қарай Гана өз дамуының шарықтау шегіне жетті. Гана батыс Африка елдерімен арадағы саудаға өз үстемдігін орнатты. Аймақтағы барлық сауда керуендерінен ке-

дендік салық жинап отырды. Сол кездегі саяхатшылар мен көпестер Гана патшаларының байлығы туралы аңыз-әңгімелер таратты. Гананың астанасында сәулетті сарайлар тұрғызылып, мешіттер, араб көпестерінің әсем үйлері орналасты.

XI ғасырдың аяғына қарай Гананы Марокко сұлтандары басып алып, ислам дінін таратты. Гана Мароккоға алым төлеп тұратын болды. Марокколықтардың Ганадағы үстемдігі он жылға созылды. XIII ғасырдың басында Гана мемлекетін Мали патшалығы жаулап алды.

**Мали.** Орта ғасырларда Африкадағы қуатты мемлекеттердің бірі Мали болды. Ол VIII ғасырда қалыптасты. Малидің бастапқы шекарасы шығыста Нигердің жоғарғы ағысы, солтүстікте Беледугу және батыста Бакой өзенінің жоғарғы ағысы болды. Мемлекеттің ядросы болған солтүстіктегі аудандарда Тараоре, Конате, және Кейта рулары қоныстанды. Дәл осы рулар Мали мемлекетінде тұрақты түрде жетекші рөл атқарды. XI ғасырда билеуші әулет ислам дінін қабылдады, алайда халықтың басым бөлігі өз діндерін сақтап қалды. Араб елдерімен тығыз сауда байланыстары орнады. Үкімет мұсылман елдерімен саудаға көп қолдау көрсетіп отырды.

XII ғасырдың екінші жартысында Малидің экономикалық және саяси қуаты арта түсті. Осы кезде Мали көршілес елдерге басқыншылық соғыстарды жиі жүргізіп, бірнеше елді жаулап алды. Жаулап алынған елдерді Малидің әскербасылары басқарды. Осы кезде Малидің басқа елдермен сауда байланыстары да кеңейе түсті. Египетпен және мұсылмандық батыс Африка елдері – Тунис, Алжир, Мароккомен (бұл елдерді мұсылмандар Магриб деп атаған) жүйелі сауда қатынасы орнады. Мали көптеген Африкалық елдермен елшілік қатынастар орнатты.

Мали қоғамының негізгі ұясы бірнеше ұрпақтан тұратын үлкен отбасылар болды. Осындай бірнеше отбасы үлкенге, яғни ақсақалға бағынуды талап ететін патриархалды қауымға – дугаға бірікті. Үлкен отбасының ақсақал-қариясы қауымды басқарды. Қауымға ерікті қолөнершілер мен егіншілер де кірді.

Қоғамдық баспалдақтың ең төменгі сатысында құлдар тұрды. Құлдың баласы ерікті адамға айнала алатын еді. Жерді бөлу және басқа да табыстарды бөлу, сондай-ақ сот билігі үлкен отбасының ақсақалдарының қолында болды. Шаруашылық

натуралды болды, тауар айырбасы өте шектеулі болды. Сауда, негізінен, сыртқа бағытталды.

VII ғасырдың 40 жылдарынан бастап Африканың солтүстігіндегі мемлекеттерді арабтар жаулап алды. Араб иелігіне өткен халықтар ислам дінін қабылдап, бірте-бірте арабтана бастады.

Сөйтіп, ортағасырлық Африка құрлығында бірқатар мемлекеттер өмір сүрді. Бірақ олардың көпшілігінің өмірі ұзақ болмады. Ішкі талас-тартыстар мен көтерілістер, өзара соғыстар бұл мемлекеттерді әлсіретіп, кейбіреуінің жойылуына әкеп соқтырды.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Дамыған орта ғасырларда Судан жерінде қандай мемлекеттер өмір сүрді?
2. Гананың көршілерімен қарым-қатынастарының сипатын анықтаңыз.
3. Малидің қоғамдық қатынастарына сипаттама беріңіз.
4. Дамыған орта ғасырларда Судан халықтары қай дінді ұстанды?

## КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ

### XVI ғарау

## КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚЫТАЙ

**XVI-XVII ғғ. Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуы.** XVI ғасырдың басына қарай Мин империясы өмір сүруінің алғашқы жылдары орныққан шаруашылық механизмі табысты түрде жалғасын тауып жатты. Ел экономикасының негізі болған ауылшаруашылығында жетекші орынды егіншілік алды және ол өз уақыты үшін жоғары деңгейде дамыды, өнімділігі де жоғары болды. Бұрын игерілмеген жердің есебінен егістік көлемі ұлғая түсті. Еңбек құрал-жабдықтары қарапайым күйінде қала берді. Бірақ шаруалардың еңбеккерлігі мен шеберлігінің есебінен еңбек өнімділігі арта түсті. Еңбек құрал-жабдықтарының қарапайымдылығы жердің құнарлығын сақтауға, соның арқасында түсімін арттыруға жағдай жасады. Қытай шаруалары дәнді дақылдар, бұршақ, шай егіп, жеміс-жидек, май және бағалы ағаштар өсірді. Мақта егістігі де кең қанат жая бастады.

Алайда XVI ғасырдың алғашқы онжылдығында XV ғасырдан-ақ байқала бастаған аграрлық қатынастағы ішкі қайшылықты үдерістер айтарлықтай күшейіп, шиеленісе түсті. Бұл, біріншіден, мемлекеттік жер қорының қысқаруы, оның жеке меншік иеліктерге айналуына байланысты, сондай-ақ есепке алынған салық төлеуші жерлердің қысқаруы, ал соның салдарынан салық төлеушілер санының және қазына табысының қысқаруымен байланысты болды. Бұл үдерістер бір-бірімен тығыз байланысты болды және Қытайдың XVI-XVII ғғ. аграрлық қатынасының дамуындағы жалпы үдерісті көрсетті.

Мемлекеттік жерлердің қысқаруы әр түрлі жолдармен жүрді. Біріншіден, әскери қоныстар жүйесінің ыдырауымен олардың

көбі жергілікті әскери басшылардың, шенеуніктердің жеке меншігіне өтіп отырды. Нәтижесінде XVI ғ. басына қарай әскери қоныстардан қазынаға түсетін табыс бастапқы табыстың 1/10 ғана құрады.

Екіншіден, XVI ғ. басында «усадыбалық егістік жерлердің» және «император усадыбаларының» – яғни помещьелік типтегі жер иеліктерінің көлемі күрт өсіп кетті. Бұл жерлер формальді түрде мемлекеттік жер деп саналғанымен, іс жүзінде қожайынның толықтай жеке меншігінде болды және мұраға қалдырылып отырды. Ірі жер иелігі қарастырылып отырған уақытта шаруалардың жерін күшпен тартып алу немесе оларды өз жерлерін арзан бағаға сатуға көндіру арқылы да іске асып отырды. XV-XVII ғасырларда шаруалар жер иеліктерінен айырылып, тез кедейлене түсті. Олар өз жерлерін түгел немесе жартылай, ашық немесе жасырын сатуға мәжбүр болды.

XVI ғасырдың аяғына қарай астаналық облыс маңында көлемі 1280 мың му болатын бес помещье пайда болды. XVII ғасырдың басына қарай императорлар помещьелерінің саны 300-ге жетті. 1489 жылғы есеп бойынша императорлар әулетіне кірмейтін 332 феодалдық жер иеліктерінің көлемі 3300 мың муға жетті. XVI ғасыр ортасына қарай шонжарлардың усадыбалық егістіктері елдің бүкіл егістік жерлерінің 1/20 бөлігін құрады. Әсіресе провинция билеушілерінің жерлері барынша ауқымды болды. Моңғолдар дәуірінен ұлыстар жүйесі сақталып қалған болатын. Ұлыстарды (провинцияларды) енді Мин императорының жақын-жуықтары басқарды. Усадыбалардағы барщиналық еңбекпен қатар, шаруалар ірі жер иелерінен жалға жер алып, өндеп отырды. Помещиктерден алған жерлері үшін шаруалар азық-түлікпен де, ақшамен де, өз еңбектерімен де есептесіп отырды. Сонымен қатар шаруалар қазынаға жылына екі рет салық төлеп тұрды. Ол салықты негізінен азық-түлікпен және мерзімді еңбекпен өтеді.

Ірі және орташа жер иеліктерінің қожалары өз жерлерінің көп бөлігін салық төлеуден босатудың барлық қолдан келген амалдарын жасап бақты. Нәтижеде салық төлеуге тиісті жерлердің саны XVI ғасыр басына қарай XIV-XV ғғ. межесімен салыстырғанда 2,3 млн ши астыққа қысқарып кетті.

Осындай жағдайда қазына шығындарды жабуды қамтамасыз ете алмады, XVI ғ. 50 жылдарынан бастап шығындардың 50%-ы да жабылмай қалды. Елде қаржылық дағдарыс орын алды. XVI ғ. 70 ж. билік басына келген реформашылар бұл дағдарыстан шығудың жолдарын іздестіріп, салық жинау жүйесіне біраз өзгертулер енгізді. Бұған дейін, салық төлеудің басты түрі заттай салық болған болатын. Салық реформаларының мәні салықтар мен еңбек міндеткерліктерін біріктіріп, оны күміс ақша түрінде төлеуге негізделді. Салық салудың жаңа жүйесіне көшу рыноктық қатынастардың кеңінен дамуына жол ашты.

Алайда, елді қаржылық дағдарыстан шығару мақсатымен жасалған бұл реформалардың нәтижесін халық ұзақ көре алмады. Реформаның басты инициаторы Чжан Цзюйчжен қайтыс болғаннан кейін (1582) реформалар тоқтап қалды.

Қарастырылып отырған дәуір қалалардағы кәсіби қолөнердің және сауда мен өнеркәсіп қызметінің айтарлықтай дамуымен сипатталды. Өндірістің осы салаларындағы алға басуларға қарап зерттеушілер Қытайда XVI ғ. ортасынан бастап экономикалық өрлеу болғандығы жөнінде айтады. Қарастырылып отырған дәуірде қала халқы өседі. Үлкен қалалардың әр түрлі кварталдарында қолөнердің жекелеген түрлері дамиды. Жекелеген қалалар қолөнердің белгілі бір түрімен айналысу орталықтарына айналды. Мысалы, фарфор жасаумен айналысатын 40 орталықтың ішінде бірінші орында Цзиндэчжен, жібек тоқуда Сучжоу мен Ханчжоу, темір бұйымдарын өндіруде Фошанчжэнь, қағаз шығаруда Шитанчжэнь т.б. болды. Қытай шеберлері жіп иіретін үлкен де күрделі станоктар ойлап тапты, қорыту пештерін жетілдірді, зеңбіректер мен мылтықтар жасауды меңгерді. Сапасы бойынша бұл өнімдер ең жоғарғы әлемдік стандарттарға жауап берді.

Еңбек бөлінісінде де алға басу байқалды. Қолөнершілердің еңбек міндеткерлігінен салыққа көшу үдерісі мемлекеттік қолөнердің біржолата жабылуына алып келе қойған жоқ. Бірақ ол мемлекеттік өнеркәсіп шеңберіндегі жеке қолөнердің дамуына ықпал етті. Осы бағыттағы шаралардың айқын көрінісі 1628 ж. жібек тоқу өндірісінің басты орталықтары Сучжоу мен Ханчжоуда мемлекеттік өндірістің жабылуы болды.



XVI-XVII ғасырлардың басында жеке қолөнер өндірісі сандық жағынан да, сапа жағынан да терең өзгеріске ұшырады. Жеке қолөнердегі негізгі тұлға өз өндіріс құрал-жабдықтары бар, өз отбасы мүшелерімен және сырттан тартылған шәкірттер мен көмекшілердің күшімен жұмыс істейтін жеке шебер болды. Оның шаруашылығы салық төлейтін бірлік ретінде мемлекеттік тізімде тұрды.

Қарастырылып отырған дәуірде қолөнершілер арасында айтарлықтай жіктеліс орын алды. Ең бір ауқаттылары жалдамалы жұмыскерлерді тартып, өндірісті кеңейтіп отырды. Өндірістің осы саласында және тоқыма, қағаз жасау, фарфор өндірісінде жалдамалы еңбек кеңінен қолданыла бастады. XVII ғасыр басында Цзиндэчженде бірнеше ондаған мың жалдамалы жұмыскерлер шоғырланды. Экономикалық жағынан дамыған орталық және оңтүстік Қытай аудандарында ең алдымен тоқыма өндірісінде шашыраңқы мануфактура түріндегі еңбек ұйымдастыру пайдаланыла бастады. Мұнда жекелеген жұмыскерлерге шикізат бөлініп беріліп, белгіленген уақытта дайын өнімді бекітілген баға бойынша алып отырған болатын. Бірқатар ірі шеберханаларда еңбек бөлінісі, жұмысшыларды жалдау және ақшалай ақы төлеу орын алды, бұл кәсіпорындар өз сипаты бойынша мануфактураның ең қарапайым түріне жақын еді.

Жоғарыда айтылған құбылыстар ауылшаруашылығы өнімдерінің тауарлығының күшеюі белгілерімен қосыла келе Қытай зерттеушілерінің XVI-XVII ғғ. межесінде Қытайда капиталистік өндіріс тәсілінің пайда болғандығы жөнінде мәселе қоюына мүмкіндік берді. Алайда бұл аталған құбылыстардың маңыздылығын төмендетпей және сондай-ақ қарастырылып отырған дәуірдегі Қытай қолөнерінің сөзсіз прогресін мойындай отырып, сонымен бірге бұл прогрессивті өзгерістер барлық жерде бірдей емес, тек экономикалық жағынан ең дамыған аудандарда ғана орын алғандығын, мануфактураның дамуына тек беталыстың ғана болғандығын немесе бұл алғашқы мануфактуралар феодалдық типте болғандығын алға тарта отырып, көптеген зерттеушілер қарастырылып отырған дәуірде Қытайда капитализмнің қалыптасуы жөнінде айтудың еш қисыны жоқ деген қорытындыға келеді. Олардың капиталистік мануфактураға айналуына капиталдық жетіспеушілігі, дамыған меншік құқығының

жоктығы, жоғары мөлшердегі салықтар, басқарудың авторитарлық тәртібі т.б кедергі келтірген еді. Егіншілікте натуралды шаруашылық абсолютті түрде басым болды, ол дамыған жалгерлік қатынастарға алып келмеді. Сонымен бірге шаруалардың кедейленуі кең еңбек рыногының қалыптасуына, жалдамалы еңбектің дамуына алып келген жоқ болатын.

**XVI-XVII ғғ. бірінші жартысындағы Қытайдағы саяси күрестер.** Моңғолдардың Юань империясын құлатып билікке келген Мин әулетінің тұсында Қытайдың саяси тарихында дәл Тан, Сун дәуірлеріндегі жағдайлар қайталанып жатты. Мин әулетінің алғашқы императоры Чжу Юань-чжан өз билігін орталық өкіметті қолдан келгенше нығайту шараларымен бастаған болатын. XIV ғ. аяғы – XV ғ. басындағы Мин империясының қалыптасуымен және XV ғ. ортасындағы ойраттардан жеңіліп қалғаннан соң күрделі оқиғалардан кейін Қытайдың саяси тарихында өзіндік бір тыныштық кезең орын алған болатын. XVI ғ. басында империя қуатты, орталықтандырылған мемлекет болып көрінді. Алайда дәл осы XVI ғ. басында Мин империясының қалыптаса бастаған дәуірінде-ақ байқала бастаған келеңсіз үдерістер айқын көріне бастады. Атап айтқанда билік құрылысында айтарлықтай өзгерістер орын алып, жоғарғы билеуші топтың ыдырауына алып келді.

Шектеусіз монархиялық биліктің барлық белгілері сақталғанымен императордың тікелей мемлекеттік істерді жүргізуден аластауы орын алды. Сонымен бірге, іс жүзіндегі билік дәстүрлі империялық басқару әкімшілігі шеңберінде емес, саяси дәстүр тұрғысынан қарағанда әдеттен тыс болып есептелетін «сарай іші» қызметкерлерінің қолында жинақталды. «Сарай іші» әкімшілігі біртекті болған жоқ. Ондағы билікті император қойған хатшылар (дасюши) мен императормен күнделікті қарым-қатынастағы этек-фавориттер («императордың сүйіктілері») өзара бөлісті. Бұл бөлісу бейбіт түрде іске асты деуге болмайды. Сондықтан да XVI-XVII ғғ. басындағы Мин сарайының бүкіл тарихы осы жекелеген қайраткерлер мен топтардың кескілескен күресіне толы болды.

XV ғ. аяғында-ақ императорлар мемлекеттік істерді жүргізуші қызметкер-шонжарларды қабылдаудан бас тарта бастады. Дәл осы уақыттан бастап фавориттік құбылыс орын алған

болатын. 1498 ж. дейін сарайда Ли Гуан үлкен ықпалға ие бола бастады. Ал император У-цзун хатшылармен арадағы келіспеушіліктің орын алуына байланысты этек-фаворит Лю Цзинді көтерді. Осы басқарудағы байқала бастаған өзгерістер XVI ғ. тез қарқынмен өсіп кеткен билеуші топтардың деградациясымен (тоқырауымен) ұштасты. Ең алдымен императордың өзі азғындай бастады. У-Цзун астанадан алыс-жақын ауылдарға тонаушылық жорықтар жасап, өз қоластындағы халықтың дүкендерін, үйлерін тонады, әйелдерді отбасынан ажыратып, тартып алып кетіп отырды. Қазынаның көп бөлігін әр түрлі ойын-сауықтарға, тойларға, аңшылыққа жұмсады. Император Шэнь-Цзун шаруалардың малын тартып әкетіп, қызметкерлерден пара алғанды жақсы көрді.

Императорлардан «уақытша билеушілер» де (сарай іші қызметкерлері осылай аталып кетті) қалыспады. Іс жүзіндегі бақылаусыз билікке ие бола отырып олар баю үшін бар мүмкіндіктерді пайдаланды. Уақытша билеушілер барлық билік орындарына өз адамдарын отырғызды. Сондықтан да билікте бір-бірімен жауласушы топтар пайда болды. Мысалы: Шандуньдік, Хунань-Хубэйлік, сарай ішіндегі «такуа» және этектер топтары т.б. Мин әулеті билігінің аяғына қарай этектер саны 100 мыңға жетті. Олар тек сарайда ғана емес, провинцияларда да жоғарғы, пайдалы қызметтерге ие болды, мысалы, губернаторлар, қала әкімдері, әскербасы, сарай инспекторлары т.т. солардың қолында болды.

Кікілжіңдер мен жанжалдар XVI ғ. ұлыстық (провинциялық) билеушілердің «кіші сарайларын» да қамтыды. Ғасырдың басында провинция аристократиясы мен үкімет арасында да қарулы қақтығыс орын алды. Көптеген провинция билеушілері өз аймағында ойларына келгенді істеді. Олар орталықтан тағайындалған шенеуніктерді орнынан алып, өздеріне жақпағандарды түрмелерге жапты, өлім жазасына кесті, халықты тонап, шексіз қанауға ұшыратты.

Армияда да іріп-шіру үрдісі байқалды. Жауынгерлер мен әскербасыларын асырау тәсілі ретінде ұйымдастырылған әскери қоныстар жүйесі XVI ғ. аяғында-ақ бұл жерлердің армия басшыларының жеке меншігіне өтіп кетуіне байланысты жойылған болатын. Көптеген әскери қонысшылар өз участоктарын тастап

жан-жаққа қашты. Нәтижесінде үкімет әскерді жалдауға мәжбүр болды. Жалдамалы әскердің пайда болуымен армияның жауынгерлік қабілеті төмендеп кетті. Бұл XVI ғ. алғашқы жылдары жиілеп кеткен моңғол шапқыншылықтарына (Даян ханның моңғол тайпаларын біріктіруінен кейін) Қытай әскерінің тойтарыс бере алмауынан айқын көрінеді. Әсіресе айтарлықтай моңғол шапқыншылықтары 1532 ж. және 1546 ж. болды. Бұл шайқастарда Қытай әскерлерінің моңғолдардан Ордосты қайтарып алуға тырысуынан ештеңе шықпады.

XVI ғ. теңіз межелерінде тиімсіз жағдай қалыптасты. Бұл жерде 20 жылдардың басында қарақшылармен және контрабандалық саудамен күрес күшейді. Бұл саудада жапондықтар белсенді рөл атқарған болатын. Қарақшылыққа қарсы қанша күрес жүргізілгенімен одан еш нәтиже шықпады. Қарақшы кемелері Янцзы өзенімен Нанкинге дейін жетті. Тек XVI ғ. 60 ж. ғана олардың тегеурініне тойтарыс берілді.

**Еуропалықтардың Қытайға ене бастауы.** Осындай күрделі жағдайда Батыс Еуропа теңізшілерінің, саудагерлері мен отаршыларының Қытайға теңіз жолын ашуы мен Қытайды игеруі басталды. 1516 ж. Қытайдың жағалауына Португалияға қызмет етіп жүрген итальяндық Рафаэль Перестреллоның кемесі жетеді. Келесі жылы Фернан д'Андраденің португалдық кемелері және алғашқы португал елшісі Томе Пиреш келіп, Пекинге аттанды. Португалдықтар Қытайдан фактория ашпақшы болды. Келіссөздерден еш нәтиже шықпағандықтан португалдықтар мен Қытай арасында қарулы қақтығыстар орын алды. XVI ғ. 40 ж. португалдықтар Нинбо маңынан сауба базасын ашуға қол жеткізді, бұл жерге колонистер келіп орналасты. Бірақ 1549 ж. олар бұл жерден Чжу Ванның күш жұмсауымен ығыстырылды. Қақтығыстар мен теке-тірестер 1557 ж. дейін жалғасты. Осы жылы португалдықтар жергілікті билеушілерді сатып алу жолымен Макао қаласы мен портын өз қолына алады.

XVII ғ. басында солтүстік шекарада жаңа қауіп туындады, бұл жолы қауіп төндірген манчжур тайпалар одағы болды. 1618 ж. манчжур ханы Нурхацы соғыс бастап бұл соғыста қытайлықтар бірқатар жеңілістерге ұшырады, Ляо мен Маньжурияның оңтүстігіндегі бірқатар жерлерінен айырылды. Бірақ

олар маньжурлардың тікелей Қытай жеріне қарай жылжуын тоқтатты.

XVII ғ. 20 жылдары Қытай жағалауына оңтүстік Тайваньды басып алған голландықтар келеді, бірақ континентке кіре алмайды. Дәл осы кезде Гуанчжоу тұсында ағылшындар пайда болды. Сауда жүргізу құқығын алу мақсатымен олар Хумендегі қытай бекіністерін атқылады. 1603 ж. және 1639 ж. Филиппинде орнығып алған испан конкистадорлары қытайлықтардың қырғынын ұйымдастырды. Мин үкіметі олардың құқықтарын қорғаудан бас тартты.

1618 ж. Пекинге томскілік казак Иван Петлин басқарған орыс миссиясы келді. Ресейге әкелген Қытайдың сарай хатында елшілік пен сауда орнату ұсыныстары айтылған болатын. XVI ғ. аяғында Қытайда әр түрлі елден келген христиан миссионерлері орныға бастады. Өздерінің тікелей міндеттерімен бірге олар елшілік қызметті қатар атқарды, еуропалықтардың Қытайға енуіне ықпал етті.

**Реформалар жолындағы күрес.** XV-XVI ғғ. межесінде байқалған билеушілер тобының іріп-шіруі мен сыртқы саяси жағдайдағы сәтсіздіктер қызметші шонжарлардың бір тобы арасында және билікке қатысты бар оқымыстылар сословиесі арасында жағдайды өзгертуге деген ұмтылыстарды туғызды. Әсіресе цензорат қызметкерлері мен Ханьлинь академиясының конфуциандық оқымыстылары ерекше қам жеді. Оппозициялық көңіл-күйлер императорға дәстүрлі түрдегі шағымдар жасау (петициялар) түрінде көрініс тапты, бұл хаттарда қалыптасқан жағдай сынға алынды. Алайда сарай қандай да бір айтарлықтай өзгерістер жасай қоймады. Ерекше қайтпас арызшыларды тұтқындап, жазалап отырды, қуғын-сүргінге ұшыратты.

1572 жылы сарайда шексіз билікке Хатшылық басшысы Чжан Цзюйчжэн ие болды, ол реформаларды жақтады. Оның экономика саласындағы реформалары айтарлықтай маңызды болды. Саяси салада да бірқатар өзгерістер орын алды. Әкімшілік аппарат жұмыстарының нәтижелілігі қатаң бақылауға алынды, сарайдың шенеуніктерді қабылдауы қалпына келтірілді, армияның командалық құрамы күшейтілді. Алайда 1582 жылы Чжан Цзюйчжэн қайтыс болып, оның реформалары тоқтап қалды.

Реформалар жолындағы күрестің тағы бір жарқын беті Дунлинь тобымен байланысты болды. Бұл топты құрған Дунлинь академиясының оқытушысы өз маңына жақтаушыларын топтастырды. Олар саяси тақырыпта шығармалар мен памфлеттер жазып, халық арасында таратады, бұрынғысынша императорға хаттар жазды. Қозғалыстың нақты бағдарламасы болмағанымен, дунлиньдіктер саяси қатынаста нақты талаптар қоя білді: императордың мемлекеттік істермен айналысуы, уақытша билеушілер мен әтектерді аластату, парақорлықпен күрес, армияны нығайту т.б. Экономика саласында салықтар мен міндеткерліктерді азайту, жеке сауда мен кәсіпшілікке бақылауды төмендету, мемлекеттік монополияларды жою т.б. жақтады. Өздері қолдаған мұрагер Гуан Цзун билікке келген кезде олар өз реформаларын іске асыруға қол жеткізді. Бірақ 2 айдан кейін Гуан Цзун у беріп өлтіріліп, реформаторлар биліктен аластатылды.

**Шаруалар соғыстары.** Реформа жасаудағы сәтсіздіктер билеуші топтардың одан арғы тоқырауын анықтады, сөйтіп XVII ғасырдың 20 жылдарынан бастап халықтың стихиялық наразылығы күшейеді. Шаруалар мен қала халықтары да үкіметке қарсы құпия ұйымдарға бірігіп жатты. Моңғолдар үстемдігіне қарсы күресте маңызды рөл атқарған «Ақ лотос» деген құпия ұйым қайтадан өз қызметін жалғастырды. Оның қатары тез өсе бастады. Сол ұйымның басшылығымен 1622 жылы Шаньдунде үлкен көтеріліс болды. Бірақ үкімет бұл көтерілісті басып тастады. 1625 жылы жекелеген көтерілісші отрядтары Шэньси-Ганьсу ауданында үздіксіз күрес жүргізіп отырды. 1628 жылы 10 отряд басшысы күштерін біріктіріп, бас көсем ретінде Гао Инсянды сайлады. Осыдан кейін қозғалыс шаруалар соғысы сипатын алады. Көтерілісшілер кішігірім қалаларды басып алып, жергілікті үкіметтің кейбір мүшелерін өлтірді, олардың үйлерін тонап, түрмеден тұтқындарды босатты. Тауда жиналып, көтерілісшілер 10 отряд құрды, басшыларын сайлады. Шэньсидің оңтүстігінде көтерілісшілер Ханьчжун қаласына жақын келді: осы провинцияның солтүстігі мен батысында көтерілісшілер біраз жерлерді басып алып, өз биліктерін орнатты. 1629 жылдың аяғына қарай көтерілісшілер отрядтары Шэньси-Ганьсу провин-

циясын толығымен өз бақылауында ұстады. Көтерілісшілер отрядтарының кейбір жас басшылары, мысалы, Ли Цзычен, Чжон Сяньчжун кейін кеңінен танымал болды. Пекин үкіметінің Шэньсиге жіберген әскері көтерілісшілерді бірте-бірте ығыстыра берді.

1631 жылы 36 көтерілісші отрядтары бірікті. Оның қолбасшысы Ван Цзыюн болды. Ол кеңес мүшелерімен ақылдасып отырды. Келесі жылдың көктемінде көтерілісшілер Хуанхэ өзенінен өтіп, астанаға қарай жорық бастады. Шаруалар отрядтарының қатары күннен-күнге өсе түсті. Олар провинциялық әскерлерге соққы бере отырып, кішігірім уездік қалаларды басып алды, үстем таптар өкілдерін қырды. Шаруалар отрядтары оқпен атылатын қаруы бар күшті әскермен шайқаста жеңіліске ұшырай бастады. Көптеген басшыларынан, оның ішінде Ван Цзыюннен де айрылды. 1633 жылдың қысында қатары өте қатты сирей бастаған шаруалар отрядтары Хуанхэ өзенінен кері қайтып, оңтүстікке қарай шегінуге мәжбүр болды. Хэнань, Хубей, Сычуан провинцияларының шаруалары көтерілісшілерді қуана қарсы алып, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды, олардың қатарына кірді. Янцзы жағасына жеткен соң көтерілісшілер отрядтары қайтадан солтүстікке қарай, Шэньсиге беттеді. Енді отрядтар бөлек әрекет жасады, әр отряд өз еркімен, өз мүмкіндігінше соғысты. Тек бір рет қана қосылып, бірлесуге әрекет жасады. 1635 жылы Хэнань провинциясында 72 отряд басшысы Ли Цзычэн ұсынған бірлесе қимылдау жоспарын қабылдады. Бірақ отрядтар көп ұзамай қайтадан ыдырап кетті. Біреулері Хэнаньда, енді біреулері Шэньсиде әрекет етті. Чжан Сяньчжун басқарған отряд Янцзы өзенінің алқабымен үлкен жорық жасады. Қайсыбір кездерде көтерілісшілер отрядтары үлкен үкімет әскерін де жеңіп отырды. Бірақ көтерілісшілер өз жеңістерін дұрыс пайдалана алмады. Кішігірім қалаларды басып алған соң онда берік базасын құрмай, әрмен қарай жылжи берді. Көтерілісшілер отрядтары кеткен соң ол қалалар қайтадан үкімет жағына шығып кетіп отырды. Көтерілісшілер басып алған жерлерде халыққа барлық қарыздарынан, салық төлеуден құтқарамыз деп уәде берді. Бірақ өздері халықтан азық-түлік, қару-жарақ пен киім-кешек үшін қаржы жинап алып отырды.

1636 жылы үкімет солтүстік шекарадан әскер алдырып көтеріліске ауыр соққы береді. 1636 жылғы маусымда император барлық көтерілісшілерге кешірім жасайтындығы, өз жерлеріне қайтқан шаруаларға, үкімет әскеріне қайтып оралған солдаттарға көмек көрсету жөніндегі жарлығын жариялады. Көтерілісшілер отрядтарының басшыларына офицер атағын бермек болды. Кейбір салықтар мен қарыздар жойылды. Осыдан кейін қозғалыс бәсеңдеп қалады. Көтерілістің бірқатар көсемдері үкіметке қызметке алынады.

Алайда 1639 жылы көтеріліс қайта жанданады. Көтерілістің бұл кезеңінде Ли Цзычэнмен Чжан Сяньчжун басты рөл атқарады. Бастапқыда Хэнаньда, кейін Хубэйде, Хунаньда бекіне отырып, Ли Цзычэн қатаң орталықтанған негізде армияны қайта құрып, ресми билікке қарсы тұратын әкімшілік аппаратын қалыптастырады. 1644 жылдың басында көтерілісшілер жаулап алып, империяның батыс астанасы деп жариялаған Сианьде ол император титулын қабылдайды. Өз мемлекетін ол Да Шунь деп атады. Сол жылдың сәуірінде оның әскері Пекинге кірді. Император Сы Цзун асылып өледі. Осы уақытта Сычуаньда бекініп алған Чжан Сяньчжун де өзін император деп жариялап, Чэнду қаласын өз астанасы етті.

Билікке келген Цзычэн және оның жақтастары барлық бұрынғы билеушілерді биліктен аластатты, олардың халыққа ең жеккөрініштілерін тұтқындап, өлім жазасына кесті. Ең маңызды істерді бірлесіп, шешетін көтерілістің белгілі 20 қайраткерінен тұратын кеңес құрды. Шенеуніктер саны қысқартылды. Жер мен мүлікті теңестіру ұраны көтерілді. Өкімет шаруалардан алынатын салықты бірнеше жылға жойды.

Алайда көтерілісшілер өкіметінің бұл шаралары ұзаққа созылмады, өйткені көп ұзамай олардың билігі құлатылып, көтеріліс талқандалды. Дәл сол жылы, яғни 1644 жылы солтүстік шекараны қорғаушы әскердің қолбасшысы У Саньгуй мен Маньчжур атты әскерімен бірігіп, Ли Цзычэн армиясын талқандап, Пекинді алды. У Саньгуйдың шақыруымен келген манчжурлар Пекинді алып, жаңа Цин империясының негізін қалады. Осы әулет кейін бүкіл Қытайды басып алып, 1911 жылға дейін билігін орнатады.



**Бекіту сұрақтары:**

1. XVI-XVII ғғ. Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасаңыз.
2. Мин империясының саяси жүйесіндегі қайшылықты жағдайлардың алғышарттарын ашып көрсетіңіз.
3. Реформаторлық қозғалыс және оның нәтижелері?
4. Шаруалар соғысы: себептері, барысы, салдарлары?

## XVII ғарау

### КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖАПОНИЯ

**Жапония тарихындағы «өзара соғысушы провинциялар» дәуірі.** Асикага сегунатының соңғы, жүз жылдық дәуірі (1467-1568) ортағасырлық Жапония тарихында «Өзара соғысушы провинциялар дәуірі» деп аталды. Бұл дәуір сегун вассалдарының оған қарсы және өзара күресімен ерекшеленді. Дәуірдің ең басында, 1467-1477 жж. елдің орталығындағы Киото ауданында жүрген үздіксіз соғыстардың нәтижесінде («Онин жылдарындағы соғыс») қала қиратылып, көптеген мәдени құндылықтар жойылды. Асикага үйінен шыққан сегундар астанаға бақылауынан айырылып қалды, бұл жерде күшті қалалық өзін өзі басқару қалыптасты. Жетекшілік жергілікті провинция билеушілері – князьдерге өтті. Өз князьдіктерінің территориясында олар шаруашылық және саяси өмірге толық бақылау орнатты.

Бұл кезде князьдердің табыстарының құрылымы айтарлықтай өзгерді. Егер ерте ортағасырларда вотчинадан түсетін табыс жалпы мемлекет табысының 50%-дан артық бөлігін құраса, ал XVI ғ. басында ол 29%-ға дейін төмендеп қалды. Осыған шамалас табысты князь саудагерлерден керуендер мен өткелдерден өткені үшін салатын салықтан алып отырды. Қолөнер, сауда бірлестіктерінен түсетін табыс барлық князь табысының 43%-н құрады. Бұл жағдай князьдердің қолөнер өндірісінің дамуына мүдделігін арттырды. 1549 жылы Исидэра замок маңы қаласында, Оми провинциясында елдегі ең алғашқы еркін рынок пайда болды. Бұл жерде, қолөнершілер мен саудагерлерді тарту үшін рынок салығы жойылды.

Князьдіктерде өндірілетін өнім жергілікті сұранысты ғана өтеп қойған жоқ, сонымен қатар басқа аудандарға да шығарылды. Егер бұрын провинция қолөнер-сауда бірлестіктері орталық ауданның көтерме саудагерлерінің дзаларымен белгілі

дәрежеде байланысты болған болса, XVI ғ. жергілікті дзалар көтерме саудамен айналысатындардан тәуелсіздігін алуға тырысты. Князьдер өз территориясында Киото көпестерінің ықпалын жоюға тырысып, өздерінің ресми саудагерлеріне жеңілдіктер жасады.

Қытаймен сыртқы сауда алым төлеу формасында болғанымен, үлкен табыс әкеп тұрды. Сондықтан да феодалдар арасында оған бақылау орнату үшін кескілескен күрес жүрді. 1434 жылы алтыншы сегун, Есинори Қытаймен сауда келісімен жасап, ол 1547 жылға дейін әрекет етті. Бұл келісім бойынша он жылда бір рет, алым беру түрінде Қытайға сауда миссиясы жіберіліп тұратын болды. Осы келісім әрекет етіп тұрған кезде Қытайға жалпы саны 50 кемеден тұратын 11 миссия жіберілді, оның жетеуі үкімет бақылауында (бакуфу), ал қалғандары храмдар мен жергілікті князьдердің бақылауында болды. Князьдердің ішінде князь Оути ерекше көзге түсті, оның иеліктері Хонсю аралының батысында болды, оны еуропалықтар Король Ямагути деп атап кетті. Оның бәсекелесі, өзінің вассалы Мори Мотонари, 1555 жылы Ицукусима түбінде болған шайқаста сюзеренінің әскерін талқандап, оның иеліктерін басып алды.

Моридің бәсекелесі елдің солтүстік шығысындағы князь Такеда Сингэн болды. Ол өз жерінде салмақ бірлігін ретке келтіріп, металл теңгелер шығарды, өз жерінде жүрген сауда үшін, діни культ үшін алым-салық жинап отырды. Такеда өз заңын шығарып, әскери устав қабылдады, тәртіп бойынша нағыз самурайдан өз қылышымен бір сәтте айрылыспау талап етілді.

Такэда князь Уэсуга Кенсиннің иеліктерін жаулап алды, сондай-ақ қазіргі Гумма, Сидзуока, Айти префектураларында орналасқан жерлерді өзіне қосып алды. Ол Киотоны басып алғысы да келді, бірақ арманына жетпей қайтыс болып кетті.

**Шаруа көтерілістері.** Өзара жауласушы провинциялар дәуіріндегі қыркыстар шаруалардың жағдайын нашарлатып жіберді. Жыртылатын жер көлемі қысқарып кетті, салық көбейіп, үнемі қосымша салықтар енгізіліп отырды. Бұл шаруалар көтерілісі толқынын туғызды. Мұндай көтерілістердің кейбірі бүтіндей провинцияларды шарпып, сондықтан да оларды провинция көтерілісі деп атады. Ең ірі көтеріліс 1485-1493 жж. Ямосиродағы көтеріліс болды. Шаруалар көтерілісі XVI ғасырда да

жалғасты. Көптеген қауымдар өзін-өзі басқаруды іске асырды. Атап айтқанда, қауым жерлерін пайдалану, суғару құралдарын пайдалану мәселелерін шешіп, феодалдарға тапсыратын талаптарды бірігіп құрастырды. Шаруа қауымының мүшелері қару-жараққа ие болып, самурайлық құрылыстың өзіне қауіп төндірді. Егер бұрын олар суды пайдалану үшін феодалдарға салық төлеген болса, енді қауымдарға төледі. Сөйтіп князьдер енді өзін-өзі басқаруды білмейтін вотчина лық деревнялармен емес, күшті ауыл қауымымен байланысқа түсті. XVI ғ. шаруалар көтерілісі діни ту астында өтіп отырды. Шаруалардың наразылығын феодалдардың өзара қырқысына белсенді түрде қатысып отырған әр түрлі буддистік мектептер пайдаланғысы келді. Ол кезде шаруалар арасында «Бір туралы ілім (Икко)» буддистік мектебі үлкен ықпалға ие болды. Сондықтан бұл қозғалыс Икко көтерілісі деп аталды. Оны жақтаушылар адам жанын сақтап қалу үшін (жұмаққа түсу үшін) тек: «Амида будда рақымды» деген сөзді үнемі қайталап жүрсең жеткілікті деп үйретті. Олар ортодоксалды буддизмдегідей дүниелік жақсылықтардан бас тартуға, ерекше тақуалыққа үндеді, сондықтан да бұл ілім шаруа бұқарасына түсінікті болып, кең қолдауға ие болды. Икко сектанттық мектебі Каага провинциясында әсіресе кең құлаш жайды. Сектанттар көтерілісі 1488 жылы басталып, 100 жылға созылды. Оған 200-дей шаруа қатысты.

Діни ту астында өтіп отырған шаруа көтерілістері жергілікті әкімшілікке қарсы бағытталды, бірақ түпкі нәтижесінде бұл көтерілістің бәрі жеңіліс тауып, жеңіске жеткен феодалдар өз провинцияларында көтеріліске дем берген буддистік мектепті жауып, халықты басқа мектепке ауысуға мәжбүрлеп отырған.

**Елді біріктіру жолындағы күрес.** Қала халқының экономикалық жағдайының нығаюы қалада өзін-өзі басқарудың пайда болуынан көрініс тапты. Қала күзеті пайда болды, ақсақалдар кеңесі сайланды. Бұл ең алдымен портты қалаларда, теңіз саудасымен айналысушы Нагасаки, Хаката, Хонсю аралындағы Сакаи, Осака қалаларында, жалпы Тынық мұхиты жағалауындағы барлық дерлік портты қалаларда орын алды. Барлығы 30 ерікті портты қала пайда болды.

Сегунаттың әлсіреу дәуіріндегі өзара қырқыстар үдерісінде губернатор-князьдер (орталық билікке қызмет етуші жергілікті

шенеунік-князьдер) өз бақылауындағы провинцияларды жеке феодалдық иеліктерге айналдыра алмады. Бұл дәуірде керісінше, жергілікті провинция князьдері – кокудзиндер күшейді. Барынша күшейіп алған кокудзиндер (өзара қырқысушы провинция князьдері – сэнгоку дайме деген атқа ие болған) вотчиналарды (сеэн) біржолата жойды. Олар село қауымдарына сүйене отырып, өз билігін әскери күштің көмегімен нығайтып алды.

Ел жағалауларында 1543 жылы португалдықтардан 6 жыл өткеннен кейін испандықтардың пайда болуы елге оқпен ататын қарудың келуіне ықпал етті. Бұл жағдай соғыс ісіндегі төңкеріске алып келді: бұрын ұрыста басты рөлді салт атты самурайлар атқарған болса, ал жаяу жауынгерлер тек қару-жарақ көтеріп жүрген болса, енді бірінші орынға жаяу әскер шықты және оқпен ататын қаруды меңгерген кәсіби жауынгер дайындау қажеттігі туды. Князьдер өз жасақтарын тек самурайлардан ғана емес, шаруалардан да жасақтап отырды.

Елге португалдықтар мен испандықтардың келуі Жапонияға христиандықтың тарауына алып келді. Католик миссионерлері, әсіресе Кюсю аралында ерекше белсенді болды, бұл жерде олар христиан шіркеуін, мектептер ашты; көптеген князьдер христиандықты қабылдап, өз вассалдарын да бұл дінді қабылдауға күштеп көндірді. Олар осындай жолмен елге шетел саудагерлерін тартуға, оқпен ататын қарумен көптеп қарулануға және өзара қырқыс соғыстарда еуропалықтардың қолдауына ие болуға тырысты.

Еуропалықтардың Жапонияға қызығушылығы жергілікті сауда капиталының күшеюіне, соғыс ісінің жетілуіне ықпал етті; олардың іс әрекеті өзара қырқыстардың одан сайын шиеленісуінің факторы болды, осындай жағдайда Жапонияның еуропалықтарға бағыну қаупі айқын білінді.

Қалыптасқан қауіпті жағдай елді біріктіруге ұмтылыстарды күшейтті. Бұған ең алдымен соғысушы провинция князьдері мүдделі болды, өйткені шаруалар көтерілісімен ұштасқан өзара қырқыс соғыстар феодалдардың өзінің өмір сүруіне қауіп төндірді. Елді біріктіріп, біртұтас рыноктың қалыптасуына, феодалдық кедергілерді жоюға сауда капиталының өкілдері де мүдделі болды. Қоғамда пайда болып келе жатқан елді шетжерлік-

терге бағыныштылықтан сақтап қалуға деген елжандылық ұмтылыстар да маңызды болды.

Жапонияны біріктіруде Хансю аралының орталық бөлігінен шыққан феодалдар – Ода Набунага, Тоетоми Хидэеси және Токугава Иэясу алға шықты. XVI ғасырдың 60-80 жылдары Жапония тарихында «Тыныштық жері дәуірі» деген атпен белгілі (Адзути дзидай). Дәуірдің атауы қазіргі Сига префектурасындағы, Ода Набунага 1577 жылы негізін салған замок маңы қаласы Адзутидің атауынан алынды, осы қала Оданың резиденциясы болды.

Ода Набунага Овари провинциясынан шықты, ол ұсақ феодалдың екінші ұлы еді, әкесі оны отбасынан бөліп, Нагоядан замок тұрғызып береді. 1551 жылы әкесі қайтыс болғаннан Ода көптеген айла-шарғылар, опасыздықтар арқылы өз туыстарының, көршілерінің жерлерін басып ала бастайды. Оданың әскери табыстарына оның жасағының оқпен ататын қарумен қарулануы ықпал етті.

1562 жылы Ода императормен елде «бейбітшілікті қалпына келтіру» жөнінде құпия келіссөздер жүргізген болатын. Осы келіссөзден 6 жыл өткеннен кейін, ол Киотаға келіп ашық түрде императордың жағына шығып, оған үлкен көлемде қаржы берді. 1571 жылы ол Хиэй тауындағы «Заңның сөнбес шырағы» деп есептелген будда монастырын өртеу арқылы шіркеу оппозициясына қатты соққы берді, ал 2 жыл өткеннен кейін бүкіл іс жүзіндегі саяси ықпалынан айырылған соңғы Асикаганы құлатты.

Әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін Ода 1558 жылы рентаны азық-түлікпен өтеуді енгізді. Осы рента түрі феодалдық дәуірдің аяғына дейін сақталды.

Одаға ел территориясының жартысына жуығы бағынды, жаулап алынған жерлерде шекаралық кедергілер, кедендік алымдар жойылды, бұл алым-салықтар феодал, сарай аристократиясы мен шіркеу иелері табысының негізгі көзі болған еді, сондықтан да бұл шара аталған күштер тарапынан қатты қарсылыққа кездесті. Сондықтан да Киотадағы жойылған 7 кеден сарай аристократиясының бірнеше петициясынан кейін қайта қалпына келтірілді. Бұл Оданың сауда капиталының мүдделерін қорғаудағы саясатының тыңғылықсыздығын көрсетті.

Бірақ Ода көптеген сауда капиталы өкілдерімен қызметтестікте болды, оларға қолдан келгенше жеңілдіктер жасап отырды.

Ода дзаларды сарай аристократиясы мен шіркеу бақылауынан тартып алуға ұмтылды, сөйтіп одан түсетін табысты өз вассалдарына төлемақы үшін пайдаланғысы келді. Ол жолдар салу, жол бойындағы қарақшылықпен күрес жүргізу, «еркін рыноктар» ашу арқылы сауданың дамуын жолға қоюға тырысты. Алайда еркін рыноктар замок маңы қалаларында орналасқандықтан солардың территориясымен ғана шектелді, ал басқа жерлерде дза монополиясы үстемдігі сақталып қалды.

Сұйық және шашырағыш заттардың жеке бірліктері жойылып, бірыңғайланған (унификацияланған) киоталық өлшем бірлігі (кё масу) енгізілді, ол шамамен 1,8 литрге тең болды. Айырбас бағамы бекітіліп, Ода күрішті айырбас құралы ретінде пайдалануға тыйым салды, алтын мен күмісті шетелден келетін тауарларға өтем құралы ретінде пайдалануды кеңейтті. Ол алтын монета (ханкин) соғуды бастады.

Қалалардың маңыздылығын түсінген Ода өзіне сегун ұсынған құрметті титулдардан бас тартып, оның орнына Оцу, Кусацу және Сакаи қалаларына өз өкілдерін орналастыру құқығын алды. Ода өзін-өзі басқаруы бар қалаларда өз бақылауын орнатуға тырысты. 1568 жылы Ода Сакаи қаласына ауыр әскери салық салды, бұған қала халқы қатты қарсылық көрсетті, бірақ оппозиция тұншықтырылып, қала халқына қару-жарақ ұстауға тыйым салынды.

Әр түрлі айла-шарғылармен өз иеліктерін кеңейтіп, шаруалар көтерілісін аяусыз жаныштай отырып, Ода Набунага «сегундық-князьдік» (бакухан) мемлекетінің қалыптасуына бастама жасады. 1582 жылы Киото храмдарының бірінде жауларының қоршауында қалған Ода өз-өзіне қол салып қайтыс болады.

1582-1598 жж. аралығы елдің екінші біріктірушісі – Тоетоми Хидэесидің резиденциясы болған Киото аудандарының бірінің атымен «Шабдалы тауы дәуірі» деп аталды (Момояма дзидай).

Хидэеси 1536 жылы Накамура деревнясында ауқатты шаруа отбасында дүниеге келген. 3 жасында ол әкесінен айырылып, өгей әкесі оны буддистік монастырьға береді. Оның мінезі жеңіл, шайпау болса керек, сондықтан оны монахтар өз үйіне қай-

тарып жібереді. Үйіне қайтқан соң, өгей әкесі оны әр түрлі көлеңкер түрлеріне оқуға жібереді, бұл өнерлерді ол тез арада үйреніп алып, жалығып та үлгереді. Ақырында ол басбұзарлар тобына кіріп, солардың арасында бірнеше жылын өткізеді.

Бірде ол синтоистік монахты кездестіріп, оынмен бірге ел аралап кетеді. Монах оны Мацусити деген феодалға қызмет етуге орналастырады, бұл жерде ол 5 жыл қызмет етеді. Мацусити оны жауынгер етейін деп оған қару-жарақ сатып алуға ақша беріп жібереді, қару сатып алған ол иесінен қашып кетіп, Ол Ода Набунагаға қызметке тұрады. Хидеэеси бұл жерде өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі. Ода бұл кезде замокты жөндеу жұмыстарымен айналысып жатқан болатын, жұмыс созылып кетіп, ол жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруды Хидеэесиға тапсырады. Хидеэеси жұмысшыларды ондықтарға бөліп, әрқайсысының басына бір-бір адамды жауапты етіп қояды, 2 күннен кейін жөндеу жұмыстары аяқталады. Бірде әскердің байқауы кезінде Ода өз командирлерінің біріне көңілі толмай, оны алып тастап, орнына малайы Хидеэесиді қояды. Хидеэеси Оданың қызметінде жүріп, оның тапсырмаларын өте жоғары қабілетпен, дер кезінде орындап отырды, көбіне Оданың қарсыластарымен болған шайқастарда жеңістерге жетіп, оның иеліктерінің көлемін күннен күнге арттыра түседі. Ода Хидеэесиге өзі тартып әперген князь Сайтоның әскерінің бір бөлігін берді.

Ода қайтыс болғаннан кейін 2 жыл өткенде Хидеэеси өз қарындасын Токугава Иэясуга ұзатып, онымен ықпал ету сфераларын бөлісуге тырысады. Токугава Хамамацу қаласынан шығысқа қарай жатқан жерлерге бақылау орнату құқығына ие болады, ал Хидеэеси – Нагоядан батысқа қарай жатқан жерлерді алады. Алайда келісімді бұза отырып, Хидеэеси 1587 жылы Кюсю аралындағы Нагасаки қаласына бақылау орнатып қана қоймай, сондай-ақ Канто ауданын басып алды, ал 3 жыл өткеннен кейін, солтүстік шығысқа жазалау экспедициясын жасап, Муцу провинциясын өзіне қаратып алады, осылайша елдің бірігуін аяқтайды.

Хидеэеси ішкі істерде Оданың саясатын жалғастырды. Басып алынған территорияларда жер өлшемін жүргізді, бұл жерлер «тікелей бақылаудағы иеліктер» категориясына жатты, бұл категориядағы қалаларға: Осака, Киота, Нара, Оминото және сыртқы



саудамен байланысты Хаката мен Нагасаки қалалары жатты. Хидеэсидің бұйрығымен Сакаи қаласының айналасындағы орға топырақ тасталып, жабылды, бұл қаланың қарсылығының символын жою болған еді.

Хидеэси бүкіл ел көлемінде алғаш рет халық санағын жүргізді. Шаруалар 2 топқа бөлінді: салық төлейтін негізгі шаруалар, оларға ауқатты шаруаларды ғана емес, орташа шаруаларды да қосты, ондағы мақсат салық төлейтін шаруалардың санын көбейту болды, екінші топқа жері жоқ шаруалар жатты, олар жерге бекітілмеді.

Хидеэси санағы вотчиналарды батыл түрде жойды, күшті село қауымдарының сақталып қалғандығын және дамыған вассалдық қатыстарды көрсетіп берді. Шаруалар ортасынан шыққанына қарамастан Хидеэси шаруалар көтерілістерін аяусыз басып-жаныштады.

Хидеэси бірқатар маңызды реформаларды іске асырды. 1568 жылы шаруаларды жерге бекіту туралы және салық мөлшері туралы жарлық шығарды. Жарлыққа сәйкес шаруаға астықтың 1/3-нен көп емес, ал сеньорға 2/3-нен кем емес бөлігіне құқық берілді.

Шаруаларды тәуелділікке түсіру олардан қару-жарақтарын тартып алумен қатар жүрді. 1588 жылы жарлыққа сәйкес («Қылыштар аулау» деп аталып кеткен жарлық) шаруалардан тартып алынған қылыштар мен қанжарлардан Ұлы Будда мүсінін тұрғызуға қажет шегелер жасалды.

Осыдан 3 жыл өткеннен кейін, 1591 жылы әлеуметтік-сословиелік ерекшеліктерді бекіткен жарлық шықты. Үш сословиелік-әлеуметтік бөлініс орнықтырылды: самурайлар (си), шаруалар (но) және қалалықтар (симин). Соңғы топқа ол уақытта әлі де ара жігі ажыратылмаған қолөнершілер мен саудагерлер кірді.

1597 жылы ең төменгі әкімшілік бірлік ретінде 5 және 10 қожалық қауымдар орнықтырылды және осы қауым шеңберінде шаруалар бірі үшін бірі жауап беретін болды. Шаруалардан жиналатын салықты көбейту үшін жер аудандарының бірлігі азайтылды, бірақ салық мөлшері бұрынғы деңгейде қалды, осының нәтижесінде салықпен қанау 30%-ға өсті.

Хидеэси католик миссионерлерінің қызметіне тыйым салды, бірақ бұл кезде «елдің жабылуы» толық болған жоқ, өйткені ол еуропалықтардың көмегімен кемелер мен қару-жараққа ие болып, өзінің сыртқы жауларына қолдануды ойлаған еді. Хидеэсидің билік құрған дәуіріне қаржылық базаның тұрақсыздығы тән болды, бұған үздіксіз жүріп отырған соғыстар ықпал етті. Хидеэсидің қаржы жағынан әлсіздігі оның сауда капиталымен одағын және соларды қолдау саясатын анықтады. Сауда-тауар қатынасының дамуына байланысты алтын, күміс және мыс индустриясының өсуіне байланысты теңге көптеп шығарылып отырылды.

Хидеэсидің құнды металдарды өндіруге қызығушылығы оның ішкі саясатында белгілі дәрежеде меркантилизм тенденциясы болғандығын айғақтайды: ол байлықтың көзі өндірісте емес, айырбаста деп есептеді, байлық ақшамен байланыстырылды.

Хидеэси тұсында «сегундық-князьдік» мемлекет нығайды, мемлекетте князьдар әкімшілік және сот құқықтарын сақтап қалды.

Қытаймен және Кореямен ресми сауданы қалпына келтіруге ұмтылған Хидеэси 1591 жылы князь Соны Кореяға жіберіп, Корея билеушісі Жапонияның вассалы болуын талап етеді. Корея өкіметі вассал болудан бас тартты. Сондықтан 1592 жылы сәуірде жапондықтардың 137-мыңдық армиясы Корея түбегінің оңтүстігіне еніп, үш қатар сап түзеп, 20 күн ішінде маңызды стратегиялық мекендерді басып алып, Сеулге таяп келді.

Корей халқының жапон басқыншыларына қарсы күресін дарынды адмирал Ли Сунсин басқарды, ол қысқа уақыт ішінде қорғанысты ұйымдастырып, жапондықтардың тылында партизандық қозғалысты өрістетті. Өйткені жапондықтар жергілікті халықты қатыгездікпен басып жаншып, өздерінің жеңісінің дәлелі ретінде корейліктердің құлағын кесіп, 38 мың құлақты Жапонияға жіберген болатын. Бұл құлақтар Киотодағы «құлақтар мүрдесінде» жерленді.

1592-1597 жж. Хидеэси Кореяға екі үлкен жорық жасап, оның оңтүстігінен солтүстігіне дейін жетті. Бірақ аяғында жеңіліп, Кореядан кетуге мәжбүр болды. Бұл жеңілістен кейін Хидеэсидің отаршылдық саясатын белсенді түрде қолдаушы сауда

буржуазиясы өзінің саясат пен экономикадағы бұрынғы ықпалынан айырылды. Дегенмен, елдің бірігіуі, өзара қырқысулардың тоқтауы ішкі сауданың жедел қарқынмен дамуына мүмкіндік жасады. Кореяға жорық оңтүстік батыс феодалдарының және сыртқы саудамен айналысатын сауда капиталының күшін әлсіретті. Алдыңғы позицияға соғыс ауыртпалықтарын аз көрген солтүстік шығыс феодалдары мен Орталық Жапония князьдері шықты.

**Токугава сегунатының ішкі және сыртқы саясаты.** 1598 жылы Хидэсидің қайтыс болуы алғашқы біріктірушілердің еңбегін жоққа шығарды. Қуатты феодалдардың бірі Токугава Иэясу мен оның қарсыластары – Хидэсидің ұлы Хидэридің маңында топтасқан князьдер арасындағы өзара соғыс жаңа күшпен өршіді.

1600 жылы Сэкигахара түбіндегі ұрыста жеңіліп қалған Хидэри мен оның жақтастары Осака қаласында орнығып, бұл қала 15 жыл бойы оппозициялық орталыққа айналды.

Сэкигахара түбіндегі шайқаста Токугава көзге көрінбейтін жауынгерлерді (ниндзя) пайдаланды. Бұлар арнайы дайындықтан өткен кәсіби барлаушылар болды. Олар «көзге көрінбеу» өнерін меңгерді; қара киім киіп, арқанды пайдаланып, көзді ашып-жұмғанша үйдің шатырының астына шығып, сол жерде жасырынып отырып, жауының әрекетін бақылады. Өз жауларын білдіртпей улы жебемен үрлеп атып өлтіріп кетіп отырды.

1603 жылы Токугава Иэясу сегун титулын алып, бүкіл елге билігін орнатты. Токугавалар император үйін саяси өмірден аластатқанымен, алайда императордың діни беделін мойындап, үнемі өз биліктерін император заңдастырғанын көрсетіп отырды.

Токугава әулетінің сегундері Жапонияны 1867-1869 ж. буржуазиялық революцияға дейін, яғни 265 жыл биледі. Үкімет 1637 ж. Кюсю аралындағы Симабара қаласындағы көтерілісті басты. Бұл көтеріліске қатысушылардың көпшілігі христиан дініндегі самурайлар мен қала тұрғындары болғандықтан оны «Христиан көтерілісі» деп те атады. 1633, 1636, 1639 ж. үш жарлығымен үшінші сегун Иэмицу өлім жазасын қолдана отырып жапондықтардың өз елінен кетуіне, алысқа жүзе алатын үлкен кемелер жасауына тыйым салды. Елге шетелдіктердің

келуіне де тыйым салынды. Тек қытайлықтар мен голландықтарға рұқсат етілді. Дэсима аралындағы Нагасаки қаласында өткізіліп тұратын жәрмеңкеге Қытай, голланд сауда кемелерінің келуіне болатын еді. XVI ғасырда жапондықтар тек Корея, Қытай, Сиам, Филиппинмен ғана емес, Еуропа елдерімен де байланыс жасап тұрды. Мысалы, 1582-1590 ж. Римде Кюсю аралында христиан князьдіктерінің елшілігі болды. 1587 ж. ең бірінші рет христиан дінін насихаттауға тежеу салынды, бірақ еуропалықтармен қатынас үзілген жоқ. Кезінде Хидэеси еуропалықтардың кемелері мен қаруын Кореяға жорығында пайдалануға тырысқан еді. Токугава Иэясу да сол саясатты ұстанды. Ол ағылшындар мен голландықтарға кеңшілік білдіре отырып, оларды испандықтар мен португалдықтарға қарсы айдап салып отырды. Токугава Иэясу 1610 ж. Мексикаға, 1613 ж. Еуропаға елшіліктер жіберді. Бірақ оның билігінің соңына қарай және баласы басшылыққа келген соң еуропалықтардың Жапониядағы істеріне үзілді-кесілді шек қойылды. Бұл Жапонияның басқа елдермен қатынасын жасанды түрде үзіп тастау 2,5 ғасыр бойы сақталды. Мұндай шаралар феодалдық құрылысты тұрақтандыру мақсатын көздеді. XV–XVI ғғ. сыртқы сауданың дамуы теңіз порттарындағы пысық қала тұрғындарының баюына мүмкіндік жасады. Мұндай бай қала тұрғындарының қатары көбейе түсті. Күшейіп алған қала буржуазиясы феодалдық құрылысқа қауіп төндірді. Сондықтан да Жапонияның жаңа үкімет басшылары сыртқы саудаға тыйым салып, бұл күшейіп келе жатқан сауда буржуазиясына соққы беруге тырысты. Тек голланд және Қытай саудагерлеріне ғана Жапонияға келіп-кетіп тұруға рұқсат етілді. Шет елдермен сауда, одан түсетін табыс үкімет пен оның өкілдерінің пайдасына түсіп отырды. Бұл шара саудагерлердің де, оңтүстік феодалдарының да баю көзіне үлкен зиян келтірді. Сонымен қатар жапон феодалдарына өз билігін Қытай мен Кореяны бағындырып алған манчжурлар тарапынан зор қауіп төнді.

Дегенмен елді басқа әлемнен бөліп тастаудың басты себебі елдің ішкі жағдайына байланысты болды. Елде шаруалар көтерілісі кең өріс алды. Ол көтерілістер христиан дінінің туы астында өткізілді. Сондықтан христиан дінін уағыздау жапон феодалдарына ерекше қауіп төндірді. 1630 ж. Еуропа кітаптарын

әкелуге тыйым салынды. Христиан діні туралы мағлұматтары бар қытай кітаптарын әкелуге де шек қойылды.

**Кейінгі орта ғасырлардағы Жапонияның әлеуметтік-экономикалық дамуы.** Жер феодалдардың (дайме) меншігі ретінде бекітілді. Жер иесінің табысы дәл есептеліп отыратын. Табыс күріш дақылымен есептелетін. Барлық қаражат есепкисаптары күрішке аударылды. Күріштің басты өлшемі-коку – 1,8 гекто (180 литр) – барлық құнның негізгі өлшемі болып табылды. Сол себепті феодалдардың табысы күріш кокумен есептелді. Жер иесі – дайме өзі басқаратын шаруашылықтағы тұрғындардың үстінен әкімшілік билігін, сот билігін бірге атқарды. Оның қоластында көмекші вассалдары-самурайлар шаруашылық жұмыстарынан қол үзіп, бақылаушы, есепші, дайменің шабарманы қызметін атқарды. Үкімет феодалдардың өзара қырқысуларына, үкіметке қарсы бас көтерулеріне тыйым салды.

XVI ғ. аяғы XVII ғ. басында қалалар қатары көбейіп, оның халқының саны өсе түсті. Ең үлкен қалалар – Эдо, Киото, Осака болды. Ол қалалардың тұрғындарының саны 300 мыңнан асты. Онан кейінгі Нагоя, Нагасаки, Сакаи, Канадзава қалаларында 60 мыңнан астам адам тұрды. Хиросима, Окаяма, Хаката, Кумамота, Акида сияқты қалалардың халқының саны 20-30 мың аралығында болды. Ірі-ірі 17 қаладағы сауда мен қолөнері феодалдар билігінен алынып, тікелей орталық өкімет қарауына берілді.

Қолөнершілер бірлестіктері «дза» деп аталды. Әр деревня бес үйден тұратын аулаға бөлінді. Ол ауланың өз бастығы болды. Ол бастық сол 5 үйдің ішіндегі ең пысығынан тағайындалды. Оның міндеті – қарауындағы 5 үйдің мүшелерінің үкімет жарлықтары мен тапсырмаларын, нұсқауларын бұлжытпай орындауларын қадағалау болды. Шаруалардың бекітілген жерден кетуге құқы болмады. Қашып кетсе, оның міндетін қалған үйлердің шаруалары бірлесіп атқарды, қарызын да, салығын да бірлесіп төледі. Қашқан шаруа қатаң жазаланатын. Саудагерлер мен қолөнершілердің қызметтері де шектеулі болды. Бірақ ол шектеу шаруалардың тұрмысы мен қызметіндегі шектеу сияқты өте қатаң болмады. Іс жүзінде бұл шектеулер өне бойы сақтала да бермейтін. Қолөнершілер мен саудагерлердің жеке топқа бө-

лінуінің өзі олардың күшейгендігін көрсетті. Бұрын Жапон хұқы тек «самурайлар» (жауынгерлер) мен «халықты» мойындайтын да, саудагерлер мен қолөнершілерді елемейтін.

Токугава шектеушілігі дворяндар сословиесінің ішіне де өзгерістер енгізді. Барлық дворяндар тобының басында жоғары сюзерен тұрды. Ол бұрынғыша «сегун» деп аталды. Оның жақын уәзірлері «фудайлар» болды. Олардан кейін бөгде князьдар – «тодзамалар» тұрды. Бүкіл самурайлар бұқарасы осы бөгде князьдардың қол астында олардың вассалы ретінде болды. Сегун қарамағындағы самурайлар «хатомото» деп аталып, ерекше жағдайда болды. Әрбір дайменің самурайлар отряды болды. Барлық басқару аппаратын бақылайтын арнаулы топ «мэцукэ» деп аталды. Бұл топқа сегунның бақылаушылары кірді. Токугава шаралары XVI ғасырдың ортасынан басталған феодалдық құрылыстың ыдырауын аз уақытқа болса да кідіртті. Феодалдық өзара қырқысулардың тоқтауы экономиканың дамуына қолайлы жағдай туғызды. Ауылшаруашылығында жаңа техникалық құрал-саймандар пайда болды. Дәнді дақылдардан басқа қағаз және лак ағаштары, шай және цитрус өсіру өркендеді; тәтті картофель, қарбыз, темекі, мақта өсімдіктері әкелініп, өсіріле бастады. Мұның бәрі халық санының өсуіне ықпал етті: XVI ғасырдың аяғында 16 млн. халық болса, XVII ғасырдың аяғына қарай оның саны 25 миллионға жетті. XVII ғасырдың 30 жылдарындағы шет елдермен араласуға тыйым салынғаннан кейін және көпестерді пайда табудың көзі – сыртқы саудадан айырған соң ақша-тауар қатынастарының жапон деревнясына ағылуы басталды. Бұл ағылыс натуралдық шаруашылықты тез ыдыратты. Дайме, самурайлар, шаруалар көбірек сауда өсімқор капиталының ықпалына түсіп қалып отырды.

Капиталистік өнеркәсіптің алғашқы түрлері – үйдегі өнеркәсіп пен мануфактура өмірге келді. Мұндай өнеркәсіп алдымен мақта иіру саласында орын алды. Аудандар матаның түр-түріне маманданды: бір аудан тек жібек матамен айналысса, енді бір аудан жәй ғана мата токумен шұғылданды. Саудагерлер бұл өнеркәсіптерді бірте-бірте өз қоластына бағындыра берді. Тапсырысты да солар беріп отырды. Капиталистік кооперациялар мен орталықтандырылған мануфактуралар елдің өнеркәсібінде елеулі рөл атқара қойған жоқ. Мұндай өнеркәсіп сакэ

жасау ісінде, тоқыма өндірісінде бірлі-жарымды ғана орын алды. Үкіметтік және әулеттік мануфактуралар металл өңдеу, фарфор-фаянс өндірісінде кеңірек орын алды. Ондай мануфактураларда жергілікті шаруалармен қатар жан-жақтан қашқан шаруалар да істеді. Сөйтіп, жапон деревнясына тауар-ақша қатынасының енуі, капиталистік өндірістің алғашқы түрлерінің тууы, шаруалардың мүлік жағынан жікке бөлінуі, қалалардың өсуі, айырбастың жетілуі елде үстемдік еткен натуралдық шаруашылықты ыдырата бастады.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. «Өзара жауласушы провинциялар дәуіріндегі» Жапонияның саяси дамуына талдау жасаңыз.
2. Кейінгі орта ғасырлардағы Жапонияның әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасаңыз.
3. Жапонияға еуропалықтардың келуінің жағдайларын талдаңыз.
4. Елді біріктіру жолындағы күрес және оның негізгі қайраткерлері?
5. Токугава сегунаты тұсындағы Жапонияның әлеуметтік-саяси дамуы?

## XVIII ғарау

### КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҮНДІСТАН

**Оңтүстік Үндістанға еуропалықтардың келуі.** Еуропа отаршыларының ең алғашқы тобы 1498 жылғы 20 мамырда Васко да Гаманың (1469-1524) басшылығымен Үндістанның Каликут қаласына келіп түсті. 1498 ж. экспедиция Сомалидегі Малинди жағалауына жетті. Келесі жылы экспедицияның 55 мүшесі ғана қайтып оралды. Қалғандары жолда әр түрлі аурулардан қайтыс болды. Еуропалықтар мұнда араб және басқа да мұсылман елдерінің көпестерімен бақталастыққа түсті. Олар Үндістанға Египеттен, Қытайдан, т.б. елдерден тауар әкеліп тұратын. Үндістаннан Египетке түскен тауарларды Венеция мен Генуя көпестері Батысқа қарай жөнелтетін.

Үндістанға баратын жолды ашқаннан кейін португалдықтар бұл елмен саудаға өз үстемдігін орнатуға кірісті. Үндістанның ішіндегі алауыздықты және өздерінің әскери күштерін пайдалана отырып, португалдықтар екі арадағы жолда көптеген бекіністер сала бастады. Малабар жағалауындағы Гоа португал вице-королінің мекеніне айналды (астанасы – Панаджи қаласы, Үндістанның батысында). Ормузды басып алып, португалдықтар парсы шығанағындағы бай саудаға өз бақылауын орнатты.

1511 жылы Албукерки Сингапур бұғазындағы маңызды порт Малакканы басып алды. Сөйтіп, Үнді мұхитына шығыстан да жол ашылды. Енді португалдықтардың қоластына Үнді мұхитының батысы да, шығысы да қарады. 1517 жылы португалдықтар Цейлонмен сауда қатынасын орнатудан бастап, бірте-бірте оны өзіне бағындырып алды (1653 жылы оларды голландтар қуып шықты). Португалдықтар басып алған жерлерінде шаруашылықпен аз айналысты, көбінесе дайын азық-түлік т.б. өнімдерді өте арзан бағаға сатып алып, Еуропада 10 есе



қымбатқа өткізді. Олар басып алған жерлерінде көп дегенде 10 мыңдай ғана әскер ұстады. Португалдықтар әскері аз болғандықтан Азиядағы отарларын көбейте алмай, негізінен теңіз-дегі қарақшылықпен айналысты. XVI ғасырдың аяғында – XVII ғасырдың басында португалдықтардың Индиядағы және оңтүстік шығыс Азиядағы үстемдігін ағылшындар мен голландтар тартып ала бастады.

**Солтүстік Үндістанда Моғолдар билігінің орнауы.** XVI ғ. басында Үндістан саяси ыдырау жағдайында болды. Деканда, бір кездері ірі де қуатты мемлекеттік бірлестік болған Бахмани сұлтанатының орнында бірнеше ұсақ мемлекеттер қалыптасты. Олардың ішіндегі ең ірісі Джаунпурдағы билікті 1490 ж. Әділшахи әулеті басып алады. Деканның кішігірім мемлекеттік бірлестіктерінің арасында үздіксіз күрес жүріп, оған оңтүстік Үндістандағы Бахманилердің ежелден келе жатқан дұшпаны Виджаянагар да қатысып отырды.

Солтүстік Үндістандағы саяси бытыраңқылық бұдан да гөрі кең құлаш жайды. XV-XVI ғғ. жауласушы күштердің күрес аренасы Бенгалия болды. Бұл жерде 1442 ж. үнділік Радж әулеті талқандалғаннан кейін мұсылмандық Илиас-шахи әулетінің билігі орнады. Кашмирде XIV ғ. Шах мырза негізін қалаған мұсылмандық әулет билік құрды. Астыққа бай Малва ауданы XV ғ. 30 ж. бастап түрік хилжалардың қоластында болды. Алайда оны 1526 ж. Гуджарат билеушілері басып алып, 1537 ж. дейін биледі.

XVI ғ. басында солтүстік Үндістанның айтарлықтай қуатты мемлекеттерінің бірі Дели сұлтандығы болды. Алайда бұл кезде оның шектері мұның алдындағы дәуірмен, әсіресе Үндістан түбегінің үлкен бөлігін жаулап алған XIV ғ. салыстырғанда барынша қысқарып кеткен еді. Сұлтанатқа бұл кезде Пенджаб, Дели ауданы, Ганга мен Джамна қосөзені кірді. Бұл жерде билік құрған ауғандық Лоди әулетінің сұлтандары өз иеліктерін кеңейтуге күш салды. Сикандар шах Лоди (1489-1527) Джаунпур мен Бихарды қаратып, Бенгалия шектеріне жетті, көптеген бүлікшіл ауғандық және басқа да қолбасшы әмірлерді өзіне бағындырды. Ол Агра бекінісін салды, ол кейінірек, XVI ғ. екінші жартысында керемет гүлденген қала, Моғол империясының астанасына айналған болатын.

Алайда Дели сұлтандығының соңғы сағаты соғуға жақындап қалған еді. 1517 ж. таққа Сикандар шахтың ұлы Ибрахим шах Лоди отырды. Бұл уақыт Ибрахим шахтың ізашарлары Бахлул шах пен Сикандар шахтың тікелей тірегі болған ауған әмірлерінің күш-қуаты шарықтау шегіне жеткен уақыт еді. Ауғандықтар солтүстік Үндістанға бұдан көп бұрын қоныстанған болатын. Олармен сұлтандар үнемі санасып отыруға мәжбүр болды.

Әулеттің негізін қалаушы Лоди Бахлул шах ауғандықтардың тайпалық салт-дәстүрлерін қатаң түрде сақтап, сарай ішіндегі ерекше сән-салтанатқа жол бермеді, шонжарлармен мәжіліс өткізгенде ешқашан таққа отырмай, төменге түсіп, қоластындағылармен бірге кілемде отырды. Оның немересі Ибрахим шах жас та, жігерлі еді. Ол ауған шонжарларына, өз туыстары мен тайпаластарына бұл тәртіпті өзгертетіндігін білдіріп, күшті монархиялық билік орнатуға тырысты. Оның таққа отыруы ерекше сән-салтанатпен өтті. Ауған әмірлерінің көптеген талаптарын кейін қайтарып, «Ибрахим шахта туыс та, тайпалас та жоқ, тек қоластындағы халық бар», – деп жауап берді. Көптеген қызметші шонжарлар мен әмірлер оның мемлекетті нығайтуға бағытталған саясатының құрбаны болды, мұның өзі сұлтан мен ауған шонжарларының арасындағы қақтығысқа алып келді. Ауған әмірлері Даулат хан мен Алаш хан сұлтанмен өштесе отырып, Кабулда өз билігін орнатқан Тимурид Захир ад-дин Мұхаммед Бабырмен келіссөздер жүргізіп, оны Ибрахим шахтың тирандық билігінен құтқаруын сұрады.

Осы кезде Ферғана билеушісі Омар шейх мырза тимуриттермен, атап айтқанда Мәуереннаһр билеушісі сұлтан Ахмад мырзамен және Ташкент билеушісі Сұлтан Махмұд ханмен қақтығысып қалады. Тимуриттердің бірі Бабыр Самарқанды басып алу жолында күрес жүргізеді. 1497 ж. ол аз уақытқа ғана Самарқанды басып алады, бірақ өзінің Ферғанадағы иелігі үшін кам жеп, Самарқаннан кетуге мәжбүр болады.

1500 ж. Бабыр Самарқанды екінші рет басып алады. Алайда келесі жылы-ақ, 1501 ж. қалаға Орта Азияға Сібірдің Тобыл мен Тарым аймағынан келген Шейбани хан бастаған көшпелі өзбектер әскері жақындап келеді. 1501 ж. сәуірінде Сері Пул жеріндегі ұрыста Бабыр әскері ойсырата жеңілді. Көп ұзамай Бабыр

Ферғанадан да айрылып қалады. Бабыр шығысқа қарай жылжи отырып, 1504 ж. Үндістаннан Орта Азия мен Иранға барар жолда жатқан ірі сауда орталығы болған тимуриттердің Ауғанстан жеріндегі ұлысын өзіне қаратады. Орта Азиядағы иеліктерін қайтарып алуға деген үміті үзілген Бабыр Шығыста жатқан Үндістанға көз тігеді. Кезінде бабасы Тимур жаулап алған Пенджаб пен солтүстік Үндістанды ол өзінің заңды мұрасы деп қарастырды.

1518 жылдан 1526 жылға дейін Бабыр әскерлері Хайбар өткелінен 5 рет өтіп, Үндістанға жорықтар жасады. Орта Азиядағы шағатайлықтар, барластар, жалайырлар мен ауғандардан жасақталған Бабыр әскері 1525 ж. қарашасында соңғы жорыққа аттанды. Ибрахим шахтың әскерімен шешуші шайқас 1521 жылы 21 сәуірде Панипат түбінде болды. Дели сұлтанының әскерін, санының бәленбай есе артық болғанына қарамастан (бір деректер бойынша 100 мың, екінші – 40 мың) Бабырдың 12 мыңдық әскері тас-талқан етіп жеңеді. Бабыр әскері зеңбірегінің басымдығының арқасында жеңіске жетті. Осыдан кейін Бабырға қарсы шайқасқа Раджпуттық князь Рана Санграм Сингх әскерімен шықты. 1527 жылғы наурызда Кхнау маңындағы шайқаста Бабыр тағы да жеңіске жетті. Оған енді Делиге жол ашылды. Осылайша орта ғасырлық Үндістанның маңызды мемлекеттерінің бірі – Дели сұлтандығының тарихы тәмам болып, Ұлы Моғолдар әулетінің билігі орнатылды, бұл мемлекет Үндістанда ағылшындардың отарлық үстемдігі толық орнағанға дейін өмір сүрді.

Солтүстік Үндістандағы саяси бытыраңқылық және феодалдық өзара қырқысулар сауданың, ауылшаруашылығының дамуына кедергі жасады. Күйзеліске ұшыратып отырған феодалдық соғыстарды тоқтатуға шаруалар да, қала тұрғындары да мүдделі болды. XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басындағы португалдықтардың Үнді мұхитындағы үстемдік құруы Үндістанның Батыспен, Шығыспен теңіз саудасын тежеді, ол саудада ең көп пайда табушы араб көпестерін тақырға отырғызды. Португалдықтар Үнді мұхитындағы кез келген кемелерді қиратып, тонап, Үндістанға жолатпауға тырысты. Бұл әрекет Үндістанның сыртқы саудасын құрғаққа ығыстырды. XVI ғасырда үнділік маталар мен бояулар, тәтті тағамдар Еуропаға

Ауғанстан, Иран, Түркия арқылы шығарылып, ескі керуен жолы жандана түсті. Бірақ бұл жандану XVII ғасырда қайта басылып қалды. Оған себеп – ағылшындар мен голландтардың Үнді мұхитындағы португалдықтардың жеке дара билігін жоюы болды.

Бабыр орнатқан мемлекет Ұлы Моғолдар империясы деп аталып кетті. Бабырдың қайтыс болуына қарай бұл держава батысында Кабулмен, шығысында Бенгалиямен шектесіп жатқан ұланғайыр мемлекет болды. Бірақ оның салық-әкімшілік жүйесі нашар болды. 200 жылдан астам уақытқа (1526-1761) дейін өмір сүрген бұл мемлекеттің негізін қалаған Бабыр өте көрнекті қолбасшы әрі саяси қайраткер еді. Ол өте сезімтал, дарынды ақын да болған. Өзбек, тәжік, ауған, үнді тілдерінде емін-еркін сөйлеген. Үнді елінің салт-дәстүрін сақтап, әдет-ғұрпымен танысып, құрмет көрсетіп отырған.

Ұлы Моғол империясы Үндістанның экономикалық жағынан кенже қалған бөлігінде қалыптасты. Оңтүстік Үндістанның жағалаулық аудандары, Малабар, Гуджарат, Коромандельдік жағалау, сондай-ақ араб елдерімен, Иран, Малайя, Молуккамен теңіз саудасымен әйгілі Бенгалия дамуы жағынан алға шықты. Алайда бұл жағалаулық мемлекеттерді өзара қырқыстар мен еуропалық сауда компанияларының елдің ішкі істеріне араласып, үнділіктерді сыртқы теңіз саудасынан ығыстыруы әлсіретті. Сондықтан, XVII ғ. орталықтанған Моғол империясы олардың қарсылықтарын тойтарып, өздеріне бағындыруға тырысты.

Бабыр Үндістанды үш жыл (1525-1530) басқарды. Ол өлімі алдында иеліктерін балаларына бөліп, Үндістанды үлкен ұлы Хумаюнға қалдырды. Пенджаб, Кабул және Кандагарды иеленген басқа ұлдарына үлкені Хумаюнға бағынуды бұйырды. Хумаюн өз иелігін Гуджарат, Раджпутанның бір бөлігі мен Бихарды бағындыру есебінен кеңейтуді көздеді. Алғашқы табыстарына қарамастан, Хумаюнның жеңістері берік болмады. Оның бауырлары билікке таласып, Дели қаласын басып алуға тырысты. Хумаюнның мықты қарсыласы Бенгалия мен Бихардағы ауғандық феодалдардың басшысы сур тайпасынан шыққан Шерхан Фарид болды. Бихардағы екі шайқаста Хумаюн Шерхан тарапынан талқандалып, Үндістаннан алғашқыда Синдқа, кейіннен бауырларымен Иранға қашты. Үндістанда қалған Хумаюн-

ның үлкен ұлы – жасөспірім Акбарды оның бауыры Кабулға алып кетеді.

Шер-шах деген атпен таққа отырған (1539-1545), Фарид Сур қоғам талабына сай өзгерістер енгізді. Жан-жағына ағаштар отырғызылып, 1700 керуен-сараймен қамтылған төрт сауда жолы салынды. Бұл жол астананы, яғни Аграны Бенгалиямен, Раджпутанамен, Аттоқпен және Мултанмен қосты. Бүкіл ел кішігірім әкімшілік – паргандарға бөлінді. Шер-шах орталықтың бақылауын күшейтті. Ол ең алдымен феодалдарды, әсіресе билік үшін күресте сүйенген Бихар мен Бенгалиядағы ауғандықтарды ауыздықтау міндетін алға қойды.

Шер-шах джагирдарлардан қолданыстағы джагирдің ауқымын, мемлекет әскерінің негізін құрайтын жалдамалы салт аттылардың санын беруді қатаң талап етті, жылқыларды таңбалауды енгізді. Жер салығына өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістер салықты есепке алуды жетілдіруге, сөйтіп, қазынаға түсетін кірісті көбейтуге, сондай-ақ салықты төлеушілердің жағдайын жақсартуға бағытталды. Енді салықты заттай немесе ақшалай төлеуге ерік берілді. Жергілікті үндістер мемлекетті басқару ісіне тартыла бастады. Үндістер дініне тіл тигізу қатаң жазаланатын болды.

Шер-шах наразылықтар мен шаруалар көтерілістерін аяусыз басып отырды, мысалы Аградадағы ауғандық Ниязи тайпасының қарсылығын жаншып тастады. Шер-шах жерін ұлғайту мақсатында раджпут князьдіктерін бағындыруды көздеді. Үндістанның батыс жағалауындағы сауда жасайтын аудандарға жылжыды. Алайда, 1545 ж. Шер-шах раджпут бекінісі – Каланджараны қоршауда өзінің оқ-дәрі қоймасында болған жарылыс кезінде қаза тапты.

Шер-шахтың қайтыс болуымен ауған феодалдарының таққа таласы күшейді. Бұл жағдайды Ираннан келген Хумаюн пайдаланды. Ол әр түрлі құрамдағы (түрік, ауған, парсы, түркмен, өзбектер) әскерімен қарсыластарының әскерін жеңіп, 1555 ж. Дели қаласын бағындырды, бірақ билігі ұзаққа бармады. Көп кешікпей ол мәрмәр сатыдан құлап, бірден өліп кетті. Тақ мұрагері Акбардың тәрбиешісі түрікмен Байрам хан регент (уақытша билеуші) болып қалды. Оның қарсыласы Сур әулетінің әскерін басқарған талантты қолбасшылардың бірі, үндіс Хему Дели

каласын бағындырып, «Викрамадитья раджасы» атауымен билеуші атанды. 1556 ж. Хему моғолдармен болған Панипат шайқасында 5 мың жауынгер-пілдеріне сүйенді. Алайда, кездейсоқ жебенің оғы көзіне тиіп, пілден құлап қаза табады. Қолбасшысыз қалған жауынгерлері жан-жаққа бытырап кетті. Шайқаста жеңіске жеткен Акбар билігі (1556-1605) жарты ғасырға жуық мерзімді қамтыды. Осылайша, с олтүстік Үндістанда Моғолдар билігі беки түсті.

**Акбар реформалары.** Акбардың алғашқы қадамы раджпуттармен одағынан басталды. XVI ғ. екінші жартысы мен XVII ғ. басына дейін Акбар раджпут әскерінің көмегімен Читор, Гуджарат, Бенгалия, Кашмир, Тхатту, Хандеш және Орисса мен Ахмаднагар жерлерін қосып алды. Осыдан кейін моғолдар басқыншылық жорықтарын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Мемлекеттік билікті нығайту мақсатымен падишах Акбар (1556-1605) біраз өзгерістер енгізуге кірісті. Ең алдымен үндіс Тодор Маланың басшылығымен (ол Моғолдар үкіметіндегі қаражат әкімшілігін басқаратын) салық реформасы жүргізілді. Рента салық әр шаруаның жерінде әр түрлі болатын болды. Оның мөлшері жердің сапасына, онда егілетін дақылдардың түріне байланысты болды. Барлық шаруалардың, байлардың жерлері қайтадан өлшеніп, сапасы тексеріліп, түсетін өнім мөлшері есептеліп, оларға салынатын салық көлемі дәл анықталды. Бұл мыңдаған есепшілер жүргізген өте күрделі де, ауыр жұмыс болды. Бұл істің нәтижесі – Моғолдар державасының Ауғанстан, Кашмир, Бенгалиядан басқа жерлеріндегі азық-түлік рентасының ақшалай рентамен ауыстырылуы болды. Реформа алғашында шаруалар жағдайын біраз жеңілдетті. Бірақ ақшаға деген мұқтаждық бірте-бірте шаруаларды өсімқорлар қанауына душар етті. XVI ғасырдың соңғы ширегінен бастап сауда-өсімқорлық капиталдың үнді деревнясына енуі күшейе түсті. Егін бітік шыққан жылы оның құны түсіп кетіп отырды, ал ақшалай салықты бұрынғы мөлшерінде төлеу керек болды. Сөйтіп, егіннің мол өнімі шаруаларды байытудың орнына, керісінше, күйзеліске ұшыратты.

Салық реформасы әкімшілік аппаратты орталықтандыруды күшейтті, феодалдық мемлекеттің жерге меншігін нығайтты. Феодалдық рентаны натуралды салықтан ақшалай салыққа

көшіру жерге феодалдық меншіктің бұл түрін әлсірету қаупін тудырды. XVI ғасырдың соңғы ширегінде Үндістан деревнясына ақша–тауар қатынастарының енуі онан әрі үдей түсті. Осы негізде деревня қауымының ішіндегі мүлік және жер үлесі жағынан теңсіздік ұлғая түсті.

Феодалдық қанаудың өсімқорлық шырмауымен жалғасуы салдарынан шаруалардың көпшілігінің күйзеліске ұшырауы тікелей өндірушілер мен феодалдардың арақатынасын шиеленістіре түсті. Бұл шиеленіс моғолдар державасын әлсіретті. Шаруалардан ақшалай төлемді талап еткен Акбардың салық жүйесі бара-бара деревня қауымының ыдырауына ықпал етті.

Мемлекеттік феодалдық меншіктің үстемдігі жағдайында жер иеленушіліктің негізгі түрі джагир болды. 100 мың гектарға дейін жер иеленуге рұқсат етілді. Бірақ бұл жер иеленушілік мұраға берілмеді, тек қызмет етіп жүрген кезде берілді. Қызметті нашар істеп, үкімет үмітін ақтамағандар жер иеліктерінен айрылатын. Орта есеппен бір жерді иелену мерзімі Акбар билігі тұсында 10 жылдан аспады. Шахтың рұқсаты бойынша джагирдың иеленушісі сол жерде отырғандардан өз пайдасы үшін алым-салық жинап ала алатын болды. Жер иеленуші жагирдар өз қоластындағы шаруалардың 5-10 жыл болса да, кожасы, әміршісі болды. Ол шаруаларды еріксіз жұмысқа («бегар») салды, (жол, канал, сарайлар салу үшін), өз жеке басының пайдасы үшін де жұмысқа салды, «аббаба» деп аталатын қосымша салық жинады. Ең күдіретті жагирдардың жылдық табысы 250, 300, тіпті 600 мың рупий болды. Бірақ бұл табыстың 2/3, 4/5 бөлігін жагирдар жалдамалы әскер ұстауға жұмсады. Әскер саны жагирдардың атағына сай (жүзбасы, мыңбасы) құрылды. Қосымша салық жинап алғанда да, жиналған алым-салықты жарату кезінде де жагирдар заңның қоятын шегіне бағынбады.

Дегенмен жагир қызмет бабы бойынша берілетін уақытша иелік болып қалды. Шах қашан қайтып аламын десе өз еркі болды. Жагирдар өліп кетсе, оның барлық байлығы, гаремдегі әйелдерінің қымбат әшекейлеріне дейін, моғолдар державасының меншігіне көшетін болды. Байлығын балаларына беруге немесе өз өндірісін кеңейтуге жұмсай алмағандықтан, жагирдарлар ұланғайыр қаржыны сән-салтанатқа, өзіне қызметкерлер ұстауға ысырап етті. Ірі жагирдарлар Ұлы Моғолдар державасындағы

феодалдардың үстем тобын құрды. Олардың шах үкіметіне деген көзқарасы әрқилы болды. Акбардың экспансиялық саясаты жагирге берілетін жер көлемін ұлғайтып отырды. Моғолдардың басқыншылық соғыстары жагирдарлар мүддесі үшін жүргізілгендіктен, олардың тарапынан қолдау тауып отырды. Күшті шах үкіметі феодал-жагирлердің иеліктерін сыртқы жаудан қорғады, шаруалар толқуларын басып отырды; ал сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету оларға көп табыс пайда келтіріп отыратын коммерциялық операцияларға қатысып отыруға мүмкіндік берді.

Тіпті рентаны да мемлекеттік салық аппараты жинап отырғандықтан шаруашылық жұмыстарынан еш қам жемейтін жагирдарлар той-думанды, тоғышарлық өмір кешті. Мұндай өмір олардың феодалдық жер иеліктерінің шектелуіне қарсы наразылықтарын туғыза қоймады. Бірақ жагирдарларға сепаратизм тән болды. Олар уақытша қожа болудан тұрақты қожа болуға, өз иелігіндегі жерден түсетін табыстың бәрін өз қолында ұстап қалуға, керек болса Моғолдар державасынан бөлініп кетуге де тырысты.

Акбардың патшалығы кезінде бірнеше рет жагирдарлар бүлігі орын алды. Олардың наразылығы әсіресе қазынадан айлық алатын әскербасыларды жагирдарлардың орнына тағайындамақ болған кезде күшейе түсті. Жагирдарлар оларға жер иеліктері елдің түкпір-түкпірінен берілгенде де, бір иеліктен екінші иелікке қайта-қайта ауысуға мәжбүр болғанда да, олардың контингенттерінің жағдайын жиі-жиі тексеріп отырғанда да шыдады. Олардың шыдамы жагир жүйесін жоюға әрекет жасалғанда мүлдем таусылды. Олар 1580-1582 жж. ірі бүлік ұйымдастырды. Бұл бүлік моғолдар державасының құрып кету қаупін туғызды. Бұл бүлік әскери күшпен емес, саяси шарамен басылды. Пенджабтағы моғолдық қолбасшы Шахбаз-хан бүлікшілерге қарсы күрес кезінде Акбарды жақтаймын дегендерге жагирді кеңінен үлестіріп берді. Акбардың өзі де жагирдарларға арқа сүйеу керектігін түсініп, олардың талабын орындауға келіскенде ғана бүлік басылды.

Акбар жагирлық жүйені жоя алмаса да өзінің орталықтандырылған билігін күшейтуде, ірі феодалдардың дербестігін шектеуде айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Дегенмен жагир-



лық жүйе шаруашылықтың дамуына ықпал етпей, керісінше, кедергі жасады. Себебі жагирдарлар ертеңгі күніне сеніммен қарай алмады, шаруашылықты жақсы басқаруға мүдделі болмай, тезірек және көбірек салық жинап алып, оны ойын-сауық, той-думан, сән-салтанатқа жұмсауға асықты. Оларды шаруалар күйзелісі толғандырмады.

Акбардың билігі тұсында елдегі ыдыраушылық жағдайдың біраз бәсеңдеуіне, ең алдымен шахтың діни саясаты ықпал етті. Ол империя халқының діни теке-тірестерін жою мақсатымен және индуизм дінін ұстанушы жергілікті халықтың есебінен өз әлеуметтік базасын күшейту мақсатымен діни реформа жасады. Акбардың діни саясатының негізіне сульх-и кул (жалпыға ортақ бейбітшілік) ұстанымы алынды. Оның мәні барлық діндер ақиқат деп жарияланып, дінаралық келісім орнату болды. 1563 жылы Акбар мұсылман еместерден жиналатын, қазынаға орасан зор табыс түсіріп тұрған джизья салығын жойды. Мұсылман дінбасыларының қатты қарсылығына қарамастан Акбар 1582 жылы сарайда жаңа дін – дин-и иллахиді («күдай діні») салтанатты түрде жариялады. Алайда, әр түрлі діни дәстүрлердің жасанды түрдегі қосындысы ретіндегі жасанды діннің не діни дәстүрі, не қасиетті жазбасы болмаған еді. Сондықтан да кең қолдауға ие болмаған дін Акбар қайтыс болғаннан кейін кішігірім сектаға ғана айналып қалды.

Акбардың діни синкретизмі тек оның орталық билікті нығайтуға бағытталған саясатының ғана туған жоқ, сонымен бірге Үндістанда ғасырлар бойы жүріп жатқан ислам мен индуизм дәстүрлерінің өзара жақындасуы, синтезінің де көрінісі болды. Алайда жаңа дін жоғарыдан, билік тарапынан күшпен енгізілмейтіні тарихтан белгілі, ол бірте-бірте тарихи үдерістің барысында қалыптасады. Сондықтан да Акбардың діни тұжырымдамасы игі ниеттен туғанына қарамастан тығырыққа тірелді, баянды бола қоймады. Керісінше әр түрлі діни қауымдар арасындағы қақтығыстарға алып келді. Елдегі саяси және әлеуметтік шиеленістер діни сектанттық қозғалысқа ұласты.

**Халық қозғалыстары.** XVI ғ. феодалдарға қарсы оқшау сипатымен ерекшеленген толқулар «еретикалық» діни ілім ұранымен өтті. Пенджабта қолөнер және саудамен айналысатын адамдар арасында *бхакти* ілімімен қаруланған *сикхизм*

ықпалы күшті болды. Сикхизмнің негізін Нанак (1469-1538) қалады. Сикхтар касталық бөлініске, діни (үндіс, мұсылман) салт-дәстүрге қарсы тұрып, кедейлерге көмектесуді көздеді. Секта басшысы гуру (ұстаз) деп аталды. Сектанттар феодалдық тәртіптер мен касталық-сословиелік бөлінушілікті айыптай отырып, брахмандар мен мұсылман дін басыларының арамдығы мен паракорлығын, бұзылғандығын әшкереледі. Индуизмнің сән-салтанатқа негізделген дәстүрлеріне сектанттар қарапайымдылық пен үнемшілдікті қарсы қойды. Олар дінбасыларының беделін мойындамады, қажылыққа баруды да жоққа шығарды. Олар сонымен қатар ортағасырлық аскетизмді де, дүние қызығынан, үйленуден бас тартушылықты да сынады. Сектанттар бұл дүниеде өз байлығын көбейтіп, оны бекер ысырап етпей, үнемшіл болуға, өмірде адамға қажетті қызықтардан құр қалмауға шақырды. Олар «арзан шіркеу», шынайы дін үшін күресті. Ортодоксалды индуизм адамның о дүниеде тозақтан құтылуының жолы – қасиетті заңдарды жақсы біліп, оларды мұқият орындап отыруында десе, сикхтер барлық адамдарды құдай алдында тең деп, тозақтан құтылу да бәріне бірдей деп жариялады. Алғашқы сикхтер шыдамдылыққа, үкіметке, қоғамдық тәртіпке қарсы күш көрсетпеуге шақырды. Ақбар олардың гуруына сыйлыққа Пенджабтан жер берді. Ол жерде сектанттар Амритсар деген өз қаласын тұрғызып, оны «Алтын храммен» безендірді.

XVI ғасырдың бірінші жартысында Солтүстік Үндістанның қарапайым мұсылман халықтарының арасында антифеодалдық, сектанттық *махдистер* қозғалысы кеңінен тарады. Махди құтқарушы, жерде әділеттілік патшалығын орнатушы деп қарастырылды. Махдистердің негізгі орталықтары Агра маңындағы Биан ауданы болды. Махдистер басшысы шейх Абдулла Ниази өз насихатын қарапайым халыққа, қолөнершілерге, су, отын тасушыларға арнады. Сектанттар саны 3 мың адамға жетті. Олар жергілікті үкімет билігін күшпен басып алып, феодалдарға өз нұсқауларын берді (барлық мал-мүлікті ортақ ету жөнінде). Махдистер арасында құтқарушы құдай өкілі келгенше шыдамдылық көрсетіп, күте тұруға, күш қолданудан аулақ болуға шақырған бағыт та болды. Бұл бағытты тек бақуатты қала тұрғындары ғана емес, сондай-ақ ұсақ мұсылман діни феодалдар да қолдады. 1548-1549 жж. махдис-сектанттар талқандалды.

XVI ғасырдың ортасында *рошаниттер* қозғалысы қалыптасып, ол 70 жылдай уақыт үкіметтің мазасын алды. Рошанит сектасының негізін феодалданған ауған аксүйектері мен Моғол империясының қанауына қарсы шыққан Баязид Ансари (1524–1585) қалады. Ансари өз жақтастарының арасында Пир-и-Рошан – әлем ақсакалы, қариясы деп аталып кетті. Бұл қозғалыс Инд өзенінің оң жағалауындағы ауған жерлерін, Сүлеймен қырқаларының солтүстігіндегі облыстарды да қамтып отырды.

Рошаниттер қозғалысының махдистер мен сикхтер қозғалысынан айырмашылығы – оның қоғамның ең артта қалған тобының, қауымдық қоғамнан феодалдық қоғамға жаңадан аяқ басқан қауым арасында қалыптасуы болды. Бұл сектаның мүшелері байлардың мал-мүлкін ортаға салуға, артықшылықтарды жоюға шақырды. Рошаниттер қозғалысы тек әлеуметтік теңдік үшін емес, сондай-ақ ауғандықтар тәуелсіздігі үшін де күресті, (яғни моғолдар билігінен құтылу үшін). 1585–1600 жж. Акбар рошаниттерге қарсы әскер жіберіп, Инд пен Кабул арасындағы таулы өткелдерді басып алды, бірақ бірнеше ауыр жеңілістерге де ұшырады.

Акбар өлгеннен кейін рошаниттер қайтадан бас көтерді. Кейіннен XVII ғ. басында рошаниттерді Баязид Ансаридің немересі Ахдад (1611–1626) басқарды. Моғолдар империясы рошаниттер қозғалысын басып-жаныштауға қарақшы әскерлерін жіберді. XVII ғ. 30 ж. рошаниттер басшысыз қалып, азайып кетті. Рошаниттер қозғалысы тек XVII ғасырдың ортасына таман ғана біржолата талқандалды.

**Ұлы Моғолдар державасының экономикалық дамуы.** Моғолдар державасының құрамына кірген жерлерде феодалдық қырқысулар тоқтап, ішкі кеден салықтары жеңілдеді. Сөйтіп, егіншілік пен сауда-саттық үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Сауда әсіресе 1572–1573 жж. таяу және қиыр шығыстың көптеген елдерімен теңіз саудасын қызу жүргізетін бай Гуджаратты порттарымен қоса жаулап алған соң айтарлықтай жандана түсті. Құрғақта үстемдік құра тұрып, моғолдар теңізде дәрменсіздік көрсетті, сөйтіп олар Үнді мұхитының суларында португалдықтардың қожайындық етуімен келісуге мәжбүр болды. Португалдықтарды Гуджараттың, бүкіл Малабар жағалауының ірі порты Суратқа кіре берістегі ұялары Диу мен Даманнан қуып шығу әрекеті моғолдар үшін сәтсіз аяқталды.

Үндістанның едәуір бөлігінің Моғолдар державасының құрамында саяси бірігуі, мемлекеттік басқару ісінің орталықтандырылуы, салық рентаны жинауды реттеу жөніндегі шаралар елдің экономикасының дамуына қолайлы жағдайлар туғызды. Ортағасырлық Үндістанда қолөнерінің егіншіліктен бөлінуі Еуропа мен Азияның көптеген феодалдық елдеріндегіге қарағанда өте баяу қарқынмен жүрді. XVI ғасырда Үндістанда халқының саны көп қалалар қатары онан әрі өсе түсті. Бұрынғы байлардың бекініс мекені (замок) типтес қалалармен қатар жаңа қалалар – сауда-қолөнер орталықтары қалыптасып, көбейе түсті. Бұл қалалар бұйымдарын рынок талабын қанағаттандыру үшін шығарып отырды. Рынок сұранысының өсуі Моғолдар державасындағы қала мен деревня арасындағы еңбек бөлінісінің жоғары дәрежеге жеткендігінің белгісі болды. Үндістанның әр түрлі облыстарының арасындағы экономикалық байланыстардың дамығандығын Бенгалияны Индия континентінің солтүстік батыс бөлігімен қосушы негізгі артерия – Ганг өзенімен тауарлар тасымалының өсуі дәлелдейді. Өзенмен Бенгалдан жоғары, солтүстікке қарай күріш, бидай, қант, мата, бояу тасылса, төмен Бихарға қарай Раджпутанда өндірілген тұз, әлемге әйгілі биязы жүннен тоқылған кашмир орамалдары, ауған және Орта азиялық жылқылар, лахор мен Делидің зергер шеберлері жасаған қару-жарақтар әкелінетін.

Үндістанмен көршілес Гуджарат Махараштраға, Мальваға, Раджпутанға қолөнер бұйымдарын апарып, олардан өзіне бидай, күріш, т.б. азық-түлік өнімдерін әкеліп тұрды. Абуфазыл өзінің «Аин-и-Акбари» деген еңбегінде 1577 жылы 1 манн (400 грамм) бидай Аграда – 50 дамм, Аллахабадта – 62 дамм, Аудта – 44 дамм, Делиде – 56 дамм, Мальвада – 75 дамм тұратын, – дейді. Соған қарағанда XVI-XVII ғасырларда Индияда біртұтас рынок қалыптасты деп айту қиын. XVI ғасырдың ортасындағы Моғол державасының жағдайы егіншілік пен қолөнеріндегі ұсақ тауарлы өндірістің өсуімен, қалалардың сауда-қолөнері орталықтары ретінде нығаюымен, облыстық рыноктардың қалыптасуымен, елдің түрлі аудандары арасындағы экономикалық байланыстың нығаюымен сипатталады. Үнді деревнясына ақшатауар қатынастарының енуіне байланысты ауылдық қауым тез ыдырай бастады. Шаруалар мен қолөнершілерді сауда өсімқор

капиталдың шырмап алу үдерісі күшейді. Индиядағы XVI ға-сырдағы маңызды экономикалық құбылыстар осындай еді.

Дели сарайы Еуропа саяхатшыларын тамсандырған сән-салтанатқа бөлене берді. Бірақ Ұлы Моғолдар державасы өзінің құлдырау сатысына аяқ басқан еді. Акбардың үш ұлының екеуі Декан соғысында маскүнемдік аурудан қаза тапты. Үлкен ұлы Салим тәуелсіз билеуші ретінде Аллахабадқа бекініп, онда азғындық өмірге көшті. Акбар ауыр науқастан 1605 ж. қайтыс болады. Билікке Жахангир есімімен Салим келеді. Оның ішкі саясатына джагирдар-үндістер мен мұсылмандардың бір бөлігі наразылық танытты. Жахангирдің үлкен ұлы Хусру Панджабқа қашып барып, мұнда көтеріліс ұйымдастырды. Оған сикхтар гу-руу қаржылай көмектесті. Алайда, Хусру әскері талқандалды. Жахангир Сикхтар гуруына ірі көлемде айыппұл салды, бас тартқан кезде ол да өлтірілді. Осы кезден бастап сикхтардың Моғолдар билігіне қарсылығы күшейді.

Жахангир 1614-1615 ж. Мевара раджпуттарын, Панджаб бекінісі Канграны, 1622 ж. Кашмирдегі Киштвараны бағындыр-ды. Бенгал джагирдарлары мен заминдарларын бағындыру үдерісі төрт жылға (1608-1612) созылды. Бенгал заминдарлары-ның көсемдері Мусахан мен Усманхан моғолдарға қарсы азаттық күрескерлер ретінде танылды.

**Декандағы соғыс.** XVII ғ. моғолдар оңтүстік Үндістанды толық бағындырудан үміттенді. Моғол әскерінің негізгі плац-дармы Гуджарат болды, оларға қарама-қарсы Ахмаднагар, Биджапур, Голконда тұрды. Бұл үш мемлекет аралас жерлері болғандықтан, өзара таласып жүрді, кейде моғол билігіне қарсы одақтасты. 1609-1620 ж. моғол әскерлері табыстарға жете алмады. 1621 ж. моғолдар Ахмаднагар астанасын басып алды. Моғолдар бейбіт келісімшарт негізінде Ахмаднагар жерінің бір бөлігін иемденді, ал үш декандық мемлекеттер үлкен контрибу-ция төлеуге мәжбүр болды. Әскери жорықтар он жылға тоқтатылды.

Ахмаднагар жеңісі үшін Жахангирдің екінші ұлы Жахан шах («әлем билеушісі») титулын алды. Ол Гуджараттың намест-нигі болып тағайындады. Жахангирдің тағы бір баласы Шах-риар тақтан үміткер қатарында болды. Одан сескенген Жахан шах Гуджараттан түскен кірістің есебінен әскерін жасақтап,

1622 ж. әкесіне қарсы бүлік шығарды. Алайда, оның әскері талқандалып, Голконда арқылы Бенгалияға жетті. Жахан шахтың әскери жорықтары сәтсіз аяқталды, ақырында ол әкесіне бағынуға мәжбүр болды. Жахангир баласына кешірім берді, бірақ Гуджаратты қайтарып алып, оның орнына Деканда кішігірім жагир берумен шектелді.

1627 ж. Жахангир өлгеннен кейін баласы Жахан шах таққа отырды. Ол билікке келісімен феодалдар бүлігіне қарсы күресті. Декандағы соғыс және қазынаны жабу мақсатында салықтың өсуі Гуджарат, Декан, Голконда халқын аштыққа ұшыратты. Деканда ауыл тұрғындары, Гуджаратта қалалар зардап шекті. Ағылшын Ост–Инд компаниясы қолөнершілер өлімі мен өндірістің қысқаруына байланысты орталығын Коромондель жағалауына ауыстырды, кейіннен Мадрас порты пайда болды. Гуджаратта тек кеме жасау ісі қысқартылмады, керісінше қанатын кеңге жайды. Біртіндеп Гуджарат экономикалық орталық мәртебесінен айырылды, ендігі жерде Бенгалия алға шықты. Алайда Бенгалияның Хугли қаласы мен аудандары португалдықтардың ықпалында еді. 1632 ж. Хугли қаласы қоршаумен алынды, төрт мың тұтқын португалдықтар Аграға жөнелтілді. Ислам дінін қабылдаған португалдықтарды Жахан шах азат етті, қарсыласқандары өлім жазасына кесілді.

1636 ж. Деканда моғол соғыстары қайта жанданды. Нәтижеде Декан толықтай бағындырылып, Жахан шахтың екінші баласы Аурангзеб Деканның наместнигі болып тағайындалды. Салық ведомоствосының басшысы (диуан) Муршид Кули хан шаруаларды бос жатқан жерлерге тарту мақсатында жаңа салық жүйесін (такави – ақшалай аванс беру) енгізді. Алайда феодалдар негізгі жер салығынан бөлек 14-ке жуық басқа алым-салық алып отырды. Дегенмен, Муршид Кули ханның салық жүйесі Деканда шаруа шаруашылығын қалпына келтіруге жол ашты.

1629–1650 ж. моғолдар билігіне қарсы қозғалыстар жалғасын тапты. Бұл жағдай қазынаға түсетін салықтың азаюына әкелді. Голкондада байлық жинаған парсы көпесі Мухаммед Саид Ардистани ірі әскер ұстады. Осында қаржылық ведомоствоны (мир джумла) басқарды. Осы қызметіне сәйкес оның есімі тарихта қалды. Мир Джумла Аурангзебпен құпия келіссөздер

жүргізіп, ол моғолдарға қызмет етуге көшті. Голконда шахы Мир Джумланың баласын зынданға жапқан кезде, Аурангзеб сылтаумен Голконда астанасы – Бхагнагарға басып кірді. Екі айға созылған қоршаудан кейін Голконданың бір бөлігі моғолдарға өтіп, келісімшарт бойынша жеңілген жағы ауыр контрибуция төлеуге міндеттелді. Осы кезден Голконданың экономикалық құлдырауы басталды.

Қарастырылып отырған кезеңде Ұлы Моғол мемлекетінің барлық салаларын қамтыған дағдарысы орын алды. Моғолдар державасының құлдырауы Ұлы елді отарға айналдырып, оның 150 миллиондық халқын тонау үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға тырысқан еуропалықтардың Үндістанға енуінің күшеюімен тұспа-тұс келді.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Бабырдың Үндістанды жаулап алуының алғышарттары мен барысын талдаңыз.
2. Ұлы Моғол империясының әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасаңыз.
3. Акбардың реформаларының мәнін ашыңыз.
4. Үндістандағы Еуропа отаршыларының әрекеттері және оның салдарларын көрсетіңіз.

## XIX тарау

### КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИРАН. СЕФЕВИЛЕР МЕМЛЕКЕТІ

**Мемлекеттің қалыптасуы.** Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін алып держава оның ұлдарының арасында бөліске түсті, алайда олар билікті қолда мықтап ұстап тура алмады. Закавказье, Күрдістан мен Иранның бір бөлігінде бастапқыда Қарақойлы, ал кейінірек, дәлірек айтқанда 1468 жылы Аққойлылар мемлекеті қалыптасқан болатын. Тимуридтердің қолында тек Шығыс Иран, яғни Хорасан сұлтанаты ғана қалды.

Аққойлылар мемлекетінің билеушісі Ұзын Хасан (1453-1478) өз жерлерін кеңейте отырып, мықты орталықтандырылған мемлекет құру бағытында реформалар жасауға қанша тырысқанымен, ол еш нәтиже бермеді. Ұзын Хасан қайтыс болғаннан кейін оның мемлекеті әлсірей бастады. Оның мұрагерлері так үшін күрес жүргізіп, бірін-бірі қырумен болды. Ұзын Хасан мұрагерлерінің ішінде бірде-біреуі өз өлімімен өлген жоқ, яғни бір сөзбен айтқанда елде саяси дағдарыс орын алды. Алайда Осман империясы ол дәуірде әлі де болса Аққойлылар мемлекетінің иеліктерін жұтып қоюға шамасы жете қоймаған болатын.

Сефевилер дәл осы қым-қуат дәуірде тарих сахнасына шықты. Бұл, XIV ғасырдың басында негізі қаланған Сефевие дәруіштік орденінің басында тұрған, мұрагерлікпен билік етуші шейхтер еді. Орденнің негізін қалаушы шейх Сефи ад-Дин, Иранның Ардебиль ауданынан шыққан ұсақ феодал болатын. Ерте сефевилердің этникалық тегін түркіленген ирандықтардың қатарына жатқызуға болады. XV ғ. сефевилерге көшпелі түріктердің шамлу, румлу, ұсташы, текелі, афшар, зұлқадар тайпалары қосылып әскери күшін арттырды.

Сефевилердің исламның шииттер бағытын қолдауы кейінгі уақытқа жатады, бастапқыда олар сунниттік бағытты ұстанған болатын. XV ғасырдан бастап олар шииттердің имамиттік бағыты қолдайтын он екі имамның құрметіне бастарына он екі қы-



зыл жолағы бар сәлде таға бастады, сондықтан да қызылбастар деген атауға ие болды. Олар сефевие шейхына рухани көсемдері ретінде бағынды, ал өздерін шейхтың муридтері (шәкірттері, қызметшілері) санады. Қызылбастардың құрамы шығу тегі бойынша болсын, ұйымдасуы бойынша болсын ала-құла болып келді. Қызылбастар ежелгі түрік дәстүрлерінен бастау алатын жекелеген тайпалық негізде ұйымдасты, бірақ бұл тайпалар таза қандық-туыстық емес, көбіне территориялық бірлестіктер болды. XV ғ. екінші жартысынан бастап сефевие ордені бейбіт дәруіш бауырластығынан жауынгер рухани-рыцарлық орденге айналды. Сефевие шейхтері батыстағы XI-XII ғғ. крестшілер сияқты, «дін тазалығы үшін күрес» деген желеумен мұсылман емес халықтарға (грузиндер, черкестер, гректер) шапқыншылықтар жасап отырды.

**I Исмаил шахтың билігі.** Қызылбастардың белсенді әрекеттерінің басталуы 1499 жылға жатады, дәл осы жылы Ардебильдің шейхі болып 14 жасар Исмаил Сефевие тағайындалған болатын. Бірнеше жыл ішінде қызылбастар Ұзын Хасан тұқымдарынан шыққан бірқатар билеушілерді талқандады. Ширван шахты жеңіп, біраз уақыт Баку мен Шемаханы өзіне қосып алды. Аққойлы сұлтанынан Ирандық Әзірбайжан мен Тербиз тартып алынып, сол жерде Исмаилдың таққа отыру салтанаты өтті (1501-1524), мемлекетте шиизм ресми дін деп жарияланды. Біраз уақыт өткеннен кейін Исмаил Аққойлы сұлтаны Мұратқа қарсы әскер жылжытып, оған Хамадан түбінде соққы берді. Сөйтіп парсылық Ирақ Исмаил билігіне өткеннен кейін Аққойлы мемлекеті өмір сүруін тоқтатты (1503). XVI ғасырдың бірінші онжылдығында Фарс, Хузистан, Курдистан, Гиллян және Мазендаран, яғни Хорасаннан бөлек бүкіл Иран территориясы қаратылды.

Әскери қимылдар тимуриттер билеген Шығыста да жүрді, Гераттың қарт билеушісі, Темірдің ұрпағы Хусейи Байқара Исмаилдың одақтасы болды. Солтүстіктен өзбектерден қысым көрген тимуриттердің басқа амалы жоқ еді. Хусейн Байқараның өлімінен кейін өзбектер Хорасанды да жаулауға кірісті. Басталған соғыс өзбек ханы Шейбани ханның ажалына алып келді (Мерв түбіндегі шайқаста). Хорасан осыдан кейін толықтай Исмаилдың билігіне өтті.

Ал қызылбастардың османдармен өзара қатынастары басынан бастап-ақ қайшылықты болды. Әсіресе Исмаил шах 1501 жылы шииттік дәстүр бойынша алғашқы үш халифке (Әбу Бәкір, Омар, Осман) ресми түрде қарғыс жариялағаннан кейін суннизмді ұстанушы османдармен біржолата бітіспес күрес басталып кетті. 1507 жылы Исмаил әскері Армения, Курдистан мен Диярбақырды, ал 1508 жылы Бағдад пен Арабтық Иракты алды. Османдармен теке-тіресте Исмаил Кіші Азиялық шииттерге иек артты. Алайда 1508 жылы және 1511 жылы орын алған түріктік шииттердің көтерілісін османдар аяусыз тұншықтырды. Таққа отырған Селим I Явуз (1512-1520) өзінің саяси жауларының жаппай қырғынын ұйымдастырды, 40 мың адам өлтірілді.

Бұл тек Иран – Осман соғысының кіріспесі ғана еді. 1514 жылы 23 тамызда Чалдыран жерінде (Иран-Түрік шекарасында) османдар мен қызылбастар әскері шайқасқа түсті. Шайқастың нәтижесін оқпен ататын қару – зеңбіректер мен мылтықтар (мушкеттер) шешті. Бұл қарулармен османдардың арнайы отрядтары қаруланған болатын. Османдардың қолына мол олжа түсті, соның ішінде шахтың алтын тағы да бар еді. Ол қазірге дейін Стамбул мұражайында сақтаулы тұр. Селим Тебризді алып, бірақ белгісіз бір себептермен оны тастап кетті. Солтүстік Ирақ османдарға өтті. Бұл жеңіліс Исмаил шахтың алғашқы жеңілісі еді. Осы соғыстан кейін әскердің жауынгерлік рухы төмендеп кетті. Шах үлкен саясатқа араласудан басы бүтін бас тартып, ел басқаруды қарамағындағы әмірлеріне тапсырды. Исмаил 1524 жылы 37 жасында дүниеден өтті, соңынан 4 ұлы, 5 қызы қалды.

Исмаил Сефеви мемлекетінде шексіз билікке ие болған қызылбас әмірлерінің билігін әлсірету жолындағы күресте көп табысқа жете қоймаған болатын. Іс жүзінде бүкіл Иран жері өлкелер ретінде қызылбас тайпалары басшыларының арасында бөліске түсті. Оның үстіне, кең байтақ жерлер қызылбас әскерлерінің пайдалануына берілді. Бұл жерлерден қызылбастар бұрынғы жергілікті халықты қуып, өздерінің тайпаластарын, түріктерді қоныстандырып отырды.

Исмаил шах қайтыс болғаннан кейін таққа оның он жасар ұлы I Тахмасп отырды (1524-1576). Шахтың балалығын пайда-

ланған қызылбас әмірлері елдегі бүкіл билікті өз қолдарында ұстауға тырысты. Осы негізде феодалдық өзара қырқыстар кең өріс алды. Халық көтерілістері жиілеп кетті. 1569 ж. және 1572 ж. Гилянда шаруалар көтерілістері бой көтерді. 1571-1572 ж. Тебризде қолөнершілер мен ұсақ саудагерлердің наразылықтары күшейді. Қала феодалдары І Тахмаспан көтерілісті басу үшін әскер көмегін сұрады. Алайда, көтерілісшілермен қарудың күшімен күресу еш нәтиже бермеді. Шах Тебриз басшылығына беделді ұста Юсупбекті тағайындады. Ол көтерісшілермен тіл табысып, тыныштық орнатты. Шах жарлығы бойынша қалалықтар салықтан босатылды. Жалпы, XVI ғ. 80 жылдары Сефевилердің билігі барынша әлсіреп кетті.

Сыртқы майданда да сефевилердің жағдайы мәз емес еді. Өзбектермен Хорасан жері үшін үздіксіз соғыстар жүрді: бұл жер жиі-жиі қолдан қолға өтіп отырды. XVI ғ. аяғында өзбектер Хорасанның ірі қалалары Мерв, Нишапур мен Мешхедті басып алды. XVI ғасырда Сефевилер османдық Түркиямен соғыстарын жалғастырды. Бұл соғыстарда түріктер басымдық танытып отырды. Әскері нашар ұйымдастырылып, ескі қару-жарақпен қаруланған Сефевилер қорғаныспен шектелді. 1533-1555 жылдар аралығында арақидік үзілістермен жалғасқан соғыс 1555 жылы Амасьедегі бітім шартымен аяқталды. Грузия, Батыс Армения және арабтық Ирақ – Түркия үлесіне, Шығыс Грузия мен Шығыс Армения және Әзірбайжан – Сефевилік Иран үлесіне тиді.

XVI ғ. басында Иран тарихының маңызды факторы Парсы шығанағында португалдықтар үстемдігінің орнауы болды. Ормуз аралына ие болған португалдықтар осы жерде өз факторияларын ашты. Ормуз португалдықтардың тірек базасына және олардың теңіздік империясының бір бөлігіне айналды.

Иранның ішкі және сыртқы саяси жағдайына ағылшындардың аймақтағы белсенді әрекеттері де ықпал етті. Орыстар Қазан (1552) мен Астраханды (1556) басып алғаннан кейін бүкіл Еділ Мәскеудің билігіне қаратылды. Парсы шығанағында португалдықтар, Жерорта теңізінде түріктер үстемдік етіп отырғандықтар ағылшындар Иран жібегін Ресей арқылы әкетуге бар күшін салды.

1578 жылы Түркия Иранға қайта соғыс ашты. Бұл соғыс 1590 жылға дейін созылды. Соғыстың себебі – Закавказье мен Еділ-Каспий сауда жолын басып алу болды. Бұл жолы да Түр-

кия жағы басым түсіп, Сефевилер үшін өте тиімсіз Стамбул бітіміне қол қойылды. Шарт бойынша Шығыс Грузия, Шығыс Армения, Күрдiстан, Әзiрбайжан, Луристанның бiраз бөлiгi Түркияға өттi. Астана Тебризден Казвинге көшiрiлдi. Сефеви мемлекетi iс жүзiнде өмiр сүруiн тоқтатқандай едi.

**I Аббас реформалары.** 1581 жылы Хорасанның әмiрi болып тағайындалған он жасар Аббас, он жетi жасында Сефеви мемлекетiнiң тағына отырған болатын. Дәл осы билеушi Сефеви мемлекетiн жойылудан сақтап қалады. Шешесi жағынан ирандық болған Аббас шах билiгiн шектеуге тырысқан қызылбастарды кiшкентайынан ұнатпаушы едi. Алайда ол өз реформаларында ирандық ұлттық идеяны басшылыққа алды деуге болмайды. Оның басты мақсаты Сефеви мемлекетiнiң бұрынғы қуатын қалпына келтiру үшiн қолдан келгеннiң бәрiн жасау болды. Ол мықты билеушiнiң айналасына топтасу арқылы қуатты орталықтанған мемлекеттi қолдаушы әмiрлерге сүйене отырып өз реформаларын бастады. I Аббастың (1587-1629) ең алғашқы қадамы қызылбастардың тайпалық жасақтарының орнына тұрақты армия құруы болды. Шахтың қызылбас әмiрлерiмен күресi барысында олардың көпшiлiгi өлтiрiлдi, жерлерiнен айрылды, тайпа хандарының жағдайы әлсiретiлдi. XVI ғ. ортасында қызылбас әмiрлерiнiң саны 114 болған болса, Аббас тұсында олардың отыздан сәл астамы ғана қалды. I Аббас әмiрлердi ирандық тайпалардың және шах гулямдарының (негiзiнен армяндар мен грузиндер) арасынан тағайындап отырды. Алайда Аббас қызылбастардың рөлiн тек шектеп қана қойды, оларды мүлде жойып, немесе билiктен бiржолата аластатты деуге болмайды. Қызылбас шонжарларының бiрқатары мемлекеттегi маңызды қызметтерiн сақтап қалды. Мысалы, қаджарлар тайпасынан шыққан Амиргуне хан Аббасқа ең жақын адам болды. Аббас өзiне адал қызмет еткен қызылбастарға ерекше жағдайлар жасап отырды.

Қызылбас жасақтары мемлекеттiк қазынадан қаражат талап етпей-ақ, бейбiт уақытта өздерiнiң малдары мен жерлерiнен түскен табыспен байып, ал соғыс кезiнде тонаушылықтың арқасында күнелткен болса, тұрақты армияны асырау үлкен материалдық ресурстарды талап еттi. Бұл мәселенi I Аббас шах доменiн (хассе) тайпалардың пайдалануына берiлген дивани жер-

лерінің есебінен кеңейту арқылы шешкісі келді. 1592 жылы Гиляндағы көтерілісті тұншықтырған шах осы аса бай ауданды (жібек өндірісімен айналысатын) шах доменіне айналдырды. 1596 жылы Мазендаран ауданы хассеге айналдырылды. Бұдан кейін де бірқатар жерлер, ал Аббастың мұрагері I Сефи тұсында елдің оңтүстігіндегі түбегейлі Иран жері Фарс хассеге айналдырылды.

Хассе жерлерін арнайы шах шенеуніктері басқарды, одан түскен барлық табыс шахтың жеке қазынасына жіберіліп отырды. Алғашқы кезеңде бұл шаралар шынында да мемлекеттің баюына және күшеюіне ықпал етті. Алайда, кейінірек, Аббастың мұрагерлері тұсында жағдай өзгере бастады. Шах тағайындаған шенеуніктер қызметтерін пайдаланып, барлық жолдармен хассе жерлері арқылы бауды өздерінің басты мақсатына айналдырып алды. Нәтижеде хассе жерлерінен шах қазынасына түсетін табыс барынша қысқарып кетті.

Алайда жоғарыда айтып кеткеніміздей, бастапқыда, Аббастың реформалары айтарлықтай оң нәтижелер берді. Хассе жерлерінен түсіп жатқан орасан зор табысқа, үкімет қолындағы жібек сату монополиясының табыстары қосылып, мемлекеттің әскери қуатын арттыруға көмектесті. Жалпы, Сефевилер мемлекеті I Аббас шахтың тұсында өз дамуының шарықтау шегіне жетті. Бытыраңқылық жойылып, бір орталықтан басқарылатын билік күшейтілді. Аббас 1597 ж. астананы Казвиннен Исфаханға көшірді. Шах бар назарын өзбек хандарымен Хорасан үшін күреске бөлді. 1597 жылғы жеңістен кейін Хорасан мен Герат қайтадан Иранның қол астына өтті.

Бұдан кейін Аббас Түркиямен соғысқа дайындала бастады. Ол 12 мыңдық атқыштар корпусын, 10 мыңдық гулямдардың атты әскерін құрды. Ағылшын нұсқаушыларының көмегімен Аббас соғыс ісіне оқ-дәрімен атылатын қаруларды, артилерияны енгізді. Жалпы Аббастың қол астында 120 мыңдық жақсы қаруланған армия болды. Осы армиямен 1602 жылы Иран Түркияға қарсы соғыс ашты. Бұл соғыс 10 жылға созылды. 1612 жылғы бітім шарты бойынша Иран 1590 жылы Түркияға өткен жерлерін қайтарып алды. Бұдан кейін Аббас Ауғанстанның едәуір бөлігін басып алды. 1622 жылы ол португалдықтарды Ормуз портынан қуып шықты. Иранға ағылшындар көмектесті.

Алайда, ағылшын көмегі тегін болмады. Аббас ағылшынның «Ост-Индия» компаниясына өз елінде салықсыз сауда жүргізуге рұхсат берді. Исфаханда т.б. қалаларда ағылшын кеңселері мен сауда үйлері ашылды.

**Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайы.** Сефевилерге дейін жер ұстаудың негізгі формасы – сойырғал, яғни мемлекеттік салықтан босатылған мұрагерлік жер меншігі болған болса, (Аққойлылар мемлекетінде кеңінен қолданылған) алғашқы Сефевилер тұсында жерді тийуілға беру енгізілді. Бұл әскери міндеті үшін берілетін шартты жер меншігі болды, бұл жерді ұстағаны үшін белгілі бір көлемде салық төленді. Алайда көпшілік феодалдарға муафи құқығы берілді, яғни мемлекеттік міндеткерліктердің бір бөлігінен немесе бәрінен бірдей азат етілу құқығы.

XVI-XVII ғғ. басы Иран экономикасының өркендеген кезеңі болды. Иран Португалиямен, Ресеймен, Голландиямен, Англиямен, Қытаймен, Үндістанмен сауданы кеңінен жүргізді. Аббас ішкі сауданың дамуына да көп көңіл бөлді. Сауда керуендеріне арналып мейманханалар, шайханалар, жаңа жолдар салынды, керуен жолдарын қорғау қолға алынды. Шах шеберханалары – қарханалар көптеп салынып, мемлекеттің қарауында болды. Қала халқы өсті, мысалы, Исфахан халқының саны 500 мыңға жетті.

Сефевилер мемлекетінде парсы халқы жетекші жағдайда болмады. Мемлекеттің құрамына таза ирандық жерлермен қатар Әзірбайжан, шығыс Армения, оңтүстік Туркмения, батыс Ауғанстан кірді. Сефевилер мемлекетінде жетекші рөлді көшпелі әзірбайжан, яғни қызылбас феодалдары атқарды. Әскербасылар, жергілікті басшылық және сарайдағы маңызды қызметтер солардың қолында болды. Мемлекеттік дін ретінде шиизмнің жариялануының басты мақсаты жергілікті ирандықтардың әлеуметтік қолдауына ие болу мүддесінен туындады. Сонымен бірге сыртқы саяси қарсыластары сунниттік Түркия мен өзбектерге қарсы идеологиялық ұстаным рөлін де қатар атқарды. Мемлекеттің шетіндегі армяндар мен грузиндердің дініне, яғни христиан дініне қатысты төзімділік саясат басым болды.

Қырық құраудан тұратын Иран тек әскери күшпен ғана біріктіріліп тұрды. Ішкі қайшылықтардың шиеленісуі шет ай-

мақтарға көңіл бөлуге кейде мүмкіндік бермеді. Оның үстіне Иранның сыртқы жағдайы да қиындай түсті. Түркия Закавказье мен Месопатамиядағы иеліктерді қайтарып алу үшін күш салды. І Сефи шахтың (1629-1642) тұсында Иран біраз жерінен айырылды. 1639 ж. Иран Месопатамияның Түркия қарамағына көшкенін мойындады. Түркия, сондай-ақ Түріктік деп аталатын батыс Арменияны да алды. Шығыста Иранға қарсы өзбек хандығы соғысты жалғастырды. Ауғанстандағы Сефевилер билігі жойылды.

XVII ғасырдың екінші жартысында Иранның сыртқы саудасы қысқарды. Ішкі қайшылықтар шиеленісті. Сарай маңындағы билеуші топтар арасында өзара талас-тартыстар басталып, қыза түсті. 1615 ж. Грузияда патша Теймураз бастаған көтеріліс басталды. Көтеріліс күшпен басылып, 100 мың грузин Иранға көшірілді. 1623 ж. Картлиде Саакадзе басқарған көтеріліс орын алды. 1624 жылғы маусымда Марабад деревнясының маңында болған шайқаста көтерілісшілер талқандалды. 1624-1625 ж. Карабахта армян және әзірбайжан шаруаларының көтерілісі болды. Оны Мехлу-баба (немесе Мехлу-вардапед) басқарды. Өз сөзінде ол дін басыларының байлыққа бой ұрғандығын сынады, халықты арам, әрі бұзылған дін қызметкерлеріне ештеңе бермеуге шақырды. Ол адамдардың бәрі тең болған кезді дәріптеді. Мехлу-баба Армениядан қуылды. Осындай көтерілістер, басқа да жоғарыда көрсетілген Иран қоғамына тән қайшылықты үрдістермен ұштаса келе Сефевилер мемлекетін әлсіретті.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Сефевилер мемлекеті қалыптасуының тарихи жағдайларын, оның этникалық құрамын көрсетіңіз.
2. Сефевилердің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын көрсетіңіз.
3. Сефеви мемлекетіндегі әлеуметтік-экономикалық қатынастарға талдау жасаңыз.
4. Сефеви мемлекетінің саяси жүйесі.

## XX тарау

### XIV – XVII ғғ. ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ

**Османдар мемлекетінің қалыптасуы.** Ортағасырлық Түркия тарихын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: селжүктер және османдар дәуірі, екеуінің арасын «бейліктер дәуірі» деген атауға ие болған ерекше кезең (XIII ғасырдың екінші жартысы – XV ғасырдың бас кезеңі) бөліп жатыр. «Бейліктер дәуірінде» маңызды саяси және этникалық өзгерістер орын алды, бұл өзгерістер негізінен моңғол шапқыншылығымен және соған байланысты Анадолыға түркілердің екінші рет қоныс аударуымен (миграциясымен) байланысты болды.

Моңғолдардың 1243 жылы Кіші Азия селжүктеріне берген соққысы мемлекеттің екіге бөлінуіне алып келген болатын. Қызыл Ырмақ өзенінен шығысқа қарай жатқан Анатолия территориясы хулагуиттер империясының құрамына енді. Ал Кіші Азиялық селжүктер моңғол хандарына вассалдық тәуелділігін мойындағанмен, орталық және батыс Анатолияның үлкен бөлігіне формальды болса да билігін сақтап қалды. Алайда олардың иеліктері тез-ақ бірқатар әмірліктерге (бейліктерге) бөлініп кетті. Бұл жаңа саяси бірлестіктердің қалыптасуы ең алдымен шекаралық аудандарда (удж), яғни Кіші Азияға енді ғана келіп қоныстанып жатқан көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар арасында орын алады.

XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың жартысында батыс және орталық Анатолия жерінде 20-ға жуық әмірлік пайда болды. Олардың бірқатары көп ұзамай жойылды, ал кейбіреулері ұзақ өмір сүріп, Түркия тарихында ерекше рөл атқарды. Соңғыларының қатарына XIII ғасырдың 60 жылдарында Киликиялық Армян патшалығынан батысқа қарай жатқан Тавр тауы ауданында құрылған Караман бейлігі, сондай-ақ Византиямен шекарада қалыптасқан Гермиан әмірліктері болды. Бұл екі әмірлік те христиан мемлекетімен шекаралас орналасқандықтан, сол жерлерге ғазауат соғысын жүргізу арқылы өз



территориясын тез-ақ кеңейтіп алған болатын. Кіші Азияның бүкіл батыс жағалауын өзіне қаратып алған осы бейліктердің экономикасының басты көзі теңіз қарақшылығы мен құл саудасы болды. Түрік қарақшыларынан Еуропа елдерінің зардап шеккені соншалық, олар бас біріктіріп крест жорығын ұйымдастыруға бел буады. Еуропалықтар Эгей теңізінің Кіші Азиялық жағалауындағы ірі портты қала Смирна (Измир) портын алу мақсатымен 1343-1344 жылдары крест жорықтарын ұйымдастырды. Еуропалықтардың батыл әрекеттерінің нәтижесінде Эгейлік әмірліктердің әскери және экономикалық потенциалы айтарлықтай әлсіреп, олардың сыртқы саяси белсенділігі төмендеп кетті.

Шекаралық бейліктердің тағы бірі – Вифинияда (Кіші Азияның солтүстік батыс бөлігі) орналасқан, Осман бей (1288-1324) негізін қалаған бейліктің тағдыры басқашалау қалыптасты. 1219-1221 ж. моңғолдардың Орта Азияға жорығы кезінде Ертоғрыл бастаған қайы түркмен тайпасы түркмен даласынан батысқа қарай жылжып, XIII ғ. 30 ж. Кіші Азияға жеткен болатын. Ертоғрыл Селжүк сұлтанынан икта ретінде жер алып, сол үшін шекараны күзетуге міндеттелді. 1281 ж. Ертоғрылдың ұлы Осман Кіші Азияда Осман әулетінің негізін қалады. Осман бейлігінің басқа әмірліктерден жері бойынша да, әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша да деңгейі төмен болды. Алайда оның географиялық орналасуы (моңғолдардан алыстығы) және XIV ғасырдың басына қарай Кіші Азияда қалыптасқан саяси жағдай оның тез арада күшеюіне және жерінің кенеюіне алып келді. Осман әмірлігінің тез өсуіне ықпал еткен маңызды фактор оның Византиямен көршілігі болды. Бейлік көсемдерінің Кіші Азияның әлсіреп бара жатқан империясына қарсы бағытталған әскери қимылдары оның шекарасын айтарлықтай кеңейтіп қана қоймай, сонымен бірге «кәпірлерге» қарсы «қасиетті соғысқа» қатысу үшін Анатолияның басқа әмірліктерінен үнемі жаңа күштердің келіп отыруына ықпал етті.

Османның ұлы Орхан тұсында (1324-1362) мықты бекіністі қала Бурсаның маңындағы жерлер, сондай-ақ ірі Византия қалалары – Никея (Изник) мен Никомедия (Измит) алынды. Осман билеушілерінің басқа да көптеген Кіші Азия бейліктерінің арасында жетекшілік рөл атқаруына оның оңтүстік шығыс

Еуропадағы жаулаушылық саясаты ықпал етті. Түрік-османдар бұл бағыттағы өздерінің алғашқы жаулаушылықтарын 1352-1357 жылдары Византия тағына әр түрлі үміткерлердің одақтастары ретінде шыға отырып іске асырды. Балкан түбегіндегі күрделі саяси жағдайды пайдалана отырып, олар 30 жыл ішінде түбектің айтарлықтай бөлігін өздеріне қаратып алды. Олар өз астанасын Кіші Азиядан Балкандағы Адрианопольға (Эдирне) көшірді. Константинопольды тылда қалдыра отырып түрік әскері солтүстікке, Сербияға аттанды. Шешуші шайқас 1389 жылы Косово даласында өтіп, серб патшасы Лазардың әскері жеңіліс тапты. Сербия сұлтанның вассалына айналып, салық төлеуге міндеттелді. Косово даласында I Мұрат серб патриотының қолынан қаза тапты. Сұлтан тағына оның ұлы I Баязид отырды.

1393 жылы түрік-османдар Болгарияның астанасы Тырнов қаласын басып алды. Болгария түрік провинциясына айналды. Сербия мен Болгарияны алғаннан кейін түріктер Венгрияға көз тікті. Венгр королі Сигизмунд түріктерге қарсы крест жорығын ұйымдастырды, оған венгр жауынгерлерінен басқа француздар, ағылшындар, немістер және чех рыцарьлары тартылды. 1396 жылы Дунайдың оңтүстігіндегі Никополь қаласының түбінде венгрлер, валахтар, болгарлар мен еуропалық кресші-рыцарьлардың біріккен әскерімен болған шайқаста, түріктер еуропалықтардың біріккен күшін ойсырата жеңді. Бұдан кейін түріктер Македонияны, Фессалияны, Салоникиді, Кориноны, Патрусьті, Оңтүстік Албанияны басып алды.

Осман түріктерінің Балканға экспансиясы мемлекеттің құрамына әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы бойынша да, этно-конфессиялық жағынан да түріктердің өзінен ерекшеленетін әр түрлі халықтардың қосылуына алып келді. Мемлекет ішінде мықты экономикалық және әлеуметтік байланыстардың жоқтығы билеушілерді соғыс ісінде ғана емес, рухани бірлесудің маңызды факторы ретінде ислам дініне ерекше көңіл аударуына итермеледі. Сондықтан да оңтүстік шығыс Еуропадағы жаңа қосылған жерлерде ислам дінін таратуға айрықша маңыз берілді. Жергілікті халықтар арасында ислам дінін күштеп енгізуден гөрі, вакуфтық меншік негізінде діни-мәдени орталықтар ашу жолымен іске асырылып отырды.

Осман сұлтандығының осы кезде күш-қуатының артуы (Осман бейлігі Орханның ұлы I Мұрат (1362-1389) тұсында сұлтанатқа айналған болатын) Кіші Азияның көптеген басқа да бейліктерін өз билігіне қарату жолындағы күресті бастауға мүмкіндік туғызды. Сатып алу, әулеттік неке және тікелей басып алу жолдарымен олар бірте-бірте Кіші Азияның үлкен бөлігіне ие болды. I Мұраттың ұлы Баязид (Балкандағы шайқастардағы жылдамдығы, тез арада жеткен жеңістері үшін Найзағай – Ылдырым деп аталып кеткен) Осман мемлекетін империяға айналдыруға тырысты. Ол Константинопольді жаулап алуды жоспарлады. Алайда бұл жоспардың жүзеге асуына 1402 ж. Кіші Азияға басып кірген Ақсақ Темір кедергі жасады. Баязид жау әскерін Анкара түбінде қарсы алды. Шайқастың нәтижесін өз отрядтарымен Темірдің жағына шығып кеткен Кіші Азия бейлерінің сатқындығы шешіп берді. Баязид әскері ойсырата жеңіліп, сұлтан мен оның екі ұлы тұтқынға түсті.

Ақсақ Темірдің шапқыншылығы Кіші Азияны қансыратып кетті. Осман сұлтандығының болашағына қауіп төнді, өйткені Темір Қарамен және басқа да ірі бейліктерді қалпына келтірген болатын. Барынша қысқарып кеткен Осман иеліктерін Баязидтің ұлдарына бөліп берді. 1404 ж. қаһарлы жаулаушы Орта Азияға оралды. Ол кеткеннен кейін Баязидтің ұлдары арасында кескілескен күрес басталды. Күрестің нәтижесінде Баязидтің көптеген ұлдарының ішінен тек Мұса мен Мехмед қана тірі қалады. 1413 ж. болған шешуші шайқаста Мұса жеңіліс тауып, басы алынды. Осыдан кейін Мехмед (1413-1421) Еуропа мен Кіші Азиядағы Осман иеліктерінің бірден-бір билеушісіне айналды.

Мемлекеттегі өз жағдайын нығайта отырып, Осман билеуші тобы Балкан мен Анатолиядағы жаулаушылық жорықтарын және Кіші Азиядағы Темір қалпына келтірген бейліктермен күресін қайта бастады. 1425 ж. Кіші Азия бейліктерінің қайта жауланып алуымен «бейліктер дәуірі» аяқталады. Осы дәуір шеңберінде Осман мемлекетінің қалыптасуы аяқталып, негізінен сыртқы экспансияға бағытталған сұлтанат қалыптасты.

**Осман империясының әлеуметтік-саяси дамуы.** XV ғ. ортасына қарай Османдық қоғамдық-саяси құрылыстың негізгі белгілері анықтала бастады. Оның маңызды бөліктерінің бірі *тимар* жүйесі болды. Тимар ұстаушы *сипахилер*, яғни әскери-

лер, бастапқыда тимарлық жерден түскен өнімнің бір бөлігіне ғана құқылы болды. Бірте-бірте бұл жерлер мұрагерлікпен ұсталатын болды.

Осман мемлекетінің күш-қуатының артуына мемлекет қазынасынан күнелтетін тұрақты әскердің алғашқы бөліктерінің құрылуы да аз ықпал етпеді. Бұл әскери жасақтар *янычарлар* (жаңа әскер) деп аталды. Мұндай алғашқы жаяу әскери отряд Орхан тұсында-ақ пайда болған болатын.

Янычарлар корпусының ерекшелігі оның құлдық статус-тағы, яғни соғыс тұтқындары мен сатып алынған құлдардан жасақталуында болды. Өзінің мәдени-діни ортасынан бөліп алынып, туыстық байланыстарынан айырылған, мұсылман діни ұйымының өкілдерінің тәрбиесіне берілген (бекташиа сопылық ордені), бекташиа ұйымының ережесін бұлжытпай орындауға тиіс болған янычарлар томаға-тұйық әскери корпорацияға – сұлтан гвардиясына айналды. XV ғ. бірінші жартысында сұлтанның асырауындағы әскер өзара жіктелетін болды: янычарлық жаяу әскермен қоса атты әскер және артиллеристер корпусы пайда болды. Жаңа, оқпен ататын қарудың тиімділігіне көз жеткізген осман билеушілері XV ғ. бірінші жартысында өз армиясын зеңбіректермен және мылтықтармен қаруландыра бастады.

XV ғ. ортасына қарай түрік армиясы ұйымдық жағынан да, жарақтану жағынан да Еуропа жасақтарынан кем түспеді. Тұрақты әскерден Осман билеушілері мықты орталық билік пен мемлекет бірлігін нығайту құралын көрді. Оның көмегімен сұлтандар сипахилердің еркіндігін шектеп, жаулап алынған елдің халқын бағыныштықта ұстап отырды.

I Баязид билігі тұсынан бастап *қапықұлы* («мемлекеттік құлдар») жүйесі кең ауқымда дами бастады, бұл жүйе шеңберінде құл статусы әскерде ғана емес, мемлекеттік қызметте де қолданылған болатын. Қапықұлыларды толықтырып отырудың бұрынғы көздері жеткіліксіз болғандықтан, Балқанның бағынышты христиан халқының балалары мен жасөспірімдерін, ең алдымен славяндар мен албандардың балаларын еріктен тыс салғырт немесе өзіндік бір «тірі салық» – *девширме* ретінде жүйелі түрде алып отыру басталды. Осман мемлекеті қалыптасуының алғашқы кезінде-ақ пайда болған мұндай әлеуметтік мекемелер мен қатынастар оның одан арғы дамуында жетіле түсті.

**Түріктердің Константинопольді алуы.** Сұлтан өкіметінің тимар жүйесін кеңейту және басқарудың орталықтандырылған аппаратын нығайту бағытындағы шаралары Осман қоғамында басталып келе жатқан және саяси дағдарыстың алдын алып, «қасиетті соғыстың» басты мақсаты – Константинопольді алуға кірісуге мүмкіндік туғызды. Византия империясының бұл дәуірде құлдырауы мен ыдырауы Османдардың жаулап алу міндетін жеңілдетті. Үстем таптың арасында Италия мемлекеттерімен жақындасуда, тіпті католик шіркеуімен уния жасауға, яғни папаның діни беделін мойындауға дейін баруды қолдайтын топ пен гректердің өзіндік бет-бейнесі мен православие дінін қорғаушылар өзара күрес жүргізді.

1453 жылы көктемінде сұлтан II Мехмед жүз мыңдық өзінің таңдаулы әскерін Константинопольға қарсы жылжытты. 50 күн бойы қоршауда болған қала 1453 жылы 29 мамырда құлады, император өлтірілді. II Мехмед қаланы Стамбул деп өзгертіп, өзінің резиденциясын осында көшірді. Константинопольді түріктердің басып алуының аса маңызды тарихи салдарлары болды. Шығыс Рим империясының астанасы болған Константинополь бірнеше ғасыр бойы Батыс пен Шығысты байланыстырған ірі мәдени, әрі сауда орталығы болған еді. Екі құрлықтың тоғысқан жерінде орналасқан қала Жерорта теңізі мен Қара теңізді, сондай-ақ құрлықтағы және теңіз жолдарын жалғастырды.

Түрік-османдардың әскери жеңісі 1100 жылдық тарихы бар Еуропаның көне державалық мемлекеті – Византия империясын жойды. Константинопольдың құлауы Еуропаның рухани және саяси өміріне айтарлықтай өзгерістер әкелді: 1) аса қуатты Азия-Еуропа мұсылмандық державасы – Осман империясының даңқы өсіп, Азия мен Еуропаның басқа мемлекеттеріне бәсекелестік туғызды; 2) христиандық Батыс өркениетін бірлесіп қорғау Еуропа мемлекеттерінің негізгі міндетіне айналды; 3) Еуропа Қара теңізді пайдаланудан айрылып қалды; 4) Еуропа елдерінің Шығыспен саудасы нашарлап, ол еуропалық сауда мен экономиканың барлық жүйесін қайта құруға әкеп соқты; 5) Шығыс Еуропаның бірқатар мемлекеттері Осман империясының провинцияларына айналды; 6) православие шіркеуінің орталығы Византиядан «Үшінші Рим» деп аталған Мәскеуге ауысты; 7) Византиялық көптеген ғалымдар мен мәдени ағартушы-

лардың Италияға эмиграциясы еуропалықтарға грек мәдени мұрасын игеріп, мұның өзі еуропалық гуманизмнің қалыптасуына ықпал етті.

Константинопольдің алынуы Осман мемлекетінің күшеюатын айтарлықтай арттырды. Керісінше, әлі де өз тәуелсіздігін сақтап отырған Балқан елдерінің жағдайына қауіп төнді. XV ғасырдың 60-70 жылдарында II Мехмед бүкіл Балқан мен Кіші Азияны толықтай өзіне қаратып, Қара теңіз бен Эгей теңізіндегі Венеция мен Генуяның бірқатар иеліктерін басып алды. Осман билеушілерінің қуатты армия құруға бағытталған әрекеттері Еуропа мен Азияда кең ауқымды жаулаушылық жоспарын іске асыруға мүмкіндік берді.

**Османдардың Шығыстағы жаулаушылықтары.** Кейінгі ортағасырларда ислам әлемінде күштердің ара салмағы ауысты. Мамлюк сұлтандығы, Темір державасы, Алтын Орда империясының орнына жаңа қуатты державалар, ең алдымен Ұлы Моғолдар империясы, Сефевилер мен Осман империялары қалыптасты. Константинопольді алғаннан кейін Осман мемлекеті әлемдік державаға айналды. Қайта өркендеу дәуірінде Осман империясы христиандардың, Еуропаның басты жауына айналды. Католик шіркеуі мен Еуропа феодалдарына қарсы күштерді өзіне тартып отырды. Соның ішінде Еуропадағы еврейлер, Испания мұсылмандары, француз гугеноттары мен Дунай антиритарийлері т.б. бар.

Осман империясының көмегіне әсіресе, ислам елдерінің халықтары зәру болды. Константинополь алынғаннан кейін, ислам әлемінде Осман мемлекетінің қайта қалпына келтірілген халифат, яғни, мұсылман әлемінде әділеттілік орнатуға, сыртқы жаулардан қорғауға қабілетті күш деген беделі қалыптасты. Бұған дейінгі дәуірде мұндай беделге Египет мамлюктері ие болатын. Алайда Мамлюк империясындағы ішкі дағдарыс және оның әскери қуатының кемуі Мамлюк сұлтандығының беделін түсіріп жіберді. Бір кездері өзара достық қатынаста болған екі держава арасында шиеленісті қақтығыс басталып кетті. Осман империясының Кіші Азиядағы саясаты, атап айтқанда 1468 жылы Қараманды алуы, 1485 жылы Киликияға баса көктеп кіруі және Альбистанның билеушілерінің ісіне араласуы 1485-1491 жылдардағы бірінші Осман-Мамлюк соғысына алып келді.

Екі жаққа да айтарлықтай нәтиже әкеле қоймаған соғыстың аяқталуы, Осман үкіметіне Анатолиядағы өз билігін нығайтуына мүмкіндік туғызды. Ескі түрік әулеттерінің сепаратизмімен күресі отырып, бұл жерде бұрын болмаған әкімшілік басқару жүйесі енгізілді. Бұл шаралар Анатолия шонжарларының құқықтарын шектеді. Сондықтан да дәл осы көшпелі түрік тайпалары мен оның басшылары антиосмандық қозғалыстарын үдетіп түскен болатын. Османдардың орнатып жатқан тәртібіне қарсы болған түріктердің бір бөлігі Әзірбайжан мен Иранға кетіп, қызылбастардың қатарын толықтырды. Мұның өзі қызылбастардың Ирандағы билігін орнатуға ықпал еткен болатын. Иранда билікке келген Сефевилер, өз кезегінде осман мемлекетіндегі шииттерге қолдау көрсетіп, оларды Осман билеушілеріне қарсы айдап салып отырды. 1508-1513 жылдар аралығында шииттер бірнеше көтерілістер ұйымдастырып, оның бәрін де Осман билеушілері тұншықтырып отырды. Осы жылдары барлығы 40 мың Анатолия шииттері қырғынға ұшыратылды. Суннизм-шиизм қақтығысы негізінде қалыптасқан Османдар мен Сефевилер қарсы тұруы екі мемлекет арасындағы соғысқа апарып соқтырмай қоймайтын еді.

Осы кезде Еуропаның орталығында қалыптасқан жағдай османдарға Шығыста еркін әрекет етуге мүмкіндік туғызды. Германиядағы өсіп кеткен бейберекетсіздік және Венгриядағы 1514 жылғы шаруалар соғысы Батыстың әскери белсенділігін ауыздықтап, осман армиясының тылын біраз уақытқа қамтамасыз етті. Бұл жағдай І Селимге (1512-1520) Шығыстағы мәселелердің түйінін бір-ақ соққымен шешуге мүмкіндік туғызды. Ең алдымен ол шииттік Иранға батыл түрде соққы берді. 1514 ж. 23 тамызда болған Чалдырған шайқасында османдардан тас-талқан болып жеңілген Сефеви шахы Исмаил, астанасы Тебризді тастап, Иран қыраттарының түкпіріне шегінуге мәжбүр болды. Шайқастың нәтижесінде османдарға Кіші Азияның солтүстік шығыс бөлігі, Күрдістан және астыққа бай жоғарғы Месопотамия (Жазира) жерлері өтті.

Исмаил әскерін ойсырата жеңген І Селим, бұдан кейін өзінің негізгі күшін ескі жауы – мамлюктерге қарсы бағыттауға мүмкіндік алды. Сириядағы Дабик даласында 1516 жылы 24 тамызда өткен алғашқы шайқаста-ақ түріктер толық жеңіске

жетті. 1516 жылы 29 тамызда Селим I Дамаскке кіріп, «Ислам сұлтаны» титулын алды. 1516 жылы желтоқсанда осман әскерлері Египет шекарасынан өтіп, 1517 жылы 22 қаңтарында Каирдің түбіндегі Риданийя жерінде мамлюк әскерін тас-талқан етіп жеңді.

Мамлюк сұлтандарының мұрагері ретінде Каирде I Селим Меккедегі мұсылмандардың қасиетті орны – Қағбаның кілтін алды. Соңғы аббасид халифы әл-Мутавакилл билігінің басты белгілері – пайғамбардың шапанын, туын т.б. қасиетті бұйымдарын Стамбулға алып кетті. Кейінірек I Селим Мекке мен Мәдиненің, яғни «қос қасиетті қаланың қызметшісі» құрметті атағын алады. Ол барша мұсылман қауымының алдында халиф, яғни «Мұхаммед пайғамбардың мұрагері» атағына ие болды. Бұдан кейін Мамлюк сұлтандары иеліктері толықтай Османдарға өтті. 1517 жылы Портаның жоғарғы сюзеренитеті мен қамқорлығына Хашимиттердің Мекке шерифаты өткеннен кейін, Африка мен Арабиядағы бірқатар жерлер, атап айтқанда, 1517 жылы Джидда және Қызыл теңіздің Шығыс жағалауындағы басқа да жерлер, сондай-ақ Оңтүстік Нубиядағы Фунг сұлтанаты, 1538 жылы Йемен мен Хадрамаут, 1551 жылы Хабеш алынды.

Мамлюктерді талқандағаннан кейін Сефевилік Иран Осман империясының шығыстағы басты жауына айналды. Жалпы Сефевилермен күрес 2 ғасырға созылды. 1533-1535 жж. және 1548-1555 жж. болған алғашқы екі соғыста I Сүлеймен Ирақты, Неджді және Шығыс Аравияның басқа да жерлерін, сондай-ақ Грузия мен Арменияның батыс бөліктерін қаратып алды. 1555 ж. Амасьеде жасалған бітім шарты бойынша I Тахмасп османдардың осы жерлерге иелігін мойындады. Түріктер Арменияны күрдтердің билеп-төстеуіне берді. Закавказье халықтары үшін, әсіресе 1578-1588 жылдардағы иран-түрік соғысы өте ауыр болды. Түріктер Грузияға басып кіріп, Тбилисиді алды. Түрік әскерлері Арменияға кіріп, Ереванды талқандады. Ганжа мен Ширванды басып алып, Дербентке дейін жетті. 1578 ж. Карабах пен Оңтүстік Әзірбайжанды да қоластына қаратты. 1578 жылы Қырым татарларының көмегімен Шемаха, Баку қалаларын, келесі – 1579 жылы Тебризді басып алды.



Сефевилерді басқа әлемнен бөліп тастау, әсіресе олардың Еділ-Каспий бойымен қатынастарын үзуге тырысу османдардың Шығыс Еуропадағы саясатының басымдықтарын анықтады. Осман армиясы Астраханьды басып алуға күш салды. Осы кезде Осман империясының вассалы – Қырым хандығы, ыдырап кеткен Алтын Орданың жұртында қалған татарларды біріктіру жолында күрес жүргізіп жатқан болатын. Қырым татарлары сондай-ақ Мәскеу жерлеріне ара-кідік шапқыншылықтар жасап тұрды. Түріктің 60 мыңдық әскері 1569 ж. жазында Астраханьға сәтсіз шабуыл жасап, кейін қайтуға мәжбүр болды. Орыс патшасы Иван Грозный түрік армиясын Астрахань түбінде ойсырата жеңеді. Осыдан кейін түріктер Астраханьның Ресейге қосылғандығын мойындауға мәжбүр болады. Бірақ Астрахань арқылы мұсылмандардың қажылыққа барып тұратын жолын ашуды, орыстардың Теректегі қамалын жоюды, Солтүстік Кавказға орыстардың жақындамауын талап етті.

1569 жылғы жеңілістің кінәсін сұлтан Қырым ханы Дәулеткерейге артты. Ол Қырымға шетелдіктердің шабуыл жасауынан қорқып, сұлтанның Астрахань түбінде қыстау керек деген бұйрығын орындамай, әскерін алып кеткен болатын. Дәулеткерей өз кінәсін жуып-шаю үшін 1571 жылы Мәскеуді ойрандап қайтты. Бірақ бұл нәтиже бере қойған жоқ. Келесі, 1572 жылы Қырым ханының орыстардан тас-талқан боп жеңілуі, османдардың осы бағыттағы әрекеттеріне тоқтау салды. Алайда, османдар бұл ауданды сыртқы әлемнен үзіп тастады. 1592 жылдан бастап Қара теңіз барлық шетел кемелері үшін жабылды. Қара теңіздің өзі «Осман көліне» айналып қалды, ал оның маңындағы христиан жерлері құлдардың сарқылмас көзіне айналды. Зерттеуші В.И. Ламанскийдің көрсетуі бойынша, XV ғасырдың аяғынан XVI ғасырдың ортасына дейін оңтүстік Ресей мен Украина жерінен Осман империясына 3-5 млн адам әкетілген, олар Осман флотында ескекшілер, үй малайлары ретінде пайдаланылды, сондай-ақ армия мен сұлтан гаремін толықтырып отырды.

**XVI ғасырдағы Түркия мен Еуропа державалары.** XV ғасырдың екінші жартысында пайда болған жаңа империя тек мұсылмандық Шығыстағы жетекші державаға айналып қоймай, сондай-ақ христиандық Батысқа да қауіп төндіре бастады. I Селимнің 1514-1517 жж. жеңістері османдарға Батыс-

тағы жаулаушылықтарын жалғастыруға мүмкіндік туғызды. 1521 жылы I Сүлеймен сұлтан Белградты басып алды, бұл қала османдар үшін Еуропаның орталығына апаратын кілт рөлін атқарды.

Осман империясының Еуропадағы негізгі жаулары Портаға қарсы крест жорықтарының басты ұйымдастырушысы ретіндегі Қасиетті Шіркеудің басшылығымен әрекет етуші – Италия мемлекеттері, Испания мен Португалия болды. Солтүстікте түріктерге Австрия және Габсбург үйінің басқа да иеліктері, Венгрия мен Польша, оңтүстікте – госпитальерлер немесе иониттер діни-рыцарьлық ордендері (олардың орталығы Родос аралы болды) мен Венеция тікелей қарсы тұрды. Осыған сәйкес күрестің үш майданы қалыптасты: құрғақтағы (Балканнан солтүстікке қарай) және екі теңіз майданы; оның біреуі Жерорта теңізінде, госпитальерлер орденіне, Венеция мен Испанияға қарсы, екіншісі – Үнді мұхиты бассейнінде – Португалияға қарсы бағытталды.

Түріктер Жерорта теңізінде үлкен табыстарға қол жеткізді. 1522 жылы I Сүлеймен үлкен қиыншылықтарға қарамастан Родос аралын басып алды, рыцарьлар Мальта аралына кетуге мәжбүр болды (осыған байланысты иониттерді кейінірек Мальта ордені деп атап кеткен болатын). Бұдан кейін османдар Испанияға қарсы белсенді теңіз соғысын бастап кетті. 1515 жылы түріктер Алжирдегі антииспандық күреске ақшалай да, қарумен де жанжақты қолдау көрсетті. 1519 жылы көтерілісшілер қаланы алды, ал 1529 жылға қарай V Карлға бағынышты Алжир корольдігін жойды. Бұл ел 1533 жылы Осман империясының құрамына енді. Бұдан кейінгі табыстар, әсіресе, Превез түбінде (1538) испандық-венециандық флоттың жойылуы, сондай-ақ Алжир қаласының түбінде испандық армаданың (500-ден артық әскери және тасымалдаушы кемелер, 24 мың адам десанттан тұратын) талқандалуы (1541) Осман империясын Жерорта теңізінің иесіне айналдырды. Олардың кемелері Атлант мұхитына шыға бастады, кемелерінде Вест-Индиядан шыққандар кездесетін болды. Осман адмиралдары Американы жаулап алуды да армандай бастады.

Үнді мұхиты бассейнінде түріктер сәтсіздіктерге ұшырады. Солтүстік Үндістанға Бабырдың әскері басып кіріп жатқанда түріктер оңтүстік Үндістанға теңізден соққы береміз деген ойы іс-

ке аспай қалды. Белгіленген уақыттан кешігіп жеткен 20 мыңдық түрік флоты Диу түбінде (1538) жеңіліс тапты. 1550 жылы Парсы шығанағындағы Кятифтен айрылуы, 1552 жылы Ормуз түбіндегі және 1554 жылы Маскат түбіндегі шайқастарда осман эскадрасының қырылып қалуы османдардың Үндістанды жаулап алу ойынан қайтуына мәжбүр етті.

Еуропада османдар бастапқыда сәтті соғыстар жүргізді. Реформация, Венгриядағы діни соғыстар және Германиядағы 1524-1525 жж. шаруалар соғысы османдар үшін аса қолайлы жағдайлар туғызды. 1526 жылы түрік армиясы солтүстікке қарай жылжыды. 1526 жылы 29 тамызда Мохач түбіндегі шайқаста I Сүлеймен венгр, хорват және чех әскерін талқандады. 10 қыркүйекте түріктер Будаға басып кіріп, Венгрия тағына өз адамы – Трансильваниялық шонжар Янош Запойяиді отырғызды. Ол өзін Осман империясының вассалымын деп мойындады. Сонымен бір уақытта Венгрия мен Чехияның сеймі Австрия эрцгерцогі Фердинанд I Габсбургті король деп жариялады. Қасиетті Рим империясының (Германия) императоры V Карлдың қолдауымен ол османдарға және олардың қоластындағы венгр билеушілеріне қарсы күрес бастады. 1529 жылы 27 қыркүйекте осман армиясы Венаға төніп келді. Алайда қаланың қасарысып қарсы тұруы, I Фердинанд әскерінің дер кезінде жетуі және суықтың түсіп кетуі I Сүлейменнің қоршауды тастап кетуіне мәжбүр етті (14 қазан 1529 ж.). 1532 жылғы жорық та осындай сәтсіздікпен аяқталды. 1533 жылы бітімге қол қойылды. Ол Испания мен Рим папасына таралған жоқ, өйткені оларға міндетті шарт ретінде Мартин Лютермен бірігіп, шіркеуді біріктіру үшін собор шақыру ұсынылған болатын. Венгриядағы жағдай да тұрақсыздау болып қала берді. Янош Запойяи қайтыс болғаннан кейін орын алған Австриямен жақындасу көңіл-күйлерінің күшейіп кетуіне байланысты, Сүлеймен османдардың қоластындағы Венгрия жерін екіге бөлді. Трансильвания Осман империясы вассалы статусын сақтады, алайда ішкі істерде белгілі бір тәуелсіздігін сақтады. Басқа Венгрия жерлері Будин уәләйатына айналып, тікелей осман билігіне қаратылды.

Венгрия үшін соғыс кезінде Осман империясы еуропалық саясатқа тартыла бастады. Оның бітіспес жаулары католик шіркеуі, Польша-Габсбург феодалдық-мемлекеттік құрылымдары

басқарған князьдар мен дворяндар болса, ал халықтың кең бұқарасы, шаруалар тарапынан, керісінше белгілі бір қолдау тауып отырды. Мұнда, ең алдымен, халықтың бір бөлігі осман жаулаушылығын Құдайдың қаһары деп қарастырып, оған қарсы күресуді күнә деп есептеді. Екіншіден, Еуропада османдардың әскери және әлеуметтік-мемлекеттік ұйымының тәжірибесіне деген қызығушылық ерекше артты. Белгілі қоғам қайраткерлері (Бусбек, И. Пересветов, белгілі дәрежеде Лютер де) османдық тәжірибені өз елдерінде реформалар жасауға үлгі ретінде пайдалануға шақырды. Ол тіпті әр түрлі әлеуметтік утопиялардың (Л. Агостино, Ф. Альбергати, Т. Кампанелла) пайда болуына ықпал етті. Үшіншіден, саяси мақсатта «дінсіздермен» одаққа баруға болады деген ұйғарымға келген мемлекеттер мен халық топтары пайда болды.

Мұны Осман империясымен шекаралас отырған елдердегі протестанттар, әсіресе Венгрияның, сондай-ақ Франция мен Нидерландының протестанттары айқын көрсетіп отырды. Қасиетті Рим империясымен күрес жүргізіп отырған Франция түріктерді одақтас ретінде пайдалануды ойлады. Австрия мен Испанияны билеп отырған Габсбургтер әулетімен жүргізілген күрес Түркияны да Франциямен одақтасуға итермеледі. Франция мен Түркия Габсбургтерді Солтүстік Италиядан қуып шығу үшін күресті. Франция Жерорта теңізіне шығу үшін, Түркия Венеция мен Генуяны әлсірету үшін күрес жүргізді. Ал соңғы екеуі Габсбургтер империясы мен оның одақтасы Рим папасының қолдауына сүйенген болатын.

1534 жылы Стамбулға бірінші француз елшілігі келеді. 1535 жылы екі ел арасында Габсбургтерге қарсы бірігіп күресу туралы келісім жасалды. Атап айтқанда, Франция Осман флотына Тулоннан база берді. Түрік рейдерлері (Еуропа деректерінде оларды «қарақшылар» деп атайды) Италия мен Испания жағалауларына жорықтар жасап отырды. Оның есесіне Түркия француз көпестеріне өте көп жеңілдіктер жасады. 1535 жылғы француз-түрік келісімі «бірінші капитуляция» деген атпен белгілі болды. Мұнда көрсетілген жеңілдіктер Түркия тарапынан бұрын Венеция мен Генуяға жасалып келген болатын. Бірақ француз көпестеріне берілген артықшылықтар бара-бара бүкіл француз ұлтына тарайтын болды. Бұл артықшылықтар үшін

Түркия ақы алған жоқ, бірақ қашан тоқтатам десе өз еркінде болды. Француз көпестері Түркиядағы қылмыстық жаза қолданатын тәртіп бұзғандығы үшін сотқа тек өз елінде ғана тартылатын болды, яғни түрік соты француз көпестерін жазалай алмайтын болды.

XVI ғасырдың ортасында негізгі күрес Жерорта теңізінде жүрді. Түріктер Батыстың қорғаныс жүйесін біржолата қиратуға тырысты. 1551 жылы олар Мальта орденіне қуатты соққы беріп, Триполиді алды және империяға Солтүстік Африканың біраз жерлерін қосты. Бұл жерлер Батыс Триполи уәләтын құрды.

XVI ғасырдың екінші жартысында Түркия мен Еуропа державалары арасындағы қақтығыстар қайта жанданды. 1568 жылғы Австрия мен Түркия арасындағы Венгрия жері үшін болған қақтығыс бейбіт бітім шартымен аяқталды. Австрия Венгрияның біраз бөлігін сақтап қалды, бірақ сұлтанға жыл сайын 30 мың дукат алым төлеуге міндеттелді. Австрия сондай-ақ Валахия, Молдавия, Трансильванияның Түркияға вассалдық тәуелдігін мойындады. 1570-1573 жылдары Түркия Кипр аралы үшін Венециямен соғысты. Соғыстың басында Түркия Кипрдің басым көпшілігін, астанасы Никозияны басып алды. Бірақ Жерорта теңізі үшін Венеция, Австрия, Испания, Генуя, тағы басқа мемлекеттер Түркияға қарсы одаққа бірікті. Шешуші шайқас 1571 жылғы 7 қазанда Лепанто қаласында (Патраикос шығанағында) болды. Одақтастардың теңіздегі әскерін Испания королі II Филипптің інісі Хуан Австрийский басқарса, түріктердің әскерін Али-паша Муэдинзаде басқарды. Түрік флоты бұл шайқаста жеңіліс тауып, 224 кемесінен айырылды. Бірақ бұл шайқас соғыс барысына әсер ете алмады. Одақтастар арасындағы алауыздықты түріктер орынды пайдалана білді. Олар тез арада жана флот құрып, соғысты табысты аяқтады. 1573 жылғы бітім шарты бойынша Венеция Кипрді Түркияға беруге мәжбүр болды. Жалпы алғанда, осы кезде Осман империясы мен Еуропа державалары арасында белгілі бір стратегиялық тепе-теңдік қалыптасты. Бұған, бір жағынан, Еуропа державаларының күшейе бастуы ықпал етті. Еуропа елдері, әсіресе, қару-жарақ өндірісі мен кеме жасау ісінде суырылып алға шыға бастады. Керісінше, Осман империясының қуат-күші күн санап кеміп бара жатқан болатын.

1580 жылы Англия өзінің Левант сауда компаниясын ұйымдастыруға Түркиядан рұқсат алды. Бұл компания шығыс елдеріне еніп, олардан шикізат алып отыру үшін керек еді. Осы кезден бастап Франция мен Англия көпестері арасында Таяу шығыста бәсекелестік туа бастады. Кейін бұл екі мемлекет Осман империясындағы экономикалық және саяси үстемдік үшін ашық күрес жолына түсті. XVI ғасырдағы Түркияның Англиямен, Франциямен келісімдері Түркияны соңғы екі мемлекеттің сыртқы саясатына тәуелді етті, мұның өзі елдің экономикалық жағдайын нашарлатып жіберген болатын.

XVI ғасырдың аяғынан бастап османдардың жаулап алу соғыстары аяқталды. Олжаның түсуі тоқтағаннан кейін сұлтан қазынасының табысы кеміп кетті. Салықтар мен міндеткерліктер өсті. Әскери-феодалдар әскердегі қызметі үшін алған иеліктерін өзінің жеке меншігіне айналдыра бастады. Олардың көпшілігі жорыққа қатысудан жалтарды. Армияның саны кеміді. Осман мемлекеттілігінің дағдарысы, ішкі қайшылықтар түріктердің жаулаушылық белсенділігін әлсіретіп тастады. Осман империясы тарихының 1579-1683 жж. аралығындағы кезеңі Түркия тарихнамасында *«теввуқф деври (тоқтау дәуірі)»*, яғни тоқырау дәуірі немесе осман қоғамының ыдырауы деп аталады.

Осман империясының, әлемдік держава ретіндегі әлеуметтік-саяси және экономикалық мекемелері II Мехмед тұсында-ақ қалыптаса бастаған болатын. Ал II Баязид (1481-1512) тұсында олар ретке келтіріліп, нақты діни-құқықтық негізге ие болды. I Селим (1512-1520) және I Сүлеймен Кануни (1520-1566) тұсында бұл мемлекеттік мекемелер барынша жетілдіріліп, тек осман қоғамында ғана емес, Еуропада да үлгі ретінде қарастырылды.

Осман мемлекеттілігінің негізінде XII-XIII ғғ. ахийлік және ғазилік қозғалыс дәстүрлері жатты, дәл осы дәстүрлерді осман билеушілері қолдан келгенше ұстануға тырысқан болатын. Империяның әскери, әлеуметтік және саяси мекемелерінің көпшілігі Осман мемлекетінің ерте кезеңінде қалыптасқан болатын, кейінгі дәуірлерде олар тек жетілдіріліп қана отырды. Осман империясы мұсылман дінбасылары ресми статус алған тарихтағы ең алғашқы мемлекет болды, олар қызметтері мен функциялары нақты ажыратылған кәсіби дін адамдарынан тұратын ерекше

иерархиялық ұйым құрды. Аса ірі осман теологтары – Мехмед ибн Фира Мурза, Ибрахим аль-Халеби, Шейх Заде және т.б. осман қоғамының идеялық-теориялық және құқықтық негізін жасады. Шарифаттың османдық түсінігі осы негізге сүйенді және осман билеушілері өз әкімшілік және заңнамалық қызметінде осы негізді басшылыққа алып отырды. Биліктің кез келген әрекеті діни тұрғыдан негізделуге тиіс болды, яғни оның шарифатқа сәйкестігі жөнінде пәтуалар шығарылып отырылды.

Империяны Осман үйінен шыққан сұлтан басқарды. Ол мемлекеттің зайырлы және діни басшысы болды, қасиетті заңның сақтаушысы, орындаушысы және түсіндірушісі болды. Еуропа монархтарынан ерекшелігі осман сұлтандары шешім шығаруда барынша шектеулі болды, олар мемлекетте жарияланған діни құндылықтар шегінен шыға алмады. XVI-XVII ғғ. 15 сұлтанның алтауы шарифатты бұзғаны үшін тақтан тайдырылып, екеуі өлім жазасына кесілді.

Сұлтан өз билігін ең жоғарғы дінбасылары мен ірі қолбасшылардан тұратын империялық кеңеспен (*дивани хумайюн*) бірге жүргізді. Осман империясының саяси құрылымы биліктің біртұтастығы мен ұжымдық басшылық (ерте ислам дәуірінен келе жатқан *шура* ұстанымы, яғни мұсылмандар еркін білдіретін ортақ шешім немесе келісімге келуді білдіреді) ұстанымынан туындады. Осыған байланысты империяда заң шығару, атқару және сот билігі арасында, сондай-ақ діни және әкімшілік қызметтер арасында нақты бөлініс болған жоқ. Мұның бәрі бір адамдардың қолында болды және өзара бір-біріне өте алды, бірін бірі толықтырып отырды. Бұл саяси құрылымдар ұжымдық басшылық органы болып табылатын билеуші кеңестер – дивандарда нақты көрініс тауып отырды. Яғни мемлекеттік биліктің әрбір деңгейінде билік осы дивандар арқылы жүргізілді.

Ең ірі территориялық бөлім *бейлербейліктер* (провинциялар) болды. XVI ғ. басына қарай осындай үш бейлербейлік – Румели (орталығы – Эдирне), Анадолу (Анкара мен Кютахия), Рум (Амасыя, Сивас) болды; 1520 жылға қарай – 6, ал 1610 жылы олардың саны 32-ге жетті. 1590 жылдан бастап олар *эйалет* деп атала бастады. Провинциялар санжактар (уездер), ал олар, өз кезегінде, нахияларға (волости) бөлінді.

Осман империясы әкімшілік-саяси құрылымының ең басты ерекшелігі *милеттер*, яғни Осман империясының негізгі діні болып табылатын исламнан басқа дінді ұстанушы халықтардың автономиялық діни-саяси құрылымдары деп айтуға болады. Милеттер айтарлықтай ішкі өзін-өзі басқару құқықтарын пайдаланды. XVI-XVII ғғ. үш милет: Рум милеті (Византия), яхуди милеті (еврейлер милеті) және эрмени милеті (армян милеті) болды. Біріншісіне империяның православиелік халықтары кірді, екіншісіне әр түрлі еврей конгрегациялары (караимдер мен самаритяндарды қоса), үшіншіге армян-грегориандар және басқа да шығысхристиандықты ұстанушы халықтар (коптар, яковиттер, несториандар) кірді. Бұл милеттердің бәрі де, егер сұлтанның жоғарғы билігін мойындаса және қазынаға жан салығы, яғни жизья төлесе, онда діндерін ұстануға және өздерінің қауымдық мәселелерін шешуде толық еркіндігі болды. Белгілі бір территориясы болмағанымен бұл өзіндік бір шіркеулік-конфессиялық мемлекеттердің толық ішкі суверенитеті болды. Осыған байланысты бір территорияда отырған әр түрлі дінді ұстанушы халық әр түрлі билік органдарына бағынды. Тек экономика мен саяси өмір мәселелерінде ғана соңғы сөзді мұсылман мемлекеті айтты.

Милеттерді басқару дінбасыларының қолында болды. Оның басында *милет-баши* тұрды. Милет-баши империялық кеңестің мүшесі болды, оны сұлтан бекітті және өз милетіндегі жағдай үшін сұлтан алдында жауап беретін болды.

Империядағы ағымдағы басшылық биліктің екі тармағы бойынша жүргізілді: әскери-саяси және шарифаттық (кадилік немесе діни-соттық аппарат). Әскери-саяси биліктің басшысы *ұлы уәзір*, ал әйәлет деңгейінде – *бейлербей*, одан төменіректе – *санжакбей* және *субаши* (әскербасы) болды.

Басқарудың ерекше саласы қаржы-салық қызметі болды, оны *баиш дефтердар* басқарды. Бұл сала да тиісті жергілікті басқару деңгейлеріне бөлінді. Сондай-ақ оларға ірі қалалардың қазыналық мүлкінің бастықтары (*шехир эминдер*), арнайы ведомстволар бастықтары: қазына (*хазинэ*), табыс есебі палатасы (*рузнаме*), тимар палатасы, т.б. бағынды.



### **Бекіту сұрақтары:**

1. Осман мемлекетінің қалыптасуының тарихи жағдайларын көрсетіңіз.
2. Османдардың Константинопольді алуы: алғышарттары, барысы?
3. Османдардың мұсылман әлеміндегі үстемдік жолындағы күресінің барысын талдаңыз.
4. Осман-Сефеви қайшылықтарының себептерін түсіндіріп, кезеңдерін көрсетіңіз.
5. Осман империясының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі ерекшеліктері?

## XXI тарау

### КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

**Осман түріктерінің араб елдерін жаулап алуы.** XVI ғасырдың басында араб елдері түріктердің шапқыншылығына ұшырады. Месопотамияны басып алған соң I Селим (1512-1520) сұлтанның әскері Сирия, Ливия және басқа мәмлүктер қол астындағы араб облыстарын жаулап алуға аттанды. Түрік және мәмлүк әскерлері 1516 жылғы тамызда Халептің солтүстігінде бетпе-бет кездесті. Бұл шайқаста қаруы жағынан да, соғысу тактикасы жағынан да басым түскен осман армиясы жеңіске жетті. Мәмлүктер армиясы талқандалып, үкімет басшысы Кансу Гури шайқаста қаза тапты. Қазан айының ортасында түріктер Дамаскіні басып алды. Сөйтіп, бүкіл Сирия түріктер қол астына көшті.

Мәмлүктер тек Египетте ғана барлық күштерін жинап, қатты қарсылық көрсете алды. Бірақ түріктер мәмлүк әскерінің бұл қарсылығын басып, 1517 жылдың басында Каирды алды. Түріктер Египетті басып алған соң Меккенің басшысы сұлтан Селимге елшісін жіберіп, оған бүкіл Хиджаз облысының бағынатындығын білдіріп, адал болуға ант берді. 1538 жылы түріктер Аденді (Меккеден де төмен, оңтүстікте) де басып алды. Оның алдында, 1534 ж. түріктердің Ирақ үшін Иранмен соғысы жеңіспен аяқталды. Сөйтіп, XVI ғасырда арабтар қоныстанған Ирақ, Сирия, Ливан, Палестина, Египет, Хиджаз (Сауд Аравиясы), Алжир, Ливия, Тунис Осман империясының құрамына енді.

Түріктер барлық жерлердің, шаруашылықтың есебін анықтап, олардан алынатын салық мөлшерін белгіледі. Барлық басып алынған араб елдері пашалықтар мен әйалеттерге (уалаят) бөлінді. Сирия үш провинцияға: Дамаск, Триполи, Халепке бөлінді. Ирақта Бағдад, Басра, Мосул уалаяттары құрылды. Египет өзінше жеке пашалыққа бөлінді. Йемен, Бахрейн (Аравия), Ақ (Палестинада) пашалықтары құрылды. Әр облыстың басында

пашалар тұрды. Пашалардың қарамағында жергілікті көмекші отрядтармен қатар сұлтанның тұрақты армиясының бөлімдері болды. Мысалы Бағдад әйалетінде 12 мыңдық янычарлар орналасты. Ал пашаның қасында тағы да үш мың қарулы жауынгерлер болды. Пашалыққа 1-2 жылға тағайындалатын, бірақ көптеген пашалар әлдеқайда ұзақ қала беретін.

Әр пашалықтың, әйалеттің бағыныштылығы әр түрлі болды. Бағдад, Басра, Лахса (Азияда), Египет, Тунис, Алжир, Триполи (солтүстік Африка) салық төлеп тұрды, ал ішкі құрылысы, тәртібі бұрынғысынша қала берді. Тек Бағдад әйалетінде біраз өзгешіліктер болды. Ол 20 санжаққа бөлінді. Оның 8-інде түріктік жер иеленушілік тәртібі үстемдік етті. Дамаск, Триполи (Сирияда), Халеб, Мосулдағы көптеген жерлер түрік феодалдарына үлестіріліп берілді (тимар, зеаметтер ретінде). Ирақ Османдық түріктер мен сефевилік Иран арасындағы күрес аренасына айналды. 1516 жылы жоғарғы Месопотамия қызылбастардан тазартылып, Осман империясының құрамына қосып алынды. Орталық және оңтүстік Ирақ Иранның қол астында қала берді, 1516 жылы түріктер Бағдадты басып алды. Сунииттік, шииттік ағымдарға бірдей бостандық берілді. 1546 жылы оңтүстік Ирақ Осман әйалетіне айналды. Оның орталығы Басра қаласы болды, 1550 жылы түріктер Португалияның Парсы шығанағындағы маңызды порты Аль-Катифты басып алды. Бірақ оны ұзақ ұстап тура алмады. 1555 жылғы Амасиядағы бейбіт бітім бойынша сефевидтер Ирақтағы түріктер үстемдігін мойындады.

1574-1595 жылдардағы Мосул провинциясында заң бойынша жердің ең төменгі мөлшері 40 қадамға (ені, ұзындығы) тең денюм болып табылды. Ал суармалы, құнарлы жерлердегі шаруалардың толық үлесі 80 денюмге теңелді. Ол үлес «чифтилик» деп аталды. Нашар жерлердегі чифтилик мөлшері 150 денюм болды. Егер кімде-кім өз үлесін игермей, тастап кетсе, бос қалдырса, ол 75-тен 300-ге дейін ақша төледі. Толық үлесі бар мұсылмандар 50 ақша төледі. Әр үй 3 күндік (аптасында) барщина өтеуі тиіс болды. Оның әр күні 2 ақшаға бағаланды. Жиналған бидайдың 1/5, қара бидайдың 1/6, арпаның 1/7 бөлігі салық ретінде өткізілетін. Малшылардан да салық жиналды. Мосулда әр 100 қойдың біреуі, ал келімсектерден – екеуі алынатын. Малшылар қыста өз жерінде қыстап шықса, әр 300 қойдың біреуін беретін болды. Салық бал

ұяларына да, диірмендер мен алма ағаштарына, жүзім, мақта егістеріне де салынатын. Қалыңдық үшін де салық салынатын. Күйеуге тиетін қыздардың әкесі 60 ақша, жесір әйелдің әкесі (туысы) 30 ақша төледі. Бұл ақшаның жартысы ірі жер иесіне, жартысы қазынаға кететін.

**Османдар билігіндегі Сирия мен Ливан.** Сирия әйалеті он бір санжаққа бөлінді. Оның жетеуінде түрік феодалдарының өздері салық жинап алып отырды. Қалған төртеуінде санжақтан түсетін салық қазынаға кететін. Бұл екі әйалет 10 мың әскер жасақтап беріп отыруға тиіс болды. Сирия әйалетіне Дамаск, Сафад, Иерусалим, Наблус, Сайд, Бейрут округтері кірді. Түріктер билігі кезінде таулы Ливанның феодалдары біраз жеңілдіктерді пайдаланды. Түріктер басып алғаннан кейінгі 100 жылдай бойы Ливанда феодалдық Маанид әулетінің беделі күшті болды. Түрік үкіметі маанидтерді әлсірету үшін басқа феодалдарды оған қарсы айдап салып отырды. Бірақ бұл әрекеттері айтарлықтай нәтиже бермеді.

1584 ж. ливандықтардың қарулы отряды Сирия мен Египеттен жиналған алым-салықты Стамбулға алып бара жатқан керуенге шабуыл жасады. Сұлтан үкіметі бұл шабуылды Маандар ұйымдастырды деп жала жауып, Египет пашасына маандарды талқандауға бұйрық берді. Түрік әскерлері Маанидтер иелігіне басып кіріп, талқандады. Маан әмірі тауда қорғаныс ұйымдастырып, берілмеді. Ақыры сол қамалда өлтірілді. Ливанның кейбір феодалдары Стамбулға пара апарып, өз бастарын әрең қорғап қалды. Түрік үкіметінің мұндай зорлық-зомбылығына қарсы халық наразылығы қалыптасып, көтерілістер болып тұрды. Бұл көтерілістерді Маанидтер Ливанның толық тәуелсіздігін жеңіп алу үшін пайдаланып қалуға тырысты. Бұл әрекет II Фахреддин әмірдің атымен тығыз байланысты. Оны Ливан феодалдары 1585 жылы, 13 жасар кезінде барлық Маанидтер иеліктерінің билеушісі деп мойындады.

Ол билікке іс жүзінде XVI ғасырдың аяғына қарай ие болып, күннен-күнге ұлғая түскен иелікті 1635 жылға дейін басқарды. Алғашында ол түрік сұлтаны алдындағы міндетін адал орындап отырды. Иелігі өскен сайын салықты да көп төледі. Сондықтан түрік өкіметі оның иелігін кеңейте беруіне қарсылық көрсетпеді. Фахреддиннің қарулы күштерінің саны бірте-бірте

40 мыңға жетті. Осындай қуатты қарулы күші мен бай қазынасы бар Фахреддин Түрік үкіметінің рұқсатынсыз өз бетімен шет елдермен дипломатиялық қатынас орната бастады. Ол Италиямен, Франциямен қатынас орнатты. Флоренциямен де сауда қатынасына барды. Түркияға бұл тәуелсіздік ұнамады. 1609 ж. Дамаск пашасы болып Ахмед Хафиз тағайындалды. Оның қарамағына әскер бөлініп, Фахреддин иеліктеріндегі түріктер билігін қалпына келтіру тапсырылды. Бірақ Ахмед Хафиз түріктер билігін бірден орната алмады. Тек 1613 жылы Фахреддин күресін тоқтатып, Француз кемесімен Италияға барды. Онда Фахреддин Италия мен Францияны Осман империясына қарсы күреске тартуға тырысты. Бірақ 5 жыл бойғы бұл әрекетінен түк шықпаған соң, 1618 жылы ол Ливанға қайтып келді. Ливанда Фахреддинді жергілікті халық ұлттың батыры санап, қатты құрметтейтін. Фахреддин еліне қайтып келіп, түріктерге қарсы үндеу тастағанда оның қол астына 100 мың адам жиналды. 5 жыл ішінде Фахреддин Дамаск пашасын талқандап, Антиохиядан Сафадқа дейінгі аралықта Түрік үстемдігін жойды. Көп кешікпей Палестинаны жаулап алды. Ұланғайыр аумақты басып алу Фахреддиннің күшін ыдыратты. Осындай жағдайды түрік үкіметі пайдалана қойып, Фахреддинді жеңді. Өзін тұтқынға алып, 1635 жылы өлім жазасына кесті.

**Түрік-османдар билігіндегі Солтүстік Африка.** XVI ғасырдың басында солтүстік Африкаға жаңа басқыншылар – түріктер келіп кіре бастады. Хайреддин Барбаросса деген Мителендік қарақшы түрік Алжирге келіп қоныстанып, оны түрік сұлтаны I Селимнің иелігі деп жариялады. Сұлтан Хайреддинге көмекке екі мың артиллеристер мен төрт мыңдық янычарлар үлгісінде құрылған әскер жіберді. 1518 жылдан бастап Хайреддин Алжирдің маңызды портты қалалары – Бен, Колло, Шершельді басып алып, елдің ішіне ене бастады,

Константинаны басып алып, Кабилия тауындағы тайпаларға алым-салық төлеткізді. 1529 жылы түріктер Алжирде түпкілікті бекініп, испандықтардың жақсы қорғалған қамалы Пеньонды алды. Түрік басқыншылары жергілікті феодалдардың иеліктері мен таптық артықшылықтарына зиян келтірмей, сол қалпында қалдырды. Хайреддин паша болып тағайындалып, «бейлер-бей» деген атақ алды. Ол жаулап алынған жерлердегі феодалдардан

салықты уақтысында және толық төлеп отыруды талап етті. Жинап алынған салықтың жартысын Стамбулдағы қазынаға жіберіп, жартысын өз қарамағындағы әскер, кеңсе, уәзірлер ұстау үшін жұмсап отырды.

Хайреддиннен кейінгі Алжирдегі түрік сұлтанының пашасы 1541 жылы V Карлдың испандық әскерін талқандады. Испандықтарды Алжирдегі бекіністерінен ығыстырды. Батыста олар Тлемсен үшін мароккалықтармен күресте жеңіске жетті. 1535 жылы Тунисте испандықтар өзін V Карлдың вассалы деп мойындаған Эмирді таққа отырғызды. Түріктердің өз үстемдігін орнату әрекетінен еш нәтиже шықпады. Тек 1574 жылы ғана Түрік сұлтанының әскері испандықтарды қуып шығып, Тунисті Осман империясына қосты.

Солтүстік Африкадағы Триполи қаласы үшін еуропалықтар мен түріктер арасында күрес жүрді – 1510 жылдан 1530 жылға дейін бұл аймақ испандықтар билігінде болды. Сонан соң ол Родос аралынан түріктер қуып шыққан Мальта рыцарьларының қоластына көшті. 1551 жылы түріктер теңізден шабуыл жасап, Триполиді басып алды. Рыцарьлар Мальтаға қашты (Италияның оңтүстігі). Сөйтіп, Солтүстік Африканың үш елі – Алжир, Тунис, Триполитания (Ливия) түріктер қоластына көшті. Тек Марокко өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

1550 жылы өзінің шыққан тегі жағынан ислам дінінің негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардан тарайтын-мыс шериф Мұхаммед әл-Махди Фесті басып алды. Ол бұған дейін оңтүстік Мароккода қант қамысы егістігін иеленуші болатын. Маринидтік әулеттің түріктер көмегімен өз билігін қалпына келтіру әрекетінен түк шықпады. 1554 жылы Маринидтер әулеті толық қуылды. Шерифтер оңтүстік Мароккодағы өз тіреніштері болып табылатын араб тайпаларына көп қаражат бөліп отырды. Ахмед-әл Мансур (1578-1603) шерифтің тұсында бұл тіреніш көмегі онан әрі кеңейтілді. Түріктердің қоластында қалғысы келмеген солтүстік шығыс Марокко тайпаларына Фес облысынан әскери лендер бөліп берілді.

Марокконың қорғаныс қабілетін күшейту және феодалдардың өзара қақтығыстарын тежеп отыру мақсатымен тұрақты армия құрылды. Оны арнаулы мекеме – махзен басқарды. Бұл армия ислам дінін қабылдаған еуропалықтардан, жергілікті қара нәсілділерден

(негр) тұрды. Әскерді түрік офицерлері мен солдаттары оқытып, үйретті. Қанша мықты болғанымен бұл армия феодалдық бытыраңқылыққа қарсы тұра алмады. XVI ғасырдың ортасында шерифтерге қарсы Марабуттар көтерілісі болды. Оның нәтижесінде Марокко бірнеше феодалдық иеліктерге бөлініп кетті.

Африка төңірегіндегі теңіз сауда жолының ашылуы Египет саудасына ауыр соққы болып тиді. Соған қарамастан Египет көптеген Шығыс және Батыс елдерімен сауда жасай берді. Сыртқы саудаға ауылшаруашылық өнімдері (бидай, мақта, кендір, күріш, тері) мен қолөнер бұйымдары (мата, қант т.б.) шығарылды. Египет көпестері Үндістаннан, Еуропа мен Қиыр шығыстан келген шетелдік тауарлармен де сауда жасады. Сауда Каир, Александрия, Булак, Дамъетт, Розетт, Суэц, Кусеир, Тальх, Абузир, Фуэ қалаларында шоғырланды. Египеттің басты порттары Жерорта теңізі жағалауындағы Дамъетт, Розетт және Александрия, Қызыл теңіздегі Суэц пен Кусеир болды. Суэц пен Кусеир арқылы Үнді және Аравия тауарлары түсіп тұратын. Сол кездегі Египеттің ең ірі сауда орталықтарының бірі Александрия Каирмен канал арқылы қосылды. Александрия айлағына көп елдердің сауда кемелері ағылып келіп тұрды. Мұнда венециялық та, флоренциялық та, католондық та, Генуя мен Франция көпестерін кездестіруге болатын. Александрияда тек халықаралық сауда ғана шоғырланып қойған жоқ. Қала тұрғындары жақын маңдағы ауылдардың ауылшаруашылық өнімдерімен толық қамтамасыз етіліп тұрды. Нил өзені негізгі сауда жолдарының бірі болды. Каир тек сауданың ғана емес, қолөнерінің де ірі орталығы болды. Ол көлемі мен халқының саны жағынан Египеттің ең үлкен қаласы болды. XVI ғасырда Каирдің халқының саны 100 мыңнан асты. Онда армяндар, итальяндықтар, гректер, француздар, поляктар, еврейлер тұрды. Египетте құл саудасы кең орын алды. Жыл сайын елге 4-5 мың африкандық құл әкеліп сатылатын. Каирде көптеген Еуропа елдерінің консулдығы орналасты. Мұнда діни қудалаушылық болған жоқ, әр діннің шіркеу-мешіттері жеткілікті болды.

Қолөнер негізінен қалаларда шоғырланды. Дегенмен қолөнермен ауылдық жерлерде де кеңінен айналысты (себет тоқу, жіп иіру т.б.). Египетте мақтадан маталар тоқылды, қару-жарақ, оқ-дәрі, қыш бұйымдар жасалды, иіссулар мен шараптар, мүсәгір,

селитра шығарылды. Бұл өнімдер Еуропа елдеріне, Осман империясына, Африкаға жөнелтіліп жатты. Қазынаға саудадан көп табыс түсіп жатты. Негізгі табыс жер салығынан жиналатын. Сонымен қатар қолөнер өнімдерінен де салық жиналып, қазынаға түсіп тұрды. Үкімет барлық қолөнер өнімдерінің 5 пайызын алып отырды. 1568 жылы ақындар мен жазушыларға салық салына бастады. Сумен қамтамасыз ету үшін де салық төленді.

Александрия, Розетт, Дамьетт, Суэц және Булак қалаларында мемлекеттік кедендер болды. Алым-салық шеттен әкелінетін ақшаларға да салынатын. Құлдыққа түсіп қалған, бірақ әлі ислам дінін қабылдап үлгермеген христиандарды сатып алу бағасы белгіленді. XVI ғасырда шетелдік христиан дініндегі көпестер тауарының құнынан 10 пайыз салық төлейтін. 1535 жылғы Францияға берілген жеңілдіктен кейін ол жеңілдікке ие болғандар 2-3 пайыз, ал Осман империясының көпестері 10 пайыз салық төлейтін болды. Осман империясындағы мұсылман емес тұрғындар (байлығына қарай) үш категорияға бөлінді; 1) жылына төрт алтын монета төлейтіндер; 2) екі монета; 3) бір монета төлейтіндер. Жан салығы – джизья тек еңбекке жарайтындардан алынды.

Батыс Еуропа елдері көпестеріне берілген артықшылықтар, көптеген ішкі кедендер, түрік үкіметі мен жергілікті феодалдардың зорлық-зомбылықтары сауда байланысының дамуына көп кедергі келтірді.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Араб елдерін Осман түріктерінің жаулап алуының алғышарттарын көрсетіңіз.
2. Османдар қоластындағы араб елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасаңыз.
3. Кейінгі орта ғасырлардағы араб елдерінің діни дамуы туралы эссе жазыңыз.



## XXII тарау

### КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ АФРИКА ЕЛДЕРІ

**Африкаға Еуропа державаларының енуі.** XV ғ. екінші ширегінен батыс Африка жағалауларына еуропалықтардың, ең алдымен португалдықтар мен испандықтардың енуі басталды. 1434-1482 жж. аралығында португалдықтар мен испандықтар Бахадор мүйісінен Конго өзенінің тармағына дейінгі бүкіл жағалаулық шепті айналып шықты. Португалдықтар 1460-1469 жж. отарлап алған Жасыл мүйіс аралы батыс Африка ауданындағы құл саудасының алғашқы базасына айналды. Португалдықтардың батыс Африка жағалауларына қызығушылығы, 1475 ж. Лиссабондық көпес Фернан Гомиш Анкобра мен Вольта өзендері аралығынан алтынға бай елді тапқан кезден бастап одан сайын арта түсті. Осы ауданда тұратын фанти тайпасы, Африка халықтарының ішінде ең алғаш болып португал көпестерінің құрбандығына айналды.

Португалдықтар Алтын Жағалаудағы өздерінің позициясын бірден-ақ нығайтуға тырысып, 1482 ж. Жағалауға тастан Сан-Хорхе-да-Мина фортын салды. Африкадан бастапқыда тек алтын әкетілетін еді. Құл саудасы бұл кезде онша маңызды болған жоқ, өйткені Еуропа рыногында бұл «тауарға» деген сұраныс әлі туа қоймаған болатын. Тек Америка құрлығын жүйелі түрде отарлау басталғаннан кейін ғана және Латын Америкасының жағалаулық аудандарының жергілікті халқы толықтай дерлік жойылуымен, сондай-ақ плантациялық шаруашылықтың жолға қойылуына байланысты жұмыс күшінің үлкен көлеміне деген сұраныс пайда болды. Оның көзі Африканың жергілікті халқы болды, әсіресе батыс Африка бірнеше ғасыр бойы тегін жұмыс күшінің қайнар көзіне айналды.

XVII ғ. бастап Еуропа державаларының Африка жерлерін басып алу мен тегін жұмыс күші – құлдарға ие болу жолындағы қаракшылық соғыстары басталып кетті. Құл саудасында бастапқыда португалдықтар үстем болған болса, кейінірек оларды

голландықтар, одан кейін Англия мен Франция ығыстырып шығарды. Тегін жұмыс күшіне деген аса зор сұраныс құл саудасының көлемін шексіз арттырды. XVII ғ. Америкаға 2 млн 750 мың құл әкелінді. Бұл құлдардың үштен екісі батыс Африкадан әкетілді, мұның өзі Африка халықтарының дамуына шексіз зиян келтірді.

**Мали.** XVI ғасырда Мали мемлекеті одан әрі құлдырап, бөлшектене түсті. Бұл кезде оның басты қарсыласы Сонгай патшалығы болды. 1498-1499 жж. сонгайлықтар бай Багана аймағын, ал 1500-1501 ж. Малиге тәуелді болған Диара патшалығын жаулап алды. Сонгай мемлекетінің шекарасы Текрурге дейін созылды. Малиге, ақырында, батыстан да соққы берілді. Текрур әскері 1530 ж. Малиге бағынышты болып келген Бамбук мемлекетін жаулап алуды бастады, бұл аймақ алтын кеніне бай болатын. Мали патшасы II Мамаду 1534 ж. португалдықтардан көмек сұрауға мәжбүр болды. Португал елшісі Перес Фернандес бітімгерлік қызмет көрсетті. Тукулерлер жаулаушылығы тоқталғанмен, Мали Бамбуктан айрылып қалды, Бамбук патшасы өзінің Малиге вассалдық тәуелділігін мойындаудан бас тартты. Малидің аймақтағы ықпалы күн санап құлдырай берді. Сонгай мемлекеті Малиге саяси қысым көрсетіп отырды. Тіпті Сонгай патшасы Дауд Малидің астанасын қысқа уақытқа жаулап алуға (1546) дейін жетті.

Морокколықтардың Суданның солтүстік аудандарына шабуылы және олардың Сонгай патшалығына қарсы күресінің басталуына байланысты сонгай билеушілерінің назары Малиден осы мәселеге ауысты. Алайда XVII ғ. бастап Малидің басқа жауы пайда болды. Бес ғасырдан бері Малидің жоғарғы билігін мойындап келген бамбара тайпасы 1600 ж. Сегу ауданында өз мемлекетін құрды. Анимизм дінін ұстанушы бамбарлар 1645 ж. Малидің мұсылман билеушілеріне қарсы діни соғыс жариялап, мемлекеттің оңтүстік шекараларына шабуылдай бастады. 1670 ж. қарай бамбаралар айтарлықтай қуатты Сегу мемлекетін қалыптастырды. Сегу патшасы Битон Кулубали тұсында Малиден Сансадинг, Массина және Багана аудандары жаулап алынды. Осы уақытта бамбарлардың екінші мемлекеті құрылды. Бамбарлармен күресте Мали мемлекеті әлсіреп, кішкентай ғана әмірлікке айналып қалды.

**Сонгай.** I Мұхаммед билігінің соңына қарай сонгай феодалдарының орталық билікке қарсы күресі күшейе түсті. Олар

патша ұлдарын өз мүддесіне пайдаланып отырды. 1528 ж. I Мұхаммедке қарсы оның ұлы Мұса бас көтерді, оны патшаның әкімшілік қызметтеріне тағайындауларына наразы болған бекзадалар қолдады. 1528 ж. тамызында бүлікшілер әскері Гаоға басып кіріп, Мұхаммедті тақтан бас тартуға көндірді. Мұса өз бауырларын өлтіріп, қарсыластарынан болатын қауіптен бірден құтылуға тырысты. Өршіп кеткен өзара қырқыстардың нәтижесінде 1531 ж. сәуірінде Мұса қаза табады. Сонгайдың патшасы болып, оның немере інісі Бенган-Корей, II Мұхаммед (1531-1537) есімімен таққа отырады. Оның тұсында Сонгай державасының қуаты, үздіксіз жүргізілген жорықтардың салдарынан сарқыла бастайды. Соғыстардағы сәтсіздіктер жергілікті билеушілер – провинция губернаторларының наразылығын туындатты. Солардың бірі, Денди губернаторы Мар Тамзу 1537 ж. сәуірінде көтеріліс бастап, II Мұхаммедті тақтан тайдырды. Таққа I Мұхаммедтің ұлы Исмаил (1537-1539) отырды.

Осы кезде Сонгайда әскери шонжарлардың ықпалы барынша артып, іс жүзінде патшалар әскери губернаторлардың ықпалынан шыға алмай қалады. Осы ықпалдан құтылуға тырысқан I Иссихак (1539-1549) өз әскери қолбасшылары мен губернаторлық қызметте отырған туыстарының үлкен бөлігінің көзін жойып жіберді.

XVI ғ. орта тұсында Текказаның тұз кендері үшін Сонгай Марокко қақтығысы басталады. Сонгайға қарайтын бұл ауданды Марокко сұлтандары күн төлеу арқылы өзіне алуға тырысты. Қақтығыс Дауд патша тұсында (1549-1582) өрши түсті. Даудтың көрші тайпаларға, Малиге қарсы үздіксіз жүргізген жорықтарын пайдалана отырып, мароккалықтар 1556 ж. Сонгай гарнизондарын қырып тастап Текказандағы тұз кендерін басып алды. 1578 ж. мароккалықтар Даудтан тұз кендерін бір жылға жалға беруге көндірді. Көрші тайпалармен соғыста сәтсіздікке ұшырап жатқан Дауд мароккалықтардың бұл әрекетіне келісуге мәжбүр болды.

Осымен бір уақытта мароккалықтар Сонгайға қарсы соғысқа байыппен дайындалып жатқан болатын. 1590 ж. үш мыңдық Марокко армиясы Джудердің (шығу тегі бойынша испандық) қолбасшылығымен Гаоға жылжыды. 1591 ж. 12 сәуірінде Гаодан солтүстікке қарай 50 шақырым жерде екі армия кездесті. Оқпен ататын қаруы бар Марокко армиясы, саны жағынан бірнеше

есе көп Сонгай армиясын тас-талқан етіп жеңді. Елдің барлық маңызды қалаларын мароккалықтар басып алды. Гао, Томбукту және Дженне орналасқан елдің солтүстігі Сонгайдан бөліп алынып, ол жерде Мароккоға тәуелді Томбукту қуыршақ патшалығы құрылды. Сонгайлар қоныстанған елдің оңтүстігі тәуелсіздігін сақтап қалды, ол Денди патшалығы деген атау алды. Осы жерде II Иссихак билігін жалғастырды. Бұл кішігірім мемлекет Томбукту пашаларымен үздіксіз соғыс жүргізіп, жауынгер көрші тайпалардың шапқыншылықтарын тойтарып отыруға мәжбүр болды.

Сонгай мемлекеті сыртқы жаулаушылықтың нәтижесінде ғана емес, ең алдымен сонгой қоғамында қалыптасып жатқан жаңа қатынастар жағдайында провинция билеушілерінің сепаратистік ұмтылыстарының өсуі салдарынан құлаған болатын. Сонгай қоғамында құл еңбегі кеңінен қолданылды. Сонгайдың жекелеген шонжарлары, ең алдымен патшаның өзі аса ірі құл иесі болды. Сонгайдағы құлиеленушілік укладтың ерекшелігі құлдар жерге бекітілді. Бұл тұрғыдан алғанда сонгай құлдары крепостной шаруадан тек заңдық жағдайы бойынша ғана ажыратылды. Құл еңбегі, әсіресе ірі латифундиялық шаруашылықтарда қаналды. Сонгай патшалары өзінің қолбасшылары мен ең жоғарғы қызметкерлеріне ірі поместьелерді құлдарымен бірге тарту етіп отырды. Бұл тартулар іс жүзінде феодалдық тартуларға жақын болды. Сонгай құлдарын қанау жүйесі ерте-феодалдық қатынастарды еске түсіреді. Құлдар өздерінің қожаларына натуралды рента өтеді.

Құлдардың әр түрлі категорияларымен бірге Сонгай қоғамында ерікті қауымдастар да болды. Олардың экономикалық жағдайын сипаттағанда, олардың жанбас салығын өтемей-тіндігі маңызды болған тәрізді. Алайда, деректер, олардың мүліктік жағдайы жөнінде де, олардың мемлекетпен қарым-қатынастарының формалары, оларды қанау жүйесі жөнінде де еш мәлімет бермейді. Ерікті қауымдастар категориясы және жалпы жеке басы ерікті адамдардың саны халықтың үлкен бөлігін құрағандығын тұрғындарының саны бірнеше ондаған мыңдап есептелетін ірі қалалардың болуы айғақтайды (елдің астанасы – Гаоның халқы 75 мың болды).

**Эфиопия.** XVI ғ. басында Эфиопия мемлекетінде феодалдық бытыраңқылық күшейіп, ұлыс билеушілері арасында үздік-

сіз соғыстар жүріп отырды. Елдің ішкі жағдайы көрші көшпелі тайпалардың шапқыншылықтарынан және Сомали жағалауындағы араб әмірліктерінің әскерінің шабуылдарының салдарынан қиындай түсті. Осман империясының вассалдары ретіндегі араб әмірліктерінің белсенділігінің артында түрік феодалдарының Эфиопияны өзіне бағындыруға ұмтылысы тұрды. Сыртқы қауіп негустердің мықты одақтас іздеуінде оларды еуропалық державалармен жақындасуға итермеледі. 1510 ж. Эфиопиядан Португалияға елшілер келді, алайда келіссөздер ұзаққа созылып кетті. Португалдықтардан еш көмек болмайтынын байқаған негус Лебна Денгаль ірі Сомали әмірлігі Адальға қарсы жорық ұйымдастырып, Зейла аралын басып алды. Бұл табысқа өзара қырқыстарды тоқтатып, Эфиопияны уақытша біріктіру нәтижесінде қол жеткізілген болатын.

Қызыл теңіздегі жағдай Харрардың билеушісі Ахмет Грань жағалаулық ұсақ әмірліктерді өз қоластына біріктіріп, Эфиопия жеріне жойқын жорықтар ұйымдастырған кезде қиындап кетті. Ол Эфиопия әскерін екі дүркін талқандап, Харрарға мол олжамен оралды. 1534-1535 ж. Грань Эфиопияға тағы да жорық жасап, елдің айтарлық территориясын, астанасы – Аксуммен бірге жаулап алды. Эфиопия негусының қоластында елдің тек кішкентай ғана бөлігі қалды. Лебна денгаль Португалияға екінші елшілігін жіберіп, әскери көмек сұрады. 1543 ж. эфиоптар, бүкіл әскери күшін жинақтап, оқпен ататын қарумен қаруланған португалдықтармен бірге Граньның он мыңдық армиясын талқандады. Ахмет Граньның өзі өлтірілді. Қысқа ғана уақыт ішінде Эфиопия әскері бүкіл дерлік жауланып алынған территориясын қайтарып алды.

Эфиопия негустеріне көмек көрсеткені үшін португалдықтар елдегі саяси ықпалын кеңейтуге және оны біржолата бекітуге тырысты. Осы мақсатпен олар елде католик дінін таратуға кірісті. Эфиопия шіркеуі аса ірі феодалдық жер иесіне айналды. Португалдықтар католик миссионерлерінің қызметіне еш шек қойылмауына қол жеткізді. Көптеген феодалдар, негустің өзі бастап католик дініне өтті (бұған дейін елде монофизиттік христиандық үстем болған болатын). Бұл діни сипаттағы көтерілістер толқынын туғызды. Діни соғыс елден португалдық миссионерлер мен көпестерді қуып шығумен аяқталды.

Португалдықтардың қуылуымен, елдің оқшаулануы күшейді. Сыртқы қауіптің жойылуы, сыртқы жауға қарсы күштерді топтастыруға деген қажеттіліктің болмауы эфиоп феодалдарының орталық билікке бағынудан бас тарту ұмтылыстарын күшейтті, Эфиопияның феодалдық ыдыраушылығын арттырды. Мұның өзі мемлекеттің құлдырауына алып келді.

**Судан.** XVI-XVII ғғ. қарай Суданда ислам мықты позицияға ие болды. XV ғ. екінші жартысында Алваның соңғы христиандық билеушісі құлатылған болатын. Аймақта жаңа мемлекеттер пайда болып жатты, солардың ішіндегі ең ірісі Сеннар болды. Сеннар Мероэнің және христиандық Мукурра мен Алваның тікелей мұрагері еді. Сеннар мен Дарфур мемлекеттері Жоғарғы Нілдегі алғашқы мұсылман мемлекеттері болды. Сеннардың әкімшілік бөлінісі бойынша ол фунгтар мекендеген Сеннардың өзі және Ніл аңғарындағы бірқатар провинциялардан тұрды. Көптеген көшпелі тайпалар да Сеннарға вассалдық тәуелділігін мойындады.

Сеннардың шаруашылығының негізі мыңжылдық тәжірибесі бар ирригациялық жер шаруашылығы болды. Астық және бау-бақша шаруашылығымен қатар мақта өсірді. Мақтадан ерекше матаның түрін (дамур) өндіріп, көрші елдердің бәріне сатып отырды. Сеннарлықтар мал шаруашылығымен де айтарлықтай айналысты. Сыртқы сауда ерекше дамыды. Дәстүр бойынша көпестердің үлкен бөлігін шетжерліктер (египеттіктер мен түріктер) құрады. Олар Таяу Шығыс елдеріне Сеннар билеушілері батысы мен шығысындағы елдерге жүргізген соғыстары кезінде түсірген құлдарын сатып отырды. Сеннар билеушілері өз теңгесін шығарған жоқ, саудада Египет, Түркия және Испания монеталары қолданылды.

Мемлекеттің басында сұлтан тұрды, оның билігін шонжарлар кеңесі шектеді. Төрт бекзададан тұратын Құпия кеңес үлкен рөл атқарды. Іс жүзінде шынайы билік соның қолында болды. Декин (1577 ж. к/б) шариғатқа негізделген жалпыға бірдей заң шығарды. Сұлтан тағайындайтын қадидің қолында айтарлықтай билік шоғырланды.

Сеннардың орталық бөлігінің халқы жан салығын, жерден, малдан және саудадан түскен табыстан салық өтеп отырды. Провинция халқы тұрақты, бірақ әлі бекітілмеген салық өтеді.

Сеннарда XVI ғ. феодалдық меншік қалыптасты. Сұлтанның өзі аса ірі феодал болды, оның жеке меншігінде егістік жерлері, жайылымдар, ірі мал табындары болды. Ол бекзадаларға жер иеліктерін беріп, ол үшін салық жинауға және әскери жорықтарға қатысуға міндеттеді. Сонымен бірге қауымдық шаруа меншігі де сақталды. Егіншілердің қауымдарын бірте-бірте тәуелділікке түсіру орын алды. Құлиеленушілік уклад ретінде өмір сүрді. Құл еңбегі негізінен үй шаруашылығында қолданылды. Сондай-ақ құлдардан әскери гвардиялар құрылып, олар шекараларды күзетті.

Судан халықтарының мәдениетінде XVI-XVII ғғ. жаңа белгілер пайда болды. Жергілікті негіздерін сақтай отырып, ол енді жалпыарабтық мәдениеттің бір бөлігі ретінде дами бастады. Барлық жерлерде бастауыш мектептері ашылып, онда Судандық арабтардың, фунгтардың, фурлар мен басқа да Судан халықтарының балалары білім алды. Араб тілі мемлекеттік тіл рөлін атқарды, осы тілде заң шығарылып, сот жүргізілді. Бірте-бірте араб тілінің өзіндік бір судандық диалектісі қалыптасты. Жоғары білімді судандықтар Әл-Азхардан (Каир) алды. Еуропа саяхатшылары Сеннардың әрбір ауылынан бір-екі факихті кездестіруге болатындығын көрсетеді.

Осы кезде мешіттер, зәулім мұнаралар, мәрмөрдан жасалған бассейндері бар кең сарайлар тұрғызылды. Ірі қала орталықтары: Сеннар, Донгола, Коббе, Суакин, Шенди және т.б. өсіп шықты. Француз саяхатшысы Понсенің көрсетуі бойынша, Сеннарда XVII ғ. аяғына қарай 100 мың халық тұрған екен.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Африка құрлығына еуропалықтардың қызығуының себептерін көрсетіңіз.
2. Африка құрлығында құл саудасының дамуына әсер еткен факторлар қандай?
3. Малидің құлдырауының объективті себептерін ашыңыз.
4. Сонгайдың саяси жүйесінің ерекшеліктерін көрсетіп, елдегі саяси жағдайға талдау жасаңыз.
5. Кейінгі орта ғасырлардағы Эфиопияның саяси дамуының ерекшеліктерін көрсетіңіз.
6. Кейінгі орта ғасырлардағы Судан халықтарының мәдениетіндегі ерекшеліктерді анықтаңыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен Азия және Африка елдерінің орта ғасырлар дәуіріндегі тарихын қорытындылай келіп, аталмыш дәуірдегі тарихи аймақтар мен елдердің өзіндік ерекшеліктерін, бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтарын көрсете отырып, олардың даму барысында көптеген ортақ белгілердің де болғандығын айтуға болады. Сонымен бүкіл Шығысты бірыңғай схемамен қарауға болмайды. Оның дамуындағы жалпы белгілер мен жергілікті ерекшеліктерді айыра білу қажет.

Біздің заманымыздың алғашқы ғасырлары Шығыста ежелгі әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдардың қирап, өтпелі формалардың пайда болған уақыты болды, олардың дамуы ортағасырлық қоғамдардың қалыптасуына алып келді. Ортағасырлық құрылымға тән дамудың күрделі де көп қырлы үдерісі әр түрлі аймақтарда түрлі қарқынмен жүрді. Шығыстағы ортағасырлық қоғамдар тарихының орталық мәселесі олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдарының сипатты мәселесі болып табылады. Отандық және шетелдік ғалымдардың көпшілігі ортағасырлық Батыс қоғамдары тәрізді, Шығыстың да ортағасырлық дамуының «феодалдық концепциясын» жақтайды. «Феодалдық концепцияны» көптеген зерттеушілер Шығыстың жекелеген аймақтары мен елдері бойынша нақты тарихи материалдық негізінде дамытып отыр, ал бұған балама (альтернативті) концепцияларға қатысты мұны айта алмаймыз.

Ортағасырлық Шығыс қоғамдары шынында да феодалдық қоғамдар болғандығы осы оқу құралында нақты фактілер арқылы көрсетілді. Сонымен бірге феодалдық құрылымның жекелеген элементтері ежелгі дәуірде-ақ, негізінен ежелгі дәуірдің соңына қарай пайда болғандығы да айқын болды.

Сонымен феодализм – Шығыстағы көпукладты ежелгі қоғамдардың орнына келген екінші антогонистік қоғам. Феодализм – ұсақ, натуралды өндіріс үстем болған қоғам. Бірақ бұл тезисті абсолюттендіруден аулақ болу керек. Мұндай көзқарас –



феодализмнің «натуралды шаруашылық теориясын» жақтаушыларға тән. Ортағасырлық қоғамдарда сондай-ақ тауар-ақша қатынастары, сауда, ұсақ тауарлы колөнер дамыды. Шығыстағы феодалдық формацияның негізін, әлемнің басқа аймақтарындағыдай, феодалдық өндіріс тәсілі (әлеуметтік-экономикалық базис) құрады, оған феодалдық кезеңге ғана сипатты мемлекеттік саяси және заңдық мекемелер мен қоғамдық сана формалары тән болған.

Алайда Шығыстың ортағасырлық қоғамдарының дамуындағы өзіндік ерекшеліктер мұнда ерекше формациялық аймақ «шығыстық феодализмнің» қалыптасуына негіз болды. Мұның өзі Шығыс пен Батыстағы тарихи дамудың әр түрлі нәтижелер беруіне алып келген еді.

Шығыстық формациялық аймақ бірқатар аспектілерде, ең алдымен даму қарқыны бойынша батысеуропалық феодализмнен ерекшелене отырып, өзара Шығыстың өзі де біртұтас болмағандығын байқаймыз: жекелеген елдер немесе елдердің топтары субаймақтар құрғанын, бұл аймақтар бір бірінен феодалдық формалардың пісіп-жетілуі бойынша және бұл формалардың дамуы үшін қажет ішкі және сыртқы жағдайлары бойынша да ерекшеленгенін көруге болады.

Шығыс, сондай-ақ, өркениеттілік аспектіде де сан алуандығымен ерекшеленді. Бұл жағынан да ол ортағасырлық Еуропадан ерекшеленеді (Батыс Еуропа орта ғасырларда біртұтас христиандық өркениетке жатты). Шығыстағы әр түрлі діни-мәдени дәстүрлер негізінде пайда болған өркениет аймақтары формациялық субаймақтармен сәйкес келмейді. Олардың кейбірі феодализмнің өзінен көп бұрын пайда болды (мысалы, Үнді субконтинентіндегі буддистік және үнділік өркениеттер, Қытайдағы конфуцийлік өркениет ежелгі дәуірде пайда болған), кейбірі орта ғасырдағы тарихи үдерістердің өнімі болды (Таяу және Орта шығыстағы мұсылмандық өркениет, Үндістандағы үнді-мұсылмандық өркениет, Оңтүстік шығыс Азиядағы үндістік және мұсылмандық өркениеттер, Жапония мен Оңтүстік шығыс Азиядағы буддистік өркениет, Жапония мен Кореядағы конфуцийлік өркениет).

Орта ғасырларда Африка халықтарының дамуында да айтарлықтай алға жылжулар орын алды. Араб әлемімен жақын

орналасқан солтүстік шығыс, солтүстік батыс Африка аймақтарында державалық мемлекеттер өмір сүріп, олардың гүлденген мәдениеті болды.

Алайда, XV ғ. екінші ширегінен батыс Африка жағалауларына еуропалықтардың енуі басталды. Еуропа көпестері, бастапқыда Африкадан негізінен алтын әкете бастады. Құл саудасы бастапқыда онша маңызды болған жоқ, өйткені Еуропа рыногында бұл «тауарға» әлі сұраныс туа қоймаған болатын. Тек Америка құрлығын жүйелі түрде отарлау басталғаннан кейін ғана және Латын Америкасының жағалаулық аудандарының жергілікті халқы толықтай дерлік жойылуымен, сондай-ақ плантациялық шаруашылықтың жолға қойылуына байланысты жұмыс күшінің үлкен көлеміне деген сұраныс пайда болды. Оның көзі Африканың жергілікті халқы болды, әсіресе батыс Африка бірнеше ғасыр бойы тегін жұмыс күшінің қайнар көзіне айналды.

XVII ғ. бастап Еуропа державаларының Африка жерлерін басып алу мен тегін жұмыс күші – құлдарға ие болу жолындағы қарақшылық соғыстары басталып кетті. Құл саудасында бастапқыда португалдықтар үстем болған болса, кейінірек оларды голландықтар, одан кейін Англия мен Франция ығыстырып шығарды. Тегін жұмыс күшіне деген аса зор сұраныс құл саудасының көлемін шексіз арттырды, мұның өзі Африка халықтарының дамуына шексіз зиян келтірді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Али-заде Элмира Эльмарқызы. Восстание зинджей в Аббасидском Халифате. – Баку, 2006. – 95 с.
2. Агиджанова С.А. Государство Бабура в Кабуле и Индии. – М., 2000. – 176 с.
3. Ашрафян К.З. Делийский султанат: К истории экономического строя и общественных отношений XIII-XIV вв.). – М., 2000. – 256 с.
4. Бабыр-нама. – Алматы, 2002. – 446 б.
5. Виймар Пьер. Крестовые походы СПб., 2003. – 384 с.
6. Большаков О.Г. История халифата. – М., 1989. – 312 с.
7. Владимирцев Б.Я. Монгольский кочевой феодализм. – М., 1961. – 557 с.
8. Качановский Ю. Рабовладение, феодализм или азиатский способ производства – М., 1974. – 288 с.
9. Жұмағұлов Қ.Т., Қартабаева Е.Т. Әлем діндерінің тарихы. – Алматы, 2013. – 170 б.
10. Жұмағұлов Қ.Т., Қартабаева Е.Т. Орта ғасырлар тарихы: оқу құралы. – Алматы, 2014. – 350 б.
11. Жумгулов К.Т. Свидетельства латинских источников по истории тюркского мира Евразии. // Материалы конференции «Тюркский мир: язык, история и культура». – Алматы – Тараз, 2014. – 364 с.
12. Ильясова К.М. Орта ғасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы. – Қызылорда, 2010. – 248 б.
13. История Востока. Т. 2. Восток в средние века. – М., 1995. – 716 с.
14. История Востока. Т. 3. Восток на рубеже средневековья и нового времени. – М., 1999. – 696 с.
15. Қартабаева Е.Т. Орта ғасырлардағы араб-түрік мәдени байланыстарының тарихы. – Алматы, 2007. – 121 б.
16. Қартабаева Е.Т., Тортаев С.Ә. Шығыс феодализмі. – Алматы, 2004. – 36 б.
17. Қартабаева Е.Т. Шығыс елдерінің ежелгі және орта ғасырлар тарихы. – Алматы, 2015. – 330 б.
18. Тортаев С.Ә. Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихы. Алматы, 2009. – 400 б.

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
КІРІСПЕ.....	5
АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДА .....	9
I тарау. Ерте орта ғасырлардағы Қытай.....	9
II тарау. Ерте орта ғасырлардағы Корея.....	23
III тарау. Ерте орта ғасырлардағы Жапония.....	31
IV тарау. Сасани мемлекетінің тарихы.....	38
V тарау. Ерте орта ғасырлардағы Үндістан.....	44
VI тарау. Ерте орта ғасырлардағы Арабия .....	50
VII тарау. Ерте орта ғасырлардағы Африка елдері.....	72
ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ.....	76
VIII тарау. Дамыған орта ғасырлардағы араб елдері.....	76
IX тарау. Дамыған орта ғасырлардағы Иран.....	91
X тарау. Дамыған орта ғасырлардағы Үндістан .....	110
XI тарау. Моңғол империясының тарихы .....	124
XII тарау. X-XV ғғ. Қытай .....	131
XIII тарау. Дамыған орта ғасырлардағы Корея.....	149

XIV тарау. Дамыған орта ғасырлардағы Жапония .....	155
XV тарау. Дамыған орта ғасырлардағы Африка елдері .....	163
<b>КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ.....</b>	<b>166</b>
XVI тарау. Кейінгі орта ғасырлардағы Қытай .....	166
XVII тарау. Кейінгі орта ғасырлардағы Жапония.....	178
XVIII тарау. Кейінгі орта ғасырлардағы Үндістан .....	192
XIX тарау. Кейінгі орта ғасырлардағы Иран.....	208
XX тарау. XIV-XVII ғғ. Осман империясы .....	216
XXI тарау. Кейінгі орта ғасырлардағы араб елдері .....	234
XXII тарау. Кейінгі орта ғасырлардағы Африка елдері .....	241
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>248</b>
<b>ӘДЕБИЕТТЕР .....</b>	<b>251</b>

*Оқу басылымы*

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы  
Қартабаева Ерке Тамабекқызы

**АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ  
ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ**

*Оқу құралы*

Редакторы *К. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Ұ. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *Н. Базарбаева*

Мұқабаны безендіруде сурет  
[www.successluck.ru](http://www.successluck.ru); [ma-zaika.ru](http://ma-zaika.ru) сайтынан алынды

**ИБ№9377**

Басуға 06.04.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 16,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1393.

Таралымы 150 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.